

12015

3586 к.



Амандық  
АЛДАБЕРГЕН

*Жүздіңдай аққан  
жылдағ-ай!..*



Fluks Regenerisator Kianxotai № 18  
Concord pedregi Saray  
Seacht obi  
Eg Maccell  
17.08.2015





**Амандақ АЛДАБЕРГЕН**



# Жұлдыздай аққан жылдар-ай!..

*Деректі хикаят, мақалалар,  
әңгімелер, жыр-толғаулар*



«Бабамұра – М»  
Алматы 2012

УДК 821.512.122

ББК 63.3 Қаз 9-1

А 40

A 31

**АЛДАБЕРГЕН А.**

«Жұлдыздай ақкан жылдар-ай!..». Деректі хикаят, мақалалар, әңгімелер, жыр-толғаулар. Алматы: "Бабамұра-М", 2012.- 280 бет

**ISBN 9965-9966-7-3**

Откен жылдарда жарық көрген бес кітап авторының ғұмырбаяндық осы жаңа еңбегінде «согыс балалары» бастан кешкен өмір суреттері, өтпелі кезеңдердегі «әттеген-ай» дегізетін өкініштер мен болашаққа деген сенім және тарихи тұлғалар жайлы толғаныстары күнделіктегі, әңгімелер мен мақалалар түрінде топтастырылған. Сондай-ақ жинақтан махаббат сезімдерін өрнектейтін өлеңдері мен өмірде кездесетін қылы жағдайларға қатысты өзіндік ой-пікірлері орайлы орнын тапқан.

Өз Отанын, ұлтын, тілін, салт-дәстүрін сүйіп, қастерлейтін замандастарға, әсіресе жастарға кітаптың берері мол.

**УДК 821.512.210**

**ББК 63.3 Қаз 9-1**

**ISBN 9965-9966-7-3**

**© “БАБАМҰРА-М”, 2012**

## Өмір-өзен... (алғысөз орнына)

*Басы сонау Бұрылтаудың етегіндегі қалың  
қамысты терең бұлақтан басталатын жылгага  
жол-жөнекей басқа да бұлақтардың сулары қосылып  
ағып, ауыл тұсында арнасы кеңейтіп, «Қарасу»  
аталған өзенишеге айналады. Қаладан келетін тас  
жолдың осы Қарасуды кесіп өтер тұсынан көпір  
салынған. Көпір арқылы жолмен ауыл орталығына  
дейін бару ұзақтау болғандықтан балалар өздеріне  
арнап ауыл тұсынан аттап өтетін өткел жасап  
алатын...*

*«Өмір – өзен» деп жаратамыз. Адам өмірінің сан  
қылыш оқиғаларға толы ағымдары, қызық та қынын  
шақтары, бүралаңды жолдары көп қой.*

*«Жұлдыздай аққан жылдар-ай!..» атты осы  
еңбегімде басты кейінкерімнің жүріп өткен өмір  
жолын: адамзат тарихында терең із қалдырган  
сөгис зардабын, улкендермен қатар ерте есейген  
«сөгис балалары» шеккен азапты, аши-жалаңаш өмір  
мен сұрықсыз ауыл келбетін боямасыз, бүкпесіз сол  
қалында жеткізуге тырыстым.*

*Кітапта баяндалатын екінші үстазымның  
«Патшаның үш баласы» атты ертегісінде  
келтірілген мысалдар мен қызықты оқиғалар  
оқырманга әсер етіп, ой салса деген үміттен  
ұсынып отырмын. Бүгінде бүкіл әлемге танылып,  
өркениет биігін бағындыруға бет түзеген тәуелсіз  
Қазақ елінің ертегі тізгінің ұстар жасас үрпақтың  
өткенді біліп, жеткенге шүкіршілік жасап, барға  
қанагат етіп үйреніп, алға ұмтылуына сәл де болса*

*пайдаласын тигізіп, өмірде бір қажетіне жараса, мақсатымның орындалғаны.*

Бұт еңбегімде, қазірде ұмытыла бастаған кейбір ұлттық ойын тұрларі туралы, салт-дәстүр, тәлім-тәрбиеге қатысты әңгімелер, жастарға рух берер ой-түйіндер өлеңмен өрнектеліп берілген. Қоғамдық сананың өсіт-жетілуіне байланысты өскен ортаның тыныс-тіршілігін айгақтайтын мәліметтер де, жастарға отбасылық кеңес болар, адаптация болады, берік сенімге негізделген өмір суреттері де бар. «Бұқалар сайысы», «Қошқар соққысы», «Шалқұйрық пен Сырттан», «Көкпар» атты әңгімелерде кейінкер баланың басынан өткен қызықты оқиғалары десерлі баяндалады.

Тұргындарының басым көпшілігін тарихи Отанына оралған қандастарымыз құрайтын жаңа Мұнайлы ауданының ажары мен базарын, өмір тынысын айқын көрсететін мақалаларым мен түрлі тақырыптағы қызықты оқиғалы әңгімелерім – өмірден көрсеті-түйгендерімнен тұган дүниелер. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып жариялануының 20 жылдығына орай және қазақ тілінің мәртебесін көтеру жайлы жазылған жыр-толғауларым мен сезім шуақтарын жеткізер шумақтарым жастарды адамгершилікке, патриоттық рухта тәрбиелеуге бағышталған. Киеle Maңғыстау жеріндегі Пір Бекет ата мен аруақты батыр Барак ата жайлы жаңа әңгімелерімнің де бірлікке бет бүрган бүгінгі буынга берері az емес деген ниеттемін.



## Жұлдыздай аққан жылдар-ай!.. ( ғұмырбаяндық деректі хикаят )

### Әке аманаты

Құрметті балаларым! Ұрпағым!

Өмірімнің жалғасы өздеріңе айтарым:

Әкеңнің де әкесі болған, әкен де бала болған. Абай дананың «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздыраң адам баласын» дегеніндей, тоғышар болмандар! Қазір қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заман. Қалағаныңды киіп, көз көргенді ішіп-жеуғе болады. Бұл біздің аталарымыз бен әкелеріміздің және сендердің әкелеріңнің де аш-жалаңаш, қатықсыз көже ішіп, табылғанын киіп жүріп, үрпаққа қалдырған бейбіт өмірі. Ия, бұл өмірді бабаларың омырауын оққа төсеп, толарсақтан қан кешіп жүріп қорғап қалған. Соғыстан соң да жаралы тәнін жаба тоқып, қираған шаруашылықты қалпына келтіру үшін тынымсыз тер төгіп, бар өмірін сарп еткен бабаларыңың өлшеусіз еңбектерінің жемісі еді осы бақытты заман. Сондықтан барды бағалап ұстал, тобаға келіп, шүкіршілік ете жүріндер. Тоғышарлық пен жалқаулыққа жол жоқ. Бабалар еткен тарғыл да, тайғак жолдарының тарихы ұмытылмасын!

Мен 25 жасымда әке болдым. Тұнғышым Мадияр дүниеге келгенде 40 шақырым жердегі аудан орталығына жаяу-жалпы алып-ұшып жеткенім есімде. Сонда ақ халатты медбике:

– Ұлды болдың! Әке болдың! Құттықтаймын! – дегенде қатты толқып: «Өлеңім – қанат, ұшамын,

Әкеге мен де ұқсадым.

«Ана» деген ұлы атпен,

Құттықтап, жаным, құшамын» – деп, тіліме оралған сезімімді аналарыңа жеткізген едім. Сол сәттен бастап әке жауапкершілігін сезініп, адам тәрбиелеуге, ар-намысты азамат өсіруге бейімделе бастағанмын. «Арбаның алдыңғы дәңгелегі кай жерден жүрсе, соңғысы да сол ізben өтеді» деген бар. Біз жұмыс бабымен әр қалаға қошкенде тұңғышымызды өзімізбен бірге алып жүрдік. «Баланы – бастан» дегендей, ұлымызды жаман әдеттен аулақ етіп, адал, әділ болуға баули бастадық. Бір күні Мадияр балабақшадан бір кішкене ойыншық машина алып келді. «Қайдан алдың?» – десем, үндемейді. Әжесі: «Тауып алған болар, онда тұрған не бар» – деп, ара түсуде. Мен оның қолынан жетектеп балабақшага апарып, машинаны алған жеріне қайта қойдышып: «Бұл дегенің ұрлық болады, ұрлық істеген адам жаман болады» – деп, біраз түсіндірген болдым. Содан соң оның қайтадан балабақшадан ойыншық алғанын көрген емеспін. Мен өзімдегі жақсы деген әдеттерімді ұлыма дарытуға тырыстым. Әріп танысымен ертегі кітаптарды әкеліп беріп, кітапсүйгіштік қасиетке ие еттім. Үйдегі майда-шүйде жөндеу жұмыстарын, электрқұралдарды, плитаның ақауларын түзету кезінде қасыма алып көрсетіп отырамын. Бірде ол, мен жолсапарда жүргенде, үйде ұмыт қалған электрлі сакалалғышты алып, өзінше тәжірибе жасаған. Бұдан бұрын үйде қырынар алдында прибордың басын алып, пышағын тазалап жатқанда қасыма келген ұлыма:

– Мынау екі дәңгелек – пышақ, оны тоққа қосқанда айналып, сакалды алады, – деп ойланбай айта салған болатынмын. Ол пышақтың айналғанын көру үшін резеткеге екі шеге тығып прибордың пышақ қабын қосқанда от шашырап, тоқ соғып, жарық сөніп қалады. Асханада ас дайындал жүрген жолдасым алдында сакалалғышпен ойнап отырған баланы тоқ соғып өлген болар деп қорқып, айғайға басады. Көршілер келіп, счетчиктің күйген сымын жалғап, жарық берсе – балам қорыққаннан жинаулы көрпелердің үстіне шығып кетіпті. Сөйтіп, ұлым өзі жасаған тәжрибесінен электр тоғының қауіпті екенін білді. Мен де ендігі жерде оған дәріс берерде, алдымен қауіпсіздік шараларын түсіндіретін

болдым. Не керек, ұлken ұлым біздер қайда көшсек те қасымызда болды. Мектеп есігін Атырауда ашты, Қоңыратта екі жыл оқып, қайтадан Маңғыстауға келген соң теміржол мектебінде білім алып, онжылдықты жақсы бітіріп шықты. Теміржолдың таластартысы таусылмайтын ізденіс үстінде жүретін тіршілігіне терен сұңғіп еңбек етіп жүріп, бала тәрбиесіне қаншалықты ықпалым болғанын білмеймін, бірақ, білерім әкемнен алған еңбеккорлық қасиеттерін дарытқандай болдым. Себебі, ұлдарым Маңғыстауда еңбеккор атасының қасында болып, әкем ұстаған малдарды бағысып өсті. Атасының тынымсыз енбегін көрді. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген бар. Қасиет қонып, киені таңып өскен әке-шешемнің тәлімі болар, біздің әүлеттегі жандар мағынасыз тірлік кешіп азғандардан, ұрлық етіп тозғандардан, арақеш болып қадірінен айрылғандардан аулак болды. Енді әке жайлышастаған әңгімемді сырлы сөзben әсерлемей-ақ, көрініп тұратын қасиеттерін қарапайым тілмен жеткізіп көрейін.

Әкем Қали қой жылы қырдан ойға көшер кезде көш үстінде дүниеге келеді. Әжем Ақсебен баланы емізіп, бесікке салып, көштегі түйенің қомына таңып жібереді. Содан қарбаласып малдың әлегімен алысып жүріп, жана туған баланы ұмытып кетеді. Ұш күн өткенде сыздаған емшегінен сүт ағып нәресте есіне түседі. «Ойбұй, ана бала өліп қалған болар», – деп көш токтағанда қараса, нәресте қызара бөртіп саусағын еміп жатса керек. Үлкендер жиналып, батасын беріп, «Қасиетті бабалардың аруағы корғаған гой» деп, садақа береді. Әкем мен шешем Қырықмылтық Өтеміс бидің екі қызынан туған, бір-біріне туған бөле болып келеді. Медицинада бар жоғын білмеймін шешемнің қалжындағы «Бұл шерміш іште үш жыл жатып, үш күн аш болса да өлмей қалып, сондықтан бойы өспей қалған» дегенін еститінмін. Әкем тұқымдағы ірі тұлтталы адамдардан бөлек, кішкене бойлы, бірақ өте шымыр, қайратты еді. Әкемнің ауырып жатып қалғанын көрген емеспін. Бір жылдары елге безгек науқасы тарап, біраз адамдар науқастан ұзак жатып қалған кездері болған. Сол ауру әкеме де жүғып, әкемнің одан бір-ақ күнде жазылғанын өзім көрдім. Бұл күзгі жыын-терім кезі болатын. Менің алты-жеті жастағы кезім. Әкем, колхоздың сыртындағы сайдагы бір гектардай жерге еккен

жүгері атызына мені әкеліп, «Балам, маған безгек тиіп, қатты ауырып тұрмын, қасымда бол» деп, қолына орақты алып, бітік шыккан адам бойы жүгері паясын ора бастады. Мен ауық-ауық үйден алып шыккан шалаптан кесеге толтырып құйып, қасына барғанда маңдайынан, мойнынан тер моншақтап, төгіліп тұрды. Өзін-өзі қинап, тыным алмай түс кайтқанша атыздағы жүгеріні орып бітірді. Терден малшынған кейлегінің үстінен бешпетін киіп, «Безгек енді көтін қысқан болар» деп атына мені мінгестіріп, ауылға қайттық. Сөйтіп, әкем безгекті еңбекпен женіп, оны маган осылай көрсеткен еді.

Ол Кеңес үкіметі орнар кезде бала болып, алғашқы зобаландардың бәрін басынан өткеріп, елді тоз-тоз еткен Голощекин саясатының әсерінен қырдан ойға құлап, Қарақалпақ жеріне орналасады. Малдары конфескеленіп, қалған жылқылары күғын-сүргінде қырылып, елді ашаршылық жайлайды. «Өзен жағалағанның өзегі талмас» дегендей, аға-інілерімен төрт жігіт балыкшы болып, артельде жұмыс жасайды. Сөйтіп, қыр қазағы Амударияда балықтай жүзетін жұмысшы болып шыға келеді.

Саяаты бар ағасы Әбдір артельде комсомол қатарына өтіп, сол жердің саяси жұмыстарына араласа бастайды. Қазақ республикасының бұрынғы басшысы кетіп, жаңа басшы ашаршылық зардабын тартып, 119 мындан астам халқы қырылып қалған Әулиеата жеріне елді қоныстандыруға шешім қабылдайды. 1932 жылы сол науқанмен Қарақалпақстаннан, Ақтөбеден екі әшалон болып 1000 үй көшіп барған. Сол әшалонның бірін Әбдір бастап барып, Жамбылдан үш колхоз құрып, халықты орналастырған. Әкем осы жаңа колхоздың мүшесі болып, соғысқа дейін бригадирлік дәрежеге жетіп жұмыс істеп, Ұлы Отан соғысына қатынасып, үш жерінен жарақат алып, аман оралған.

Әке-шешемнің, бабалар мен әжелердің XIX-XX ғасырдағы кешкен өмір жолдарын, қын кезеңдерін «Өмір мен аныз» атты кітабымда баяндап, ұрпаққа жеткізгенмін. Ал, енді өзім тұстас, 20-21-ші ғасырдағы замандастарымның қын да қызық өқигаларға толы өмір жолдарын Ардос атты кейіпкерімнің жазған күнделік дәптерінен еш өзгеріссіз сол таза қалпында оқып көрейік.

## **Махаббат мاشақаты**

Бұрындары күнделік жазуды әдеп еткен емеспін. Бірақ, кейде өзіме де белгісіз жағдайда келіп қалған сезімдерімді сол бойда параққа жазып, артынша тоқсан алты беттік қалың дәптерімекөшіретінмін. Биылғы жазғы демалыста «Екі сапар» атты үлкен екі қалаға бару жоспарым орындалмай қалып, Шымбайдығы әкейге сәлемдесіп қайттым. Ендігі кезек – Садық әкейдің үйіне бару.

Біз – үшеуміз. Тал түс. Күннің көзі аңы зәрін төгіп, төбені тесіп барады. Манадайдан аққан тер бетті қуалап, жырадан аққан жауын суындаған мойынға құйылуда. Үрлей желпіген ыссы самал желден үркे көтерілген үлла шаш тесік тапса тығылып, мандай мен мойындағы сызықтарды толтырып, кәндеқке ашытқан балшықтай иленіп, сипасаң болды денеңе крем жаққандай болады. Көне Нәкіс пен Переправаға дейінгі көрген азап артта қалып, енді «Жданов» совхозына барап жолдамыз.

Күніне бір рейс қатынайтын автобусты күткен адамдардың басынан кешкен тозағы бірдей. Біз Өтеғали екеуміз шанышла түскен күн көзін алақанымызбен қалқалап, сая іздеудеміз. Бұл аялдамадағы жалғыз дүкеннің көлеңкесін паналяған біз сияқты оқалақ тиген сиырдай босып жүрген жолаушылардың көрген азабы – осы. Паraphotan келер автобустың шаңы алыстан көріне бастасымен көлеңке астында жусап жатқандар өре түрегелді. Алқынып жеткен көліктокттар-тоқтамастан жапа-тармағай жүгіріп жеткендер автобус есігіне жармасуда. Машиналан түсетіндер додаға түскендей арпалысып, түйтеп-түйтесі шығып жағаласпен әзер түсүде. Боктанған, «Ойбай өлдім! Бастың баланы!» – деген сөздер естіледі. Барын киіп алған біз сияқты сырбаздардың ағы қара, карасы ақ болып шыға келді. Ал, паraphotan түскенде жарыс пен талас, борпылдақ топыраққа құлап-сұлап жүріп әзер міну, ол өз алдына бір хикая. Бізben бірге шыққан Өтеғалидың әйелін Шымбай автобусына шығарып салып, жоғарыда айтқан тартыспен Жданов автобусына әзер сыйдық. Жиырма бес орындық кішкене автобустың қабыргасы керіліп, тойған тоқтыдай әзер жүріп келеді.

Тікемнен тік тұрып, қасымдағылардың тер сасыған мойнына асылып, шөлдегенім соншалық, үйге келген соң Фалия құдашаның сзыла құйған шайын ұсынар-ұсынбастаң екі ұрттап ішіп, кері қайырып отырмын. Үйдегі үлкендерге сәлемдесіп, аман-саулық сұрасқаннан кейін, олар: «Жұмыстарымыз бар, Фалия үйде болады, кешке келеміз» – деп кеткен. Орта бойлы, дөңгелек жұзді аққұба әдемі қыз Фалия құдаша езуіне күлкі үйіріліп, сзыла:

– Ауылға әртістер келіп жатыр, «Сүймегенге сүйкенбе» деген. Аталуы ерекше еken. Қызық болар, бәріміз барайық, – деп, сыртқа шықтық. Ауыл клубының алдында жиырма шақты адам бірінің үстіне бірі мініп, құрттай тесікке таласып, билет алуда. Таласпай-ак кезекке тұрып алса болмас па? Өзімшілдік басым ба, әлде мәдениеттілік төмен бе, өздеріне өздері қыындық тудырған бұларға не дерсің. «Ұрыста тұрыс жоқ» дегендей, бұл қыындықты еңсеріп, Фалияның танитын бір баласың аспандата көтеріп апарып, «окошқа» алдынан бір-ак шығардық. Сөйтіп, кезегі болмайтын бұл кассадан билеттер алынып, клубтың орны көрсетілмейтін тақтай орындығына жайғастық. Қасымда иық тіресе қатар отырған Фалия қарындас бұрын бұл қойылымды көрген еken. Өзі «жазық мандай қара көз, оймак ауыз бұраң бел» дегендей, нағыз қас сұлу. Қыз сөйлеген сайын әдемі толық мойнын бұрып, қыла карап қояды. Мен де оған көз қызығын салып, өлшеп-пішіп, ішіп-жеп дегендей қыз тұлғасын барлай қараудамын. Фалия құдашаның қарақалпак тілін араластырып сөйлеген сөзін қызық көріп, жалт қарағанымда, менін көзім қыз жанарымен түйісіп қалып, оның көздері біраз сырды жасырғандай ұзын кірпік астына тасалана қалды. Сірә, мен туралы мәліметті қыздың немере апасы болып келетін Зернай әжайден естіп, менімен кездесуді ойлағаны жанарынан көрініп тұр.

Тұн. Үйдің іші қапырық ыссы болғандықтан төсекті ауладағы жалғыз кереу еткесалып, Өтеғали екеуіміз аяқтасып жатырмыз. Көсілер көрпе ұзарып, молшылық енген бұл заманда тар төсекте аяқтасып жатуға тұра келді. Осынау қыын сапарымды қағазға түсіргім келіп, бітуге жақындаған өлең дәптерімнің жалғасы деп алған қара дәптерді күнделік етіп бастадым.

«Тәртіпсіз ел ел болмас, тәртіпке бағынған құл болмас» деп Бауыржан батыр айтқандай, бұл жердің халқы қашан өркениетті елдердің мәдениетіне енер еken? Кеңпейілді дархан қазақтың сабырлы қалпы қалай өзгерген? Көшкенде көш көркін келтіріп сайрандаған жастардың еркіндігі, отырықшы елдің шектеулі шеңбері аясында қалып, көпшіл қалпы өзгеріп, «өзім» деп, басқаны ойламайтын жағдайға жеткені ме? Ата жұрт Қазақстаннан келген мені бұл жердің кейбір тар мінездері шошытып, оларды қабылдауым қынға соғуда.

### 1-август, 1963 жыл.

Бүгінгі күн, ия бүгінгі күн қалай басталды осы?.. Шәй үстінде апам (анамды солай атайдынын) «Бүгін біздерді Қамаш апаң шақырған еді, соған барамыз» – деген еken-ау. Ия, содан басталған еken ғой бұл ұмытылmas «Жүрекке түскен ұшқын от» атты күнім.

Ойымда ештеңе жоқ, кешегі екі күн бойы жол жүріп, Садық атамның ауылына барғанымда салтақ-салтақ болған бір киер күімдерімді жудырып койған болатынмын. Үйде киім үтігі жоқ еken. Оған қиналатын мен бе, жуылған көк шалбардың қырын жатқызып тақтай сөреге төсөлген төсегімнің астына салып қойып едім, ертесіне тар балақты шалбардың қыры сынып, үтіктелгендей болған еken. Ал, қытайдың ақ көйлегін жуған соң үтіктеудің тіпті де қажеті жоқ. Күн ыстық. Түске жақын Қамаш апайдың осы қаладағы ең еңселі кен үйінде отырмын. Бұл үйдің адамдарының бүгінгі мені қарсы алуы, әсіресе апайдын «күйеу бала» деп күліп, ал Әбен әжейдің мені оңашалап алып, тұрмыс құру жөнінен біраз сабак бергені танқалдырып отыр. Бұдан бұрын әжейдің тары салып беретін шәйі қайнаганша дастархан тез жайылатын еді. Бұл жолы шәйді залға төсөлген көрпеше үстіндегі жастыққа шынтақтап жатып, журнал оқып отырып көп күтуге тұра келді. Бір кезде сыртқы есіктен қызыл жеңсіз кәжекейлі, қокала көйлек киген бір қызбен, сары өнді орта бойлы келіншек кірді. Қыз үnsiz ішкі бөлмеге кіріп кетті. Ал, келіншек маған күле амандастып, ол да ішке енді. Бұл келіншектің Қамаш апайдың дүкенінің қасында істейтінін көргенім бар еді. Менің шешем келген соң, апайлар тез

кимылдап, төргі үйге шәй дайындаған бастады. Бұрын шәй залда ішілетін, ал бұл жолы бәрі өзгеше, зыр жүгіріп ішкі бөлмеде дастархан дайындалуда.

Мені шай жасалған бөлмеге шақырған Қамаш апай, әлгі қызбен келген келіншекті «Қызың менесі – Сүйрік», ал, мені оларға «Ташкенде оқитын жиен бала» деп таныстырып, дастарханға отыруымызды өтінді.

Шай дастарханы бұрынғыдан өзгешелеу болып, конфеттің неше түрі, салат, палау және әдемі шөлмектегі вино да тұр.

Үнсіз отырып бір кесе шайын ішкен апай:

– Мына қызбен асықпай сөйлесе бер, біздің шаруамыз бар, – деп Сүйрік екеуі біздерді оңаша қалдырып, бөлмен шығып кетті. Басындағы қызыл жібек орамалын жағынан тартып, қырын отырған қыздың жүзін көре алар емеспін. Оның бойын, дене пішімін мана кіргенде-ак көріп, байқағанмын. «Бойжеткен қызы жігіт көруге келген болар, көрсін» деп, үнсіз бақылап отырмын. Ол да қимылсыз, үн қатар емес, тәмен қарап отыр. Біздің тарапымыздан сөйлескен сыйбыс болмаған соң сырттағы екеу ішке қайта кіріп:

– Ау, арапарыңнан арба өткендей алшақтап, бұл не отырыс. Әлі танысқан жоқсындар ма? – деп шөлмекті ашып, кішкене кеселерге вино құйды. Өздері бастап ішіп, біздерге де қоймай ішкізіп жіберді.

– Ал, енді, ұялмандар, сырласып, танысындар, біз де жас болғанбыз, Алла бұйыртса, жақсы жұп боласындар, – деп ақыл айтып, шығып кетті. Апай мен жеңгей әрекетінен «Ә, бұлар біздерді арнайы кездестіріп, таныстыруға шақырған екен-ау» деп ойлап, жағдайды пайымдай бастадым. Бұдан әрі әрекетсіз отыру ез жігіттің қылығы болар деумен намысқа шауып, әрі жаңағы ішіп салған виноның да әсері болып, батылдана қыздың қасына жақындаған отырдым. Бұрындары қыздармен тек реңми түрде сөйлесіп, одан өзге сөзге барып көрмеген мен – сабаз, қызға не айттарымды да білмей отырмын. Ташкенде бірге оқитын Мейрам досымның қызбен сейлескенде тас кенедей жабысып, не болса соны сөйлейтін еркін қылықтарын онша ұнатпайтынын.

Босаган өз кесеме вино құйып, енді қыз кесесіне де құймақ болып еңкейе бергенімде, бізге қарсы тұрған шифонердің ашық қалған есігіндеңгі айнадан ат жакты, алма мойын, қара қас, пістеп мұрын сымбатты бейнені көріп, қызықтап қарап отырмын.

Ауық-ауық күрсініп, тәмен қарап үнсіз отырған қыздың көзін, ұзын кірпік көрсетер емес. Іштей арбасып үнсіз отырған мендегі жан дүниені дір еткізген айна арқылы менің өзіне қарап отырғанымды сезген қыздың айнаға жалт қарауы болды. От боп жалындаған жүргегімнің дүмпуі діріл аралас баяу үн болып шығып, қыздың атын қалай сұрағанымды білмей де қалдым. «Ару» – деген бір әлсіз ұян үн жеткендей болды құлағыма.

Ертеде мен сияқты бір қолапайсыз жігіттің қамыр илең отырған қызға сөз тауып айта алмай, «Ұнынды шашып жіберейін бе?» дегенін бір жерден оқығаным бар еді. Мен де сол әпендей ұқсан:

– Ару қарындасым, мыналар не деп кетті осы. Біздерді қоспақ ойлары бар ма, қалай? – деп, төтесінен қойып қалдым. Жауап болмай, тағы да сол күрсінген қыз жағдайын көріп, әлгі жалт қараған көзден менің де жан дүниемде тұтанған от жүргегіме өлең болып құйылды.

– Бір көргеннен сүйдім десем,  
Сенермісін қарындас?..

Махаббатым болды менің тосыннан,  
Жаным, саған шын сүйгеннен қосылам...

Тағы да сол сияқты көп ұйқас сөздерді төге-мөге қыздың қасына жылжып отырдым. Атща тулаған жүргегім аузыма тығылып сейлей алар емеспін. Қимылсыз есенгіреп отырған қызды қапсыра құшақтап алдым.

– Ұннattым сені, сен де ұнат мені...

Сүйдім ғой сені, сен де сүй мені, – деп қарсы алдына шоқып отыра қалып, тағы да қиыла «Ұннattың ба?» десем, басын изеп, «Сүйдің бе?» десем, «Айттым ғой» деп балбырап отыр. Ералы атты досымнан «қызбен қалай сүйісесін?» деп сұрағанымда, оның «Ардос, егер сен сүйген қызынды бірінші сүйер болсаң, қатты сүйіп ал, оның мәңгі есінде қалады» дегені есімे түсіп, үлбіреп тұрған қыз ернінен қатты сүйіп алдым.

Қыз ұйқыдан оянғандай есін жиып, бұдан кейінгі аймалауыма

қарсылық ете бастады. Тұзеліп, бір-бірімізге ынтыға қарап, қол ұстасып отырымыз. Көптен таныс ғашықтардай сымпылдан сейлесіп, ауық-ауық алсып аламыз. Бір көрген қызға женілtek мінез көрсетіп, баладай болған күйімді сезінген кезде шошып кеттім. Жалма-жан өзімді байсалды қалыпқа келтіріп, сәл ойланып, қыздың ойын білмек болып:

— Аңсаған арманымды тапқандаймын, Ару, болашақ бақытты өмірімізді бірге өткізсек деймін. Бұған не айтасың? — дедім, қыздың қолын қысып.

— Біржыл шыда, оқыын, сен де оқы, — деді қыз, сүзіле сынағандай қарап. Мен оның бұл ақылды жауабын ұнатқаным сонша, сүйіп алмақ болып құшақтай бергенде, ол екі көзі дөңгелене мөлдіреп, қеудеме қолын тіреп, үріккен еліктей ыршып кетті.

Сол көздер көз алдымда, жүргегімді от-жалын шарпып, күйіп-жанып, үйге де жеттім.

## 2-август.

Тал тұс. Ашық аспан төрінде титімдей де бұлт жоқ, күн жадырап тұр. Жінішке өзен бойындағы қалың қамыс пен аралас өскен шыбық талдар әлсіз самал желден майысып, тербеледі. Сол өзеннің бойындағы ұзын жолдың төбеден өтер тұсындағы үлкен бәйтеректің түбінде біздер құшақтасып отырымыз.

Өзім көрген көркем көз, өзім сүйген бал ерін, наздана еркелеген Ару құшағыма енген. Бақытымында шек жоқ, бәйтеректей болып, біз де биіктеп, шалқып отырымыз. Осындай бақыт құшағына бөленіп, ләzzәттің шынына жеткендей қимас сүйіс ұстінде оянып кеткенімді карашы.

Кеше үйге келгенде шешем, қыздың әлі жас екенін, жұмыс істеп, кешкі мектепте оқытынын естігенін айтып, ойлан дегендей ыңғайын танытқан. Ойландым. Апай мен женгесінің сезіне еріп жігіт көруге келген қызды осал көріп «Қой, бұл мен армандаған жан жарым болар жүрек иесі емес» деп, кешегі алған әсерімді олең етіп дәптеріме жаздым.

Көнілді өтсе әр күнің,  
Өмірдің сондай қызығы-ай.  
Үйқысыз өтсе әр түнің,  
Сүйгеннен ойын бұзылмай.

Кешегі құн бір қызық,  
Бұзылды ойым, бұзылды-ай.  
Апай мен женгей кіргізіп,  
Сөйлестім қызбен дызылдай.

Көндіріп қызды, төндіріп,  
Алып та кепті-ау алдыма,  
Көрмеген қызды сендеріп,  
Айтпаған сөзім қалды ма?

Ескінің көрдім шырмауын,  
Көндіріп қызды сендеріген.  
«Ұннантың ба?» деп едім,  
Ұнде меді, ұялды.  
«Сүйдім ғой сені» деп едім,  
Сынау үшін қиялды.

Көрмеген жігіт үстіне,  
Сенбесе ол қыз келер ме?  
Көргендей мені түсінде,  
Женгеге ырқын берер ме?..

Ол әлі он сегізге толмапты, кешегі еріксіз құй кешіп еткен  
е兹 әрекетіме ұялсам да, алғашқы сүйіс ләzzэті мен көркем көзді  
аруым ойдан шығар емес. Кешегі әрекетім мен қылықтарым көз  
алдыманнан қайта өтіп, жас қыздың таза сезімімен ойнағандай  
болғаныма ұялып, үйден шықпай жатып қалдым.

### 3-август.

Мен осы құнделік жазғаннан бастап әр күнге ат қойып, айдар  
тағуды әдетке айналдыра бастадым. Бұл күнге қандай атау берсем  
екен? Албарлы құн, көрген құн, сенген құн, кешегі екі құн бойы  
«неге, неге» деген көп сұрактын шешілген күні ме?

Тұндеғітсімде көрген махабbat құшағындағы бақытты көрініс  
еріксіз орныман тұрғызып, қызбен жолығуды ойладап тұрғанда  
Қамаш апайдан хабаршы жетті. Ұшарға канатым жок болып

отырған маған «келсін» деген хабар тиғесін, алып ұшып жетіп бардым. Бірақ, менің бұл жолғы кездескенім албырт та, балғын аңсарыма айналған Ару емес, азұлы үлкендер тобы болды.

– Қыз кеше осында келді, сен неге келмедің? Әлде ұнатпай қалдың ба?

– Ол әлі жас, сенің көріп жүрген «жалаңбұт» қыздарындай қылтымсуды қайдан білсін, он сегізге енді толады, – деп, Әбен әжей де біраз айтып, әзер тоқтады.

– Сүйгенінді алма, өзінді сүйгенді ал деген бар, біз білсек, ол қыздың жүрегіне шоқ салғандайсың ба?

– Бала ғой әлі, ойлан! Адам тегіне тартады, тексті тұқымнан шыққан қызы жаман болмас, – деген ақылдарын апам мен женгесі де айтып жатыр.

Ол кеше келіпті, сірә, мендегі жағдай онда да болғаны ғой. Менің түсімдегі көріністер нені меңзейді. Ойым он санға бөлінді. Қашсаң, жақындал, қусаң, алыстайтын бұл мен білмеген зандалықтар басымды қатырып, әдетім бойынша бірер шумақпен қорытындылап жазып, тынықпақпын.

Женгесімен кеңесіп,  
Ол да үйіне кетіпті.  
Келсем егер ойланып,  
Келуге уәде етіпті.

«Қызы келеді, тосады»,  
Деген соң көңілім босады.  
«Таңтерең келсе, тосам» деп,  
Жігіттің даусын қосады.

#### 4-август.

Бұл күннің аты – «Күткен күн» болсын. Барлық ой-санамды билеген өнімдегі Ару мен түсімдегі нәркез қоз ойымнан кетпей, қалайда кездесіп, сөйлесуге үйгардым.

Отына жастың күйейін,  
Сөйлесейін, көрейін.  
Сөзімді ұғар жан болса,  
Тәрбиелеп сүйейін.

Деумен келдім ондарда,  
Ұстайтын білек, қол қайда?  
Тоғызда келіп ашумен,  
Кетіпті Ару не пайда.

Жеңгелі қыздың несібін,  
Көрсетті қыздың есігін.  
Шыға ма деп сол бір қызы,  
Түс қайтқанша тесілдім.

Қашқанын бұлай ұнаттым,  
Ынтығып көңілім құлаппын.  
«Қашырам» десе тап ертең,  
«Аламын» деппін, ұнаттым.

«Ертең сағат он» деді,  
«Осында бүгін қон» деді,  
«Жеңгеге көйлек кигізіп,  
Қашасың алып, сол» деді!

Қызбен кездесе алмай, салым суға кеткендей салбырап апай үйіне бардым. Барлық жағдайға қанық болып отырган олар, менің түрімді көріп, «Ә, солай ма екен?» деп, күлісіп алды. Қыз жеңгесі менің қолымды қос қолдап ұстап алыш:

— Егер шын сүйсек, ұнатқан болсан, Еркежанның бақыты үшін мен ештеңеден тайынбаймын. Тап ертең қашырамын да жіберемін, — деп қолымды сілкіп-сілкіп, серттескендей болды. Сөйтіп, «Тек, мені ұмытып кетпегейсің», — деп, күліп апайдың қасына барды. Сөйтіп жеңгесі, ертең сағат онда қызды әкелетін болды. Мен апай үйінде қонып қалдым.

Апай мен әжей біздердің үйлену тойымызды өткізіп, біраз жерге апарып қызықтап барып тоқтады. Мен де өзім көрер қызықты Та什кендерді достарыммен бірге өткізер сәттерін армандалап жатып үйқыға кеттім.

**5-август.**

### **Қызың құған күн**

Таксиді ұстап, жалаңдап,  
Біздер тұрдық алаңдап.  
Көкала көйлек үстінде  
Келеді Ару аяңдап.

Келді де сәлем берді енді,  
Қызығын көзім көрді енді.  
Женгесі бір сөз айтты ма,  
Қашқақтап ала жөнелді.  
Көшениң шаны бұрқырап,  
Жөнелді Ару зырқырап.  
«Күшү, кетті, күшү» деп,  
Женгесі қалды шырқырап.

Мен де келем екпіндеп,  
Аяғым қызға жетсін деп.  
Алдынан орай жүгіріп,  
«Азырақ сабыр еткін» деп.

Қашқан қыз осылай қашып, құған жігіт мендей болып қуатын болар деп қызға ентіге жетіп барып, білегінен ұстай алдым. Қыз әбіржіп, сірә қашу ойында болмаса керек, маған танғала қарап:

— Жіберші. Мен сізге айтпадым ба? — деп тартыншақтап, қолын босатуға әрекет етті. Менің санамды көрген түс пен кешегі үлкендер сөзі арбап тастаған ба? Ентелеп ештенені көрер емеспін. Ұстаған білекті босатпадым.

— Босатшы қолымды, әжеме кіремін де шығамын, — дегендеғана қашу себебін ұққандай болып, «е, мейлі әжесінің батасын алайын деген болар» деп ойладп, қолын босатып жібердім. Кеше Ташкенде бірге оқитын екі досыма хабарласып, қыз алып қашуға бірге ала келген болатынын. Қыз шықпады. Қөп қүтіп, шаршап үйге кайттық. «Айтпадым ба?» деген қыз сөзі санама енді жетіп, қыздың келісімін алмай достарымды әлек еткен жағдайыма ұялып отырмын.

Үйге келіп, тәргі бөлмедегі төсегіме құлай кеттім. Кешелі-бүгінгі әрекеттеріме есеп беріп, ой елегінен өткізіп «бұл не еткенім» деп өкініп жатырмын.

Ата-ананың ержеткен ұлын үйлендіріп қызығын көруге асығуы итермеледі ме? Әлде ұлкендердің ортаға алып айтқан ақыл-кеңестерінің әсері ме? Әлде еркіме қоймаған жүрек қалауы солай болды ма, білмедім, басым дал болды. Үріккен еліктей қашқалақтап әжесін сылтауратып құтылып кеткен аруды аңсап-ақ отырмын. Қыздікі дұрыс. Оның айтқан бір жылын күтіп, ол кәмелетке толып, мен де, ол да окуды бітірсек, оңды емес пе?

Екеуара шешербұл үйлену мәселесіне ойсызбаладай далбақтаған қүйіме ұялып, ойдан ой туып, бұл тұнді үйқысыз өткіздім.

## 6-август.

Ерте тұрып, жеңгейге хат жаздым:

Басында қиял құған қызық еді,  
Жүретін, сілтейтін қол ұзын еді.  
Тосыннан отқа салар тозағы бар,  
Махаббат ерікті алар бұзық па-еді.  
Қызық пен оқиға ғой іздегенім,  
Нәзік жанды болады қыз дегенін.  
Ойланбай қыз жүрегін жарапасан,  
Қасірет тудырмай ма көздегенің?

Өмірмен мен бұлайша ойнамаймын,  
Қыз жүрегін сүймесе, қинамаймын.  
Сейлеспестен қызды алып өмірбақи,  
Ұрыс-керіс, бәлені жинамаймын.

«Өмірлік жолдас, адал жар болу, сүйісіп, сыннан өткен, жүрекпен ұғысқан, абзал жандардың сыйбағасы емес пе еді?.. Албырт жастарды асығыстық әрекетке апармаңдар. Бүгін келсе кетпесін, сәйлестір» – деп жазғанымды жеңгесіне беріп, апайдың үйіне кеттім.

Тұс мезгілінде апайдың дүкеніне көмек беріп жүретін пысық

қара бала есіктен жылт етіп көрініп:

– Шақырады, жылдам шық – деді маған жымыш.

– А, а, қайда? – дегеніше болмай, қара бала зым-зия жоқ болды. Дұрсілдеп кеткен жүрегім аттай тулап «келгені ғой» деп қызырып кетіппін. Қобалжыған түрімді көрген кәрі көз, қу әжей:

– Аптышынды бас, мә, мынаны ішіп ал, – деп күлімсірей келіп, зерең толы шұбатты қолыма ұстадты. Дем алмастан сіміре салдым. Мендең өзгерісті көріп, сезіп отырған әжей «Жолың болсын! Бар!» деп, қала берді. Сыртқа шыққан соң жүрегім бір сабага түскендей болды. Көше қызылысындағы сыра, шарап сататын дүкеннің қойма бөлмесінің есігіндегі құлыпты көріп, «ойпырмай, сонда Ару дүкенде болғаны ма?» деп ойлап дүкенге қарай бұрыла бергенде, қара бала жылт етіп шыға келіп, қолын шошайтып, қойма есігін нұсады. Сонда гана құлыптың есікте емес, тұтқада тұрғанын көріп, мен де лып етіп ішке кірдім. Қойма ішіндегі жәшіктерді аралап төрге жеткенде, дәл түсімде көрген періштем, апай мен женге арасында ұшатын құстай талпынып отыр екен.

Тағы да екеуден-екеу оңаша қалдық. Қөпке дейін сөз бастай алмай, көзben аялап, дірілдеген қолымды қыздың саусағының ұшына тигіздім. Тұла бойым балбырап, еріп барамын. «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, көзben көр де ішпен біл» деген ғашықтық, ия, дәл осы болар.

Екеуміз де тіл қатпай, құшақтасып тұрмыз. Екі көзін тас жұмған қыздың тұншыға шыққан демі бетімді қарып өткендей болды. Үлбіреген қыздың ерні менің ернімнің тұсында тұрғанын сезіп, жайлап өбісе бастадық.

– Жаным, сағынып қалдым, – дедім сәл аузым босағанда құлақ түбінен сыйырлап.

– Рас па, шын айтасың ба? – деп, көзін ашып қуана қарағанда, «Ия, ия» деп, тағы сүйіп алдым. Шараптан босаған жәшіктің бірін отырғыш жасап, қоймадағы рулон қағаздан жыртып алып, отырғыш үстіне төсеп, қызды отырғыздым. Қарсы алдынан өзіме де сондай отырғыш жасап алып, бір-бірімізге үздіге қарап отырмыз. Түсімде көрген Ару қарсы алдында күлімдеп отыр.

– Сені түсімде көрдім.

— Мен де.

— Сен керемет жансын, кешір менің өткендегі ойсыз оспадарлығымды. Шынын айтсам, ұлкендердің шырмауына түсіп, сенімен сейлеспей еткен әрекетіме қатты ұялдым. Оның қолын қысып ұстап тұрып:

— Мүмкін сен қарсы емес те шығарсын, — деп қыздың ойын білмек болып, оны бала санап, қалай болса солай сөйлеп, бірер сөзден тосылып та қала жаздадым. Қыз мені сынағандай астарлы, сұраулы сөздерді шымши айта бастады. Бір сөзінен таяр емес, «оқын, сенде оқы, күтемін». Тіпті, табанды-ақ өзі.

— Тұрмыс құру оңай ма, бұған неге жеңіл қарайсыз. Әлде?.. — деп тіке қарағанда, сасқалактап:

— Жо, жоқ, жаным, сөзіңің жаны бар. Мен жөнінде басқаша ойлап қалма. Жаным — арымның садағасы, арсыз болғанша арам өлгенді қалайтын жанмын. Қартая бастаған әке-шешенің асығуы ғой, — деп актала бастадым. Қыз біргүрлі етене жақын болып барады. Қорған түсімді айтып, «Сондағы қорінген ләззәтті қайталашы, жаным» деп, тым тәтті сүйісіп, барлық күмәнді тарқатқандай болдык.

Кешкі пойызға Алматыда оқитын Зиядин атты ағасын шығарысып, үйге кайттым.

## 7-август.

Бұл күнді «Кездесу» деп баяндаймын. Ертемен орталықтағы апай үйіне бардым. Қасыма жоғарыда айтқан пысық жылтырды ертіп, көне Хожелідегі Ару үйіне келеміз. Мен бұрындары Нөкіске баарда үстінен өткенде болмаса қала ішін білмейтінмін. Сондықтан да апай тұа қыз бен жігіт арасында жүргендей, ойынды айтпай ұғатын тапқыр, пысық осы қараны қасыма ертіп жіберген.

Пысық қара жол бастап зырғып келеді. Көне қаланың қисық-қисық көшесінің бірін айнала беріп маган «токта» деген белгі берді. Өзі жылт етіп жоқ болды. Бала бұрылған жеріне жете бергенде, пысық қараның жүріс-тұрысын қызықтап, нағыз барлауышыдай әрекеттеріне таңғалып жүріп, «тұр» деген тұстан өтіп те кетіппін. Ол жайлап жылжып, тышқан аңдыған мысықтай

коршау есігінен сығалап, ішке кіріп кетті. Көп кешікпей лып етіп сыртқа шығып, есіктен бір қолымен мені, екінші қолымен іштегіні шақырып тұр. Онсыз да қасына келіп қалған мен екі аттап үйге кіріп кеттім. Төргі бөлмеден кішкене бауырын көтеріп шыға келген Ару, кіріп келген мені көріп абыржып, қолындағы баланы есік алдындағы сөре үстіне отырғызып, өзі де отыра кетті.

Мен сенімді барлаушым байқагандай үйде үлкендердің жоғын сезіп, қыз қасына жетіп бардым.

— Аруым, жаным, асылым, жеткенше саған жасыдым, көргенде сені құлпырып, жарқырап жаным тасыдым, — деп сүйіп алуға бейімделдім. Төргі бөлмеден кішкене қызалақ пен сыйидиган қара бала шықты. Жәутендең қарай қалған көздерден қаймығып, ұстаған қолды босатып алдым. Қыз да ұқықдан оянғандай орнынан ұшып тұрып «Қазір апам келеді» деп, төргі үйге кіруге бейімделді. Мен де ере кіруге бет алғанда бір түрлі, ия бір түрлі сүйкімді көзбен жалынғандай қарап, қолымен «болмайды» дегенді білдіріп шегініп барады. Сол бір қимас сәтті, менің барлауши жылтыр қарамның үздік-үздік шыққан ысқырығы бұзып жіберді. Ойдың қатаң салты бойынша қызбен үлкендер көзінше сейлесу әдепсіздік болып саналады. Ұрлық қылған адамдай үйден қалай атып шыққанымды білмей де қалдым. Осы көне қалада тұратын Ташкенде бірге оқитын досымның үйіне «Жолсерік» қараны ертіп бардым. Досым Кәрімбай менен бес-алты жас үлкендігі бар қарақалпак жігіті болатын. Оған, қызбен көріссем де сейлесе алмаған жағдайымды айтып, біраз кеңесіп шешкеніміз: қызды киноға шақырып, сонда оңаша тұнде кездесу болды.

Түстен кейін жылтыр қараны баптап, балмұздақ пен газды суға тойдырып, қыздың кешкі киноға келуін айтуды тапсырып, өзім көшे бұрылсында қалдым. Оның ішке кіруінен шығуы тез болып «Үйінде адамдар бар, хат жазып бермесен, сейлесу қын» дейді.

— Қағаз, қалам алмай шықтым, хатты қалай жазамын — деп қиналғанда, бала мені жетектеп ала жөнелді. Автовокзал қасындағы почтаға кіргізіп, стол үстіндегі сия, қаламсапты көрсетіп, жеделхат жазатын парактың артындағы ақ жағын алдыма аударып қойып:

— Ал, жаз. Бар өнерінді сал. Қыз оқығанда жүрегі солқылдайтын болсын, — деп ыржияды балақай. Мен мына баланың тапқырлығы мен сөзшөң болмысын көріп, таңдайымды қағып тұрғанда, ол жылт етіп жоқ болды. Баланың тапсырмасы оңай болмады. «Не жазсам екен?» деп ойланып қалдым:

«Жарқыным, жаным, Аруым,  
Өтті ғой әуре қылуың,  
Қалай да бүгін хабарлас,  
Тартайық ғашық дыруын.

Жан-жүрек асыл көмейді,  
Қалайша көзің көмейді,  
Өзіңмен болған минутты,  
Ғасырға бергім келмейді!

Кездесу гешық, тосамын», — деп колқойып, басымды көтергенде, менің ой толқындарымды айна-қатесіз көріп, бақылап сыртта тұрған барлаушы кара ыржия күліп жетіп келді. Қолына хат тиген кара, көзден файып болды. Көп күттірмей кеткен жылтырым жақсы хабар әкеліп, «Кешке шығатын болды. «Парктен тос» деді», — деп, мәз болып тұр азамат.

Тұн. Бұл шағын қаладағы жазғыз кино жай, қала паркінің ішінде екен. Киноға белет алып, кең паркке сыймай, қақпа алдында ерсілі-қарсылы жүріп, қызды күтудемін. Кино басталуға тақап, менің жолсерік досым қатарлы сіңілісін ертіп, Ару келеді. Пысық кара әлгі қызды қолтықтап алып, киноға кіріп кетті.

Біздер де кино басталысымен ымдасып, сыртқа шықтық. Қол ұстасқан қалпы парктің асфалт төсеген орталық жолымен жүріп, жарықтан тасалау бір бәйтеректің түбіне келіп отырдық.

— Ару, ана айды қараши, қандай әдемі, — деп толықсып толған арудай толық айды нұқсадым. Ол айды жана көргендей болып, аузы ашылып қарап тұр. Мен құшақтап ашық еріннен қадала сүйіп алдым. Қыз қарсыласқан жоқ, ай жарығымен жанары жарқ етіп, жалындал маган қыла қарады. Сөйлесіп, оның от басындағы, менің жанұямдағы адамдар жайлы сұрасып, танысып жатырмыз. Сыпайы сейлесіп, қимай сүйісіп отырып, бір сағаттың қалай өткенін білмей де қалдық. Сөйтіл, бір жылды қутетін болып,

уәде етісіп отырғанда, жылтыр қара кішкене қызбен қасымызға келіп, сол өткенде түсімде көргендегі ләzzэт құшағында отырып оянғандай жағдайда болып, орнымыздан түрдүк.

Оларды үйіне дейін шығарып салып, көзben өбісіп, қимай кетіп барамын. Тұнде автобус жүрмейді, таксидін де жоқ кезі. Біздің үй мен қала арасы жеті-сегіз шақырым жер екен, жаяулатып жүріп келеміз.

Баланы орталықтағы үйіне кіргізіп, ауылға жеткенде түн ортасы болыпты. А남 әлі жатпапты, мені сарғая күтіп отырғаны белгілі жай. «Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада», қашанда сөл кешікsem болды аландап күтіп отырғаны. Сол екі сағаттай отырып алған ләzzэтті әсерлерге мас болғандай болып, шаршаганымды да сезбей қиялдан жатып, үйықтаппын.

### **8-9 август.**

Бұл күндерде Аруды сырттай көргенім болмаса, оңашасын тауып, сөйлесе алмадым. «Қызыға сез ілеспесін» деп, көзге түспей босқа сабылып үйге қайтып жүрдім. «Бұл екі күн ансарым, арманым болған – «Сағыныш күнім болды» деп атайдын.

### **10-август.**

Бұл күнге «Күдік» деп ат қойып, айдар тақпақпын. Себебі, қыз үшты-күйлі жоғалып кетті. Оны өз үйінен, агаларының үйлерінен таппай, апайдың барлаушы қарасы қыздың барады-ау деген жерлеріне де барып, хабар болмай шаршаган күн болды. Біздердің таныстығымыздың сүйісу дәрежесіне дейін жеткенінен хабардар болып отырған үлкендердің ойы, көп созбай біздерді үйлендіріп тастау болатын.

Үшты-күйлі хабарсыз кеткен Аруға «не болды екен» деп салым суға кетіп, ыссы күнде шаң топыраққа батып, алай үйінде отырған едім. Алай бір әңгіменің шетін шығарып, жүрегімді су сепкендей етті.

– Қызыга сенім жоқ. Нөкісте бір жігіт сез салып жүр деп естіген едім. Сол дұзықара қашып кеткен болды, – деп қызды жерден алып, жерге салып даттап жатыр. Апайдың айткан сөзіне сенейін десем, екеуміздің жақындағана арамызда болған қимас сүйіс,

байланған серт, олай болады деуге сенгім келмейді. Ойым астанкестең болып, «Апыр-ай, жылқыда өт, құста сүт жок» деуші еді, енді «қызда жүрек, уәде, иман жоқ» деп жалғайтын болдым-ау» деп, өткенде оны ұзак күткен әжесінің үйіне қарай жүріп келемін. Бір үміт сезімі жетелеп төмен қарап келе жатып, басымды көтергенімде, көшे бойлап келе жатқан екі қызыға қозім түсті. Қыздардың біреуінің үстіндегі маған таныс көкала көйлектісі қозімे оттай басылды. «Сол, екі күн бойы сабылған арманымның өзі» деп көшениң қыздар келе жатқан бетіне өтпек болғанша, олар әжесінің үйіне кіріп те үлгерді. Жартылай ашық қалған қақпа алдынан әрі-бері өтіп, сырттағы сөре үстінде әжесімен әңгімелесіп отырған қыздардың назарына түсуге әрекет еттім. Неде болса тәуекел етіп, ішке кіріп баруға бекініп тұрганда, апайдың балалар үйінен асырап алған он бестеңі сокталдай баласы келе қалды. Қуанғаным сонша, баладан жөн де сұрамай, оған тәптіштеп:

— Сен мына үйге кіріп, есік алдындағы екі қыздан су сұра, содан соң, Ардос деген жігітті ізден жүргенінді айт, — дедім менің атымды естісе Ару сыртқа шығар деген оймен. Бірак, баланың үйге кіргенінен шыққаны тез болды.

— Әй, не болды? — деп қасына жетіп барған маған ол иығын бір қозғап,

— «Ардосты білесіндер ме?» десем, «білмейміз» деп, шығарып жіберді, — дейді, копыраған бала менің бар күпия жоспарымды тас-талқан етіп. Бұндайға ыңғайлы жылтыр қараның қадірінің өткені-ай. Енді не істесем еken деп ойланып тұрганда үйден қыздар шығып, автобус аялдамасына қарай бет алды. Ару мен тұрган жаққа бір жалт етіп қарады да, қасындағы қызыға еріп кете барды. Мен де жолдың сол қанатына өтіп, арттарынан еріп келемін. Ойым үйден қашықтап аялдамаға жеткенше қуып жету. Олар аялдамаға бұрылар көшеге түскенде тасадан бір аласа бойлы жігіт шыға келіп, Арудың қолынан ұстап сөйлесіп кete барды. Намыс оты санамды шарпып өтіп, қызғанғаным сонша, бақталас жігітті түтіп жердей болып, алдарынан шығуға тырысып келемін. Арудың қасындағы қыз менің қатты келе жатқанымды байқап, жігітке мені нұқсап бірдене айтып жатты. Әлгі жігіт қыздардан бөлініп, екпіндең келіп қалған маған күлімсірей амандастып,

қолын берді. Мен оған сөз айтпак болғанша шиқылдап келіп тоқтаған автобусқа қыздар мініп жатты. Жігіт қолымды босатпай ұстасқан күйі автобусқа бірге міндік. Екі қызы артқы орынға, біздер алдынғы бос орынға жайғастык.

Кешегі апай айтқан жігіті осы болар деген оймен «Сен кімсің?» дедім, оған ызбарлана тесіле қарап. Ол, сол жайдары қалпынан айрылмай, жүзіне құлкі үйіріліп:

— Мен де өзіндей Жазықтың жігіті боламын, — деді Арудың қасындағы құлімдеген денелі, әдемі, қызды иегімен нұсқап. Мен, «А, а, Ару...» дегенше болмай, ол «Екі күн бойы Ару Жазықтың үйінде болып, сен туралы айтып, сырластық. Біздер жігітінді көрсет, танысайық деген соң бірге шыққан едік», — дейді құлімкөз болашақ бажам. Өзінің есімі Әмет екенін, ал, Жазық болса Арудың немере апасы екенін мәлімдеді. Біздердің арамыздағы жақын сырластықты білетінін жеткізіп, мендегі барлық күмәнді сейілткендей болды.

Автобус станса орталығынан шығып, Көне қалаға бағыт алғанда, артқы орындар босап, қыздардың қасына бардық. Мен ірі денелі, кара өнді әдемі қызға бас изеп сәлемдесіп, Арудың қасындағы босаған орынға жайғастым. Оның көзіне тіке қарап, жүзінен өзгеріс іздел, барлай қарап отырмын. Сол оңаша парктегі кездескенде Ару:

— Ташкен үлкен қала ма? — деп қызыға сұраған.

— Ия, жаным, өте үлкен. Алла бұйыртса, басымыз қосылышп, бірге жүрерміз, не қызықты бірге көрерміз. Енді мен сендікпін, сол уәде белгісі болсын, — деп қол сағатымды өзіме қаратып бұрып, Арудың қолындағы қайыс баулы сағатын да ішке қарай аударып тағып бергенмін. Қыздың осы уақыт ішінде өзіме ыстық болған құралайдың көзіндегі мөлдір көзі, пісте мұрны, алма мойны, кекала көйлек, аршын төс... барлық денесін арапал келіп, жұмыр білегіне көзім түсті. Өзім аударып қойған сағат сол қалпында екен. Еркіннен тыс өз қолыма қарап, шошып кеттім. Браслетті сағатты қашан аударып қойғанымды білмеймін, тез кері аудардым. Қамаш апайдың кешегі ашу үстінде айтқан сөзінің әсері ме, әлде тасадан қосылған жігіттің оның қолынан ұстап кете барғаны ма, сағатымның кері аударылуына себеп болыпты. Автобустағы

жолаушылардан ұялып, қызбен еркін сөйлесе алмай, тек көзбен өбіп отырмын. Әлгінде ғана қызғанып өлердей болған жағдайым түзеліп, қасындағы қызбен танысу керектігін ұғып, «Ардос» деп қолымды ұсындым. Ол да жаңа танысқан Әмет досым тәрізді жымиып, екі ұрты ойла күліп: «Жазық» – деді.

Өткендеңі сол бір-екі сағаттай оңаша отырыста Арудан Жазық атты немере апасы барын, жақында тұрмысқа шыққалы жүргенін естігемнін. Әмет автобустағы қызының қасындағы босаған орынға жайғасып, Аруды оңаша қалдырды. Мен сол шыдамсыз әдетіме басып оның қолынан ұстамақ болғанда, ол шошына қолын тартып алып, бос орынға жылжып кетті. Сөйткенше болмай автобуста Көне қалаға келіп тоқтады. Жаңа танысқан болашақ бажа екеуміз қала паркінің алдында қалдық. Қыздар Арудың үйіне кетті. Олар келгенше сөзшең Әмет сейлеп отыр, мен оның сезін қызыға тындалп отырып, уақыттың қалай тез өткенін де білмей қалдым.

Тұн. Айнала тастай қараңғы. Киноға кірер қақпа алдындағы жалғыз электр шамының жарығы біздер отырған тақтайдан жасалған отырғышты және оған келер жолды түгел қамтып, киноға келгендерді қарап отырмыз. Бір кезде екі қыздың қасында Салтан атты сіңілісі ере келіп, бесеу болып киноға кірдік. Екі ортаға отырып алған Салтан біздерді сөйлестірер емес. Өткендеңідей Салтанды ұршықтай иіріп бөлек әкететін пысық қараның қадірі өтіл тұр. Қызға білдірмей ымдасып сыртқа шықсақ та ере шыққан ол біздердің арамызда қиқулап жүгірді де жүрді. Жөнді сөз, ләзатты сүйіс жасай алмай арманда қалдым. Кино бітіп, қыздар үйлеріне кетті. Біздер де соңғы автобусқа үлгеріп, ауылға кеттік.

## 11-август.

Атақты жылтыр қара жылмақай барлаушымды қасыма ертіп, қыз аулына қарай аяңдап келемін. Демалыстағы қолы бос еріккен жігітке қызды көру арман болып, «бүгін демалыс күн ғой, үйінде болар» деген оймен түске дейін жалғыз келгенде, қызбен кездесу ретін келтіре алмай кеткен болатынмын. Сондағы тапқан айлам, сол кездердегі дами бастаған өнер, үйлерді қыдырып сүгіретке түсіретін суретші кейпіне кіріп, көзіме қара көзілдірік, басыма

кеңкі киіп, фотоаппаратымды ашық мойныма асып алып, қазақшамды бұза сөйлеп:

– Менікі суретші, снимок жасайды, – деп жақындаған біздің үйге келген кәріс фотографтай есік қағып, қыз үйіне кіріп бардым. Қақылдақ Салтан есік алдындағы сәкіде ойнап отыр екен. Ол мені бірден таныды. Сірә, өткенде мамасы айтқан «Мына қыз бір жігітпен танысқан сияқты, қасынан бір елі қалма, оңаша сейлеспесін» деген қатаң тапсырмасы есіне түскен Салтан, сол міндетін орындау мақсатында даусын көтере айқайлад:

– Ару үйде жоқ, қазір апама айтамын, – деп орнынан ұшып тұрған соң, еріксіз үйден шығып кете бардым.

Тұстен кейін байланысшым Сәрсенбайды қасыма ертіп, ыстықта шөл басар газды суға қанғанша суарып алып, ирелендеген қисық тар көшемен қыз үйіне қарай тағы жүріп келеміз. Өткендерідей бұрылысқа келгенде мені тоқтатып, әрі қарай өзі лып етіп қыз шарбағынан ішке еніп кетті. Сол кеткеннен мол кетті. Әлде қызды көруге асыққан маған солай көрінді ме, әйтеуір көп күттіріп барып, басы салбырап жетті-ау, ақыры.

– Не болды?

– Болмады.

– Үйінде ме өзі? Не айтты?

– Анадағыдай өлеңдетіп хат жазып бер, бәлкім, шығар, – деп желкесін қасып ойланып тұр барлаушы досым. Бұрынғы тәсілмен хат та жазылды. Бірақ, оған шығар қыз болмады. Сейлесуге келе алмаған қызға ашуым келіп, не де болса үйіне көруге беттеген мені тоқтатқан барлаушым, қызды корғаштап:

– Үйінде шешесі бар, қызды қорып, шығармай отыр. Кірме, сөз естіп, сағын сынады, – деп алдынды кес-кестеді. Біздің келгенімізі сезген анасы есік алдына алаша төсеп отырып алды. Сөз еріп, өсекке ілігуден қорыққан қыздың жағдайын түсінсем де, оның бір сылтау тауып шыға алмаған дәрменсіздігіне налып, ақыры кете бардым.

Үйге келген соң өкпе-назымды қағазға түсіріп, хат жаздым. Қарақалпақстандағы қазактарда әйелді ерден төмен тұтып, бетін бүркеп үйден шығармай ұстайтын Азия елінің тәрбиесінің әсері еніп, қыз баланы өте бұйығы еткен жағдайларына, тіпті қыздың

өзі көрмеген жігітке еріксіз сатылып кеткен дәрменсіздігіне қатты қынжылып жүрген болатынын. Ол менің Жамбылдан көшіп келген алғашқы жылдары болған оқиғаны еріксіз есіме түсірді.

Өмір де, салт та жаңаша,  
Заманым қандай тамаша.  
Шомылып нұрға бөленіп,  
Сүрейік өмір жаңаша.

Жаңартып түрін өмірдің,  
Гүлденткен гүлін өңірдің  
Бауырмал дос қып адамды,  
Кетірген кірін көнілдің.

Теңсіздік жоқ, зорлау жоқ,  
Біреуді біреу қорлау жоқ.  
Әділ заман заңдарын  
Кейбіреуде ойлау жоқ.

Осындай заман-заманда  
Білмеген құның жаманда.  
Малға ұқсан кетіп сатылып,  
Сатып та алған адам ба?

Көріп жүрміз талайды,  
Өмірге селқос қарайды.  
Өздері көрмей бір-бірін  
Ата-ана көріп қалайды.  
Арайлы таңды білмейтін,  
Асылды таңdap көрмейтін  
Ескіге жастар ермелік  
Жақсылық жеміс бермейтін.

Заңынды бұзба, ей, достар,  
Сәнінді бұзба, ей, достар,  
Қол ұстасып салатын,  
Әнінді бұзба, ей, достар! – деп, 1961 жылы Шауқы

атты досымның қалындығын өзі көрмей үйленгеніне таңғалып жазған шумактарым еді бұл. Ол жасым он төртке толар-толмастан комсомолға өтіп, мектепте алғашқы комсомол хатшысы болып қалыптасқан кенес тәрбиесінің әсері болар. Ал, енді, осы елге келгелі бес жылдай болып көргенім, Қазақстандағы халықтарға қарағанда бұл елде орыстану әдеттерінің әлі жете қоймағаны, әдет-ғұрыптардың таза сақталғаны қызықтырып, мен де осы үлгілердің жақсы жақтарын мойындал, бойыма сініре бастаганмын. Та什кендегі кейбір көкірегін, иығын ашып, орыстанған қыздарға жиіркене қарап, санаасы жоқтығына жаңым ашитын. Әр елдің каймағы бұзылмаған әдет-ғұрыптарының да жақсы-жаманы болады. Өркениеттен, мәдениеттен қалып қоймай, өсіп дамыса, табиғи қазақ қыздарына тән еркін болып, Азия халықтарының әсерінен арылсағой, шіркін. Тағдырдың өзі табыстырыған, бір көргеннен-ақ көңілім құлаған қызға сөз ілеңстіріп, сағын сындырудан коркып, ашық кездесе алмай жүрген жайым фой бұл. Бұйыры бұл елдегі туыстарға да өз жүртіның еркін, озық, қазақ мәдениеті жетіп, қуантар шақ болгай деп, киялдан жатып үйқыга кеттім.

## 12 август. Тұтқында

Бұл күн менің өмірімдегі бір айта қаларлық күндердің бірі болды. Сағат ондардың шамасында Көнекаланың автобус аялдамасынан түсіп, өзіме белгілі жолмен аяңдал жатқан болатынмын.

– Адырандан қайда кетіп баrasың? – деген артымнан шыққан әйел даусына жалт қарап, Қамаш апай мен қасына ерген қыз женгесін көрдім.

– Сәлеметсіздер ме? Аруға хат...

– Қайта бер үйіңе. Ару жоқ. Үйіңе қонақтар барады, дайындал, – деді сөзге араласқан қыз жеңгесі. Өздері аялдамага келген таксиге қарай жүріп бара жатты.

Автобусқа мініп, қайтып келемін. Ойым санға бөлінді. «Сонда қонағы кімдер? Аруды алып бармақ па екен? Бірақ, оған ол көне коймас» деген ойымнан арыла алмай, автобустан түскеннен кейін темір жолды жағалап төте жолмен үйге жақындағы бергенде,

мана қыз аулында көрген такси біздің үйге келіп, қайтып барады екен. «Бұлар таксимен келген болды» деп ойлап үйге кірсем, Ару, Жазық, апай және женгесі, жылтыр қара да үйде отыр. Ет комбинатында істейтін әкем де жұмысынан сұранып келген. Қазан асылып, шай қойылып дегендей, қонақ құту шаралары жасалып, абыр-сабыр болып жатыр. Мені көрген Ару жалт етіп бір қарал, ішкі бөлмеге кіріп кетті. Шағын ауылда хабар тез таралып, Құңсұлу қарындасым да келіп, Жазық пен қыздар Арудың қасына кетті. Үлкендер отырган ауызғы үлкен бөлмедегі карттармен, қонақтармен сәлемдесіп болған соң мен де жастар жағына ығыстым. Ташкенде түскен суреттерімді, альбомымды көрсетіп, әңгімелесіп отырдық. Апай мен қыз женгесі, сірә, табанды бір шешіммен келген болса керек, үлкендермен кеңесе келіп, сол кездегі «қызы қашты» салтымен біздің үйге Аруды қалдырып кетпек ойлары болады. Біздер жаққа апай кіріп, маған «Сені үлкендер күтіп отыр, соларға бар» деп, өздері Аруды ортаға алып, сейлесіп жатты. Мен кіргенде ақсақалдар шай батасын жасап, дастарханды жинастыра бастаған анам, қарттарға қарсы бос орынды нұсқап:

– Аталарыңның саған айтар сезі бар, – деп дастарханды алып шығып кетті. Әuletіміздің үлкен қарты Нұртаза әкей:

– Талабын оң болсын, балам, батыр ағамның аруағы қолдап, жар болсын. Құрған отауларың бақытты отау болсын, – деп батасын беріп, бетін сипады. Бұл сөзге таңғалып отырған маған қарап:

– Нұрғали, өзің түсіндір балаға, – деп, қасындағы әuletтің биі, шоқша сақалды інісіне иек қақты.

– Ардосян, білеміз оқуыңның барын, сенің әлі бұл мәселеге дайын емеспін дейтініңді. Бірак, біздер бәрін талқылап, бір шешімге келдік. Батыр әuletтіндегі баланың үлкені өзіңсің. Өке-шешенің, қартайған біздердің арманымыз – Алдаберген ағамыздың ұрпағын көру. Түскелі отырған келін де біздердің бұрыннан да құда-жекжатты болған, белгілі текті тұқым, – деп жатыр. Жақындағана маған Әбен әжейдің айтқан сөздерін естіп отырғандай болып, ойым Арумен болған таныстық, әдемі көз, тәтті сүйіс көз алдыма келіп, балбырап отырғанда:

– Сонымен, не айтасың? Аталарың күтіп отыр, – дегенде ғана ұйқыдан оянғандай болып, басымды көтергенде, үйдегі барлық жаннның назары маған ауғанын көріп сасқалақтап:

– Дұрыс қой, бірақ қыз не айтады?

– Оны Қамаш апаң айтады, біз сенің келісімінді күттік, – дегенше болмай апай да ішкі бөлмеден күлімдеп шыға келіп:

– Қыз келісімін берді. Апа, құтты болсын! Әке-шешесіне кіріп, келісімін алайық, – деді. Апай бәрін ойластырып қойған болды. Манағы мініп келген таксі бір айналып келіп, үй алдында тұр екен. Соған мініп, апай мен әке-шешем қыз үйіне кетті. Мен орнынан тұрып, ішкі бөлмеге кірсем, Ару тәмен қарап мұнайып отыр. Оқиғаның бұлай тез болғанына есендіреп тұрган, тек мен ғана емес қыз жағдайы одан да күрделі екенін сезіп, жүрегім езіліп, қыз жанына жетіп барып қолынан ұстадым. Бетіне қарағанда көз жасын көріп, менің де көзім жасаурап:

– Ару, сенін күйінді жақсы түсініп отырмын. Аз күнде мені әлі толық білмей, бұндай қадамға келу онай емес. Менің күйім де сондай, бірақ, білерім біреу-ак – жүрек қалауы, тағдырымның өзіңмен бірге екенін сезіну ғана. Менің жастайымнан алған тәрбием мен ұстанымым, адалдық, әділдік, шын доска деген беріктік, аманатқа қиянат етпейтін, берген серттен таймас табанды қасиеттерім, егер, сенсөн сенімінді ақтайды деп білемін. Жаным, маған, қарашы өзіңмен табысқан осы он күн маған он жылдан да қымбат. Адамның бар болмысы көзінен көрініп тұрады, «жаным – арымның садағасы» деген адалдығым, аузымды ашсам көмейімнен көрініп тұрган жоқ па? Сенің де көзіңнен сондай иман нұрын көріп, жүрегім жалындаған жоқ па? Корықпа, уайымдама, біздерді тағдырдың өзі табыстырған тәрізді. Мен қашанда қасында боламын, – деп, елжірей қарап, қыз жүзінің арайланып маған қараған нұрлы көзінен «Сенемін, сүйемін» дегенді ұғып, құшагыма қыстым.

– Ағам мен апам не айтады, олар қарсы болса ше?

– Бұрыннан жекжаттығымыз бар, қарсы бола қоймас.

– Сонда да?

– Онда айнымас екі жүрек қана шешеді. Ару, мен ешқашан да өз шешіміме өкінбеймін.

Қыздың мазасызданып отырган жүрегіндегі сезікті терең

ойларынан сейілту үшін, «Ару өзіңмен қоштасарда беріп кетермін деген оймен станциядағы универмагтің әшекей сататын бөлімінен көзіме оттай басылған мына қызыл брошкені сатып алған болатынын. Мен оқуға кеткенде есіне тұсірер белгі болсын», – деп омырауына әшекейімді тағып бердім. Әкемнің әрқашанда сырттан үйге кірерде қақырынып, белгі беріп кіретін әдеті барды. Сырттан жөткерініп дауыстай келген әкемнің даусын естіп, сыртқа жүгіре шықтым.

– Бардық. Хабарды жеткізіп, алдарынан өттік. «Заман солардікі, бірін-бірі ұнатса жасай бер тойыңды» деді аласы. Әкесі де «Бұл не еткенің, апа? Қызым әлі жас қой» деп көзіне жас алып, біраз отырып барып, рұқсатын беріпти.

Дереу мал сойылып, ауыл ақсақалдары, көршілер, агайындар шақырылып, кенес той басталып та кетті. Қайта жиналған жастар төргі бөлмедегі Арудың қасында болып, үлкендер жағы той қүнін белгілеп, тойға шақыртушы дайындал, той қамына кірісп жатты. Ет желініп, той мәселелері шешіліп, қарттар тараса бастаған тұста, сырттан:

– Милиция! Милиция келді! – деген сұық хабар жетіп, шалқып отырған іштегі жастар дүр сілкіндік. Сөйткенше болмай, біздер отырған бөлменің есігін жүлқа ашып, ішке екі милиция кіріп келді. Бірі капитан шеніндегі аққұба ашаңдау кісі, ал екіншісі бұжыр бет алпамсадай ірі денелі милиция сержантты. Дауыл соққандай болып келген бұжыр бет:

– Ару қайсыларын, шық сыртқа, – деп гүр ете қалды. Абыржып өре тұрған жастар ішінен төмен қарап, жыламсырап Ару шығып бара жатты. Мен де тез есімді жиып, сыртқа жүгіре шықсам, әлгі бұжыр бет ГАЗ-62 милиция мәшинесіне Аруды итермелеп мінгізіп жатты. Өзімнің заңнан хабары бар азамат екендігімді сездіріп:

– Бұларың қалай, үйіме баса-көктей кіріп келіп, қонағымды тұтқындан алып кететіндей заңды құжаттарың бар ма? Ордерің болса, көрсет! – деп, қыздың қолынан тартып, машинадан түсіріп алдым. Сөзге капитан шеніндегі аққұба милиция араласып, сол кезде бізге қарай өңмендеп жетіп келген бұжыр бетті тоқтатып: – Сенікі дұрыс, інішек, біз түсіндіруіміз керек еді. Бізге қыз ағасынан «Балиғатқа толмаған жас қызды алып қашты» деген

арыз түсті, сондықтан да сақтық жасап, қызды алып кетуге тура келеді. Сөйлесіп, анықтаған соң жібереміз, – деп жылы шырай танытты.

– Онда мен де барамын, сөйлесер болсаңдар менімен де сөйлесу керек қой, – деп машинаға мініп алдым. Олар алғы орында, біз екеуміз артта қол ұстасып қатар отырдық. Қыз терең ойда. Мен де оған не айтарымды білмей, істің насырға шапқанын сезіп, Арудың ойлап отырганы, сірә, ауыл адамдарының өртөң-ақ: «Бәленшениң қызы қашып кетіпті, оны ағасы қайтарып алдырыпты» деген сезіндің тарап, оның «қайтқан қызы, есік көрген» деген өсек сезі болар. Ол енді достарының, ауылдастарының, ағайын-тумаларының бетіне қалай қарайды? Мен де әке-шешемнің аңсаған арманы, қарттардың да ойлары бір жерден шығып, апай мен қызы жеңгесінің ұйымдастырған мына істеріне қалай берілдім? Қызben екеуміздің уәдеміз бір жыл күту еді ғой. Әлде менің де жар сүюге деген құштарлығым артып, Арудың жанарынан жалын алған ғашықтық сезіммен одан айрылып қалардай асыққаным ба? Жағдайды сараптай келіп, «Кәмелетке толмаған қызды алып қашқан» деген айып тағылып, заң алдында жауап беруге тура келер. Шынын айтсам қыздың жасын да сұрамаппын, фамилиясын да білмейді екенмін. Алғашқы кездескен күні оның түр-тұлғасына қарап, жігіт көруге келген бойжеткен санап, мән бермей отырғанда жоғарыда айтқандай, оқиғаның одан әрі қарай өрбіп, айнадан өзім аңсап келген, мөлдіреген бейкүнә қызы көзінің жалт етіп маған қарағанда, жүрегім дір етіп, сол жанар ұшқынынан тұтанған махаббат сезімдерім, өзімді баладай етіп жіберген екен-ау.

Бұжыр бет милиция айдаған машина темір жолдың арғы бетіндегі осы жердің халқы түгелге жуық апта сайын шаруасы болсын-болмасын қалмай баратын базарға қарай жүріп келеді. Мен бұрын байқамаған бір қоршаулы қақпа алдына келіп тоқтап, машина сигналын баж еткізіп басып-басып калды. Қақпа ашылып, біздер ішкे кірдік. Ақ китілді милиция машинадан түсіп, қақпаның сол канатындағы есікке кіріп кетті. Бұжыр бет те жерге түсіп, машинаны айналып келіп, қызы отырған есікті жұлқа ашып: «Неғып отырсың мелшиіп, түс, тез машинадан» деп, Арудың білегінен тартып сүрелей жөнелді. Машинадан атып шығып, екі

аттап қасына жетіп, бұжырбетің қолын қағып жіберіп, қыз білегін босатып алдым. Екі көзі қанталап, одыраңдаған бұжырбет маған қарай төніл келеді. «Келсек – кел, бәлем» деп мектепте жүргенде үйренген бокс тәсілін жасап тұра қалдым. «Қара күші болғанмен амал-тәсілі жоқ болар, ол мені ұстаймын дегенше бір-екі соққы берсем сабасына түсер» деген оймен, рингте тұрғандай билей бастадым. Сол кезде іштен ақ китілді милиционер шыға келіп, «Тоқтат, сержант, машинаца бар» деп ақырып, әлі қолымды төмен түсірмей тұрған маған жақындал:

– Інішек, кешір, ол оспадар жазасын алады, жүріндер ішке кірелік, капитан күтіп отыр, – деді күлімдеп. Біздер кіргенде тар коридордың оң жағындағы шарбақпен қоршалған ашық бөлмеде капитан шеніндегі милиция орнынан тұрып, екеумізді қасына шақырды. Бізді ертіп келген милицияға Аруды келесі бөлмеге кіргізіп, одан түсінік алууды тапсырды.

– Естуімше Ташкентте оқиды екенсін, сауатың бар азаматсың фой, мына қағазға толық аты-жөнінді, қызды қалай алып қашқаныңды, не істедің, бәрін-бәрін жаз, – деп, сұраулы кейіппен күлімдей қарады. «Шаш ал десе, бас алар» мына шіркіндер қайда бұрып барады. Қойған сұрақтың қылмыстық бағытқа апара жатқанын аңғарып, ыршып түстім.

– Алып қашқаны қалай? – Сол кезде ішке кірген ызалы бұжырбет гүрледеп:

– Онда қыз сені алып қашқан болар?

Келесі бөлмегі ақ китілді аға лейтенант жылаған Аруды ертіп келіп:

– Жарытып ештеңе айтпады, хаттаманың мына жеріне келгенде үнсіз қалды. Жылайды, – деп, толтырған қағазын бастығының алдына таставады. Мен тез көз жүгіртіп оқып ұлгердім. «...Әзіме көптен таныс ұнатқан жігітім», – деп тоқтаған екен.

– Фамилиясын айт десем – айтпайды. «Ардос, Ардос» деп, әрі қарай жылап қырсығып отыр. «Милицияның іздегені бәле болады, болмағанды болғызып, айтпағаныңды айтты дегізеді» дегенді бұрындары көп естігемнін. Енді міне өз басымнан өткеріп отырмын. Қағазды алып бұрышқа қойылған столға жайғасып ойланып отырмын. Не деп жазамын әлгі сұрақтарға. Қызды алып

қашу – қылмыс, ал, алып келген десем, жазықсыз Қамаш апа мен қызыңғасын болады. Жымысқы құлқінің астарындағы «не істедің?» деген екінші сұраққа адамдық арым мен адал ниетімнің жемісі болар, неке қыылмай ондай әрекетке бару ойымыза болған жоқ. Бірінші мәселе мен біраз бас қатырып отырып, ақыры жол тапқандай болдым. «Мен де өзіме көптен таныс Ару, Ару...» дей келе әрі қарай, оның фамилиясын жаза алмадым. Содан «Қорғанудың амалы, бұрын шабуылдау» қағидасымен: «Ескі көзқарастан қашан арылар екенбіз, заман жаңарды, жастар бірбірімен етene жақын танысу үшін қонаққа келеді. Қызды сатып, сүймеген жанға телитін ескі көзқарастағы ағасының әрекетін түсінетін азамат бар ма?» деген ойларымды өлең шумақтарымен жазып бердім. Капитан жазғанымды алып оқып шығып, «Қара сезбен қайта жаз» деп, тағы бір парап қағазын ұсынды.

– «Өлең сөздің патшасы» деген Абай атам, – деп, мен де қырсығып:

– Қайта жазбаймын, – дедім. Ақ китілді ағай да жазғанымды қарап шығып:

– Бас жағы дұрыс жазылған ғой, тек бұл сөздерді «өз қолыммен жаздым» деп қолын қойсын, –деді маган іштарта құлімдеп. Капитан «бізде бұрын-сонды бұндай түсініктеме болған емес, мейлі үлкен бастық оқысын, егер іс қозғалар болса, жазбай қайда барад дейсің» деген оймен орнынан тұрып, менің жазбамды көмекшісіне ұсынып жатып: – Мен қойған екінші сауалдың жауабын да қосып жаздыр, әлгі қыздан да сол сауалдан жауап ал, – деп бұйрық етіп, бөлмеден шығып кетті. Ақ китілді ағай біздерге құлімдей келіп:

– Жастық шакта бәрі де болады, сендерді бір-біріннен айырмай-ақ кояйын. Бөлме іші ыссы, ертең бәрі де шешіледі, аулада бірге болындар, – деп біздерді аулаға шығарды.

Адам бойынан биік етіп кірпіштен қаланған коршау үстінде тікенек сым тартылған. Абактыда бұндай сымдарға қосымша тоқ өткізіп қояды дейді білгендер. Биіктігі екі метрден асатын темір қакпаның сол қапталында бөлек-бөлек есігі бар бес бөлме орналасқан. Ал, он жағындағы бөлмелер кенсе, қойма болса керек. Есігі аулаға қарай ашылатын соңғы екі бөлменің алдында

ұзын сымға байланған нән ит жатыр. Ақ китілді ағай бізді аулаға әкеліп: «Қойма жаққа бармандар, ит жарып тастайды», – деп ескерткен болатын. Аула ішінде, біздерді осында алып келе жатқанда, темір жол өткелі түбінде қауын-қарбыз сатып отырған бір бала жігіттің машинасын көріп тоқтаған милициялар, оның құжатын тексеріп, бір шикілік тапты ма, «Өзімнің бақшамдікі, үйленбекші әдім, соған қаражат болсын деген оймен әкелген әдім» дегеніне сенбей, бұжырбет қауын-қарбызын машинаға қайта тиетіп алып келген. Машина жүргізушісі мен жігітті ертенге дейін ауылсоветтен керекті аныктама құжаттарды әкелуге босатып жіберген. Ауланың төр жағына осындайда қолға түсken болар, бір машина тақтай шашылып жатыр. Ұнсіз мұнайған Аруды қолынан ұстал қасында еріп келемін. Оған не айтарымды білмей, менде ой үстіндемін. Бұрын бұндайды кім көрген. Тергеліп көрмеген жас қызға да оңай емес болар деп ойлап келе жатқанда ұнсіздікті бірінші болып бұзған қыз:

– Ертең не айтайын? – деді. Оның мына жағдайдан жол табар деген үмітпен маған қарағанын сезсем де, капелімде не айтайын, оған не дерімді білмей иығымды қозғадым. Ол қайтадан мұнға батып, уәйімдей бастады. Оның жүзінен «Ертең-ак бұл оқиға елдің бәріне жайылады, жұрт бетіне қалай қараймын? Неге қондім, неге асықтым? Абыройдан айрылған, есік көрген қыз атанамын ғой. Жігіттің несі кетеді, ертен бәрін ұмытып оқуына баар. Оның енді мұнымен қайта кездеспеуі де мүмкін ғой. Сонда қалай өмір сүремін?» деген сұраулар мазалап келе жатқаны білінеді.

– Аружан, мұнайма. Бәрі де ертең бітеді. Ашумен еткен іске аған да ойга келіп, арызын қайтып алар.

– Сенің нең кетеді, барлық абыройсыздық маған қалады ғой.

– Жоқ, жаным, олай деме, не көрсек те бірге көреміз, – дедім қыздың сөзі қамшымен салып өткендей, ыршып түсіп.

Атшаптырым кең аула ішінен жайғасып отырар ынғайлы жер іздел тапқаным әлгі шашылған тақтай үйіндісі болды.

– Қамықпа, жаным, жайғасып алып кенесейік, – деп, тақтайлардан биіктігі тізеден келер сөре жасап, қызды қасыма отырғыздым. Ол ұнсіз төмен қарап бүрісіп отыр. Ойыма, институтта бірге оқытын достарыммен әр өткен пәннен өзімізше

бір түйін жасап жататын әдетіміз бар еді. Бірде математиканы терендер оқыту кезінде сабак бітіп, жатақхана бөлмесіне келген соң, ақынжанды Қабулов Қосай атты досым:

—Кәне, жігіттер, махаббаттың формуласын жасайық.  
Махаббат дегеніміз не? — деген сауал тастағанда, жігіттер оған мән бермей «Сен-ақ осы қай-қайдағыны шығарады да жүреді екенсің, әр ұғымға формула шығарсақ, адамша сейлесуден қалармыз» деп, күлгөн де қойған. Мен «махаббат деген не?» деген сауалға, өз басымнан өтпеген бұл ұғымға, оқыған кітаптардағы кейіпкерлердің жан сезімдерін топшылап, өзімше талпынганым бар болатын. «Махаббат дегеніміз – екі адамның бірін-бірі суюі, ұнатуы» деп бастап, «ынтық болу, ғашықтық» деген ұғымдарды қосып, махаббаттың жауабын тапқандай болғанмын. Эпостық шығармалардағы гашық болған жандардың жанқиярлық көзсіз сезімдерін саралай келіп, бір жақты жауапсыз махаббатқа душар болған ғаріп жанның зарын көріп, бұл ұғымдар да махаббат формуласын құра алмасына көзім жетіп, «махаббаттың дәмін татар күн туса көрермін» деп қоя салғанмын. Міне, енді бұдан тап екі апта бұрын жарқ еткен жанардан тұтанған махаббат оты шарпып, аяғы мынандай жағдайда отырмыз. Тұнжырап төмен қарап қалың ойда отырған қызға қарап отырмын. Оның маган деген жан сезімдері, мендегі сезіммен тоғыса ма, жоқ па? Бірақ, оны сезер менде хәл жоқ. Отқа түсер көбелектей ынтық сезімдерім ғашықтық деңгейге жетіп, ештеңеден тайынар жағдайда емеспін. Ал, оның сезімі қай деңгейде екен, тек ұнату шеңберінен өрістей алмаған сезімдер болса ше? «Тас түскен жеріне ауыр» дегендей, ертеңгі күнді ойлап ой арпалысында отырған қызды аяп, оның жағдайын ұғына бастадым. Тізесіндегі екі қолын уысыма қысып, тіке қарап:

— Ару, бірінші кездескенде-ақ айтқанмын, «Жаным – арымның садағасы» деп. Сен еш уәйімдеме. Мен кездескен талай қыздардың бірінен үялыш, бірінен сескеніп, сөз айтуға батылым жетпей жүргенде, бір тылсым күш сенің жанарынан мен іздеген, тіпті беймәлім жан сезіміне тап болыш, тағдыр қосар бұл жайды өзіңе қалай жеткізгенімді білмей де қалғанмын. Сондағы «Сүйдім ғой сені, сен де сүй мені» деген сезімімді айтып, сенің балбырап отырып,

бас изеп берген жауабың мен бейкүнә нәркез сәби жанарың, маган «болашақ өмірді бірге өткізер жарым бол» деген сөзді айтқызыған болатын. Сол айтканым, айтқан, жаным. Сөзге тұрмас, антты аттағыш жандардан табиғатым о бастан бөлек. Махаббат деген ұғым – адалдық пен пәк сезімге, берік сенімге ұяласа керек-ті. Мендергі өзіңе деген сенімім милицияға «Өзім сүйетін» деп жазған сөзінді оқып үлгеріп, не жазарға сөз таптай отырған менің де жүрегіме сенім нұрын сеуіп, «Мен де көптен сүйетін Аруым» деп бастап өлең шумактарын қосып түсінктеме жазды.

– Біздің өміріміз осылай басталғаны ма? – деп, жыламсырай қараған қызы жанарындағы жасты көрдім. «Ия, осылай басталған өмірден, махаббаттан туындастын адалдық, шынайы достық, адамдықтың асқар биігі – махаббаттың құштар сезіміне жетер қимастық, табанды айнымас жанкешті сезімерге жол ашылар шақ басталады. Сын сәтте тайқып шығар айнымалы жүрек кімге керек? Одан келешекте қандай опа таппақсың? Шын сүйесе табанды болып, жақсы-жаманды бірге көріп бөлісер жан серігім болсын» деген ойлар көмейіме келіп:

– Ару, сенің мені, қаншалыкты сүйетіндігінді осы жерден білгім келеді. Егер, шын сүйемей, өз қалауың болмай, үлкендердің сезінің әсерімен маған қосылмақ ойың болған болса, сен үшін бірер жыл абақтыға отыруға дайынмын, – дегенде, өзім сүйген нәркес көзден домалап түскен жасты көріп, жүрегім «шым» етіп сыздал кетті. «Сүймесен» деген сөздің оған қандай ауыр соққынын сезіп, жанын жаралағаныма өкіндім. Бұл өзім айтқан «махаббат тұғыры – сенім» деген байламыма күдікпен қарап, оның киелі сезімін бағаламаған ағаттығымды сейілтер сез таптай, қиналған түріме зер сала қараған қызы, көзінің жасын саусақ сыртымен сүртіп тастанап, тіктеліп отырды. Бір күнде-ақ есейген қыздың жан сезімін аңғарып, ойсыз сез айтпауга бекіндім.

– Қамықпа, жаным, бүгін ештеңе ойламай, мына қадір тұнді бірге өткізейік, мұмкін ертең бәрі дұрыс шешілер, – деп жанары жадырап маған қыла қарап отырған қызды құшагыма алдым.

Орнымыздан тұрып, аула ішін аралап келе жатып, қауын тиеген машина жақын келдік.

– Ару, мына қауыннан біреуін алып берейін, – деп, шұғыл

қымылмен машинаға одан әрі жақындей бергенімде:

– Жоқ, болмайды. Бұлінгеннен бүлдіргі алма деген. Олар да біз тәрізді өмір жолын бастамақ болған жандар ғой, – деп, түндегі жас жігіттің «Үйленбекші едім, соған әкелген өзімнің бакшамдікі» деген сөздерін тыңдал үлгерген қызыға таңырқай қарап, жүрегім елжіреді.

– Жарайды, жаным, онда тақтай үстіне отырып, өткендеңі паркте шарлаған армандарға қайта оралайық, – деп, қолтықтап әкеліп, өзіміз жасаған сөреге отырғыздым. Бірақ, арманға сапар шеге алмай, қайта-қайта бүгінгі жағдай ойдан кетпей қойды.

– Ару, мен милицияға берген түсініктемеде Жазық пен Қамаш апайдың, Сүйріктердің есімдерін атаган жоқпын, сен де оларды қоспағаның дұрыс болады-ау деймін. Себебі, олар аталса, сұрақ көбейіп, іс ұзаққа созылары анық, ағайын арасы да араздасады.

– Мен әлі ештеңе жазған жоқпын. Сенің фамилияңды сұрады, оны білмейді екенмін.

– Мен де, – дедім құліп, – сенің айтқан «Көптен сүйетін жігітім» дегенді көзім шалып қалды. Содан «көптен іздеп жүріп, сүйген сүйіктім», – деп жазып бердім. Шындығы да солай ғой. Мен үшін сенімен танысқан, әр күнім ғасырға тең бақытты сэттер. Кешір, жаным, әлгі абайсызда айтқан сөздерім «Егер екі талай күн туып, тартыс-керіс туындал, ағайындар арасы ажырар жағдайлар болса, мен оқыған нағыз ғашық жандардың ғана қолынан келер табанды болып күрсек алар ма екен?» деген оймен айтылған сөз еді ғой. Сен сүйетіндігінді айтып та, жазып та бердің. Сенемін! Сен де сен, жаным, мендегі берік махаббатқа. Сөйтіп өз фамилиямды айтып, оның Оспанова екенін білдім.

13 август. Таң атты. Ия, қызбен үйқысыз аттырған алғашқы таң. Милиция бөлмесінің аулаға шығар есігінен сыртқа шыққан алғашқы адам, біздің ақ китілді періштеміз болды. Ол торға түскен торғайдай болып бұрышта отырған бізге келіп күлімсірей:

– Кәдір түнді күзетіп, бақыт таңын аттырдындар ма? Еш уайымдамандар. Жастық шақта қыын да қызық кезендер кездеседі, тек махаббаттарың берік, шынайы болса, сендерді ешкім айыра алмайды, – деген ақылын айтып, жігерлендіріп, қайта ішке кіріп кетті. Аула ішіндегі темір есікті бөлмелер он бес

сөткеге қамалғандар жататын орын болса керек. Бізге таныс ірі денелі бұжыр бет милиция қақпанаң оң жағындағы құзетшілер бөлмесінен шығып, апандай аузына шып, есінеп, керілді. Белдігіне ілінген бір бума кілттерді алып, темір есікті бөлмелердін есігін ашып, сақал, шашы өскен, қарақожалақ, беттері ісінген адамдарды сыртқа шығара бастады. Оларды қойдай иіріп, жүлқылап, балағаттап, бұрыштан-бұрышқа куалап жүрген дәкір бұжыр бет: «Су әкел, шай қой!», – деген бұйрықтарын беріп жүр. Милиция қызметкерлерін оқыған, заңды біліп қадірлейтін парасатты, мәдениетті санап келген маған. мына албасты қылықты милиция басқа көзқарас тудырып, жиіркендірді. Ақ китілді капитан мен мына старшина погонындағы дөрекіні салыстырып болмайды. «Шаш ал десе бас алған» шала сауатты кеңес өкіметінің алғашқы қызыл жағалыларын оқығанмын. Ал, енді, мынадай кемелденген социалистік кезеңде бұл тәрізді жабайы милиция қызметкері болады дегенге, өзім көрмесем сенбес те едім. Бір кезде ол екі көзі құтырған иттің көзіндегі болып қанталаған көздерін алартып, бүрісіп бұрышта отырған бізге келіп:

– Ah, сені қашан соттайды, а? – деп үріп тұр. Амалым қанша, үндемедім. Аруды ішке шақырып алып кетті. Не дейді? Мен де оған жарытып ешқандай кеңес бере де алмадым. Ұзақ тергеді. Оны ойлап тақтайға жантайып отырып, ұйықталап кетіппін.

– Мына жігіт Та什кенде оқиды екен. Ол осы оқымаған қызды не қылады екен. Өз теңін таптай ма, бүйтіп шатылғанша? – деген күнкіл сөздер құлағымды жарып өтті. Орнынан ұшып тұрып, ежіреіе қарағанда, маған жанашыр болып көруге келген екі милиция қызметкери ығысып, кенсеге кіріп кетті. Мен есікке жақындаған барып, сырттан милицияға кірер есік алдында иығы түсіп төмен қарап отырған әкемді көрдім. Қызылшырайлы әкемнің бір күнде мұжіліп, құп-қу болған түрін, әрқашан шалқайып жадырап жүретін шешемнің бұрышта бүгіліп отырғанын көріп, денем діріл қағып, жылап жібере жаздадым. Екі аттап қастарына барып қалғанда, қайдан тап болғанын білмедім бұжыр бет жетіп келіп, алдымды кес-кестеп:

– Болмайды. Ешкіммен кездесуші болма, сені шакырған ешкім

жоқ. Бар, орныңа, – деп мені ығыстырып аула есігінен шығарып жіберіп, есікті жауып алды. Жан дүнием қираған көпірдей тасталқан болып, шашылып қалдым. Әке-шешемнің мен дегенде жанын қоярға жер таптай бір күнде-ақ жүнжіп, күйрекен түрі анау. Істің мен ойлағандай жеңіл болмағаны ғой. «Ойнақтаған от басар» деген осы ма? Сонда маған қызды алып қашты деген айып тағатын ойлары бар ма? Қыздың ағасы келісімге келмеген болды. Беделін салып сottатпақ ойы болғаны ғой онда. Жарты күн тордағы мені ойлап, өліп кетудің аз-ақ алдында тұрған әке-шешемнің түрлерін көру қандай азап. Оқиғаның бұлай боларын кім ойлаған. Қайтадан тақтай үстінде отырып, шешем айтып отыратын әңгімелер ойыма оралды.

...Ардостың әке-шешесінің туып өскен жері Ақтөбенің Доңызтауы мен Маңғыстаудың Қаратаяуы аралығындағы кеңбайтақ өлкे. Табынның Қарақойлысы мен Адайдың Мұнал тайпаларының ұрпақтары бірге көшіп-қонып жүріп, «төсекіде малы, төсекте бастары қосылған» құда-жекжатты болған адамдар. Нагашылы-жиенді, құда-жекжатты бұл екі тайпа ұрпақтары жерге, елге төнген жауға бірге аттанып, арын бірге арласқан. Маңғыстаудың жері үшін тұрікпенмен жауласқан кезде табынның батыры, Ардостың алтыншы атасы Тәпіке батыр елге шапқан тұрікпен қолымен шайқасады. Қактығыста жеңілген тұрікпендерді күнп келе жатқан Тәпіке батырдың қолы қазіргі Тұрыш аулына елу шақырымдай аралықтағы Матай құмының қиылысы, Ақтөбенің Дияр аулына өтер тұсындағы үлкен төбенің етегіне қонады. Тұрікпеннің батыры қактығыста қарсы келген Тәпіке батырдың ерен күші мен қажырын көргендіктен оны жеңе алмасын біліп, айлаға көшеді. Батыр күн батуға жақын қалғанын көріп, қашқан жауды кууын тоқтатып, қолын қонаға жайғастырады. Өзі бесін намазын окуға сәждеге бас қояды. Міне, осы тұста батырдың әр қадамын аңдып келе жатқан тұрікпен батыры намазға үйыған Тәпіке батырдың сыртынан келіп қылыш сермеп, басын қағып түсіреді. Оның орнынан ұшып тұрып, домалап кеткен басын жерден көтеріп, етегіне салып, «Алла-Алла» деп, төбе басына шығып құлағанын көрген тұрікпен батыры «Әтеген-ай, киелі адамды өлтірдім-ау» деп өкініп тұрғанда, екі көзі

көрмей соқыр болады. Қазір бұл төбе «Тәпіке әулие» деп аталып, тілек тілеуші адамдар зиярат етеді еken. Тәпікенің ұлы Қара атаға Алланың ерекше қасиеті дарып, құмандагы дәрет сүзы қорғасын болып ұйыған оқымысты адам болған еken. Ал, енді, сол атадан тараган үш ұрпактың бірі Ардостың атасы – Қарабас болыс болып, елін басқарып, Қаратай маңың жайлаған. Ол жөнінде әкесі Қали 1966 жылы Манғыстауға көшіп келгенде «Осы Манғыстаудың Қаратаяуда Қарабас атаңың болыс кезінде салдырған мешіті бар еді, сұрастырып, кайда екенін білдім, барсаң көрсетер едім» деген еken. Әттең, сол кездегі дінге, мешітке деген көзқарастың төмендігі ме, әлде жұмысқа шын берілген жастық па, дер кезінде бұл тарихи мұраны іздел таппағанына әкесі дүниеден өткенде ғана сезініп, Ардостың өкінгеннен өзегі өртенген еді. Бәрі де елдің амалсыз орыс патшасына бодан болып, кейіннен кедейлікті ту еткен тексіз кеңес дәүірінің жыныскы саясатының, балаға мектеп табалдырығын аттап басқаннан санасына сініретін: «Ұлттық құндылықтар – ескінің көзі, дін – апиын, тарихымыз – хан, байлардың мұрасы» деген үндеуінің ықпалымен бір жакты темір адамдай тәрбиеленуінен болар. Сол патша кезінің өзінде-ақ, ұрпақтың қамын ойлап, бала оқытып, мешіт салдырған ата мұрасын табу арман болып қалды. Әкесі айтқан кездегі карттар қатары қазір жоқ, ал, қазір сол әке жасындағы оған, ол құндылықты көрсетер адамның табылmasы да анық. Корымдарды, мұрағат жәдігерлерді зерттеуші ғалымдар тауып жатса, ұрпағы біле жүрсін деу ғана болмақ ендігі оның арманы. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім, қолымды мезгілінен кеш сермедім» деген Абай дананың асыл сөздерін кештеу ұғып, менің де ұрпағым кеш ұқпаса еken деген ойда отыр. Қарабас атасынан 5 ұрпақ тарайды. Олардың бірі би, бірі батыр болса, қалғандары ишан, сопы, тәуіп болып, еліне қызмет еткен. Өз атасы Алдаберген ерен құш иесі әрі епті қамшыгер болған кісі. Оның орыс патшасының қазақ елін отарлау саясаты мен қазақ жеріне қоныстандырған орыстардың жергілікті халықты менсінбей, адамын өлтіріп, мазақ еткеніне қарсы еткен ерлігі халық есінде сақталған. Алдаберген батыр «Қарақамыс» жәрменкесіне бара жатқан жолда казақтар мен орыстар арасындағы болған даудың үстінен түседі. Жәрменкеге

бара жатқан бір қазақ жігітінің аты орыстың бақшасына түседі. Бұлғын бақша төлеміне атын алмақ болған орыс жігіті мен қазақ жігіті арасында төбелес басталады. Қазақ жігіті қамшысымен орысты бастан тартып жібереді. Нән орыс жігіті оны сойылмен төбесінен бір ұрып өлтіріп тастайды. Қазақтар мен орыстар жиналып әкімге жүгінеді. Ол, орыс жігітінің «Мені мына жіңішке қамшымен басыма ұрды, мен сол қамшысын тартып алып ұрсам, өліп қалды» деген сөзіне сенеді. Әкім, «Онда сендер де оны осы қамшымен ұрып өлтіріндер» деген шешім шығарады. Қарсы жақ оған наразы болып, жіңішке қамшыдан орыстың өлмесін біліп, амалы таусылып тұрады. Бұл оқиғаға тап келген Алдаберген даудың мән-жайын біліп, әкімнің айыптыға құн төлетпей, қазақтарды мазақ еткенін көріп, ел азаматтарының арын арлауға кіріседі. Сөйтіп, әділетсіз әкімнің шешіміне масаттанып, қасқыр бөркін басына баса киіп отырған нән орысты, сол жіңішке қамшымен-ақ бір тартып, басын бөркімен қоса қақ бөліп кетеді. Елдің намысын қорғап, арын арлаған ерліктері үшін халқы оны «Алдаберген батыр» деп атаған. Батырдың інісі Жәнеберген де еліне әйгілі Жәке тәуіп атандып, Өулиеата жерінде жерленеді. Сонымен, экесі Қали мен табын Көшер бидің немересі, шешесі Шарбану бір-біріне туган бөле болып келеді. Ардос олардың тегі жайлыш шешесінен естіген әңгімелерді өлең етіп жазып, ескі дәуірлерді көз алдынан өткізе бастады.

### Оспан

Әмудің ағып жатқан саласында,  
Бесқала, Хожелінің қаласында,  
Шынардай сымбаттанып келеді өсіп,  
Бір сұлу көп қыздардың арасында.  
Жырыма арқа болған тағдырлардың,  
Айта алсам байыбына қанасың ба?

Шыққан тегі ол қыздың Адай болар,  
Аққу-қаз нұлы-сулы жерге қонар.  
Солардан әңгімә айтсам ұзын сонар,  
Шұбар төс, шынжыр балақ болыс дейді,  
Төрт шуақ Мұңалдағы солар болар.

Төрт шуақтың біреуі Ершуақтан,  
Өтеміс пен Бүркіттей ерлер тұған.  
Бай болып, болыс болып өз елінде,  
Бұлар да ата жолын нағыз құған.

Әуелден Адай-Табын бірге көшкен,  
Елдері араласып бірге өскен.  
Дау туса өзге жұрттан әлдекалай,  
Намысын екі елдін бірге шешкен.

Байшуақтың баласы Оспан екен,  
Оймен-қырды кең жайлап еткен мекен.  
Жаз бойы Ақтөбенің жерін жайлап,  
Қыста ойға құлайды қылмай секем.  
Осы жерден сөзімді сәл тоқтатып,  
Табындарға кезекті енді берсем.

### **Қарақойлы**

Табынның Қарақойлы саласынан,  
Ақжол мен Бекжолдайын баласынан.  
Тараған ұрпактарды мен айтайын,  
Сұрыптал шежіренің арасынан.

Ақжолдан Құтет ата жалғыз туып,  
Бекжолдан Жарылқамыс, Сұйылқамыс.  
Бұлардан Қоңыр, Сағыр, Екібас, Жоли,  
Тағы да туды атақты Бақи, Лабак.  
Білгенге бұның өзі үлкен сабақ.

### **Созақ Көшер би**

Лабактың бір саласы Созақ болар,  
Кек найзалы Созаққа қай жау жолар?  
Қақтығысқан қалмақтың қанын төгіп,  
Табында «Созақ батыр» деп аталып,  
Қазаққа көп танылған батыр болған.

Сол Созақтың ұрпағы Көшер би-ді,  
Сөз кезегі Көшерге енді тиді.  
Көшер би Жем бойында болған-толған,  
Тоғыз ұлымен бір көшіп, бірге қонған.  
Ұлына Мыңбай деген қыдыр дарып,  
«Қәдіртүн» оразада көрген жарық.

Мыңбайға қыдыр дарып, Құдай берген,  
Малы өсіп, дәулеті өсіп, шалқи берген.  
Қызы болмай қатарынан жеті ұл көріп,  
Тілеп жүріп Алладан бір қыз болып,  
«Шәрбану» деп ол қыздың атын қойып,  
Ат шаптышып, қызықтап тойын берген.  
Көшердің түр-тұлғасы бөлек болған,  
Басына ерекшелеге бақыт қонған.  
Европа салтымен киім киіп,  
Табында өзгешелеу билік құрған.

Сәнмен киіп, сал болып, қарта ойнап,  
Жүреді екен екі елдің тойын тойлап.  
Доныздаудан атпенен Кетік барып,  
Жүреді екен Каспийдің бойын бойлап,  
Салдық пен ойын ойнап, тойын тойлап.  
Осы жерден тоқтатып Көшер биді,  
Өтеміске сөз кезек енді тиді.

### Өтеміс би

Адайдың Өтемісі қызға бай-ды,  
Айтайын енді сөзді солар жайлы.  
Айпатша, Ақсебендей екі қызы,  
Сүйріктей сымбатты екен үйге жайлы.  
Адай-Табын бұрыннан қыз алысқан,  
Құда еді талай-талай мал ауысқан.  
Көшер би Өтеміспен құда болып,  
Мыңбай мен Айпатша қыз кеп табысқан.

Өтемістің ауылы малға толды,  
Тағы да бір құдасы Жоли болды.  
Ақсебенді айттырып батыр алды,  
Құдайдың құдіретімен солай болып,  
Екі құда Табыннан қатар қонды.

Батырды Алдаберген айтпас бұрын,  
Айтайын арғы тегі Жоли жайлыш.

«Құйғандай бейне асылдан,  
Мұра боп қалсын басылған.  
Іздесе Жоли ұрпағын,  
Табатын болсын осыдан»  
— деген атаға арнаған лебіз:

### **Жоли**

Айтамын бір әңгіме ұзын-сонар,  
Табындар бірге көшіп, бірге қонар.  
Қазақтың бар байлығы мал болған соң,  
Сам бойы, Жемнің бойы малға толар.

Тағамның ең дәмдісі, май мен сөк қой,  
 Аты шыққан қазақта байлар көп қой.  
 Атымтайдай мырза боп, аты шыққан,  
 Бірлі- жарым болмаса адам жоқ қой.

Табында Қарақойлы Жоли болған,  
Тіктіріп жол үстіне үйді қойған.  
Жолаушыны жібермей күтіп алып,  
Қонақ етіп, қондырып, малын сойған.  
Сондықтан аты шыққан  
«Жолдағы үй» деп,  
Күтуші адамы бар, қазаны тоқ.  
Бара-бара «жол үйін» Жоли болды,  
Жоли болып атағы тарады көп.

Жолидың болған екен бес баласы,  
Қойлары шымқай қара,  
жоқ аласы.

Тату екен балалар, үлгі болар  
Болмапты ұсақ-түйек еш таласы.

Әкесіндей бәрі де жомарт екен,  
Ұйымшылдық, татулық, еткен мекен.  
Құдайберді, Қаржау, Жылыс,  
Шахан, Самат,  
Кілең ер, бес қаруы бекем екен.

Құдайберді баласы  
Байсары, Ақ, Назар-ды.  
Қаржаудан туған Бәтетке  
Алласы салды назарды.  
Кереметтің күшімен  
Аққуы қонды базарлы.

Бес саусақтың саласы,  
Ешкімнің болмас таласы,  
Құдірет қонған Бәтеттің  
Амандық болар баласы.

Жоли сынды асылдан  
Ақ пен Назар, Байсары,  
Амандық, Жылыс – бес ата.  
Шежіре үлкен кітапқа,  
Бес Жоли солай басылған.

### **Алдаберген**

Жолидың немересі Бәтет батыр,  
Жылқысы кең даланы жайлап жатыр.  
Жылқысының көптігін білдік содан,  
Мың құлдың бір тәбеде көштен қалған.

Батыр болған Бәтеттен Жаманқара,  
Айбарлы күшті болған жеке-дара.  
Қаһарынан сескеніп сол батырдың  
Қызын берген Әлім би Дананқара.

Бұл жөнінде айтылар бөлек жыр бар,  
Айтартмыз тағы бірде болса Алла жар.

Бәтеттің ұлken ұлы Амандықты,  
Алласы назар салып дана қыпты.  
Құдіреттің күшімен аққу қонып,  
Жолиқожа осыдан тарапты.

Амандықтың баласы Дауыл болды,  
Ерекше бір қасиет оған қонды.  
Кереметтің күшімен бәрін көріп,  
Айтқаны айнымастан келер болды.

### **Дауылұлы Тәпіке**

батыр екен,

Сам бойы Доңыздауды еткен мекен.  
Тәпікенің баласы Қара болды,  
Туганнан ерекшелеге дара болды.  
Оқумен Алла жолын таза ұстап,  
Жүрген жері ақиқат сара болды.  
Берем десе Алланың берері кеп,  
Ұйыды дәрет суы қорғасын боп.  
Оған да бір қасиет солай қонды.

Қасиетті әүлөттің кең тарапған,  
Бес баласы тұлға боп тең жаралған.  
Бірі болыс, бірі ишан, бірі сопы,  
Алдаберген батыр боп, Жәке тәуіп,  
Адамдар бұл тәуіпке көп қаралған.

### **Ел тозған**

Жем бойы, Самның бойы, сәнді далам,  
Көркіне көзім тоймай, елге барам.  
Тексіздер ел билеуге таласқанда,  
Тағдыры тектілердің болды қараң.  
Айтамын сол шындықты, қара маған.

Бодан ел боп сорлады қалың Қазақ,  
Әскер шығып, Ақ-Қызыл, тартты азап.  
Бірде қашып, бірде үркіп кең далада,  
Өзге салған тағдырга болды мазақ.

Іргелі ел бола алмай сол далада,  
Қашып, көшіп, кеттік қой сай-салага,  
Бірі қашса Қытайға, бірі Ауғанға.  
Пана іздел, келер ұрпак жас балаға,  
Біразы тұрақтады Бесқалаға.

Голошекин саясаты салды елді азапқа,  
Келді нәубет, аштық жайлап Қазаққа.  
Бір-ақ жылда ел қырылды топырлап,  
Қалғандардын тұрды жаны тозақта.

«Бәле» кетіп, елге ие, ер болды,  
Қайта айналып Қазағыма құт қонды.  
«Халқы сиреп қалған жерді игер» деп,  
Жамбыл жаққа, мың үй көшу заң болды.  
«Откөшенек»\* болып, сонда келгендер,  
Колхоз құрып, бос жерлерге ел толды.  
Сөйтіп Қазақ қайта айналып ел болды!

Жоғарыда айтылған Өтеміс би, Қөшер билер елінің, жерінің тәуелсіз болуын армандап өткен Алаш азаматы Тобанияз ханмен құрдас, жолдас болған беделді кісілер еді. Ал, бабалары елін, жерін жаудан қорғап, ел бірлігін сақтап, аттан түспей өткен батыр жаңдар болатын. Міне, осындай текті әuletterdің ұрпақтары ел басына төнген зобалаң зардабынан тоз-тоз болып, елден, жерден кетіп, арты ашаршылықа ұшырап, қасіret шекті. Орыстың Голощекин тәрізді кейбір қаскөй геноцидтік саясатының әсерінен ел қырылып, жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрды. Осылай «Мың өліп, мың тірілген» қазақ жұртының тарихын қысқарта айтып, өзім айтар тағдырлар табыстырған кейіпкерлер жөніндегі хикаяларыма қөшейін (А.Қ.А). Сөйтіп, Адай Өтемістің бір құдасы батыр Алдабергеннің ұрпағы «откөшенек»\*- (БК(б)П орталық комитетінің 1932 жылы 17 қыркүйектегі шешіміне сәйкес Қазақ халқын қайта көшіру (отковечевать)\* 1931-33 жылдарға арналған жоспарлары болып, аштықтан қырылып, халқы сиреп қалған Әулиеата жеріне Қарақалпақстаннан мың үй көшіріліп, сол көшпен келіп орын тебеді. Алғашқы елге оралғандардың көшбасшысы болған батырдың үлкен ұлы Әбдір еді. Ол Кегейлі, Хожелі, Қоңырат аймағынан елге көшетін отбасыларын жинап жүріп, Қөшер бидің немересі Шарбанумен кездесіп қалады. Шарбану да «Балапан басына, тұрымтай тұсына» бытырап қашқан елмен бірге Кегейліге келеді. Малы ойды жерсінбей қырылып, біраз малын ұры-қары талап әкетіп, ақыры жұтап, аштыққа ұшырайды. Әкеден қалған асыл мұраларын сатып тамақ етіп, ең соңғы алтынмен аитап жасатқан түрме белбеуін базарға алып шыққанда бөлесі Қали мен жездесі Жәке тәуіпке кездесіп, солардың көшімен бірге Әулиеата жеріне аттанады. Тағдыр табыстырған бөлелер жолда үйленіп, отбасын құрады. Жамбыл обылысынан құрылған екі колхоздың біріне Әбдір бастық болады. Ұлы Отан соғысы басталып, ер азаматтар әскерге алынып, Шарбану тағы да соғыс зардабын тартқан әйелдер қатарлы колхозда енбек етеді. Содан жеңіс күніне жетіп, азаматы аман оралып, сол өздері құрған колхозда 26 жыл тұрып, қайтадан кері көшіп Қарақалпақстандағы туыстарына косылады. Жамбылдан ағайын ортасына көшуіне мынадай жағдай да себеп болған. Қалада сегізінші сыныпта оқитын үлкен ұлының

«Апа, балалар каникулға барғанда нағашыма бардым дейді, менде де нағашы бар ма? Ол қандай туыс?» деген, өзегін өртеп, көзіне жас алдырған сөзі болатын. Содан «Бірге туған бауырлары болмаса да, немере туыстарының болуы мүмкін гой, Қалидың да туыстары сол Бесқалада қалған» деген оймен күйеуін туыстарды іздеуге көндірген. Сол бір ауыз сөз қамшы болып туыстарын іздел шыққан Қали Қарақалпакстаннан туыстарын, қайын жұртын тауып, қелесі жылы Хожелі қаласына көшіп келеді. Бұл жерден Қали өзінің жақын немере аға-інілерін, Шарбанудың да аталас жақындарын табады.

Өтеміс бидің інісі Буркіттің баласы Нәбиге қарсы құда болып, Көшер бидің бір баласының қызы Әбендей айттырып берген екен. Осы екі асылдың ұрпактарынан Қамаш атты жалғыз қыз тудады. Шарбануға бұлар: Әбен апасы, Нәби нағашы болып, Қамаш жиен қыз болады.

Осында көшіп келген соң үлкен ұлы онжылдықты бітіріп шығып, Ташкенде оқып жатады. Баланы әр каникулға келгенде көріп, «Асылдың сынығы» деп сыйлап, құрметтеп «жиеншар» дейтін кәрі нағашы жұрты, оны көзден таса етпей жүреді. Баланың оқуы бітуге жақындалап қалғанын сезіп, нағашылары мен үлкендердің ойлары сан-жақа жүгіреді. «Ертең ол оқуын бітіріп, сол жақтың бір қызымен отау құрса, жұмысын сылтау етіп елден кетуі мүмкін гой» деп әбігерлене бастайды. Әсіресе нағашы апасы Әбен көп жылдар жоғалтып табысқан Шарбанудан айрылып қалардай сезініп, қатты қорқады. Сөйтіп олар бір күні кеңес құрады.

— Бала осы демалысқа келгенде қалайда болмасын аяғын шырмая керек. Елдің қызы елден кетпейді, нағашыларының бір қызымен үйлендіру керек, — деп Әбен апасы ой тастап, қалғандары да оны қостайды. Содан нағашы жекжаттар арасынан бой жеткен, өсіп келе жатқан қыздардың бәрі есепке алынып, сыннан өткізіле бастайды.

Айтылған көп қыздардың біразы Шарбану сыннан өтпейді. Анаға қашанда өз баласы сұлу, ақылды, кара болса да ақ болып көрінеді гой. Бірқатар көрсеткен қыздары макта теріп жүріп қарайған тұста көрініп, оларды өзінің «ақ баласына» тең

көрмейді. Сонымен тағдырдың жазуы солай ма, кәрі нағашысы Өтемістің немересі Оспанның баласы Аскардың қызына көзі түседі. Бидің қызы Шарбану өзі билетін текті жердің қызын көріп, бірден ұнатады. «Жастау екен, жас та болса текті жердің қызы, бір кездегі өзі тәрізді тәрбие алып үйренер. Тәуекел» деп, сол қалауына тоқтайды. Бұл тандауға алыстағы оқыған бала не айтады, ол әлі белгісіз. Анасы Әбен апасын, сіңілісі Қамашты, жеңгесі Сүйріктерді үйге шақырып тағы кеңес өткізеді. Қамаш пен Сүйрікке қызды дайындау, ал баланы ыңғайға көндіруді анасы мен нағашы апасы мойындарына алады. Сөйтіп, қыз жеңгесі мен апасы қызды оңашалап: «Оқыған, білімді азамат жігіт, институт бітіріп, маман инженер болып шығады. Әрі біздерге жиен болып келетін жергілікті елдің адамы. Бой жетіп келесің, сенің келешегі бар текті жерге тұрмысқа шыққаныңды қалаймыз. Өмірінді өксітер бір жаманға қор болып кетсең – «бақытсыздық» деген сол болады. Біздер сенің бақытты болуыңды қалаймыз. Сол оқыған азаматпен таныс», – деп ақылдарын айтып, қызды біраз дайындейді. Баланы дайындауды өз міндетіне алған анасы мен Әбен әжей де қарап қалмайды. Бала окудан келгенде анасы баласына тосын сұрақ береді.

– Алғалы жүрген қызың бар ма?

– Жоқ, апа, әзір оқимын, окуды бітірген соң да қыз ешқайда қашпас.

– «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» дегендей, біздер де қартайып келеміз. Қызық көргіміз келеді. Жиырма үшке келдің, жас емессің. Бірақ, «үйлену – онай, үй – болу қыын» дейді білгендер. Жастықпен көркіне қызығып, арғы тегін, затын білмей үй болғандардың көбі ит пен мысықтай таласып жүріп, ажырасып кетеді. Беті аулақ ондайдан. Сөз тыңдал өскен, айтқан ақылға тоқтай билетін ұл деп білемін сені, – деп біраз толғап келіп:

– Ата-ана балага жамандық ойламайды. «Жастардың ақылы көзінде, жақсыныңақылысөзінде», Әбен әжен көпті көрген ақылды адам, қызың болса, сол әжеңе көрсетіп, кеңесін ал, – деп сөзін майдалап барып бітірген. Шындығында да Әбен әжесі сөйлегенде сездің майын тамызып, ете әсерлі етіп айтатын. Әр келген сайын шайға тары салып беріп отырып, ұзақ әңгіме шертетін. Қашанда

күліп қарсы алып, қимай қоштасатын әжесін бұл да өте қадір тұтатын. Оқудан келген сайын бірінші сол әжесінің тары салған шайын ішетін. Содан қарттардың ой пікірлерінің әсері ме, әлде тағдыр қайта табыстырыған нағашы жұртын сағынған бала арманы мен қыз жанарынан жеткен тылсым құдіретті құштің тоғысуы ма, Ардостың жүргегінде қызben алғашқы кездескен күні-ақ махабbat оты жалында, ойланбастан келісімін берген...

«Ойымда түк жок еді, ата-анамның, жақындардың асығып, қызық көруге аптыққан аңсаулары нәтижесінде жүргегіме махабbat оты тустанып, мына күйге түсіп отырмын. Осындай күйге жеткізген ағасы бар Аруды да аямын. Енді не болмақшы, мені мұқатса, қарындасын да мұқатады емес пе? Тағдыр табыстырып, болар іс болды, бізді ажыратқаннан қандай пайда?» деген ойлармен салым суға кетіп солбырап отырғанда:

— Ардос! — деп кол бұлғап шақырган ақ китілді ағайды көрдім. Мен ішке кіргенде қызыл ала орамалын жағынан тартып, төмен қарап түрі қашқан қызды көріп, жүргегім бір жамандықты сезгендей сыздал кетті. Тергеуші екеумізді ертіп сыртқа шықты. Тұрлери қашқан әке-шешем сонымыздан әзер еріп келеді. Екі көзі жылағаннан бұлаудай болып, жүзі жастан айғызданған қыздың түрін көріп жаңым түршікті.

— Не сұрады? Не дедін? — Қамықкан қыз көзі жасаурап:

— Сені шатып жібере ме, білмедім. Бәрін айттырды. Қорқытып, ұялтып есімді шығарды, не айтқанымды да білмей қалдым, — деп жүзін бұрып көз жасын сұртті.

Рас та шығар, үш сағаттай ұдайы сұраса мен де олардың айт дегенін айтып, жаз дегенің жаза салар ма едім. Аруды аяп кеттім. Қыз ғой, не ойлап келеді тап қазір. Сөйткенше болмай, екі қабатты прокуратура үйіне де келіп қалыптыз. Есіктен тергеушінің итермелуеуімен имене кіре бергенде төрде отырған аюдай күжірейген келбетті қара кісі құркіреп:

— Кел, күйеу бала, — дегенде ойыма кешегі өзім жазған «қонағым еді» деген сөзден таймау керектігі оралып:

— Жо, жок, болашақ күйеу, — деп түзетіп, қыз болмағанды болғандай етіп «косылдық деген болар» деп, қорқып та кеттім. Аю пішінді қара бірінші сауалды маған қойып «сөйле» деді.

Мен кешегі жазғанымнан таймай, «көптен таныс, сүйетін» деген сөздерімді қайталап жатырмын.

— Сүйгіштігін бұлардың. Он қунде не біле қалдың? — деп маған алара қарап, алдындағы мен жазған қағазға үңіліп біраз отырып, столда қатар отырған кісіге қағазды көрсетіп кеңесті.

— Бағың бар бала екенсін. Кете бер, оқуыңа кетемін дегенше бітірерміз бұл істі. Прокурордың қасында отырған аққұба, қарынды кісі, сірә, калалық сот төрағасы болса керек, маған сынай қарап алып: «Енді бұл қызыға жолаушы болма» — деген ақылын айтып жатыр. Есік алдына шыққанымда әке-шешемді көре алмадым. Достарым күтіп тұр екен. Ақ китілді, мені қоргаشتап келген періштем әке-шешеме «Бәрі дұрыс болады, прокурор мен сот ағайын жақсы адамдар, балаңыздың болашағын бұлдірмейді. Босатады, қорықтай үйлеріңе кайтындар» деген сон, олар үйге кетіпті. Құлімдеп шыққан мені күткендер «бітті» дегенде, қыздың прокурордан шығуына да қаратпай үйге ала жөнелді.

## 14 август. Алаң құндер

Ауылдың қатын-қалаштарының пыш-пыш әңгімелері – біздің жыры. Бірі мактаса, бірі даттап, адай, табын арасындағы даулы ескі әңгімелерге дейін барып жатыр. Руда тұрган не бар, ел болған соң тентек те, телі де бола береді емес пе? Ең абзалы адамдарды дүниенің құлы болмай, адамның ұлы болар ақыл парасатқа жетелер сезімге ие ете гөр, Құдайым демекпін! «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» дегендей, алғашқы ашу үстінде берген арызын қайтып алып, көп жылдар қалыптасқан ағайын-жекжат болған ынтымақты, бірлікті бұзбаса екен демекпін!

Үрейлері ұшып, бір күнде-ак күйреп қала жаздаған ата-анамды енді мұндай күйге жеткізбей, бұл жағдайдан ағайындық келісім, үлкендердің шешімі арқылы заңнан аулақ жол табудың амалын қарастыра бастадым. Әкем дым болмагандай жұмысына кетіп, ал анамның үрейі әлі басылмай: «Қызы құрысын, бір бұйырғаны болар, оқуыңа кет. Біздерді ойлама, өз жағдайынды ойла. Оқуынан шығып қалмау жағын ойла», – деп шыр-пыр боп жүр.

— Тегі жақсы жуас тұқым деп, жиен құрық салмақшы болған ақ ниетімді ұқпады. Жуастан жуан шықты. Енді баламды оларға

жолатпаймын, – деп келгендерге жыр етіп айтып отыр. Бірақ мұның бәрі кеш еді. Арумен тағдыр кездестіріп, аз уақытта көп жылғы жолдарды өткендей күй кешіп, жүрегімде жалт еткен ұшқыннан тұтанған махаббат оты лауап тұрған кез еді.

Екеумізді екі айырып, «Енді бұл қызыға жолаушы болма, сottаласын, оқуыннан қуыласын» деп прокурор мен сottың ызгарлана айтқан ақылдарын алып, амалсыз үйде жатырмын. «Ол қандай күйде екен? Тұні бойы жылаумен «Бәленшешің қызы қашып кетіп, қайтып келіпті» деген әңгімеге қалып, еңіреп жүр мекен?» «Сенің нең кетеді, төгілген ар менікі ғой», – деген қоршау ішіндегі мұнды қөзқараспен айтылған сөздері санамды тырнақ жатыр. Қайтсем екен? Тағы да ол үйге жетіп барсам, жағдайды одан әрі ушықтырып алам ба деп қорқып, хат жазуға көштім. «Бардым, енді ол жерден қайтпаймын, ешкім мені зорлаған жоқ, өз жүрегімнің қалауы» деп, әке, ағасына айта алмаған қыздың дәрменсіздігіне ашуланып намысын жаныр бірер қатты сөзді жазуға оқталып, бірақ «тордағы торғайдай» болып жылап отырған болар деген ойлар да келіп, оны аяп кеттім. Оның жазығы не? Әке-шешесі де қарсы болған жоқ. Тұсінбеген ағасы ғой. Ол мені сүйгендіктен күйіп отыр ғой.

Күйгелек жанмын, күйермін,  
Мәңгілік сенсің сүйерім.  
Не өтсе де бұл бастан,  
Мойымай жаным жүрермін.

Ойласам ойдан кетпейді,  
Ол күнге еш күн жетпейді.  
Қара түнек, күн сұық,  
Болса да ызғар өтпейді.

Аруым, тек сен, жылама,  
Морт сынып, босқа құлама.  
Кез жасынды көрмеске,

Жылаганмен бола ма? – деген шумақтарымды қосып, «Мәңгілік өзінді гана сүйіп өтер жүрегімнің лүпілін сезіп, сенімді болғайсын!» деп жазған хатымды алып барсам да,

қызды көре алмай, хатымды бере алмай, салым суға кетіп, үйге қайтым. Табынның шалдары ағасының үйіне барып: «Жастар асығыстық жасап, қосылуға ниеттенген екен. Қыз бала қашанда жатжұрттық саналып, қыз алысып, қыз берісken құдандалас жандармыз, балалардың бақытын ойлайық. Бір тоқтамға келіп, сол жекжаттығымыздың жалғасуының қамын ойласайық» деген екен. Бірақ, «ағасы тіс жарып, бір ауыз сез айтпанты-мыс. Сірә, қызын бұлдап, қорқытып, көп қалыңмал алмақшы-мыс» дегендей көп сұрақтар тудырып қайтыпты.

### 15-23 август.

Ия, бұл құндерді «албарлы құндер» деп атап жеткізерім: мен көрмеген өмірдің тағы бір қырын сезініп, мен оқыған «Тура бидे туған жок» деп әділ шешім айтатын бидің, сөзге тоқтап, мәмілеге, бітімге келер азаматтардың азайып, майдаланып, құлқынның құлышына айналып бара жатқанын көріп, жаным жабырқап қалды. Қарттар мен әке-шешемнің екі араға құрдай қатынап, әр қуні әр түрлі әңгіме сөздерге толы акпараттар алып, әбіржіп жүргенін көріп, қайтадан прокуратура есігін имене ашып ішке ендім. «Енді бұл есікке жолатпасын Құдайым» деп кеткен кабинеттегі ірі денелі келісті қара өнді ағай қүле қарсы алып, маған орындық ұсынды. Заң қызметкерлері қашанда сұсты, тәкәппар келеді деп ойлайтынмын. Кәдімгідей іштарта құлімдей қарсы алып, «Отыр, қүйеу бала» деген зілсіз ілтипатына ішім жылып, мен де жадырай амандастым.

— Оқуға кетуім керек, артымда бітпеген іс қалмасын деген оймен келіп едім. — Ол орнынан тұрып қағаз сөресінен бір папкені алып, парактарын ақтарып қарап отырып:

— Бұлдірген ештеңең жоқ екен. Мыңбай оқыған сауатты азамат, ашумен еткен іс болар. Алдынан етіп, кешірім сұрасаң, арызын кері алар, — деп кеңесін берді. «Үйіне барып, болашақ қайнағамның ашуына тиер сөз сөйлеп, бұлдіріп алармын, арманым бола бастаған Аруға баар жолды мұлдем жауып алармын» деп ойлап, тағы да хат жауға кірістім.

«Алдарынан өтемін, кешірер деп,  
Өткен істі өрбітпей, өшірер деп.

Халқым сүйер жақсылық бүтіндікті,  
Өспес адам тұрткілеп, өсіреп кәп.

Абай дананың «сап-сап, көнлім, сап көнлім» дегеніндей, тасымай, төгілмей жеткізейін ойымды. 25 таңбалы кіші жүздің ішіндегі жеті ру табынның Жолиы бұрыннан да жекжат болған, қатар қонған туыс ел емес пе еді? Жаңа заман ұрпақтары біздерге қалыңмал сұрап, қыз сату әрекеттері сүйген жүректерді жаралап кетер жат кылық емес пе? Қай заманда да сүйген жандар болған, тағдырлары әрқалай болып кедергілерге кездескен. Атадан келе жатқан заң қағидалары мен ғұрыптарды қадірлеймін, әйтсе де заманға сай кей тұстарын өзгертіп, жақсы жағын қолдансақ болmas па?» дей келіп:

Қайтып кірер есікті қатты жаппа,  
Адам болсаң әділ бол, жөнін тапқан.  
Ақ жүректі адамды Құдай деген,  
Қызды аман алдың ғой, енді шатпа.

Өссін десе, жайқалып жасыл терек,  
Ар ұялар іс қылмас, ақылы зерек.  
Өз қолынды өздерін кесетіндей,  
Осыншама айқай-шу кімге керек?

Жуас түйе жүндеуге қолай деме,  
Үркітсек біз, ығады Жоли деме.  
Ар намысты, іргелі, біз де елміз,  
Сөздерінді бұзбастан ел боп сөйле.

Қыздарынды тен көрдім, демей бөтен,  
Алтын басым иіліп әлде де өтем.  
Қолдарына кондырған сұнқар құспын,  
Үркітсендер, ұшам да жөнге кетем, – деген шумақтарым кешегі қарттардың налып келгендігінің әсерімен шығып жатқанын сезіп, шошып кеттім. Өзімше дауды шешер билерше көсемсіп бара жатқаныма ұялып, қайтадан қара сөзбен хат жаза бастадым.

Он сегізге келіп қалған қызды «он бесте» деп арыз берген қызы ағасына жиен ретінде шыққан екпелі лебіздерді жазбай, прокурор айтқан «Алдынан өтіп, кешірім сұра» дегенін негізге алды. «Махаббатсыз дүние бос» дегендей, осынау аз уақыт ішінде тағдыр табыстырыған болар, махаббат сезімдері осы күйге жеткізді. Бір жыл өтуін күтпеген асығыс істеріме кешірім берулеріңді өтінемін. Адал да айнымас жүргімнің барын, адамшылықтан аттар арсыз еместігімді айтып, олардың намысына тиер әрекет етпейтінімді ескертіп, махаббатымның мәнгі екендігін сездірдім. Менің бұл қадамымды жаз қабакпен қабылдап, оқуыма кедергі келтірмейді деп сенемін». Сөйтіп көп іс тындырығандай, хатты бүктеп, қыз аулына тартып кеттім. Сөйтіп, Қырықмылтық әuletінің ең үлкен қарты менің кәрі нағашым Шәнгірейдің үйіне жетіп бардым. Жиеншарлығымды бұлдаپ, бұрынғыдай шүйіркелесіп сөйлеспестен үйдегі женгейдің қолына хатымды ұстатьып, шығып кеттім. Бұл хатым Мыңбайдың қолына тигентимегенін білмедім, ештеңе болмағандай үнсіз қалды. Оқуыма кететін уақыт таяп келеді.

## 24 август.

Қыздың жағдайын білмедім. Менің жағдайым окудан қалып қоймаудың уайымы. Абайдың айтатыны бар еді, «Уайым-қайғы көзінен жас болып шығады, немесе тілден лаулаған от болып жанады» деп. Әр күні әртүрлі сөздер келіп, істің бітпейтін бағыт алғанын анғардым.

Тіл жүректің калауын орындаушысы, егер оның ойы таза табанды болса жалған шықпаса керекті. Ал, егер ол жүректің иесі сырғанақ ойлы табансыз амалдың адамы болса, одан әділ сөз күтпе. Ертеден айтылып келген «Басқа бәле – тілден келеді» деген пәлсапалық сөзден тәлім алыш көп сөйлеу әдетімде жок нәрсе. Көбіне көпіріп сөйлеген көбік ауыз мақтаншақтарға үндемей қалып, есем кетіп жатады. Ал әр сөзден бәле іздеген тергеушіні бұрындары көрмегендіктен, олардың әрекетінен қорқа бастадым. Екі араға құрдай жүгіріп жүріп, еш нәтиже шығара алмаған соң әке-шешемді аяп, қайта прокурорға барғанмын. Оқуға кететінімді айтып, бірінші тергеуде-ақ менен алынған

паспортымды сұраған болатынын. Ол қабағын түйіп, қаһарлана «Жоқ, кетпейсің, ісің тергеуге жіберілді. Күтесің» – деген. Жүзінен бұрынғы кездескендегі жылы шырай реңнің ізі де жоқ, аюдай ақырған прокурордың айбарын көріп, таң қалдым. Оның меңзеген алдынан өту сөзінің астарын түсінбегенімді ұқандай болдым. Ет комбинатында қарауыл болып істейтін әкемнің алар айлығы 30 сом, сонымен қоралы бала-шага бағып отырган жағдайын білгендіктен, ері қалынмалға қарсы өлең жазып жүрген жаңашылдардың бірі болғандықтан, ол талапқа келісе алмадым. Өзі айтқандай бұлдірген ештеңем жоқ, мейлі тергесе, тергесін. «Аққа– Құдай жақ» деп шығып кете барғанмын.

Тергеуші, менен сәл ересек, жасы отыздарға келген аққұба жігіт қарсы алып, қолыма мәшинкеге басылған бланкі беріп, «Мен айтып отырамын, сен жазып, жауап бересің» деді маған тіке қарап. Сөз сарыны қызды өзім әкелдім, той жасауға дайындық жасап жатыр едік, тағы сол сияқты көп сөздерді қыстырып жатыр. Бөтен ойы жоқ маған қамкоршыдай болып көрінген оның ойын түсініп, ері қарай жазуды тоқтатып, «Менің түсініктемедегі сөзім сөз, басқа жазарым жоқ» деп қағазын қайта бердім. «Онда іс ұзакқа созылады, сен оқуыңдан қаласың» деп, мениң жұқа жерімнен ұстағандай маңғазданып қағазын қайта ұсынды. Мен оқуымды ойлап болмағанды болды етіп айтқанын жаза берсем, білгіштердің айтып жүргеніндей бір-екі жылға соттатып жібереді. Сотталып кетсем, оқу бәрібір жайына қалмай ма?

– Жоқ, жазбаймын, кол да қоймаймын, – деп қағазын кері қайтардым.

– Онда, мен жазамын, сен жауап бересің, істі тез бітіргің келсе, ойлан.

– Айтамын, тек ақиқатын. Жорамал, бұрма сөздер болмасын.

Ойыма Арудың әке-шешем қызы аулына кетіп, бөлмеде екеуден-екеу қалғанда, маған еркелей қарап: «Кейін сен мені өзі іздел келді деп мазақтайтын боларсың? Апамдар ғой қонаққа барамыз деп қоймай әкелген. Жазық болмаса келуге ұялатын едім» дегені түсіп, жаңағы екі сауалға қалай жауап беруді ойластыра бастадым. Тергеуші «Қызды қалай әкелдің, кімдермен келді, қандай көлікпен әкелдің?» деген сұрақтарын шұбырта бастады.

Қалай да бұл іске Жазық пен апайларды араластырмауға бекінген алғашқы шешімім бойынша «Біздер бұрыннан да нағашылыжиенде адамдармыз, қызды жаңа жастардың салтымен үйге келіп, қонақ болып, танысуға шақырғанмын. Ол келісіп, өзім ертіп әкелдім, басқа ешкім болған жоқ. Той жөнінде еш әңгіме айтылған жоқ, ондай ойымызда болған емес. Бұдан бұрын кездескенде бір жылдан кейін үйленуге уәделескенбіз», – дедім байсалды болуға тырысып. Ол қанша бопсаласа да басқа айтарым да, қосарым да жоқ деп, тұрып алдым. Амалы таусылған тергеуші «Онда ертең ойланып кел, істі тез бітіремін десен, дұрыс жауап бер» деген сөздермен шығарып салды. «Түйесі жогалмаганның бәрі ақылшы» дегендей, есіктен шыға мені күтіп тұрғандардың сұрағы «Не сұрады, не айттың?» болды.

– «Қызды өзім әкелдім» деп жаздым, – дегендеге, онсыз да зәреқұты кетіп отырған ата-анамның ұнжырғасы түсіп, мұжіліп қалды. Әке-шешеме жанашыр болып келгендер «Қап, эттеген-ай, қыздың өзі келді, апалары алып келді» деп, басынды арашалап алуың керек еді» дегенді айтып жатыр. Шешемнің қызарған көзқарасынан «неге солай етпедің дегенді» оқып:

– Бәрі дұрыс, заң бойынша істі қысқарту үшін солай деуім керек, – деп, тергеушінің мені көндірген ойын айтып, сабырға шақырдым. Сөйтіп, аздал болса да жүректерін орнына түсіріп, үйге келдік. Олар үйде баяздан отыра алмай, бір шай ішіп алып, әкем жұмысына, шешем қызы аулына кетті. Адам жанының реніші мен күйзелісі бейне бір соғып өтер дауылдай, алай-түлей болып жатады екен. Шешем өте ашулы келді. Үйге кірер-кірмestен алдынан жүгіре шыққан балаларды тас қабактай қағыстырып таstadtы. Қашанда үйге кірерде балаларды айналып-толғанып кіретін әкем де ол әдетінен айрылып, шешем үйге кіргенде айыпты адамдай мойны салбырап үнсіз отыр. Олардың жүзіне карауға дәтім шыдамай, сасқанымнан үйдегі самауырынды сыртқа ала жүгіріп, от тұтатып, шай қою қамына кірістім. Үйге келген қонақ кемпір де бүкшенденеп барып, сандық үстінен көрпеше алып, төрге төсеп жатыр. Қашанда ақжарқын жүретін бұлардың табигатына қаяу салған өзімді айыпты санап, жанымды коярга жер таппай, жүрегім шаншып кетті. Бала өсіргендегі көремін деген қызығы

осы ма? Қой, қалайда бұл істі тез бітіріп, олардың мені оқыған азамат етудегі арманы – окуыма кетуім керек.

Көкіректегі мұн кейде өзіңе де билетпей, бойды шымырлатып, небір ойларға жетелейді еken. Қызметкер азамат, кенес тәрбиесін алған қызы ағасының жаңа өмірден тысқары әрекетіне өкпем қара қазандай болды.

Азғырушы аздырар, бос жүректі тоздырар. Кім білсін Ару жүргінің қай жүрекке жатарын.

Ерме жүрек еріксіз,

Жалған жүрек көріксіз,

Шын сүймесе, ол болмас,

Өтірік айтса, ол оңбас.

Ару жүргегі атына сай ару болғай, табанды да берік болғай!

## 25 август.

Демалыс күн. Бұл елдің халқы жұмысы болсын-болмасын бұл күні базарға шығады. Азия елінде базар ертеден қалыптасқан көсіп. Базаршылар бірі зат алып, бірі затын, малын сатып, жаңалық тыңдал, көптен көрмегендердің көрісетін жері де осы базар. Қызыл-жасылды үстеріне бір киер киімдерін киіп, базар көруге шыққандар таныс-тамырларын кездестіріп, шайханадан шай ішіп, балық жеп, бір кора жаңалық әңгіме әкеледі. Базарға қарай ағылған ат, есек жеккен арбаларға қауын-қарбыз, жеміс-жидек, бұйымдар тиегендер «пош, пош» деп, жар салып жылжып келеді. Мал базар, құс базар, зат сатылатын жаймалар, азық-түлік көк базар, не керек, барлық сатылатын бұйымдардың өз орындары бар. Базар нарқын делдалдар белгілеп, алушы мен сатушыны келістіріп жүреді.

Базарға кеткен әке-шешем келгеніше мен де қарап жатпай үлкен ойға кеттім. Өткен бір ай ішінде жан-дуниемді күрт өзгертип, астан-кестен еткен қызық хикаяларымды Ташкенде бірге оқытын достарымның алдында әңгімелеп отыр екенмін деймін. Дос дегендеге, менің достарым онша көп те емес, бірақ, аз болса да саз білгір азамат жігіттер. 1959 жылы Ташкент теміржол институтына осы август айында емтихан тапсыруға әр жерден келіп, сабылып жүрген көп балалардың ішінен отызга жуығы ғана сынақтан өткен

болатын. Ол кезде ру сұрасу дегенді білмейтінбіз. Тек жерлестік ұғым ғана бар. Жерлестер достасып, мерекеде бірге болып, бір-біріне қорған болатын. Қазақ жігіттері езбек жерінде бір аナンЫң баласында болып жүретін. Әр адамның өзіне тән мінез-құлқы, қабілеті болуына сай жаңына жақын тұтар достары да болады. Біздер алғашында жатақхана жөндеуде болғандықтан елуғе тарта студент акт залда бірге тұрдық. «Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше» дегендей өзіме іш тартып жүретін жігіттерім: шымкенттік Мейрам, арыстық Фали, Жарқынбек, Тұрдымұрат, Амангелді, қазалылық Ботабай, Анатөлі, Серікбай, Қызылордадан Ералы, Бегалы, Өтеміс, Ақтөбеден Бисенбай, Алматыдан Қабыкендер еді.

Енді, солардың ортасында жыршылардай желпініп сөйлейін:

Жасым бар жиырма үште бұлдіргендей,  
Сөзім бар сендерге айтып, күлдіргендей.  
Ызы-шу, арты даулы аққу аттым,  
Кесірі тоқсан жігіт сүрінгендей.

Достарым әйел алсаң көріп алши,  
Ұялмай қалың малын беріп алши.  
Жас қызды сүюменен ала қалсаң,  
Ары бар адамшылық жерін алши.

Мен көрдім бір қызықты, сендер тыңда,  
Бұзылсам ремонттап, көп боп сында.  
Азғырған адамдарға еріп кетіп,  
Алдырдымabyroydy шайтан-жынға.

Біреулер бар құлайлан екі жұзді,  
Бірде ішті аралап, бірде дүзді,  
Күле отырып, өтірік досың болып,  
Жаз болса да түсірер ерте күзді.

Біреулер бар быжылдақ, іші алтын,  
Бұзбайды әділетті, халық салтын.

Қыс артынан көлетін жаздай болып,  
Ойлайды ынтымақты, елі-халқын.

Біреу бар сырты бүтін, іші тұтін,  
Таптайды ары түгіл, ана сүтін.  
Арамдық настық-пастық бәрі өзінде,  
Ойламайды адамға «бол» деп, бүтін.

Біреу бар тұра мінез аңқылдаған,  
Барлық сырын ақтарып, таңқылдаған.  
Ойында жоқ олардың еш арамдық,  
Ойнап-құліп әрқашан жарқылдаған.

Біреу бар пайдаланар сол қылышты,  
Іздейтін қай-қайдағы жоқ былықты.  
Жайдары, жаздай болып тұрғың келсе,  
Әкеліп үйіп қояр мұз, суықты.

Біреу бар елжіреген адал жанды,  
Шын досына жанқияр қызу қанды.  
Егер досың болса адал, әділетті,  
Жалалы іске жан салған ол да занды.

Біреу бар өте пысық, өте епті,  
Пысықтықпен алдамақ дүйім көпті.  
Алдау-арбау заманы қалған жоқ па,  
Қашан алар алдаушы ардан тепкі.

Біреу бар сауда қылышп саудырлаған,  
Біреу бар арақ ішіп, қаудыраған.  
Біреу бар, арамдықты ат қып мініп,  
Адал болып, сөзін саптап, даудырлаған.

Толып жатқан сан қылыш адамдар бар,  
Алынбаған алда әлі қамалдар бар.  
Арамдық пен арсызға,

Арам қанды жансызға,  
Ортамыздан орын жоқ, оларға тар!

Біз өрлесек бақыттың шыңдарына,  
Қырлы-сынды өмірдің сындарына.  
Таза қанды, өнерлі жандар керек,  
Ашылмаған әлемнің тыңдарына!

Уа, халқым, жасайық жаңа адамды,  
Көпшіл жүрек, қөрікті асыл жанды.  
Өңез болған ескілік, даралықты,  
Тегіп тастап, құялық таза қанды!

— деп, осы бір аптада кездескен, көрген адамдар жайлы сезімдерімді айтып отыр екенмін.

Адам — екі ұғымнан тұратын сөз. Бірі — ет пен сүйектен жаратылған сүтқоректілер тобына жататын, аса қауіпті да қорқынышты, сұлу да жағымсыз, жексұрын құбыжық, құлығы асқан жағымпаз, көреген де көрсоқыр, тойымсыз, ашқарап, бабы табылмайтын жауыз, зұлым, озбір, тағы сол сияқты толассыз іс әрекеттер дарыған ақыл иесі — жануар.

Екіншісі — өте аз, санаулы ғана. Өз мұддесін ойламайтын тек періштелер ғана, сонда да өз мұддесінен ел мұддесін жоғары санап, іс әрекетін әділ, адаптациялық тәсіл, адал атқарып, көпшіл, арлы, тұрақты, сөзі мен ісі астасқан азамат адам. Ал, жамандық та, жақсылық та жасай алмайтын, өз ойы жоқ пендे тек бір жан иесі болмақ. Қайдасындар достарым? Өздеріне косылышп, студенттік ең қимас шактарды бірге көріп, бірге жүргуге жазсын, Алла!

## 26 август.

Шөлдеп тұрдым. Аңсаймын, сағыныш па, қалай? Ол не еken, жүргегімде бір нәрсе кем сиякты. Кешегі ойлаған ортам ба, әлде Ару ма? Өмірімде қатты ашу мен өкпеге салынған жан емес едім. Неге өкпеледім? Кімге, не үшін? Бірақ, дегенмен де сенің де кінәң бардай болады маған. Неге айырыламыз, неге айыртамыз құшақты? Сүйсен батыл талап қойып, өмір өзіндікі екенін көрсете білуің керек емес пе? Кеше әкем, ағасы алмаған арызды қыздың

өзі барып алмақшы болғанын айтып келген. Бәлкім, заң орны тәжірибесі аз қыз тұрмақ, тісқаққанды да әуреге салар жолдары көп қой. Сондықтан қызды жігерлендірер бірер сөз жазуға ұйғардым. «Сенің нең кетеді» деген күмәнің тағы есіме түсті. «Жоқ, жаным, менің жүрегім немкетердің жүрекі емес, ар намысты адал жүрек. Өмір адамға бір-ақ рет беріледі, сол өмірді мәнсіз жырмаланған тұрақсыз жүрек иесі болып өткізгеннің несі сән.

Кездесем деп сені бүгін,  
Іздеп сонда бардым ба?  
Жүректегі өкпе жүгін,  
Көтере алмай қалдым ба?

Көрмесем де көргендей боп,  
Кете бардым ауылға.  
Жүрек жырын бергендей боп,  
Айттым сәлем қауымға.

Сенің бе, сен, жүрегіме,  
Алмасты алтын жайлаған.  
Салмақты ауыр тілегіме,  
Қызулы оттай жайнаған.

Қамықпа, шыда, Аруым,  
Жетерміз біз де мұратқа.  
Адамдық таза бар арым,  
Қалдырmas досты ұятқа.

Бірақ сен де сүйе біл,  
Сүйсен, жанмен күйе біл.  
Сую деген жарқыным,  
Төсеу емес жақ пен тіл.  
Қосу болар білсөніз,  
Өмірінді мәңгі кіл!

Шын сүйген асыл жар, адал доссыз, сүрген өмір тұл», – деп жазған хатымды ертең кездесіп, беруге бекініп, ұйқыға кеттім.

## **27 август.**

Күз айы басталады. Күздे жылы жакқа қарай аспанда сап түзіп қиқу салып ұшып бара жатқан тырналар тәрізді оку басталарда әр тараңқа студенттер де кетіп жатыр. Бала кезімде оқыған «қиқу» атты әңгімегідей кетіп бара жатқан достарыма, мен де сол қанаты сынған құстай қол бұлғап қала бердім. «Еркін ұшкан сұңқар ем, байлауда қалды аяғым. Сен үшін шырмалдым, енді өзің шеш. Ұшыр, самғайын аспандап», – деп, аулына барсам, оның базар аралап журген үстінен түстім. Қасында секпіл бет көк көзді сары қызы және тағы екі қызы бар. Олардың түрлеріне қарағанша болмай автобус аялдамасына келіп тұрды. Менің де қасымда Ташкенде оқитын Тыңыс атты досым бар. Қыздарға жақындан сейлеспек ниет білдірдім. Ойым «болған жағдайдан кейін, ол да мен тәрізді мені бір көруге зар болып, сағынған болар» деген оймен елжірей қарап, жақындан келіп қолынан ұстамақ болдым. Бірақ, ол мен күткендей емес, танымайтын жат адамдай сынай танытып, жылыстал барады.

– Ару, қашуыңа жол болсын, мен сені... Кездесіп сейлесуге... Бірақ, сен өзгерген басқа жандай, ертең кездесіп, – дегенімде, тәмен қарап мінгірлеп бірдене айтқандай болды. Қасындағы қыздардан біздің арамыздағы болған жағдайды жасыратындей көрінді. Қанша жасырғысы келсе де, егер сүйсе, сезімін бір жарқ еткен жанарымен-ақ танытпас па еді. Мен көрген жанар, онашада құмар тарқамай болған ләзатты сүйіс, кимай үздіге коштасу, бәрі-бәрі жалған болғаны ма? Мен, сонда ақымақ болып, өз сезімдеріме өзім мас болғанмын ба? О табиғат, құбылмалы-құйтырқы, ыстықта, сүйк төрт мезгілдің сан алуан сырлы бар болса да адам оны алдын ала сезіп, қамданады ғой. Ал, адам табиғатының іштегі бүкпес сырын, жалған сезімдерін қалай ұғарсың. Осындай жанға бола, асыл кеудемнен орын беріп, басымды машакатқа шатып, әке-шешемді азапқа салған әрекетіме өкініп, өзегім өртенді. Кешке Тынысты, Өтеғалиды оқуға, Ташкент пойызына мінгізіп, Амангелді досым екеуміз үйге қайттық.

– Ах, жүрегім, сен аяйсың, сен сыйлайсың, сен жырлайсың, сен сүйесің, бірақ, барлық жүрек иесі сендей емес екен ғой. Сен

оны «қайғырады-ау, қамығады-ау, ұялады-ау» деп, өз жүргінмен бағалап, өзінді сол орынға қойып келген екенсің. Сендеғісағыныш тұрмак, ешбір сезімі жоқ жанға тап болыпсың. Жоқ жүргегім, таппапсың әлі, жаңылысқан екенсің. Сен көксеген арман ол емес. «Доғар!» – деп, өз жүргіммен өзім сөз байласып жатып қалдым.

### **29 август.**

Оқиғага толы азапты құткен күндер өте ұзақ еken ғой, әр минутың жылдай болып жылжымайды. Менің ойымнан соңғы кездескендегі Арудың бейнесі көз алдынан кетер емес. Күндізтұні тыным таптай қайғы-мұңға батып, «балам оқудан қалатын болды-ау» деп, зыр жүгірген ата-анам анау. Менің жағдайым тұрмак, менің бар екенімді ұмытқан Аруға өкпем арта түсті. Есігінен еңкейіп кіретін аласа екі бөлме, бір залдан тұратын төбе басындағы жер үйдің ішіндегі биылғы алынған шағын жабдықтардың ең алғашқысы стол мен «Стрела» атты радиолла. Қатарларым оқуға кетіп, жұртта қалғандай жабырқаған көңілімді көтерейін деп, стол үстіне әдемілеп тоқылған шілтерлі жабу астындағы радиоланы іске қостым. Алматы концерт залынан әсем ән беріліп жатыр екен. Әннің әсерімен өзімді Науайы театрында, достарыммен бірге жүргендей сезініп, жадырап қалдым. Ташкенді, достарымды, төрт жыл бірге өткізген студенттік өмірді сағындым.

### **30-31 август.**

Оқудан қалып қояр қауіп мені өжеттендіріп, сыпайыгершілік пен ұялаштығымды кейінге ысырып тастап, әрекет етуге итермеледі. Бұл оқиғалардың басты кейіпкерлерінің бірі Қамаш апайдың үйіне барып, оқудан қалып бара жатқанымды, апайдың беделін түсірмеу үшін «Осы іске олардың да қатысы бар» деп айтпай, заң алдында қорғағанымды ескертіп, басқа амалдың қалмағанын баяндал: «Апа, өзіңіз барып, қызы ағасынан кешірім сұрасаныз да, бұл істі бітіртіп, паспортымды алып беріңіз» – деп өтініш еткен болатынмын. Бұл күндері екі араға апам құрдай

қатынап, нәтижелі жаңалық әкелмей, сандалыс болды. Күн айналып жерге түскендей шыжып тұр. Мен сол «Ару кірген» деп атап кеткен қойма есігіне жақындаپ келіп, ішке кірер-кірмесімді білмей тұрып қалдым. Оған деген өкпем басылмаса да, осы жердегі қызыбен болғандағы сезімдерім көз алдынан өтіп, бір түрлі қимай кетіп барамын.

### **1-сентябрь.**

Бүгін «А» деп әріп білмей келіп, ауылдық мектептің есігін ашқан күн. Жылжып жылдар өтіп, ақылға ой, білімге нұр қосқан балалықтың белді күндерін артқа тастап, сыныптан-сыныпқа көшіп, жаңа окуудың басталар күні. Ержеткендік аттестат алып, білім іздең алышқа сапар шегіп, жоғарғы окуға түсіп, студенттік өмірдің басталған күні де осы сентябрь айы. Адам өмірінде әр күннің өзіндік қалдырыар ізі болуы керек. Міне, бүгінгі күнді «Сезім толғағы» деп атап, хат жазып отырмын. Үйдегілер радиоприемникті косып, Алматыдан беріп жатқан Бейімбет Майлиннің «Шұға» атты пьесасын тындаپ отыр. Шұға мен Әбіштің махаббаты жайлы әңгімені тындаі отырып, жүрегімді шымырлатып, сезімімді баураған, еркімді алып көзіме жас ұялатқан осы бір шынайы махаббат пен үлкен жүрек иелерін сезіп көргендей, жоқ естіл, білдім, сездім. Мал иесі Қарасай, ақын да әнші, ақылды жүректі жігіт Әбіш арасындағы талас өрістей келе махаббат өрісі кенейген сайын менің де жүрегім езіле тындаپ отырмын. Әбіш Қарасайдың жымысқы құрган торына түсіп айдауға кеткенде гашығы Шұғаталып туседі. Менің дебасымдағы жағдай болар, осындаін абзal жандарды айырғысы келген арсыз Қарасайды түтіп тастайын деген оймен Әбіш қолындағы кісен өз қолымдағыдай сезініп, оны үзбек болып тартып қалғанда, тас түйілген жұмырық жарға тарс ете қалды. Менің оқыс қылышыма үйдегілер үркे қарап, олардың да жүрегінен бір тамыр үзілгендей үнсіз қалды. «Ару, сен неге қашқактайсың, неге батыл айқаса алмайсың? Әлде... Сол күнгі балбырап отырып, жүректен шықкан нәзік жан сезімің жалған ба? Бірақ менің өзіңе деген сезімім сол алғашқы сәтте-ак, жүрегіме мәнгі орнаған еді.

### **3-сентябрь.**

Кеше қалайда қызбен дидарласып, жазған хаттарымды беріп кетпек оймен үйінің есігі алдынан әрі-бері өттім. Ол көрінбеген соң «кешкі мектебіне кеткен болар» деген оймен соған баратын көшеге түсіп келе жатқанымда, артымнан қыздың даусы естілді. «Ару болар» деген оймен артыма жалт қарап, оны көре алмаған соң кете бардым. Тағы да артымнан шыққан айқайға қарасам, бір қыз кол былғап шақырып тұр. «Мені ме, мені?» деп сұқ саусағыммен кеудемді нұқып, жан-жағыма қарап басқа ешкімді көре алмай, қызға бұрылдым.

— Ау, танымай қалдыңыз ба? Қайда асығып баrasыз? — деген қызға зер сала қарап, Ташкенде медучилищеде оқыған Жамила атты ауылдағы өзбек қызын таныдым. — Мен бір ой үстінде... Сізді танымсағына кешірім өтінемін, — деп, қол алысып, амандастық.

— Мен де жай әншейін, неге окуға кетпегенсіз, — деп қылымси қарады. Қыздың ойын сезsem де менің ойым басқада болып, сыпайы қоштасып кете бардым. Мектепке жақындалп келгенде, қайта ойланып, оның кластастары арасында «Арудың жігіті бар екен деп сөз ерер» деген оймен кірмей кеттім.

Автобус аялдамасында жоғарыда танысқан Әмет досымның інісін кездестіріп, Жазықтың Әметке тұрмысқа шыққанын естіп, адресін алдым. Сөйтіп, қызға хабарласар сылтау табылып, қуанып қалдым. Досымның отау құрғанын құттықтап, хатымды беріп кету үшін үйіне бардым. Үйінде аласа бойлы атасы мен енесіне шай құйып отырған Жазық олардың касында маған түйедей болып көрінді. Ол күлімдей орнынан тұрып, жадырай амандастып, ата-енесіне мені таныстырып, шайға шакырды. Бірер кесе шай ішкен соң кесенің бетін қолыммен жауып:

— Болдым, рахмет сіздерге. Әмет досым жұмысында екен. Мен оқуыма кететін едім, көре алмаспын деген оймен асығыс келдім. Сау-саламатта болыңыздар, — деп, көз қиығыммен шығарып салуды ымдалп Жазыққа жеткізіп, шығып кеттім. Жазық ере шығып:

— Болған жағдайларды естіп қынжылып жүрмін. Махабаттарың берік болса қосыларсындар. Соған тілекtesпін, — деп мен ұсынған хатты алып, оған тапсыруға уәде етті.

## **7-сентябрь.**

Күнде сабылып екі араны жол еткен тергеу кеңесіне кеше келіп, «Ертең заң бойынша қыздың амандығын анықтайтын қағаз келеді, содан соң бұл істі жабамыз» деген тергеуші сезін естіп қайтқанмын. Оқу басталғалы апта өтті. Әкем де бар таныстырыларына жолығып, сабылып жүрген. Милицияда істейтін бір жездейге жолығуға кеткен әкем далбалактап ұшып келеді. Кеңсе алдыңда тұрған мені келе құшағына алып:

— Сүйінші, сүйінші. Құтылдың! «Кете берсін» деді, — деп қуанғаннан есі шығып кеткен. Сол кезде сыртқа шыққан жездей де әкемнің сезін қайталап, бұл істің шынымен-ақ біткенін сездім. Паспортымды алып, Нөкіске кетіп, Ташкенге билет әкелдім. Үйге келсем, қой сойылып, садақа жиыны өтіп жатыр екен. Көршікөлем, ауылдың аксақалдары, жақындағы туыстар жиналып, ақыл-кеңесін, баталарын беріп жатыр. Менің ойым Ташкенді шарлап, достарыммен қауышып, бар қындық артта қалғандай сезіндім. «Ия, артта сол қындықпен бірге Ару да қалып барады екен-ау» дегенді ойладап алаңдай бастадым.

## **8-сентябрь.**

Мен келгенде жиналып қалған достарым «Ардос үйленіпті, кешігу себебі сол екен» дегенді естіп, қалай болғанын білгілері келіп қысталап барады. Оларға не айтайын, «Жоқ, үйленгенжокпын», — деп, ол жөніндегі әңгімелді жырдай етіп айтып тындым-ау, ақыры. Сабақ басталып кеткен. Жіберіп алған лекцияларды түнімен көшіріп алып, катарға косылып кеттім. Бір күні бейтаныс қызы оқу залына келіп тілдей қағазға жазылған сезді қолыма ұстата салып, жөн сұрасқанша болмай кетіп ұлгерді. Қағазда «ТашМИ-дің жатақханасы, 108-бөлмеде құтемін» дегеннен басқа ештеңе жоқ. Мен аң-тан болып паракты достарыма көрсеттім. Оларда құпия хабарды әр саққа жүгіртіп, «Махабbat сыры терең ғой, бәлкім, Ару қашып келген болар» деп біраз әңгімелеп, бір-екеуі менімен еріп жатақханаға кеттік. «Шынында да ол келген шығар, мен босқа күмandanған болғаным ғой» деген ойлармен жүрегім алып-ұшып жетіп барсам, Хожелідегі нағашымның қызы Күләш

болып шықты. Эр демалыста ауылдағы нағашыларыма барған сайын ол қыз менімен сзыила амандастып, сүзіле қарап, сезімдерін жеткізуге тырысатын. Әдейі іздең келіпті. ТашиМИ-де оқитын өткір қара көзді әдеміше келген Тазагұл атты қызбен бір класта оқыған екен. Ол қызбен жерлестері жаңа жылды қарсы алып, сонда танысқанбыз. Сірә, мен жөніндегі сезімдерін дос қызымен бөліскең сияқты. Ол құлімдей келіп:

– Қондырдым қолға құсынды. Аржағын өздерің шешесіндер гой. Менің сабағым бар, өздерінді оңаша қалдырамын, бірге қыдырыңдар, – деп шығып кетті. Бұл қалай болғаны сонда, мен ол үмітенетіндей бір ауыз да сөз айтқан емеспін. Эрі немере сіңілісі Ару екеуміздің арамыздығы жағдайға қанық. Сонда бұның «Арнайы іздең келдім» деуі қалай? Келген қонаққа «кел» демейтін қазақ бар ма? Қалай болса да Та什кенді қыдыртып, міндетімнен құтылу болды ойым. Сөйтіп, Та什кенді аралаттым. Сосын комнатасына әкеліп, сабактарымның көп екенін, қолымның бос еместігін ескертіп, оның ойын түсінбеген сыңай танытып кете бардым.

«Кездесіп, көрсем» деген үмітім басқа болып, ауылдағы Аруым алыстал, сағынышым көбейе бастады. Науқан кезі. Студенттерді мақтаға аппаратын болып соған дайындала бастадық.

### Мақтада

Бір колонна болып тізіліп келе жатқан автобустарда – толған студенттер. Баратын жеріміз Мақтарал ауданына қарасты, Өзбекстанға берілген жердегі «Голый степь» атанған совхоз. Боз даланың май топырағы борпылдап, аяқ басқан сайын тобыққа дейін кіріп кетеді. Біздер келіп түскен жер құрақ өскен сайдың іргесі. Бұл манайда өзен жок, сірә бұлақ суының болуы шығар, тал мен құрақтың өсіп тұрганы. Жетісайдан латоқ арқылы әкелінген сумен егілген бақшаның қақ ортасынан палаткаларымызды тігіп орналастық. Құнарлы жерге жыртпай-ақ себесалған қауын-қарбыз паشاқтарынан өсіп шықкан дөңкіген қарбыз бен қауыннан аяқ алып жүрер жер жок. Бізге жеткен бұл совхоздың атауы «Голодный степь» болатын, соған қарап дым еспейтін, аштық жайлалаған жер болар деп ойлаған едік. Керісінше, тегін қауын-қарбызға қарық

былып, алғашқысын сойып жеп, кейіннен жерге соғып жарып, ортасын ойып жеп, он гектардай жердегі бақша өнімін қазан қылдық. Отыз адамдық палаткаларды қатар-қатар қала үйлеріндегі үш-төрт көше етіп тігіп, электр тоғын өткіздік. Біздің 25 қазақ жастары жататын палатка бірінші көшеде болып, «Қазақстан» көшесі деп атанды. Механика факультетіндегі «Европа, Өзбек» группалары да көше атауларын «Москва», «Ташкент» етіп атады. Әр көшениң ұзындығы 60-70 метрдей, бір-бірімен қызылысып «п» әріпіндегі формада тігілген. Ортада алаң, кірер жердегі қатарға «штаб кабинет» және жетекшілер жататын палатка орналасқан. Таң ата сол кездегі тәртіп бойынша горн дыбысымен үйқыдан оянып, жуынып, тамақтанып, сағат сегізде алаңға сапқа тұрамыз. Бес-он минуттік планерка өткізіліп, мақта атызына бару үшін көлігімізге отырамыз. Құн шыға сегіз жарымда мақта теруге кірісп кетеміз. Құндік мақта теру нормасы 60 килограмнан кем болмауы керек. Қөп тергендер озат атанип, планеркеде алғыс айтылып, кем тергендер сынға алынады. Бұрын мақта көрмегендеге норма орындау қыынға соғып, түрлі әдістерге барады. Мақтаны фартукпен теріп әкеліп қапқа салады. Қабы толғандар қырманға әкеліп, таразыға өлшетіп, төгіп кетеді. Міне осы тұста амал іздегендег қап түбіне тас байлап, кейбіреуі счетчиктің көзін ала бере үйінді мақтаның тасасынан көзге түспей әрі кетіп, қабын қайта өлшетіп норма жасал жатады.

Факультетте бірге оқытын қазақ балаларының алғашында бір залда жатып, кейіннен 3-4-тен бөлініп, жатақхана бөлмелеріне бөлінгенбіз. Міне, қайтадан боз далада бастарымыз қайта бірігіп палатада бір жатырмыз. Келген күні жігіттерді ертіп, «Бұл жер Қазақсанның жері болған, ауыл қазақтарын көріп, сәлемдесейік» деп төбе басындағы шарбағы бар үйге келдік. Есік алдында сакалы белуарға жететін ірі денелі салиқалы қарт отыр. Салт бойынша көкірекке қол қойып, «Ассалаумағалайкум» деп сәлемдестік. Топырлап келген біздерді жактырмағандай ернінің ұшымен баяу «Әлік солам» деді де үнсіз отыра берді. Кім болса да үйге келгенге «қош келдің, төрле» дейтін қазактың сөзі айттылмады. Қөпті көрген салиқалы ақсақалдың мына қылышы қытығыма тиіп.:

— Ата, қазақсыз ба? — дедім, «солам» деген сөзінен өзбек болар деп секемденіп.

- Қазакпыш.
  - Ақсақал, біздер Қазақстанның әр жерінен жиналған студенттерміз. Жергілікті туыстармен танысып, сәлемдесейік деп... – Шал үнсіз отыра берді.
  - «Куыс үйден құр шықпа» деген бар, күн ыссы, шөлдеп келдік, сусын болса?
  - Ол не зат? – Сусынды, салтты білмеген қарияның қазақтығына күмәнім болып:
  - Су, су бар ма? Шалдың «жок» деген сөзін естіп, жүрегім зырқ ете қалды.
  - Ата, қай қазақсыз? – Ол түсінбей иығын қозгады. Мен дереу «ұлы жұз, кіші, орта» деп жетелеп, бұл аймақта тұратындардың шықкан тегін білмек болдым.
  - Ә, біздер ұлы жұздің кіші жұзі боламыз, – деді сақалын тарамдаған қарт. Сейткенше болмай жігіттер үлкен ағаш бөшкенін бетін жапқан қақпақты ашып, толы судан бақырашпен су іше бастады. Мына шалдың қара суды қызғанған тексіздігіне ашуым келіп:
  - Жоқ, ата, сіз «Қыртымбай деген жұзге жатасыз» – деп, шығып кеттік.
- ...Ел басына күн туып, кеңес үкіметінің ұлтшыл кейір өкілдерінің, әсіресе қазақ елін басқарған Голощекиннің әрекеті, халықты тоз-тоз етіп, қашып, көшулеріне итермеледі. Міне, сол бұлғалақ жылдары көшіп келгендер жан сауғалап, жергілікті елдердің «Көршің соқыр болса көзінді қысып жүр» дегеніндей, солардың салт-дәстүрлерін бойларына сініре бастаган. Мен бұл жерде басқа елге сіңгендердің бәрі солай болды деуден аулақпын. Керінше, сыртта жүргендердің ұлтжандылығы, салтты сақтап, тіл тазалығын ұстауы, біздін орыстанған кейір жергіліктілерден көш ілгері демекпін. Бұл қасиеттер тектілікке, әр адамның өз ұстанымына байланысты болатын жәйттер ғой деймін. Содан, арада үш жыл өткенде 1966 жылы «Білім және еңбек» журналының 6-шы санында бір ғалым азамат «Қазақ ішін, араб елін және де басқа туысқан елдерді арапалап, жазып отырмын» деген «Қазақ шежіресінде» қазактағы жұздер мен ұлыстарды тарата келіп, «қазақтың шежірелік жұздеріне кірмейтін төрт ру

бар, Олар: Қожалар, Төрелер, Төлеңгіттер және Өзбекстандағы өздерін «Қырықпан» жүзбіз дейтіндерді келтіріпті. Сонда ойыма мақта теріп жүріп біздер кездескен келісті қартқа жолығып, әлгінің «Ұлы жүздің кіші жузіміз» дегені және менің ашумен айтқан «қыртымбай жұzsін» деген сөзді «Қырықпан жұз» етіп, берген-ау?» деп ойладым. Бұл шежіредегі жүзге кірмейтін қожа, төре, төлеңгітті қабылдап, төртінші қоспаны мойындағадым.

Мақтадағы өмір өз қызығымен өтіп жатыр. Аптасына бір рет демалыс – «монша» күні. Машинада орналасқан моншага түсіп, кір-қонымыздан тазарып қаламыз. Институтқа түскен жылы төрт жігіт болып квартираға шығып, күндіз зауытта жұмыс істеп, кеште оқытынбыз. ТаshТВРЗ-да (тепловоз, вагон жөндеу зауыты) ұшеуміз болат қорыту-құю цехында: мен – формовщик, Ғали мен Таshkenбай құйылған детальдарды өндедеу белімінде, ал Мейрам электро-аппарат цехында жұмыс істедік. Ауылдан келген біздерге бұндай ірі зауыттың тәртібін сақтап, қалыптасып кету онайға соққан жоқ. Жұмыстан шаршап келіп, жуына сала кешкі окуга барып, тұнделетіп қайтып ұйқыға кетеміз. Ерте тұрып сағат сегізден қалмай зауыт қақпасынан өтіп, тіркелу күелігін алуымыз керек. Квартирада жатқандардың жатақханада жатқандардан ерекшелігі, асты үйде өзіміз дайындаимыз. Таshkenбай мен Ғалидің ас дайындауға икемі бар, Мейрам ұйымдастыруши, мен жабдықтаушы міндеттерін бөлісіп алып, әркім өз жұмысын орындал қояды. Зауыт пен біздер жатқан үй арасы 15 минуттік жер. Ерте тұрып қисық, тар көшемен жүргенде менің жүрісім жылдамдау болып зауытқа достарымнан бес минуттай бұрын баратынмын. Истегенімізге жарты жылдай болып, өзбекшеге судай Иван Дорофеевке шәкірт болып, станокта дайын модельді престеп жасаушылардан бастап, құрделі модельдің кем-кетігін толтырып қолмен жасайтын белімінде істедім. Цехта ұстазым 5-інші, ал Рагочев атты қарт кісі ең жоғарғы алтыншы разрядты адамдар болып, менің тілалғыш елгезектігім ұнады ма, әлде ол кездегі мамандардың таза пейілділігі ме, маған істің қырсырын айтып, көрсетіп көмектесіп жүрді. Станокпен қалып жасаушылардың екі-үш шығарған қалыбының төлем ақысы, менің қолмен жасаған бір қалыбыммен бірдей. Айлық ақы, қанша

өнім шығарсаң соған тариф бойынша төленеді. Степендия 22 сом, айлық 500-600 сом болып, үйдегі жалғыз табыскер экемнің айлық табысынан екі еседей артық табыс тауып, мұқтаждық көрмей шалқып жүрміз. Бір күні Ташкенде тізеден аса қалың кар жауып, жұмысқа бара жатып, жол жиегіндегі суагар арыққа түсіп кеттім. Шалбарым мен бәтенкем малмандай су болды. Тез үрге барып кептіріп қайта жұмысқа барғанымда бес минут кешігіп, тәбілші қыз мен алмаған тіркеу қуәлігін цех бастығына беріп үлгерген екен. Жұмыс басталып, әркім өздеріне тапсырылған жұмыстарына кірісіп жатыр. Күндегі әдетім бойынша мен үшін де тапсырма алатын ұстазыма барсам, ол менде ісі жоқтай теріс қарайды. Жоғарыдағыдан себеппен менің кеш қалғанымға халық жауындағы карап теріс айналған тәрбиешіме ыза болып, цехтың ішін кес-кестеп жүре бердім. Менің жағдайымды көріп қасыма карт ұстаз Рагочев келіп.

— Балам, не болды? Бұгін наряд алмай неге кешіктін? Наставнигің не деді?

— Жұмысқа келе жатып арыққа түсіп кеттім, киімімді кептіріп...

— Иван не деді?..

— Барсам сөйлеспеді, жауына қарағандай қарады, — деп, қамығып, төмен қарадым.

— Жүр, балам, мен ол итті сабасына түсірейін, — деп менің қолымнан жетелеп Дорофеевке әкелді. «Жексұрын, онбаған, сен маған шәкірт болғанда жұмыстан қалмап па едің? Неге баланың кешігу себебін сұрамадың. Қазір тез цех бастығына барып, өзін баяндаған арашалайсың» деп, келістіріп бір боктап, менің қолымды оған ұстасып кете барды. Ұстазым өз ұстазынан сөз естіп, жүні жығылып, жуасып қалды. Жоғарғы қабаттағы бастық кеңессіне келе жатып, менің кешігу себебімді сұрап біліп алды. Бастыққа келіп: «Студенттің жағдайын сіз де бір кездері студент болғандықтан менен гөрі көбірек білесіз гой, мына бала жолда арыққа құлап, киімін кептіріп, кешігіпті. Бір жолға кешірім етіңіз, енді қайталанбайтынына кепілдік беремін» деді. Ұзын бойлы қаска бас бастық маған тесіле қарап:

— Жарайды, Иван Иванович, ол бүгін нарядтан қалды, кешіккен жазасына цехта тегін жұмыс жасасын, — деген оның бұйрығына қуанғаным сонша, әлгінде ғана жек көрген Иванды құшақтай алдым. Сөйтіп, сол бір жұмыстан кешіккенде алған сабағым, мені тәртіпке қатаң қарап, себебін сұрамай ешкімді кінәламауды үрретті.

Сол мақта терім кезіндегі достық сезімдер мен сағыныштан туындаған тағы бір сапарымды айта кетейін. Төрттің бірі Ташкенбай досым студенттік кезендегі өтер сынақтардың үлкен елегі болған бірінші семестрде емтиханнан өте алмай оқудан шығып кетіп, осы маңдағы аулы Мақтаралға кеткен. Жаңа жылда одан «Үйленем, тойыма келіндер» деген хабар жетті. Ташкеннен тоғыз жігіт жетіп барсақ, сөз байласқан қалындығы бір себептермен келмей қалып, той болмаған еді. Енді, міне сол досымыздың аулынан 160 шакырым жерде жатып, бармай кетсек болмас деп шештік. Сөйтіп, Фали, Мейрам үшеуміз «монша» құнін пайдаланып, машинадан-машинаға ауысып, ақыры мақта таситын телешкіге мініп, әзер жетіп, досымыздың жарының қолынан дәм татып қайтқан болатынбыз. Келесі «монша» құнінде Мейрам: «Біздің ауыл – Шардарада. Осы жерден онша қашық та емес, барып қайтсак қайтеді» – деген соң, оның аулына қарай тағы да ашық машинаға мініп тартып кеттік. Кілем үстіндегі жолақтай болып, жасыл даланы қақ жарған тас жолмен жүйткіп келеміз. Екі досымның ортасында айналама қарап келе жатып, балауса балғын шақтарым өткен Жамбыл облысының Аса бойындағы көк майса шалғын, биік теректер. құзде сары далаға айналар егіс алқалтары, қалың жапырақ жапқан қызылша атыздары бар тұған ауым есіме түсті...

### Соғыс балалары

...Мен ес біліп, етек жапқанға дейін колхозда «Әскер семьясының мүшесі» болып, арнайы талон арқылы берілетің «паек» алып өстік. Шешем соғысқа кеткен азаматын зарыға құтіп, үш баласын тарықтырмай асырап келді. Соғыс балалары тез есейіп, менен бес жас үлкен апам үйдің бар шаруасын тындырып, інім екеумізді де тәртіпке шақырып, шешеміз жұмыстан шаршал

келгенде мазасын алмауды үйрететін. Міне, сөйтіп балалық шақ өтіп, беске толар-толастан мала тіркелген атты айдан колхоз жұмысына да араластық. Әкеміз армиядан аман оралып, алғашында бригадир, кейіннен ферма менгерушісі болды. Ер бала болғандықтан таң атар-атпастан әкеме еріп шөп шабысып, арбага тиесіп, үй шаруасын тындырар азаматқа айнала бастандық. Мектеп жасына жетіп, ауылдағы көзі ашық мұғалім Әбіш соқырдан әріп үйреніп, сауат ашқанның өзі бір жыр. Соғыстан кейінгі елдің жағдайының көтеріле қоймаган шағы, оку құралдары жоқ. Колхоздың «атқамінерлеріне» деп бастықтың алдырған кенседегі әкеме тиесілі екі дәптер мен сия қарындаштың жартысы менікі. Қарандашты екіге бөліп дәптерге барлық өткен пәндерді жазамыз. Осы жерден сәл шегініс жасап, Ардостың кластан қалып қойған себебін айта кетейін (А.А.К.)

### Көке

...Томпиган сары бала ирелендеген жалғыз аяқ ізben жүгіріп келеді. Екі көзінен аққан жасты ақ жарғақ тонының жеңімен сыйпалап, бетін айғыздап тастанды. Тұнгі жауған ұлпа қардан айнала түгел аппақ болып, көзді қарибы. Жас толған көздері көрмей ізден шығып кетіп, ұшып түсті.

— Көке, көкем-ай! — деп өкіріп жылап, жер тырмалап, ұлпа қардың астан-кестенін шыгарды. Жұдырықтай жүрегін үзіп жіберердей болып, өзегін өртеген Әзиза апасының сезі болды. Оны көргенде елжірей келіп көтеріп алатын Көкесі елестеп, орнынан атып тұрды. Сөйтіп бір жығылып, бір тұрып «көкем-ай» деп, жылап келе жатқан бала ауыл шетіне де жетті-ау.

Ауылдан алты шақырымдай жердегі төбеге орналасқан мал фермадан әкесіне еріп орталықтағы мектепті, мұғалімді көріп, бірнеше рет осы жолмен келгені бар. Азаматтар әскерге алынғанда ауылда қалған ерек атаулыдан көксау Ораз шал мен Әбіш соқырғана болатын. Аздал сауаты бар Әбіш ауыл балаларын өз үйінің бір бөлмесін мектеп етіп оқытатын. Соғыстан кейінгі қызын кезен ауыл мектебінде оку құралдары, калам, дәптердің жоқ кезі. Сары бала әкесінің мал есебін жазуға контордан берген дәптерінің бірін алып, сия қаламының жартысын қып алған. Қысқа қалам

ұштала-ұштала қысқарып, ұштауға келмей қалам өзегіне жусан тығып ұзартып, Әбіштің қара тақтаға жазған әріптерін айнытпай түсіріп жатқан балаға:

– Ардос, дәптерінді дорбаңа сал, үйге қайтамыз, – деді Әзиза апасы бұған ерекше қамқорлық көрсетіп. Әзиза оның туған Мөлдір апасымен түйдей құрдас болатын. Апасы былтыр қайтыс болып, әкесі інісі екеуін «жылағанды көрмесін» деп, Әзиза апасының үйінде қалдырган еді. Сонда даладан үйге жылап кірген Әзиза апасы:

– Мөлдір өлді, алып кетті, – деген.

– Қайда кетті, қашан келеді? – деген сары баланың сұраулы түрін көріп, ол егіле жылап тұрып, бұны да еңіреткен. Екі көзі боталап «жоқ келмейді, ол өлді» деген сұық сөзді алғаш сонда естіген еді.

1946 жылы соғыстан оралған Оспан көкесі алтыдағы топ-толық баланы алақанына салып аспандата көтеретін. Үйге келсе ермегі осы сары бала болатын. Алып тұлғасына денесімен-дene етіп тігілген әскер киімі онсыз да сұнғақ бойын сорайтып көрсететін. Балаға одан ұзын, одан құшті, одан жақсы адам жоқ еді. Көкесі көрші колхозда МТС-те механик болып жұмыс жасайтын. Орасан құш иесі, палуан көкесі бір күні оншакты адам ШТЗ тракторының моторын машинаға тией алмай жатқандарының үстінен түсіп:

– Жігіттер, былай тұрындар, мен көрейін, – деп әлгі салмағы тоннаға жуық моторды тік көтеріп, машинаға тиеп береді. Содан әке-шешесі Оспанның ауырғанын естіп, колхозына барып келген. Арада біраз күн өткенде «тез келсін» деген хабар жетіп, әке-шешесі арбамен барып, жете алса алып келмек ойлары болған.

Мектептен үйге келген соң Әзиза апасы «Бетінді жу» деп су құйып тұрып:

– Көкен өліпті, ағамдар тұнде арбамен фермаға кетіпті, – деді жылап тұрып. Сары бала «өлді» сөзін екінші рет естіп, дір ете қалса да құшті Көкесін ондайга қимады. Өксігін басқан Әзиза апасы бұның бетін сұртіп тұрып, ауылдағы ағайындардың фермаға кеткенін жеткізді. Баланың өзегі өртеніп, запыран құсадай лоқсып:

– А-а, Көкем, көкеші-ім, – деп тұра жүгірген болатын. Сол

жүгірумен еңіреп жылап, ауыл сыртындағы терең сайдың үстінде тұр. Бұрын фермаға баарда көрген мына сайдан өтсө аржағы тегіс қара жол. Қазір фермаға аппаратын арба жолды қар басып, аппақ болып ізі білінбей қалған. Қыр басынан көрінетін ферма үйлерін де қар басып көрінбеді. Жылай-жылай білеудей болып ісінген көзін қар тиіп қызарған қолының сыртымен үқалап, ескі жолдың сілемін іздеді.

Тұнгі ұлпа қар басқан жердің аздап ойпан тартып, домбыраның ішегіндегі екі айрық болып созылып жатқан жолдың жобасын көріп, сол іздің біріне түсіп, тізеден қар кешіп жүріп келеді. Сайдың орта шеніне жеткенде із білінбей кетті. Қайда жүгерін білмеген бала жан-жағын айнала қарап жүріп, бет алған бағдардан да айрылып қалды. Енді қайда жүреді? Құн батуға арқан бойы қалыпты. Тез сайдан шығу керек. «Осы тұс болар» деп жүре беріп, қар басқан орга түсті де кетті. Қар кенірдегінен келіп кептелді де қалды. Қимылдауға дәрмен жоқ бала енді қорқып жылап, «аға, агалап» әкесін шақырды. Терең сайда оны естір тірі жан жоқ. Құн батуға жақындалап, сайдың түбі көленке тарта бастады. Бала «А-а-ау»-лап, зәресі ұша айқайлап шалқасының құлады. Арқасы кептелген қарды жаншып, аяғы сәл босағандай болды. Жандәрмен аяғын қозғап ордан суырып алып, қар үстінде шалқасынан жатты. Орнынан тұрса аяғы тағы орга кіріп кетерін сезіп аунап кетті. Үсті басы қарға көміліп біраз аунап барып, орнынан тұрды. Қорықкан бала құн батпай ауылға қайтуды ойлады. Келген ізін әзер тауып кері қарай жүріп келе жатып, жаңа ғана фермаға қарай жүрген терең ізді байқады. Сай түбіндегі соқталған қалың қарды ат бұзып өте алмасын біліп оны жетелеп алған кісінің ізі еді бұл. Бала фермаға қарай жолға түсіп малтығып жүріп келеді. Сайдан өтіп қыр басына шыққанда құн батып кетті. Алыста кетіп бара жатқан аттылы кісіні көрді. Бар даусымен айқайлап жылады. Атты кісі бұны естіген жоқ. Қараңғы түсіп келеді. Аттының ізінен айрылмай қарға малтығып жүре берді. Біраз жүргенде алдындағы алыстан қарауытқан аттылы көрінбей кетті. Бала енді қорыққанынан тісі-тісіне тимей «Аға-агалап» жылап келеді. Жылап жүріп аттының ізінен де айрылып қалды. Зәресі ұшқан бала омыраулап қарға малтығып жолсызben жүріп келеді. Бір кезде иттін үрген даусын

естіп, жылайын десе даусы шықпай қалды. Денесі қалтырап қар үстіне отыра кетті. Тонының жағасын көтеріп мұлғи бастады.

Тұксиген қалың қабакты Көкесінің оны көргенде жадырап рахаттана құліп «Ардосым» деп сүйетіні елестеп отырганда қыңсылаған дыбыс естілгендей болды. Көзін әзер ашып қараганда қарсы алдында қыңсылап өзінің Майлаяқ иті тұр еді. Бала маужырап ұйықтап бара жатты. Ит қыңсылап үріп, тонының жағасынан тістеп сүйреп, баланы етбетінен қар үстіне құлтатты. Мұздай қардан шіміркеніп басын көтергенде, иті оның бетін жалап ұйқысын ашты.

Үсті-басы аппақ қар, үтеге кіріп келген баланы көргенде үйдегілердің бәрі өре тұрды. Шешесі дауыс етіп жылап баласын баурына басты. «Көке, көке» деп бала талып, құлап түсті. Тұнделетіп қалың қарда көкесін іздең келген баланы көрген үйдегілер, көздерінің жастарын сығып алды. Әлгі атты кісі «Құн батарда артыма бір қарағанымда, қарандап көрінгенде жемтік іздең жүрген тұлкі болар деп мән бермеппін» деп, өкініп жатыр.

Бір жығылып, бір тұрып келе жатқан баланың тұлкі тымағы секірген тұлкіге ұксаган еді.

Соғыс басталғанда сәби болып, әке мейірімін кештеу көріп, өскен бала жүрегіне Көкесінің ерекше ықыласы ұялап қалған еді. Баланың «Көкем қайда? Көкешім» деп өксіп еңіреген сағыныш сезімі үтеге көніл айта келгендердің бәрін жылатқан болатын.

... Сол қыста қар қалың болып, «тағы да үтеге келемін деп жүріп бәлеге душар болар» деген оймен шешесі оны окуға жібермеген. Жаз шыға Әбіш мұғалім қайтыс болып кетіп, орнына оқытуыш табылмады. Келер жылды жаңа мұғалима келіп, бұл тоғыз жасында інісімен бірге окуды қайта бастаған еді. Малдың жағдайымен ферма базасын Қарасудың бойына аударып, үйі сонда көшіп барды. Қарасудың басы «Бұрылтау» сілемінен басталып, жағалай қалың қамыс, шок-шок талдар өскен бұлақ сулары қосылып, «Жетітебе» тұсындағы бөгетке жетер жерде көлге айналып жайылып жатады. Суы меп-мөлдір, түбіне өскен балдырларды қап-қара етіп көрсетіп «Қарасу» атанған. 1950 жылы ауыл шаруашылығын өркендету мақсатында, ірі колхоздарды совхозға, майда колхоздарды біріктіріп іріленген шаруашылық

еткен. Сөйтіп бұрынғы «Рахат», «Көктөбе», «Жамбыл», «Еңбек» колхоздары бірігіп, «Жамбыл» колхозы аталаип, орталығы Еңбек болған. Енді оның әкесі осы төрт колхоздың ферма менгерушісі, айлап аттан түспей малышыларды аралайды. Жаңабазада екі қарашай отбасы сиыр бақташысы (жергілікті халық «падашы» дейді – А.А.) болды. Олардың бірі – Чорна, екіншісі – Әли есімді бетінің қаны тамған әдемі кісі. Ушінші сиыршы – Титтай есімді домбырашы, әрі аңшы, ірі денелі келісті адам. Тағы бір бақташы толық қара Шошай және Ардостың үйі болып, сауын сиырларды 15-20-дан бөліп алып сауады. Әйелдер сауыншы, ерлер малшы, балалар бұзау бағып, сауылған сүтті маслопромға өткізеді. Бала дегенде оқу жасындағы (9-10 жас) Шошайдың екі ұлы, Әлидің ұлы және Ардос. Бірақ, бұларға еңбек күн жазылмайды, заң солай. Қарашайлардың тілдері қазак тіліне ұксас, кейбір ерекшеліктері болмаса түсінісіп, сөйлесе береді. Олардың нанды «гржін», майды «жау» деп атаған кейбір сездерін олар тез менгерген. Бір күні Чорна шал ертелеңтіп ферма менгерушіге келіп, өріске шығарда малды санағанын айтып, өз тілінде «Ертабла өрге қоптым, икі инәгім тас боп қалды, атынды бер, іздейін» дейді. Ол кезде ат арбаға жегіліп, тек атқамінерлерге ғана жылқы берілетін. Ферма менгеруші колхоз активінде мәселе көтеріп, малышыларға ат бөлуді сұрағанда, жаңа бастық «Сәл шыда, машина алсақ, аттар босайды, сонда аларсың» деп шығарып салған еді. Ат алудың оңтайы келгенін пайымдаған ол, Чорна шалға «Осы сезінді маған айтқандай етіп, жаңа бастыққа барып айт. Ат береді» дейді. Өзі жок сиырларды ізден шығып, кешегі жайылған өрісті біліп алып, қалың қамыс арасынан үш сиырдың құйрықтарын тірестіріп, айбат шегіп, алты қасқырға алдырмай тұрғанының үстінен түседі. Айқайға басып, қасқырларды қашырып, сиырларды аман алып қалады. Чорна шал да жогарыдағы сезізді айтып, қарашай тілінен хабарсыз бастықты састырады. Ол колхозға жақында берілген «Победа» машинасының шопырын шақырып:

– Қырғыzbай, мына карт тасынан айырылған ба? Тез, қалаға жеткіз, – деп әбден сасады. Қарашай қызына үйленген ол қарқылдан күліп, ат сұраудың мәнісін айтады. Риза болған бастық өз атын мінгізіп жібереді. Кейіннен бұл сөз біразға дейін айтылып келіп, малышылардың бәрі аттылы болады.

## **Бұқалар сайысы**

...Жаз ортасы өтіп, күзге қарай сиырлар күйге келеді. Бұзауға арнап қоршалған шарбақтың күн шығыс бетіндегі төбешікте жатқан сиырлар ішінен бірінші болып тұрган қызыл қашар, құйрығын қайышылап ойқастап жур. Арыстан қеуделі, белі ашандау, қымылы шапшаң қара ала бұқа, падада екінші орынды иемденеді. Бірінші орындағы бас бұқа тапалдау төртбақ, жұпжұмыр, арқасы тақтайдай теп-тегіс, тік мүйізді шымқай қара. Ал үшінші орындағы бойшаш ірі денелі ала бұқа Ресейден әкелінген тұқымдық бұқа. Қара бұқа мен «Арыстан» бұқадан оның жасы көп кіші. Әлгі қызыл қашарға бұрын жеткен «Арыстан» бұқа танауын көкке көтеріп, иіс алып тұрды. Қара бұқа да орнынан тұрып, он аяғын жерге шапқан кетпендей салып қалып, бір күректей топырақты ойып лактырып тастап, «Әй, жолынды біл» дегендей гүр ете қалды. Он жылдай біріншілікті бермеген кәрі қарага. кемеліне келген арыстан бұқа «Келсен-кел» дегендей айбат шегіп, бұл да екі аяқты кезек салып, топырақты лактырып жатты. Сөйтіп, бұқалар сайысы басталып кетті. Қара мен «арыстан» бұқа тіресіп, әлі де қайраты кемімеген қара, оны жер жырттын соқадай етіп, жер қыртысын аудартып, итеріп келеді. Шамасы жетпесін сезген «арыстан» бұқа, караның осында тіреске шыдамай қашқанда сауырынан сүзіп оңдырмай жаракаттайтын әдісін білгендейтін. шалт бұрылып баяу қымылды караның мүйізін дарытпай кетті. Бұлардың сайысына қарап, өзінің бағын сынап көруді ойлаған жас «Ала бұқа», бұлар таласқан қызыл қашарды жас бұқашықтың күып әкеткенін байқамай да қалған. Жеңісіне масаттанған қара ештенемен ісі жоқтай, маңқылып тұр. Женіліс тапқан арыстан бұқа кімге тиісерін білмей, «о, бишара» деп, оны мұқатқандай ала көзімен қарап тұрган жас бұқага мүйіз салды. Бұл сайысты падашылар келіп айрыып, өрісте де қайта-қайта екеуі айқасып жүріп, ақыры жас пері ала бұқа екінші орынды иеленді. Бұл сайысты сырттай бақылап жүрген қара бұқа, алабұқа маңынан өтсс өкіріп, дәң айбат көрсетеді. Бір күні аяғымен топырак лактырып, айбат шегіп жүріп, «итті күшігінде таласаң ит болғанда батпайды» дегендей аламен болар айқастың алдың алып, Қара өзі іздел

барып, сайыс басталып кетті. Аланың тұлғасы барлық жағынанда сай, қарадан ұзындау, әрі биік, аяқтары сомдалып, кебежей төсі мойнымен тұтасып жатыр. Сайыска шақырып, гүжілдеп келген төртпақ қараға «келсен, кел» дегендегі ай мүйізді жалпақ басын төмен түсіріп, тіресе кетті. Қара алғашқы соққыда-ақ қарсыласын біраз жерге ысырып тастантын әдетімен барын салса да аланы мызығыта алмады. Керісінше ала күш алып бұны итергенде артқы екі аяғы соқадай жерді жыртып әзер тоқтады. Ала «күшімді сезген боларсың» дегендегі сәл босаңсып басын босатқанда, қара айлаға көшіп, өзінің жұмыр тіктеу келген мүйізін тез пайдаланып, басын бұлқып жіберіп, аланың жағын оңдырмай сызып жіберді. Жағы ауырып қашпақ болған аланы, қара қуа сүзіп оң жамбасын осып-осып тастанды. Арада бір айдай уақыт өткенде күн санап өсіп кемелденіп келе жатқан ала соғысты өзі бастап қараға барып, «шық жекпе-жекке» дегендегі, өкіріп мүйізін тосты. Қара өткен шайқаста аланың қайратының молдығын байқап тәсіл жасап, женіске жетсе де өздігінен оған тиісуден беті қайтқан болатын.

Бұқалар сайысы басталғаннан бері әрбір қактығысты қалт жібермей қарап келе жатқан балалармен қатар үлкендер де аланың біріншілікке ұмтылған сайысын қарап тамашалауда. Үш күн бойы өрісте болған қактығысты, сиыршылар ажыратып, бүгін әбден ширыққан екеу өрістен келе айқасты бастады. Қара қанша тырысса да аланың басымдығы арта берді. Енді ол тағы бір тәсілді қолданып, тірескен маңдайын тез шегініп босатып алып, басын төмен ұстап өңмендеп келіп қалған аланың жарты құлаштай кең маңдайының мүйізі тұсынан тік мүйізін кептей салып алып, бұрай бастады. Құласа жарып тастанап, қарсыласын істен шығару. Ала бұдан бір ай бұрынғы қараның шалт қимылды шапшандығы бары есіне түсіп, ол да тез шегініп кетіп басын босатып алды. Ізага булыққаны сонша, таңданып тұрған қараны құлатардай екпінмен атылып келгенде ол жалт бұрылып мүйізі дарымай өте шықты. Қара тез бұрылып, ала бұрылғанша куып жетіп, сауырын жырып тастанды. Екеуі қайта тіресіп, есесі кеткен ала қараны жойқын күшпен итеріп көлге қарай ығыстырып барады. Көл жиегіне келгенде қара жалт бұрылып ала екпінімен суға күмп ете қалды. Бұл сайысты қызықтап тұрғандардың

үлкені бар, кішісі бар барлығы «Бітті. Өлді» – деп, шу ете қалды. Көлдің сұзы адам бойы келетін терен, әрі жағасы ұйық балшық болатын. Қызықтаушылар ішінен падашы шал үйге қарай жүгіріп барады. Тұкымдық бұқаны мерт қылса жауапқа тартылары анық. Падашы үйден арқан алып келгенше, ала алапат қайрат жасап, көлдің аргы жағасына ыргып шыға келді. Үстіне жұққан балшық суды сілкініп тастап, айналасын жауын жауғандай етті. Қара да терге малшынып, жағаға шыққан аланың күркіреген күндей зор дауыспен өкіріп шақырганын естісе де, үн катпай сиырларға еріп, өріске кете барды. Ала сол көл жағасында қалып жайылып, кешке қараның алдынан шығып күтіп тұрды. Ала қатты ашулы, келе қараны ұрышықтай иіріп, қашуға да мұршасын келтірмей сүйрей жөнелді. Қаранын айласы таусылып, бұлталақтап журіп, артқы аяғы сүрініп, шонқыып отырды да қалды. Балалар, «Өлді, енді өлтіреді» деп, тұрганда ала мәрттік жасап, жығылғанға жұдырық жұмсамады. Маңғаздана құлаған қараның тұруын күтті. Қараның күткені басқа еді. Ол қашқанды өзіне ұқсан жазалайтын болар, жарып тастар деген. Бірақ ала олай етпеді. Қара орнынан тұрып каша жөнелді. Біріншілікке жеткен аланы балалар мадақтап жатты...

«Адам – жылқы мінезді» деп жатады. Ол батырлар мінген арғымак аттың иесіне бейімделіп, адаммен достасуы болар. Ал қара малдың да біріншілікке таласқан сайсыы, кейбір адамдардың ойсыз оспадарлығына сай келе ме деп қалдым. Қызыл қашардай қылмандаған қыз, қара бұқадай айла сұмдыққа ие «Қодарлар», нәзік сезім мен арды аттап қылмысқа барып жатады. «Ей, мал! Малғұн!» деген қарғысқа қалмай, әрқашанда адам болғанға не жетсін!

### Алғашкы ұстаз

... Бұл өнірде қыс ерте түсетіндіктен күзгі оқу басталарда ферма базасы қыстауға көшкен еді. Балалар осы жерден 3-4 шакырымдай жердегі бөлімше орталығындағы қазакы қоржын тамның бір бөлмесіне орналасқан мектепке қатынап оқиды. Ардос та шешесі тігіп берген шүберек дорбаны мойнына асынып, үшінші класты окуға барды. Мектеп директоры мен оқытушы апай – ерлі-зайыпты, қаладан жіберілген ағартушылар. Олар

сол қоржын тамның екінші жартысында тұрады. Мектеп ішінде жиырма шақты парта мен сирақты қара тақта ошаққа жақын тұр. Қыста пешті сабанмен жылдып, ошақтың күлін сағат сайын бұрқыратып алып жатады. Окушылар екі ауысымдық жүйемен оқытылады. Тұске дейін апай 1-2-ші класты, ал, директор ағай 3-4-ші класты түстен кейін оқытады. Партаны ортасынан бормен екіге бөліп, бір жағы үшінші, екінші жартысы төртінші деп болініп, екі клас бірге оқиды.

Бұл мектептегі Ардостың алғашқы жақсы көрген ұстазы, есімін де білмей «Ағай» деп кеткен директор болды. Сол жылы қар қалың жауып, Ардостың үйі боза салған. Бозаны суға салып көктеткен тарыға, қайнаган ыстық су құйып, оған уыттық арақ қосып ашытып жасайды. Үш-төрт күн тұрып ашыған ботқаны сүзіп алып, қайнаган ыссы су қосып ішімдік қалпына келгенше сүййілдік, «боза» болғанда ішуге қолданады. Содан «Бозаны ішкен адам сұыққа тоңбайды» дегенді естіген Ардостың анасы, мектепке бара жатқан балаға зерең толы боза епіршігін ішкізіп жібереді. Бала мектепке барғанша боза уыты бойына тарап, мас болады. Момын тәртіпті баланың ыржалақтап күліп, сөйлей алмаган мас күйін көрген мұғалім, сол күні сабақ өткізбей бәрін үйлеріне қайтарып жібереді. Келесі күні анасынан сұрап, болған оқиғаны біліп алған мұғалім балаға ұрыспай, барлығына тәрбие сабак ретінде маскүнемдер жайлы әңгіме айтып, бозаның да адамды масайтып, ұятқа қаларлық істерге апаратынын ескертіп, онсыз да ұяттан төмен қарап, нарттай болып қызыарып отырған оған бір ауыз қатты сөз айтпай-ақ түсіндірген еді. Бұл – балаға өмірлік сабақ болды.

### **Шалқыйрық пен Сырттан**

Көктем шыға мал ауыл егін алқабынан аулақ жайылым жері кең Көктебенің онтүстігін жайлау етіп, сонда көшіп, қонды. Ардостың балалық дәурені малышылар ауылдында болғандықтан жануарлар жайын біліп есті. Жаңа жайлаудағы кек майса алқапта, ақ, сары, қызыл ғұлдер шешек атып құлпырып тұр. Аса өзенінен бастау алатын арықтың екі жағына қалың қамыс пен құрақ өсіп, мөп-мөлдір су ағып жатыр. Суға жақын тегіс жерге арбадағы

жүктөр түсіріліп, үйлер тігіле бастады. Экесі төрт ауданды қамтитын депутат болып сайланып, былтыр ел аралап жүріп, Тұймегент қаласындағы Амантай деген азаматпен достасып, «тамыр» болады. Олар араласып, Тұймегентке барғанда, бұларға досы алты қанатты боз үйді сыйлайды. «Сыйға сый, сыраға бал» дегендей шақырумен Тұймегенттен келген тамырын, бұлар да үш күн қонақ етіп сыйлап, бүкіл ауыл болып күткен. Қоштасарда досынын арқасына тоқты терісінен тігілген қызыл тонын жауып, боталы түйе жетелеткен. Алты қанатты боз үй, Титтайдың төрт қанат үйі және Шошайдың шаңырақсыз шошала жаппа үйі катар тігіліп, Әли мен Чорналар қарсы беттен жерді қазып жертөле жасап алды. Жертөле іргесін сабанды лаймен сылап, қыстаудағы үйдей тап-таза етіп еденін де сылап тастаған. Қапқаз халқы құрылыш салуға өте шебер, колхоздың барлық базалары мен қамба, конторларын салған осы шешендер мен қарашибайлар.

Кілем түгіндегі тығыз өскен ажырық шеп үстінде үш бала ойнап жатыр. Қыста Ардостың іші пысқан тазы күшігі жайылған қойларды тесімен соғып, домалатып қоймаған соң, экесі оны бір аңшыға беріп жіберген. Тазы итін қимай қамығып жүргенін сезген балаға, экесінін құрдасы Титтай жаңа туған қодықты сыйлаған. Ал, экесі «Апаннан таптым, сырттан ит болар» деп, жұп-жұмыр ерекк қүшік әкелген. Бала қодық сүп-сүйкімді құйрығы тірсегіне жеткен ұзындау болғандықтан оны «Шалқұйрық», ал, күшігін экесі сырттан тапқан «Сырттан» деп атады. Оқу бітпей-ақ үйдің көшүйнен байланысты Ардосты төртінші класқа көшіріп, каникулға шығып кеткен. Ермегі қодық пен күшігі болып, солармен сөйлесіп, сырласып дегендей бірге өсіп келеді. Достықтары сонша, анасы пісірген бір таба нанды білдірмей алғып кетіп, үшеуі бөліп жейді, бірге ойнайды. Бір күні бала экесі көрсеткен жердің шымын ойып, жер ошак қазып болған соң, үйден аулактау барып қөкмайсаға аунап жата кеткен. Баланың оңашаға шығуын андып тұрған қодық пен күшік жетіп келді. Қодық екі көзін ежірейтіп, құлағын тіктеп телміре қарап, құйрығын сабалап тұр. Ал, күшік болса тілін салақтатып, елжірей қарап «кел, ойнайық» деп тұрғандай. Бала орнынан ұшып тұрып, арыққа қарай жүгіре жөнелді. Ит арсалактап, қодық тоңқып-тоңқып оны күп келеді.

Біраз жүгіріп бала тізеден келіп өсіп қалған шөптің үстіне аунай кетті. Құшік оның бетін жалап, қодық состыып, екі құлағын қайышылап «не болды, шаршадың ба?» дегендей оған қарап тұр. Бұл үш дос осылай күзге дейін бірге ойнап, бірге өсті. Қодық есекке, күшік те итке айналды. Баланың окуы – бұлар отырған жерден 5-6 шақырымдай Қөктөбе орталығындағы мектеп. Бұл мектепке баратын үшеу. Ерте оянған бала тамақтанып, дорбасын асынып сыртқа шығады. «Шалқұйрық» деген дыбыс естілісімен үй маңында жатқан есек екі құлағы едіреіп жетіп келеді. Кейде есек есектігін істеп келмей қалса, қашанда оған бұрын жетіп ыржалақтап тұрған итіне «Сырттан, әкел Шалқұйрықты» десе болды оны қызып әкеледі. Ол есекті нокталап, ер орнына кішкене көрпешені тартпалап мініп алады. Жолда анасы салған бір таба нанды дорбадан шығарып, үшеуі бөліп жейді. Мектепке келген соң есекті мектеп алдындағы ойға түсіріп «Осы жерден шықпай тұр» десе болды, бала келгенше тырп етпейді. Оның қасында қалатын Сырттан да, егер ол қипактаса орнынан тұрып, ырылдаса болды, есектің қиқарлығы жайына қалып, сабасына түседі. Міне, сейтіп, екеуі баланың окуы біткенде ауылға қайтады. Бірде Қөктөбе аулының балалары Ардостың қасынан қалмай еріп келетін Сырттаның көріп, ауылдың барлық итін жеңген атақты қара тәбетімен «таластырайық» деп қолқа салды. Бала итінің басқа иттермен шайқасқанын, ит болып үргенін көрмесе де, тұлғалы сымбатына қарап: «Менің итім сенің итінді жеп қояды», – деп мақтанған балаға «жарайды» деп қалған. Сабактан соң ауылдың барлық баласы қызық көруге жиналып, мектеп алдында тұр. Әлгі бала үйіне барып шынжырлы ірі қара тәбетті алып келді. Екі балаға күш бермей жұлдызып тұрған қарадан сескенсе де, Ардос енді шегінер жолдың жоғын біліп итіне барды. Қара тәбеттің, ойда есек қасында жатқан Сырттанды көріп, «гау, гаулап» үргенінен, оны сайысқа шақырғанын білді ме, иті орнынан тұрып, желке жүні дүрдіп, жоғарыға қарап тұр. Ардос итін аяса да тәуекелге келіп, «Қорықпа, желкесінен алып лактыр» деп, кеңесін беріп екеуі жоғарыға көтерілді. Қыр басына шыға келген Сырттанға шынжыры шешілген қара, қарсыласын жұлдып тастардай болып сонадайдан ағып келеді. Сырттан да «келсөң кел» дегендей

дүрдиіп, көздерінен от шашып тұра қалды. Бұрындары бұндай көзді көрмеген қара, қалт тұрып қалып, «неге тұрсын» дегендей болған Сыртанның ырылынан оның қасқыр емес, ит екенін білген соң айқаса кетті. Бірін-бірі жағадан алғандай артқы аяктарымен тұрып, алдыңғы аяқтар ишкта. Сайысты тамашалап тұрган балалар демдерін ішіне алып, не боларын күтіп тұр. Әдісқой қара алдыңғы аяғын сілтеп, Сырттанды жақтан салып қалды. Қараның көзінен көз алмай арбасып тұрган Сырттан, көз ілеснес қимыл жасап, караның сыртына шығып, желкесінен қапсыра тістеді. Қараны тулақтай етіп, жұлқып-жұлқып алып, ойға қарай лақтырып жіберді. Барлық тұргандар «шу» ете қалды. Қара естен танып, біраз қымылсыз жатып, есін жиганда орнынан тұра сала, құйрығын қысып алып, қыңқылап қаша жөнелді. Жоғарыда оны күткен Сырттан бір сілкініп алып, есегінің касына барып жата кетті. Ардостың Сырттаны жайлы әңгіме өршіп, «қасқыр алар нағыз сыртан итті» ізден келіп көрушілер көбейді. Сөйтіп, бұка сүзістіріп, ит таластырып жүріп, жалғызырамай, балалық шак етіп жатты.

### Орталықтағы оқу

...Ауыл маңындағы төбе айналасы гүлге толған көк майса, мамыра жазиралы жаңа қоныста Ардостың отбасында нәресте дүниеге келіп, есімін Гүлзакира деп қойды. Бұл сұрапыл соғыстан аман келіп, әке-шешесінің көрген бір ұл, бір қызымен, адам болып қалған 13 жасар Мөлдірі, онға келген Есендігі шетінеп кетіп, сондай қасіреттен кейінгі болған қуаныш еді. Енді жалғыз емес кішкене бөлесі бар, жыласа бірге жылап, күлсе бірге күліп, жанынан шықпайды. Ардос бір жылда үш мектепті ауыстырып, күзге қарай үйі колхоз орталығына көшіп келген болатын. Сол кездегі Одақтық науқанмен 25 мың коммунисті өндіріс пен ауылшаруашылығын көтеруге жіберген болатын. Сол жолдамамен жоғарыдан келген жаңа бастықтың бастамасымен ферма мал және қой шаруашылығы болып екіге бөлінді. Экесі қой ферма менгерушісі болып, жеті жылдық мектебі бар орталықтан үй сатып алған болатын. Ардос тағы да жаңа мектеп, жаңа мұғалімдер, достар тауып, оқып жатты. Бұрынғы мектептегідей

жалғыз мұғалім емес, әр пәннің өзінің оқытушылары бар. Соғысқа дейін терт класты бітіріп, ликбезде оқып, оқытуши мамандығын алған Сәмет математика пәнінен береді. Соғыста болғандықтан ба, өте күйгелек. Сабакты жан-тәнімен беріле оқытады. Кейде сөзімен қатар қолы қатар келіп, сабак білмейтін баланы нұқып жібереді. Жалаған қасықтай денесінде бір шекім артық еті жоқ, сыптиған әдебиет пәннің оқытушысы Балмұхамбетов ағайы, өте сөзшен, ылғи күліп жүреді. Ол класқа кіргеннен шуылдан жататын балалар тып-тыныш бола қалады. Ол кіре кеше бастаған ертегісін аяқтап, жаңа бір ертегіні бастайды да, тоқтай қалады. Үнсіз тыңдағандар тамсанып отырғанда «Енді сабакты бастайық» деп, сабагын өткізеді. Оның айтқан ертегілері Ардос оқыған «Мың бір тұн» ертегілерінен бөлек, өзінше бір дүние еді. Ол өзінің шәкірттерін адалдыққа, еңбексүйгіштікке, айла, құлықты сезгіш сезімтал болуға тәрбиелеп, айтқан ертегілерінен алынған қорытындыларын өткен сабактағы тақырыппен байланыстырып жататын. Ардостың қиял-арманына қанат бітірген де сол ұстазының әңгімелері еді. Ал, енді, «Патшаның үш баласы» жайлы одан естіген ертегісін елестетіп көрейік.

### **Екінші ұстаздың ертегісі**

...Бұрынғы өткен заманда қоғалы үлкен көлі бар, көк майса шалқар жері бар, қоғадай қалың елі бар, алтын қакпалы салтанатты сарайы бар шаһарда бір патша дәурен құрыпты. Ол заманында өте әділ патша болып, елін «Қой ұстіне бозторғай жұмыртқалаған» бейбітшіліктे, ауқатты, салтанатты етіп билепті. Патшаның үш ұлы болып, олар сол кездегі өнер-білімді, сайыс өнерін менгерген көркем ер жігіттер болып өседі. Бір күні патша отырып ойланады. «Бұлар менің дәuletім мен атагымның арқасында табанына тікен кірмей, аш-жалаңаш болмай, өзегі талып ас ішіп, иіні жыртылып жамап киім кимей, даярга тап болып өсті. Жақсы мен жаманды айырып, аңы мен тұщыны татпады. Ертең мен кеткенде елін қалай әділ басқарады? Менің Әділ атыма кір келтіріп жүрер. Еңбексіз келген дәulet ашқарақ, мейірімсіздікке апарып, бір-бірімен жауласып, таққа таласар, бүтіндікті бүлдірер. Жер қадірін білмеген, ел қадірін білмес, су қадірін білмеген сумақай,

сөз қадірін білмес, қолында билік болған соң елімді әділдіктен айырып, қадірімді кетірер», – деп ойлап, бір тұжырымға келеді. Ертесіне ұлдарын шақырып алып:

– Ал, ұлдарым, мен сендерді үш жыл мерзімге елден қуғалы отырмын. Ел арапап, жер көріп, өз беттеріңмен өмір сүруді үйреніндер. Менің бұл қаталдығымды өмір көріп, есейсендер түсінерсіндер. Ер азығы мен бөрі азығы жолда. Мініс ат, ер жабдығынан басқа ештеңе алмайсындар, – деп, анасымен қоштасып шығуларына рұқсат береді. Содан балаларын жолға салып тұрып:

– Жүргенде жолдарын болсын, Қызыр ата жолдастарын болсын! Менің үш шартымды есте сақтандар. Біріншіден, бір-біріңнің таңғы ұйқыларынды бұзбағайсындар, екіншіден, қауіпті жерде карауылсыз ұйықтамаңдар, ал, енді, соңғы шартым: елдін, туған жердің қадірін білген кезде, үш жылдық мерзімнен кейін елге оралғайсындар, – дейді. Анасы да жылап тұрып.

– Асты қадір тұтындар, ас тапсандар дастарханға салып жендер, – деп, жол дастарханы етіп бір шаршы мата береді.

Үйден шыққан соң үш жігіт: «Біздің әкей қызық-ау осы, біз күн көре алмастай сонша қамығып, біздер қайда барсақ та шаһзада екендігіміз көрініп тұрмай ма?» – деп шаба жөнеледі. Сол шапқаннан тұске дейін жарысып кете береді. Тұс кезінде алдарынан өзен кездесіп, өздері торсықтағы судан қанғанша ішіп, ак көбік болып зорыққан аттарын да суға кояды. Желіккен ханзадалар аттарының жағдайын білмей, шаба-шаба мидай даалаға жеткенде зорыққан аттар тұрған жерінде құлап, өліп қалады. Күн ысып, шөл қыса бастайды. Жүрген жерінің бәрі сулы-нулы болады деп ойлаган бұлар, жолда кездескен өзеннен торсықтарына су толтырып алмағандарына өкінеді. Өмірінде жүк көтеріп көрмеген бұлар, амалсыз алтыннатқан ер тұрманын арқалап жүріп кетеді. Құннің зәрі тәбені оярдай тесіп, ыссы леп тандайларын қатырып, сусыз әбден сілелері қатады. Арқаларына ер батып, ыссыдан сандалып, ер-тұрманын, алтыннатқан ауыр киімдерін құмға қалдырып, осыншама ауырлықты және өздерін көтеріп келген аттарының қадірін біле бастайды. Сөйтіп, шаһзадаға лайық белгілер: киім, шапан барлығынан айрылып,

дамбал көйлекпен қалады. Ыссы құмда су іздең, таңдайы кеүіп, еріндері жарылып, табандары тілініп кетеді. Бір кезде жел тұрып, сәл де болса ыссы аптаптан дем алғандай болып, жел қадірін біледі. Сөйткеше болмай, аспанда алақандай бұлт үйіріліп, бұлар келіп құлаған құмға жауын құйып кетеді. Лезде жауган жауыннан сел болып аға бастаған лай судан басты салып қанғанша ішеді. Сол кезде барып ауырсынып тастанап кеткен ыдыстары, торсығы естеріне түсіп «керек тастың ауырлығы жоқ» дегенді сезеді. Кеш түсіп, тастанай қараңғы болып кетеді. Үшеуі үрпісіп бірінші кеште астарына қиыршық тас батып, томар жастанып далада ұбықтап тұрып, жұмсақ жастық, мамық төсек көздерінен бұл-бұл ұшып, ауырған денелерін әзер икемге келтіреді. Тұнгі соққан салқын желден, денелеріндегі лыпа дерлік көйлек- дамбалдарына толған құмды тазартып, жолға түседі. Арып-ашып түс кезінде бір орманға келеді. Орман ішінен бір бұлаққа кездесіп, суға қанып алған соң, тамак жегілері келеді. Тоғайда аң да, құс та бар екен, бірақ, оны қалай ұстайды. Өлмеу үшін бәрін де үйренуге тұра келеді. Ор қазып, анды құлатып, тұзак құрып, құстар ұстап, ас әзірлеудің де қыр-сырын меңгеріп, теріден киім тігіп, керекті құрал-жабдықтарды да жасап, орманда біраз жатып, естерін жияды. Сейтіп, өздерін-өздері асырай алатындаі дәрежеге жеткенде үшеуі ойласып: «Қой, бұл жерде жабайыларша жата бермей, жер, ел көрейік» деп, жолға түсіп жүріп кетеді. Содан бұлар «Ер азығы мен бәрі азығы – жолда» дегендей, табылғанын азық етіп, аш та, тоқ та болып, барға қанағат, жоққа шүкіршілік етуді үйренеді. Құн жүреді, тұн жүреді, апта жүріп, апта артынан айлар өтіп, бір күні үлкен шаһарға келіп кіреді. Үстеріне киген киіміне қарап бұлардың бір кезде ханзада болғанын ешкім білмейді. Бұлардың киген киімінен шошып, ешкім үйлеріне де кіргізбей, көшеге қонып, қайыршылық өмірді бастарынан өткізеді. Қаланы аралап, қарапайым халықтың өмірімен танысады. Бай-манаптардың астамшылығын, зорлық-зомбылығын көреді. Адамдардың бәрі бірдей емес екенін, жаманымен қатар жақсысы да болатынын біледі. Сейтіп жүріп, бір иманды адамға тап болып, соған жалданып, жұмыс істейді. Қабілетін танытып адал еңбек ете жүріп, көптеген мамандықтарды менгереді. Содан астарына ат, үстеріне киім киіп,

қару-жарак, саймандарын даярлап, сапарға шығады. Құн жүреді, тұн жүреді, құн артынан ай жүреді, ай артынан ай өтіп, қыс та келеді. Қақаған сұық, бораған дауылды бастарынан өткөріп, құлімдеген көктемді көреді. Жаздың ыстық аңызағы бар шілдеде жол азабын тартады. Сейтіп, бұлар табиғаттың төрт мезгілін өз бастарынан өткізіп, ауыртпалықтың дәмін татып, сабақ алады. Бір құні бұлар айдала қалың қамыстың ішіне келіп қонады. Тұнде қонарда ұлken ұл – Әбілдің есіне әкесінің айтқан «қауіпті жерде қарауылдамай ұйықтамау» керектігі есіне түсіп, інілерін ұйықтатып, өзі қарауылға тұрады. Інілері ұйқыда жатқанда тұн ортасы аяу, құрқіреген зор дауыс естіледі. «Бауырларының ұйқысын бұзбайын» деп, дауыс шыққан жаққа барады. Қалың қамыс ішінен таудай арыстан шыға келіп: «Жан баспайтын мекенде менің тыныштығымды алған кімсіндер?» – деп ақырып, аузын арандай ашып, тұра шабады. Әділ жандармен қылышын сурып көлденен ұстап үлгереді. Арыстанның апандай аузына кіріп кетіп, қылышы арыстанды екіге бөліп тастайды. Есін жиып, дәу арыстанның тұмсығынан құйрығына дейін екі елідей таспа тіліп алады. Таспаны беліне ораса, қырық орамға жетеді. Тан ата дым болмағандай інілерінің қасына келіп, от жағып, шай қайнатып, оларды оятады. Шай үстінде інілері «Тұн калай өтті, не көрдініз?» – дегенде, болған оқиганы жасырып, «Тыныш өтті» – дей салады. Сонымен бұлар елсіз даламен, елді қаламен, сусыз шөлмен, нұлы орманмен де жүріп, көргендерін көкіректеріне түйіп жүріп келеді. Бір құні таулы жерге жетіп қонады. Қонған жерді барлап, екінші ұл – Абзal «Бауырларым, бұл жерде қауіпті сиякты, мен қарауылда тұрайын, сендер ұйықтандар» деп, қарауылдан қалады. Тұннің бір уағы болғанда аспанды найзагай тілгендей аузынан от шашып төбесінен ұшып өткен айдаһар: «Адам аяғы баспаған тауымды таптаған сендерді құртамын» – деп айқай салып, кайтадан тау басына қарай ұшып кетеді. «Бұл жерде айқассам, аға-інімнің ұйқысын бұзармын» деген оймен ол тауға өрмелеп шыға бастайды. Айдаһар қайта айналып келіп, құйрығымен оны бір соғып өтеді. Көп қыындық көріп шынықкан дене бұл соққыга төтеп беріп, аяғы тізесіне дейін жерге кіріп кетеді. Кері айналып келген айдаһар оны қайта соғам дегенше жігіт ептілік жасап,

қылышымен айдаһардың басын қызып түсіреді. Ол айдаһардың екі тісін қағып алғып, қоржынына салады. Таң ата бауырларын оятып, ас дастарханына шакырады. Олар тұннің қалай өткенін сұрайды. Бұл да болған жайды айтпай, жасырып, жолға түсіп жүре береді. Талай-талай елдерді көріп, жерлерді көріп, ұшқан құс, жүгірген аң, жан-жануарлар мен өсімдік әлемін тексере жүріп, күндердің бір күнінде үлкен бәйтеректің түбіне келіп түнейді. Бұл жерді де қауіпті деп санап, кіші бала – Азамат қарауылға тұрып, екі ағасы ұйқыға кетеді. От жағып, қарауылдан отырғанда, бір құйын жел соғып, жаққан отын ұшырып әкетеді. Қайта отын жинап, от жақпакшы болғанда, шақпақ тас ағасының қалтасында қалғанын біледі. Оны алмақшы болғанда экесі айтқан «ұйқыдан оятпа» деген сезі есіне түсіп, бәйтеректің басына шығады. Содан, жан-жагына қарап, алыстан жанған жарықты көреді. Көрінген жарыққа қарай атына мініп жүріп кетеді. Айдалада тұрған жалғыз үйді көріп, қасына келіп тоқтайды. Атын алыстау жерге байлап, жайлап келіп, шам жаңып тұрған үйдің терезесінен қарайды. Үй толы отырған адамдардың ортасында бір нән бұжыр бет сары сейлеп отыр. Азамат құлағын тосып тыңдаса «Біз он жыл бұрын Юсуп байды тонадық, тағы сол сияқты ананы тонадық, мынаны тонадық» деп мактандын естиді.

– Ал, енді, бұғін патшаны барып тонасак, атымыз әлемге әйгілі болады, – деп, жоспарын айта бастайды. «Бұлар ұрылар екен, қызығын көрейін» деген оймен жігіт үйге кіріп келеді. Ұрылар өре тұрып босағада отырған екеу қылышын оның кеңірдегіне тақай қояды. – Бас кеспек болсада тіл кеспек жоқ емес пе, сіздерге айтар датым бар, – дейді ол, тізерлеп отыра қалып. Бұжыр сары сынай қарап алғып, «Айт, датынды» дегенде, сайрай жөнелген ол: «Осы қалаға жақын шаһардағы атақты «Көріпкел» атанған ұры едім. Байдың қызын ұрладым, жалғыз өзім барымта жасап, жылқы да алдым. «Бірақ, жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың аты шықпас» деген гой, сендердің «қырық қарақшы» атанып, бәлен жылы бәленді, түген жылы түгенді алғандарынды естідім» деп, бұжыр беттен естігендерін тізіп айттып шығады. «Сөйтіл, сендерге қосылуды армандан көп іздедім. Кессендер, бас міне» – деп, қылышын белінен шешіп бұжырдың алдына тастайды. Оған

сенген бас ұры: «Онда, бүгін сені сыйнайтын ұлы оқиға күтіп тұр, бізben бірге жүр», – деп, оны қастарына ертіп алады.

Сонымен Азамат аймаққа атақтары шыққан қырық ұрыға қосылып қалаға кіреді. Биік патша сарайының сыртына келіп, екі атты қосақтап, үстіне үш-төрт шапанды коса таңып, «ұшқан құс болмаса ешкім кірмейді» деген қорғанға шығарған саты жасалады. Қосақталған аттардың үстіне бір адамын шығарған бұжыр сары қарақшыларына «Қайсың ішке еніп, барлап келесін?» деп ұрыларына қарайды. Бірақ, ұрылардан ешкім шыға коймайды. Сонда «Көріпкел» атанған жігіт «Мен барайын» деп, ат үстіндегі алпамсадай ірі қарақшының иығына қарғып шығып, аттарға байланған арқанмен ішке түседі. Тұннің ортасынан ауып, барлық құзетшілер шырт үйқыда екен. Қорған ішінен бір ұзын саты тауып, сонымен шығып сырттағы бас ұрыға: «Құзетшілердің бәрі үйқыда, дыбыс шығармай, бір-бірлеп ішке түсіндер», – дейді Азамат. Бір-бірлеп жіпке өрмелеп, сарай ішіне түскен ұрылардың бастарын қағып алыш тұрады. Қарақшылардың барлығының басы кесілген соң, кезек бұжыр сарыға келеді. «Сіз де ішке түсесіз бе, әлде осында тосасыз ба?» деп абалап сұрайды. Сонда бас ұры «Мен талай-талай қауіпті істерді өзім басқарып істегенмін, бұл қызықтан қалай қаламын», – деп саты сирағына мықтап байланған арқанмен өрмелеп шыға бастайды. Сол кезде Азамат «Бұл әккі ұры сезіп қалып барлық істі бүлдірер» деп ойлатп, басы қорғаннан көрінген кезде қылышын сілтеп басты қағып түсіреді. Дене сыртқа бас ішке түседі. Содан ол аула ішін аралап әсем сарайлардың біріне келіп, ішке кіріп көргісі келеді. Есіктегі құзетшінің қатты үйқыда екенін көріп, саусағындағы кілттерін білдірмей алышп, сарай есігін ашады. Содан әр есікте де сондай құзетшілердің үйқытап отырғанын көріп, саусағындағы кілттерін алышп, жеті есікті ашып, кең сарайға кіреді. Залда үш құзетші қорыған есіктерді көреді. Құзетшінің бірінің кілтін алышп есікті ашса, алтыннатқан төсекте айдай сұлу қыз үйқыда жатады. Өмір үйреткен ептілікпен білдірмей қыздың құлағындағы бір сырғасын алады. Екінші есікті ашқанда, одан да сұлу үйқыдағы қыздың бір білезігін алады. Сөйтіп үшінші есікті ашқанда, айналға нұрын шашып, көз сүріндіреп қас сұлуды көріп, таңғалып тұрып қалады.

Жүргегі елжіреп, ғашық болғандай күй кешіп, балбырап ұйықтап жатқан арудың сүйрік саусағындағы жұзігін алып, есіктерді жауып, кілттерді құзетшілердің қолдарына қайта іліп, сарайдан шығып кетеді. Содан, Азамат қорғаннан шығып, атына мініп, ұрылар үйінен оттық алып, ағаларына келгенше таң атуға жақын қалады. Ол отты жағып, асын әзірлеп дым болмағандай отыра береді. Ағалары түннің қалай өткенің сұрағанда, «Жақсы өтті, ешқандай қауіп-қатер болған жоқ, бірақ, алыстан үрген иттердің даусын естідім, осы маңда ел бар болар», – дейді. Олар тағы да жолға түсіп жүріп кетеді. Көп кешікпей ел шетіне жетіп, бір қойшыға кездесіп, ізетпен сәлем береді. Алпысқа жасы келгенше бұны елеп ешкім сәлем бермегендіктен қатты толқыған қойшы, еңбегіне алған жалғыз қойын сойып, жігіттерді қонақ етеді.

Ал, ендігі әңгімені патша сарайынан бастайық. Ұйқыдан ояңған қақпаши қорған ішінде үйіліп жатқан өлі денелерді көріп, зәресі ұшады. Еңіреп жылап, патша сарайына барады. «Кешір, тақсыр, кешір» дегеннен өзге сөз айта алмаған оның нұсқауымен патша сыртқа шығады. Қақпа маңы қанға бөгіп, адам денесі үйіліп жатыр. Мәйітті санап көрсе, қырық дene және денесі жоқ бір бас табылып, таңғалады. Оның денесін қорған сыртынан тауып, «Бұлар кімдер, не мақсатпен келіп, қырылып жатыр» деген сұрақтарына жауап ізделп, елін жинайды. Көп ішінен бір қарт шығып бұжыр сарының басын танып, «Бұл қаніпезер қырық ұрының басшысы. Елге еткен қиянаты шаш-етектен еді, тартқан екен сазайын», – деп, бұл жөніндегі аңыздай болған әнгімелерді айтады. Сонда, патша бұл ұрыларды өлтірген кім екенін келіп айтса және оның қалай болғанын айтып, дәлелдесе, сол адамға сый-сияпат берілетінін айтып, жар салдырады. Ешкім «мен едім» деп шыға қоймаған соң патша, «Осы елге сырттан келгендер болса, алдыма алып келіндер» деп әмір етеді. Қойшы үйіне қонған үш жігітті алып патшага әкелгенде, олардың бұл оқиғадан кейін келгенін біледі. Қамыққан патшаның «Еш болмаса бұл оқиғаның қалай болғанын айтатын біреу бар ма?» дегенде, Азамат тәртіпке сай патшага тағзым етіп, бұл оқиғаның қалай болғанын орын-орнымен, жіпке тізгендей етіп айтып шығады. «Жалғыз өзі айласы аскан қырық бір ұрыны жайратып, арқанмен өрмелеп қорғаннан шығып кеткен ерді қалай

табамын?» – деп патша қайта қамығады. «Тақсыр, қамықпаңыз, сол пақырыңыз мына меммін» – дегенде, патша оған сенбейді. «Ол мүмкін емес қой. Сендер бұл оқиғадан кейін келдіңдер емес пе?» – деген соң, жігіт әңгімесін әріден бастайды. Екі жылдай сапар шегіп келіп, бәйтеркек түбіне қонғанын, содан ұрылардың үйіне барғанын, олардың жауыздық еткен оқиғаларын естігенін, елге кесірі тиген оларды құрту мақсатында «Көріпкел ұры» атанып, ұрылардың сеніміне кіріп, атқарған ісін айтады. Патша таңғалып: «Бәрі сәйкес келіп тұр, бірақ, оған қандай дәлел, айғағың бар?» дегенде, жігіт: «Тақсыр, «жел тимесе, ер тимес» деп қорыған, жеті қақпалы күзеті бар қыздарыныңға кіріп, олардың жұздерін көріп, алғанымды айғақ етемін. Бірақ, жазығы жоқ күзетшілердің қанын кешірсеңіз ғана көрсетемін», – дейді. Ол кешірімін берген соң, жігіт қыздардан алған сырға, білезіктің сыңары мен жұзікті көрсетеді. Патша:

– Күзеті бар жеті есіктен өтіп, уш қызымының дүниесін оларға да, күзетшілерге де білдірмей әкету тек жын-перілердің ғана қолынан келер іс қой, – деп сенбей, қыздарын шақыртады. Қыздары келіп, патшага өздерінің бір-бір сынар әшекейлерінің жоқтығын айғактайтын. Сонда патша: «Сенің пері емес адам екенінді білейін. анау тал басында қонып отырған өте сақ құс – сауысқанның бір тал қауырсының білдірмей алып келсөн ғана сенемін», – дейді. Жігіт сыртқа жиналған көптің көзінше сондай еппен қимылдан сауысқанның құйрығынан бір тал қауырсынды жұлып алады. Патша жігіттің ептілігін, еткен еңбегін, күзетшілердің өмірін қорғап қалған адамгершілігін бағалап, кіші қызын жігітке қосады. Жігіттің агаларына: «Мениң көптен арманым болып, басқа қалага шығуға кедергі болған екі жауым бар еді, соны айтайын. Көп қындық көріп, тектіліктің арқасында өмірдің қыр-сырын білген азамат екенсіндер. Бірі таудағы айдаһар, екіншісі жапан түзде адамдарымды жалмап келген арыстан. Егер солардан құтқарып, қатынас жолын ашар болсаңдар, қалған екі қызымын сендерге қосамын», – дейді. Сонда Әділ шапанын шешіп, беліне ораган қырық құлаш таспаны көрсетеді, Абзал да қоржының әкеліп ортага қойып: «Тажал болған айдаһар мынау болар» дегенде, патша айдаһардың тісін көріп риза болып, екі қызын агаларына қосады.

Патша үш кызына үлкен той жасап, ойын-сауық өткізеді. Сол тойда үлкен ұл патшаның атын сынап, кей адамдардың кемшіліктерін көріп, өзінің сыншыл көрегендігін көрсетеді. Ал екінші ұл да жеп отырған жүзімде «адам қаны бар» деп, жүзімді күткен бағбанды шақырылады. Ол, өткен жылы жүзім піскенде ұрлап қоймаган ұрыны андып ұстаганда, ұры алыса кетіп, өзін өлтірер болған соң оны өлтіріп, сол жүзімнің түбіне көмгенін айтады. Сөйтіп, ол да өте талғампаз болып шығады. Күндер өтіп, еш таршылық көрмей, күн артынан күн, ай артынан айлар өтіп жатады. Бір күні кіші ұл түсінде әке-шешесін көріп, әкесі айтқан мерзімнің өткенін сезеді. Әкесінің «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне оралуы керек» деген сөзімен патшадан рұқсат сұрауга сарайға кіреді. Ұйқыдағы патшаның бас жағынан бір жылан өрмелеп келе жатқанын көріп, қылышымен жыланды қақ бөледі. Өлген жыланды табалдырыққа көміп, қылышын шапанының етегімен сүртіп, қынына салып жатқанда патша оянып кетіп, айқай салады. Зәресі ұшқан патша жетіп келген жасауылға «Мынаны апарып зынданға таста» деп бұйырады. «Мен өз көзіммен көрдім оның қылыш суырганын» – деп, оның датын тындамайды. Аға-женгелері де, уәзірлері де патшаға келгенмен еш нәтиже болмайды. Бір күні кіші қыз патшаға кіріп «Ертеде болған бір окиға жайлы айтпақ едім, соны тында» деп, әкесіне қолқа салады. Патша рұқсатымен қыз әңгімесін бастайды.

...Ерте заманда бір патша болыпты.Ол аң аулап, құс салғанды жақсы көреді еken.Бір күні патша аң қызығымен елден ұзап кетіп, шаршап-шалдығып, бір бәйтеректің түбіне келіп отырады. Шаршап шөлдеген патшаның тілі аузына сыймай шөліркеп отырғанда, жоғарыдан су тамшылай бастайды. Олдерек қасындағы бүркітінің алтын томағасын алып тосады. Томаға толған кезде ішпек болады. Бірак, бүркіт қанатымен қағып оған ішкізбей, төгіп тастайды. Екінші рет толған ыдысты «бүркіт өзі ішкісі келген болар» деп ойлап, оған береді. Ол тағы да қанатымен қағып, төгіп тастайды. «Ә, ат – адамның қанаты ғой, атқа бер дегені болар» деп, үшінші толған ыдысты атына береді. Бұл жолы да бүркіт томағадағы суды қанатымен қағып, төгіп тастайды. Ашуланған патша бүркіттің екі қанатын киып тастайды. Корланған бүркіт

жоғары қарап, бір шаңқ етіп, өліп кетеді. Патша бүркіті нұсқаған жоғарыға қараса, бір үлкен жылан аузынан уын төгіп тұр екен. Сөйтіп, ашуға бой алдырып, ең жақын досынан айрылған патша құса болып өлген екен, – деп қыз әңгімесін бітіріп: «Тақсыр, сіз де сол патшадай кейін өкініп жүрерсіз, ең болмаса Азаматтың сізді не себепті өлтірмек болғанын сұраныз» – деп өтініш етеді. Патша себебін білмек болып Азаматты зынданнан алдырады. Ол биті торгайдай, мойны ыргайдай болып жүдеп кеткен екен. Ол болған жағдайды айтып, шапанына жүқкан қанды, босағаға көмген жыланды көрсетіп, бостандыққа шығады. Патша еткен қиянатына кешірім сұрап, тактан түсіп, тағын кіші қүйеуге ұсынады. Бірақ, ол таққа отырмай, ағаларын алып, отанына оралады. Олар еліне сыйлы, ақылды, әділ, төзімді, қайратты, адамшылығы мол, сегіз қырлы, бір сырлы, тәжірибелі іскер азаматтар болып оралады. Бұл әке сөзін тыңдалап, өзімбілдікке салынбай, ел көріп, адап еңбектің дәмін татып, табиғаттың сырын ұғып, адам жанын танып, төзімділікпен еткен еңбектерінің жемісі еді.

Сөйтіп, біздің кейіпкеріміз Ардостың сол орталықтағы әдебиет пәннің мұғалімі, екінші ұстаздының айтқан әнгімелері, оның санаасына еккен қиял-армандары мен еңбексүйгіштік қасиеттері оның бала кезінен басталған болатын.

...Иә, балалық шақ демекші, оның балалық шағы сұрапыл соғыстан кейінгі қираған шаруашылықты қалпына келтіру науқаны кезіндегі қайнаған қызу еңбек майданында өтті. Бес жасынан бастап шешесіне еріп қызылша алқабына барып, қызылшаның арам шөбін отап, жүйектегі өскінді жекелеп, сол кездегі соғыс балалары атқаратын жұмыстарды істей бастады. Өсе келе, арба айдалап, қызылша өнімін пунктке, астықты камбаға тасып, шөп шабу науқанында шөпті маяға жеткізіп, еткен еңбектеріне еңбеккүн жазылып, жыл қорытындысында колхоз қамбасынан бидай, шекер алады. Мал шаруашылығына сақманшы болып, қой төлдетіп, көмекші болғандарга тоқты берілді. Оқушылардың жазғы демалысы осылай өтсе, үй жұмысы да шаш-етектен еді. Тезек теріп, сүйекті отын алаботаны, қурайды шауып, оның төрт бұрышын тегістеп жинап, арканмен ортасынан және иық тұсынан тенденп буып, ырғалып барып тұрып кеткенде, нән шегірткені

арқалап ұясына тасымалдап бара жатқан құмырсқадай, түйедей отынды арқалап үрге жеткізетін.

Нағыз шілденің шыжыған кезінде шөп шабу басталып, шөп жинап тасуға балалар еңбегін пайдаланып, онсыз да аз колхозшыларға үлкен көмегін тигізетін. Бұл жұмысқа окушылардан ірітеліп, жасы 10-12-лердегі ересек балаларға бір-бір сатылы арба беріледі. Құндік норма орындағандарға бір енбек күн жазылады. Ал, арбага жегер жас өгізшелерді бас білдіріп үйретсе, бригадир үйретілген әр өгізге бірден 7 енбек күн жазады. Ардос та екі асау өгізшені алып, фермада жүргендे торпақты нокталап мініп, бұзау қайырған әдісімен үйрете бастады. Сүт сауышы шешесіне көмектескенде, иіген сиырдан бұзаудың басын тартып алатын. Кейіннен оны ноктамен тартпай-ақ сирағынан таяқпен қағып қалып емшектен бас тарттырып, сиыр алдында тұруға үйреткен болатын. Айуанға бас білдіретін таяқ екенин билетін ол, өзі жасап алған ұзын қамшысын шартылдатып байлаулы асау өгізшелеріне келіп, тыптырып тұрған асаудың сауырынан қамшымен жосытып-жосытып жіберіп, «Тұр-тұр» сезін ұққанша соққылап алады. «Сиыр сипағанды білмейді» дегенмен де, әукесін қасып, алдына қауын-карбыз қабықтарын тастап, қолға үйрете бастайды. Ертесіне мойнына қамыт кигізіп, арбага жегіп, шабындыққа қарай жолға салып «сол» деп шыбыртқымен тартып-тартып жібергенде түнімен дөңгелегін майлап қойған арбаны жұлқи тартып ала жөнеледі. Біраз шауып шаршаған өгіздер айтқанға көніп, айдағанға жүретіндей болып, «онға» деп қамшыласа онға, «солға» десе солға бұрылып, «тұр» дегенде жұп-жуас болып тұрады. Тұс кезінде қосқа келген шөпшілер сусындалап, ас ішіп, күннің әуірі қайтқанша дем алады. Бұл тұстікке бригадир де келіп арбакештер де тынығады. Ардос үйреткен өгіздерін бригадирге көрсетпек болады. Ол маяға екі қатынап әбден сілесі қатқан өгіздерін қосқа жақындалап калғанда атты арбадай екпіндеп келіп тоқтатып мактанғысы келеді. Сонымен, өгіздеріне «сол» деп айқайладап, қамшысымен тартып-тартып жібергенде, шөлдеп келе жатқан өгіздер оның «бұрыл, тұр» дегенін тыңдамай сайға қарай бұрылып, қамысты қарасуга қойып кетеді. Сөйтіп, арбасы аударылып, мақтау есту орнына сөгіс

алғаны бар. Жиын-терім бітіп, еңбек күнге шағып әр колхозшыға қап-қап бидай, шекер беріліп, оны дірменге тартып, үйге тасысып жүретіндер де сол балалар. Баланың істегені білінбейді, бірақ, сол кездегі балалар бір адамдай еңбек етіп, колхоз жұмысын тындырған азаматтар еді.

### Ойындар

...Қолдары сәл босаса, олардың сол кездегі ойнайтын ойын түрлерін айта кетеійн. Үлкендер ойнайтын «**тоғызқұмалақ**» ойынын өзім жете білмесем де көргенімді айтайын. Қарттар тәбе басына жиналып әңгімелесетін. Төбеден тақырлап жасаган алаңқайға қарама-қарсы орналастырып, тоғыз-тоғыздан шұнқыр қазылады. Оған қойдың қатқан құмалағынан әр шұнқырға тоғыздан салып, ойын басталады. Ойын бастаушы өзі қалаган шұнқырдан құмалақтарды алып бір-бірден екі жақтағы шұнқырға кезекпен салып отырады. Осы тәртіппен ұтқан тастарын әр ойыншының оң жағындағы үлкен қазандық шұнқырға жинайды. Бұл ойын тастар азая бастағанда қызып, жанкүйерлер «анадан баста, мынадан баста» деп ойыншылар үстіне үймелеп жатады. Тоғызқұмалақ ойыны тез пайымдап, есепке жүйрік болу қабілетін шындалады. Ұтып түрған жақ сәл есебінен жаңылыс жасаса, барлық жиган казандағы тасынан айрылып қалып, ұтылып тұрып ұтқанды мақтағанды талай көргенбіз. Үлкендер балаларға «Ұяны бұзбас болар, ұя бұзған Алланың қарғысына ұшырайды» деп үйреткендіктен, біздер ол шұнқырларды бұзбай корғап жүретінбіз.

Ауыл балалары қашанда жалаңақ, дамбалының балагы, қөйлегініңжеңі шишишталып түрулі жүретіндіктен, «**Жарысу**» мен «**Қызыл ту**» ойындарын ойнарда, қаракүрт ұсынадай етіп дөңгелентіп жерді ойып салған ұсынан «**құлышты**» алып, күс-күс табандарына жағып алады. Құлышқішкене кене тәрізді жәндік. әлгіндей етіп жасаган апанға келіп түскен құрт-құмымырса шыға алмай оған жем болады. Неге негізделіп айтқанын білмедік, бірақ «**Құлышты** табандарыңа жақсандар жүйрік боласыңдар» деген үлкендердің сөзі. Бәлкім, пайдалы жәндікті жейтін құлышты құрту үшін айтқаны болар.

**«Кашқардон»** ойынына арнап сиырдың жүнінен тарапалынған тұбіттің ортасына жұмыр тас салып, домаланта су бүркіп отырып, киіз басқандай етіп, доп жасайды. Бұл доп салмақты, лактырғанда алысқа ұшады. Ойын алаңын екіге бөліп, ортасын экпен сыйып бөледі. Екі жаққа бірдей санда ойыншылар тұрып, тұрған үйлеріне ту тігеді. Ойын мақсаты қарсы жақтың туын жығып алып келу. Екі жақ та аңдысып, әр ойыншының өз қарсыластары бар, орта сзызықтан өтулерін бақылайды. Ебін тауып қарсы жаққа жүгіріп шықкан ойыншыны қарсыласы доппен ұрады. Егер доп тисе жүгірген сол жерде тұрып қалып, тірілткенше ол ойынға катыса алмайды. Керісінше, ұрган доп тимесе, лактыруши да тұрып қалады. Бұл тәртіпті екі төреши қатаң бақылап бірге жүгіріп жүреді. Команда ойыншылары тимей кеткен допты алып келгенше, тигізбей кеткен бала олардың туын алып орта сзызыққа жетуі тиіс. Бірақ, допқа кеткен жақ өз ойыншыларына добын лактырып, олардың бірі туды алып келе жатқанды доппен ұрады, доп тисе, ол ойыншы да қатып қалып, ту кері қайтады. Осындай тәртіппен екі жақтың да ойыншылары қарсыласын алдап кетіп, өлгендерін тірілтеді. Доп тиіп, не тигізе алмай қақшиғандарды өз жақтастары бұлтарып, қарсыластың қолын тигізбей, лактырған доптан жалтарып жүріп қолын тигізу арқылы өз адамын тірілтеді. Тірілгендер ойынға араласып жүгіре жөнеледі.

**«Арқа доп»** – бұл ойында сол сиыр жүнінен жасалған допты жарға әр түрлі тәсілмен соғып, неғұрлым алысқа жеткізуге тырысасын. Бұл ойынға да бес-алты бала қатынасады. Ортаға шығушыны таяқ тастанап анықтайды. Лактырған таякты бірінің ұстаған жерінен тұтамдап, кезекпен келіп, ұшына шықканы ортаға тұрады. Жарға шиырып ұрылған допты тұрғандар таласатармаса қақшып алулары керек. Допты қос қолдап қақшыса бір, ал оң қолмен ұстаса екі, сол қолмен үш мәрте ортадағы айыптыны доппен соғуға қақылы болады. Егер қағушы допты қолына қақшытып барып ұстаса сол қақшыған сандар екі еселенеді. Қаққыштар допты ұстай алмай қалып, қолы тиғен ойыншы ортаға шығып айыпты болады. Егер, айыптыны ұрган кезде ол допты қағып алса, ұрган адам айыпты болып орынға шығады.

**«Шұңқыр доп»** – аумағы 15-20 см болатын шұңқыр қазылып,

таяқ тастау арқылы белгіленген бір ойыншы сол дәңгелек шұқырды қорғайды. Қалған ойыншылар қолдарындағы таяқтарымен допты қақпайлап, бір-біріне беріп ортаға әкеледі. Қорғаушы доптан көзін алмай сақ тұрса да айлакер салушы добын шұңқырға түсіріп үлгереді. Доп түсіруші допты алып, таяғымен қағып жібереді, ал айыпты қорғаушы оны сол доп түскен жерге дейін арқалап апарады. Ал, егер, добы түспесе өзі айыпты болып қорғаушы орнына тұрады.

«Шұлдік»—ұзындығы 80, диаметрі 20 см болатын таяқтыңұшын жалпақтап ұштап, тазартасың. Сол таяқтың жуандығындағы бір қарыс таяқшаны тегістеп тазартып «шұлдік» етесін. Ойыншылар жоғарыдағы таяқ тастау әдісімен бірінші, екінші, тағы сол сияқты таяқ тастаушылардың кезегін анықтайды. Бірінші кезектегі бала он қадамдай жерден аппак етіп тазаланған «шұлдікті» көздел таяғын лақтырады. Егер таяқ дәл тисе шұлдіктің дәл ортасын тауып, таяғының жалпақ жағына іліп алып, жоғары көтеріп қағып жібереді. Екінші кезектегі бала айыпты есебінде болып, демін алмастан «зу, зу» деп дыбыс шығарып, шұлдік түскен жерге дейін жүгіреді. Онымен қатар жүгіріп келе жатқан бақылаушылар оның дем алғанын байқаса, қайта жүгіртеді.

«Күрес», «Арқан тарту», «Ақтерек пен коктерек», «Ақсүйек», «Асық ату», «Ләңгі», «Бес тас» тәрізді ойындармен қатар, отырыспактар да ойналатын мәдени ойындар болатын. Олар: «Орамал тастау», «Сақина салу», «Жұмбақ айту». Бұлардың ішіндегі жұмбақты сату тәртібін айта кетейін. Жоғарыдағы екі ойында ұтылғанға айып салынып, ән, тақпақ, өнер көрсету талап етіледі. Сол тәрізді жұмбақты шеше алмаған жаққа «сату» амалы қолданылады. Ұтқан жақ «сатамын» деп, ұтылған жақ «аламын» деп, келіскеннен кейін отырғандар жеңген жігітке «қыздың несін аласың?» дейді. Ол «әдемі көзін» дейді, «оны не етесің?» деп сұраса, «тостаған қыламын», тағы сол сияқты қызық әңгіме-дүкенмен отырыстар жақсы өтетін. Шешесінің айтқан бір жұмбағы Ардостың есінде қалыпты. «Шидім-шидім шидім құс, ши басына қонған құс, хан қаралы қара құс, хан басына да конған құс, бұл қай құс?» дегенін шеше алмай, сатып алып, оның шыбын екенін білген.

*Мен бұл жерде баланың ойындарын және тәртібін айттың жеткізуім: жас үрпақтың дене шынықтыру, ептілік пен көрегендікті дамытатын, сол кездегі ойын элементтерінің, қазіргі спорттыларға көмегі тисе мақсатымның орындалғаны деп білемін. Сонымен қатар айттарым – жағарыда айтылған ертегідегідей, соғыс балаларының жағдайга байланысты ақытуышыны татып, жақсы-жаманды көріп, қаршадайынан еңбек майданына араласып, ерте есейгендігі. Олардың астың қадірін біліп, оны бағалайтындығы. Бірлік пен тірліктің, ынтымақ пен достықтың дәмін татып, ауыл балалары бір адамның баласындай тату осуі. Алдан-арбаган алаяқтан, жағымназ осекишиден, мансапқордан, жалқаудан, ашқарақ тойымсыз қылықтардан жаіркеніп, әділдік пен адалдықты ту етіп осуі еді.*

Соғыс кезі ауылга жер ауып, шешендер мен қарашайлар келді. Қарашайлар жергілікті халықпен тілдері ұксас болғандықтан тез сіңісп кетті. Шешендер алғашында ашығып, жоңышқаны тұздап жеп, ісіп-кеуіп біразының өлгенін көрген Ардос қанағат пен шүкіршіліктің мәнін біліп, анда-санда жеген быламықты қанағат тұтып, айына бір рет жейтін «бекпен күнін» асыға күтетін. Бидайды жарма етіп қол диірменге жарып, кебектемей май қатып жасалған бекпенде балалары жеп, шешесінің «Жарлының бір тойғаны – шала байығаны» деуімен, ол күнді тойладап, әкесінің соғыстан аман оралуына тілек ететін. «Аштықта татқан дәм таңдайдан кетпейді» дегендей, соғыс бітіп, әкесі аман оралып, мәре-сәре болса да, молшылық әлі бола қоймады. Тәтті атымен жоқ, ал шекер де тапшы, ондай дәм тек қонаққа арналып сандықта сақталады. Бір күні Ардос інісі қоймаған соң шешесінің жүк артына тыққан табаға қатырған қанттын алады. Үрліғын білдірмеу үшін дәңгелек қантты шетінен екеуі кезек тістеп жеп, теп-тегіс етіп кайта орнына қойып жатқанда, терезе алдына қойған алты пияланы құлатып, тас-талқан етеді. Ол кезде дүнияның жоқ кезі, ақ құман, кеселерді құрсаپ, жамап пайдаланады. Тәтті құмарлық осындаған оғаштық жағдайға келтіргені бар.

Баланың жасы 16-ға толып, жеті жылдық орта мектепті бітірердегі бір қызықты жәйтті айта кетелік. Мектептегі

балалардың ішіндегі бойшаны да ересегі де осы Ардос болатын. Нашар оқып, бірер жыл кластан өтпей қалған Қатшагүл, Назкен, Асылхан атты ересек қыздар да бар еді. Ал, Ардостың мектепті тоғыз жасынан бастағанын білесіздер. Бір күні ол өрістен келетін малдарын күтіп, есік алдында тұрганда, ұзын бойлы қараторы әдемі қыз Қатшагүл сылаңдап жетіп келеді. Ол оның жеңілтектеу мінезін онша жақтыра қоймайтын. Қыз әдеттегіден бөлек сзылып келіп:

– Ардос, саған айтар бір сырым бар еді, – деп қолынан ұстай алады. Шошып кеткен ол, «маған сөз айтпақ ойы бар ма?» деп қолын тартып алғып, көше бойлап жүре бастайды. Қадалған қыз қалмай:

– Сәл тоқтап, мені тыңдаши. «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, көзben көр де ішпен біл» деген ғой Абай дана. Саған Асылхан ғашық, онысын айта алмай жүр. Сен де оны ұнататын тәріздісің, – деп, әдепті, аққұба, әдемі, бидай өнді Асылханды, басқа қыздардан ерекшелеге сыйлайтынын айтып тұр. Махабbat жайлы оқыған кітаптарда ғашық уын ішіп мерт болған ғашықтарды білгені болмаса, өз басының оны сезер жасқа толмағаны анық. Ардостың екі беті дуылдап қызырып кетеді. «Бұл қалай сонда, ғашық болса үйлену керек пе? Оқуды қайтеді». Осындай ойлармен әзер дегендे өзіне келіп:

– Менің ондай ойым жок, оқимын.  
– Оған оның қандай зияны бар. Асылхан айт деген соң...  
– Жо, жоқ, болмайды.  
– Өзің біл, сезіммен олай ойнамайды, – деп, секен-секен етіп Қатшагүл қыз кете барады.

Сейтіп, Ардос түнімен өзі оқыған кітаптардағы ғашықтардың зары құлағынан кетпей, «Сол ғашықтар тәрізді өліп кетсе қайтем» деген балғын оймен үйқыға кеткен болатын. Ертесіне мектепте соңғы қонырау, коштасу болатындықтан мектепке ерте барған. Мектепке кіреберісте қасында женгетай қыз бар, Асылханға кездесіп қалады. Еріксіз оған жалт қарағанда оның екі беті нарттай қызырып, бетін басып, класына кіріп кетеді. Абырой болғанда жігіт «а» қыз «б» класында болып, қонырау соғылғанда қыз кластан шығып кетіп, олар қайта кездеспеген.

Қыздың жан сезімін айта алмай, үялғанын көрген бозбала оны қатты аяды. «Енді не болар екен?» деп аландал жүргенде, арада екі ай өтпей-ақ оның қүйеуге шығып кеткенін естіді. Сонымен 16-дағы бозбала алғаш рет ғашық деген сөзді естіп, ол сезімнің өзі ойлағандай қауіпті еместігін білді.

### Көкпар

«Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы» дегендей, Жамбыл қаласындағы жалғыз интернатқа қабылдану, баланың жоғарғы оқуға түсkenімен бірдей жағдай болатын. Ардостың әкесі баласының оқуын армандал, интернатқа қабылдану жағдайын сұрастырып, сол кездегі ең беделді мамандық «қойшы» екенін біледі. Сөйтіп, баласын оқыту үшін, ферма менгерген «атқамінер» лауазымын өткізіп, бір отар қой алдып, қойшы болып шыға келеді. Интернатқа қабылданатындар: жетімдер, жартылай жетім және алысқа мал айдал бағатын шопандардың балалары. Сол жылғы интернатқа қабылданған 86 баланың бірі болып арнайы жолдамамен келген Ардос та интернатқа қабылданады. Интернаттағы тәртіп әскер тәртібіндегі қатан. Таң атар-атпастан сағат 6-40-та горн тартылып, ұйқыдан оянып, жуынады. Қатарға тұрып, дene шынықтыру, 7-30-ға дейін тамактанады. Қара шалбар, ақ көйлек, қызыл галстук тағынып, тауықтың балапанындағы біркелкі болып оқуға барады. Сабактан соң кешікпей интернатқа келіп, тәрбиешіге белгіленіп, тамактанып, оку залына барып, сабак дайындал дегендей, ережеге сай тәртіп сақтайды. Интернатқа алынған балалар кілең 4 пен 5-ке оқитындардан іріктелген, конкурстан өткендер ғана болатын. Ауылда орыс тілі мұғалімі болмай келген кейбір қазақ балаларына орыс тілі пәні өте қыын болды. Желтоқсанның бас жағында қалың қар жауып, «костяланшадан» жазғы киімді тапсырып, қыстық біркелкі бөрік, пальто, керзі етік киіп, оқудан келсе, ауылдан әкесі келіпті. Аман-саулықтан соң білгені шешесі 43 жасында перзентті болып, атын «Абай» деп қойыпты. Баланың қуанышында шек болмады «Шүкір, шүкір» деп әкесіне білдірмей көзіне келіп қалған жасты сұртіп тастады. Соғыс қынышылығын бірге көрген апасы Мөлдір мен інісі Есендігі және соғыстан кейін әке-шешесінің көрген қуанышы

Раушан мен Үсендіктер сол кездегі дәрігерлердің жоқтығынан қызылша (кор) ауруынан шетінеп кетіп, жалғыз қалған болатын. Шүкір, енді бір қарындасты екі інісі бар, Алланың бергеніне шүкіршілік айтып, қуанып жатқаны. Әкесінің төрт ауданын аймақтық депутаты болып атағы шығып, қой шаруашылығын еркендетіп тұрған ферма мемлекеттің қызметін тастап қойшы болуының тағы бір себебі, көрші Свердлов ауданына шешесімен кеткен Оспан інісінен қалған тұяқ Тәнірбергенді қасына алу болатын. Қыста мал ауылдан 200 шақырымдай жердегі Мойынкүм қыстауына көшіп, сол жерге әр ауданнан келген қойшылар қыстайды. Сейтіп, келіні кеткен қойшы ауылмен араласып баланы алып қайтады. Жазғы каникулға шыққанда Ардос үйі «Көделі» жайлауына шығып, жаздың жайнаған кезінде арманда кеткен Қекесінің баласы Тәнірбергенді сұндеттеп, соған үлкен той жасалды. Соғыстан кейінгі елдің еңсесі қөтеріліп қалған кезінде өткен жайлаудағы бұл тойға 80-ге жуық ат жиналышып, қекпар берілді.

«Кекпар» ойыны – «Күрес», «Аударыспак», «Теңге алу», «Қыз қуу» «Бәйгі» тәрізді қазақ жүртүшінің ежелден келе жатқан спорттық шаралардың бірі. Балалықты тастап, жігіттікті бастар 17-ге келген Ардосқа, әкесі өзінің тортөбелін мінгізеді. Қекпар батасы берілген соң, қекпарға арналған көк серке лактың басын ішек-қарның алып тастап, ішін таспамен тігіп, баланың тақымына салып береді. Аттылы қекпаршылар екіге бөлініп, той болған жерден қашық емес екі төбөгө қарай кетіп барады. Ат, есек мініп тойға келгендер мен жаяулар да екі төбенің ортасына қарай барады. Той басқаруши барып қадасын қақан жер төрешілер мен көрермендер тұратын орын. Ардостың қасына ерген атқа, тайға мінген өзі қатарлы оншақты бала қекпарды тартқылатп барады. Сейтіп, олар қекпарды қада қағылған орталыққа әкеліп таставады. Екіге бөлінген қекпаршылар өздері келіскең додашыларын ортага шығарып, қалғандары тартысуға дайын тұр. Қаба сақалды ірі денелі төреші қарт:

– Көптен бері ансаған тойымыз болып, қекпар беріліп жатыр. Қуаныштарың құтты болсын, ағайын! Ал, енді, анау екі тәбе – мәре. Өзара келісіп, 20-20-дан бөлінген екі топтан басқа

аттылар көрермендер жағына шыксын. Салым үш кезек. Женіске жеткен топқа 200 сом ақша. Бұл бір жылкының құны. Дөрекі қылышқа жасамай, халқымыздың ұлттық өнерін жалғастырып, жиналғандарға өнер көрсетіндер. Бұл сайыс біткен соң жалпы көкпар болады. Ал, іске сәт! – деп қамшысын төмен түсіргенде, екі топтан оншақты атты када түбінде жатқан көкпарға бірі еңкейіп, бірі атын қамшылап ортаға ұмтылып, дода басталып кетті. Ат үстінен еңкейе көкпарға жеткен екі-үш қол лақты керіп көтеріп, жұлқыласып жатыр. Көкпарға қолы тиген аксары ірі жігіт ышқына айқайлад:

– Құлбатыр, тарт атты.

– Жібер! Тарт! – деп ышқынған, ат бауырындағы көкпарға жабысқан қолдардың бірі жұлқа тартып, босаған көкпарды сүйрете көтеріп барады. Сол кезде команда мүшесінің бірі оның атының саурынан қамшысымен тартып-тартып жібергенде, тоқпақ жалды жуан торы ыршып алдындағы аттарды омыраумен қағып додадан шықты. Көкпарға жабысқан тағы бір шабандоз қатар шауып келеді. Екі қол екі жаққа тартып, көкпарды жіберер емес. Ат үстінде тіктелген екеу қамшыларын тістеп алып, қос қолдап шалқая тартысада. Басқа көкпаршылар да жетіп, дода қайта басталды.

– Жұлқып тарт!

– Бас, тақымға бас!

– Жібер, онбаған!

– Сүйрете тарт! – деген айқай мен пысылдаған аттардың дыбысы, аттар тұяғынан көтерілген шаңмен ұласып, кімнің кім екенін айыру мүмкін емес. Аты мықты әлгі жалпақ сары үзенғіге шірене көтеріліп, көкпарды жабысқан қолдардан айырып алып, сол жағындағы өз адамы бар тақымға қысып, атына қамшы басты. Ат ыршып, топтан шығып төбеге қарай зырғып барады. Қуып жеткен қарсыластың атын, езімен қатар шауып шыққан жақтасы олардың алдын кес-кестеп жолатар емес. Мықты тақымды жалпақ сары, ебін тауып жабысқан карсыласқа бой бермей мәрекеге жетіп көкпарды таstadtы. Есеп бір де нөл. Оң жактағы төбенің командасының пайдасына шешілді. Көкпарды қайта әкеліп, ортаға таstadtы. Төрөші қамшысын жоғары көтеріп:

– Екінші салым! – деп қамшыны төмен түсіргенде, дода басталып

кетті. Бұл жолы қарсы жақ бір қайратты жігітін әзірлеп әкелген еken, қолы қекпарға тиер-тиместен іліп ала жөнелді. Күа шапқан қарсы жақтың жігіттеріне қекпарды ұстаптай, жоғары көтеріп алып, онынан келсе солға, солдан келсе онға лақтырып, қақпақыл етіп шауып барады. Бір кезде құйындастып шауып қасына жақындаған қара аттыға қекпарды өңгертіп қоя берді. Жүйрік атты қекпаршы жігіт ешкімге жеткізбей сол жақтағы төбеге апарып салым салды. Ұпай: бірде-бір. Шешуші үшінші кезең басталып, екінші сайысқа қатыспай аты да өзі де дем алған жалпақ сары жігіт қекпарды додадан алып шығып, қарсыластың әдісін қолданып, бұлардың да бір жүйрігі мәреге жеткізді. Қөрермен тойшылар шуласып мәзмейрам болды. «Қырық жігіттің колы тиіп иленген қекпар еті көп ауруға ем болады» деген бар. Қекпардан дәмесі барлар түгел қатынасатын жалпы қекпар өте қызық болады. Сонымен төреші батасын беріп, қекпарды ортаға тастасымен барлық жиналған аттылар қекпарға араласып, әр колхоз бен әр ауыл адамдары болек-болек топ болып қызу тартыс басталды.

– Қап, ит-ай!

– Ойбай, өлдім!

– Кет әрі, кенкелес!

– Ой, әкенді... Сындырдың қабыргамды! – деп жанталасқан жігіттер бір-біріне қамшы да сілтесіп, додадан қекпарды алып шығар жігіт болмады. Қекпарға қол жетер емес, аттан ауса өлді дей бер. Қөп атты үймелеп жатқан жердегі қекпарды жігіттің жігіті ғана алып шығады. Топ ішінен қара терге малшынып, қашағай қатқан қара сүйретіліп шыға берді. Барлық аттылар соның сонына түсті.

– Әкетті, ойбай әкетті! Шайданалықтар әкетті!

– Жоқ, ол Еңбектікі.

– Ә, бәрекелді, анау жабысқан біздің Титай ғой! – деп айқайласып, шуласып, тұргандар да тарай бастады. Қекпаршылар қырдан асып қөрінбей кетті. Қекпарды кім әкеткені ертен мәлім болады. Себебі бұл қекпар әңгімесі біразга дейін айттылып, жыр болады.

Енді баланың интерната өткен өмірінен қысқа бір елесті Ардостың өз аузынан естиік.

## Интернатта

Білім іздең қалаға келген ауыл балалары мен қыздары, тәртіпке үйреніп, бір ананың баласында тату тұрамыз. Мектептегі класс жетекшіміз жоғарғы оқуды жақында бітірген ашандай жігіт. Сірә, көп оқитын болуы керек, көзінің айналасы көгеріп жүреді. Математика мұғалімі жалпак бет, жазық маңдай орта жастағы кісі. Оның кейігені «Қосаяқ, қосаяқ, тауықта да бар екі аяқ» деп ұрсып алып, сабағын түсіндіретін. Орыс тілінің мұғалимасын, балалар атын атамай Донская дейді. Өте қатал, жүрісі де қызық. Денесін тік ұстап аяғына тас байлап алғандай қойқан-қойқаң етіп, секектеп, секіріп жүреді. Оныншы класта оқитындар соқталдай-соқталдай ірі, бұлшық еттері білемдей жігіт болып қалған балалар. Қожантаев Мейірхан қоңыр дауысты, мығым денелі жігіт интернаттың балалар советінің төрағасы. Өдемі құлкісі бар ұзын қара Тұрыш – домбырашы. Гир тасын қақпақтап төсімен қақшып ойнайтын мығым денелі сары жігіт Серікті интернат тәрбиешілерінің бәрі сыйлап, кенесіп жүреді. Себебі ол – «Атаман». Оның айтқаны балалар үшін заң. Балалар арасындағы ұрыс- керіс, тәбелесті өзі талқылап, жаза қолданады. Оның ұрлыққа жол бермей, бір сұғанақ Сәбит деген баланы интернаттан кетуіне мәжбүр еткенін барлық балалар біледі. Ересек қыздар да сондай мейірімді, кішілерге өз бауырларындағы қарап, көмектесіп жүреді. Әлі есімде, бір күні тасқа соғып сексеуіл жарып, табанының үстінде желдеткіш тесіктері бар шойын үткіті даярлап, шалбардың қыртысын дөңгелентіп жазып жатқанда, оныншы кластың Батима атты қыпша бел әдемі қызы келіп:

– Ардос, шалбарды олай өтектемейді, – деп, өзі өтектеп, әрі шалбардың қырын қалай шығаратынын, кос қыр болмас үшін балақты теңестіру керектігін айтып, үйретті. Содан бері әр үткі ұстаганда, Батима апайды есіме аламын.

Голощекиннің геноцидтік саясатының әлегінен Әулиеата жерінде аштықтанелқырғынға ұшырап, халқы сиреп қалғандықтан Қазсовнаркомның жарлығымен бұл жерге Қарақалпақстаннан 1000 үй көшіп келген болатын. Біздің үй Әулиеата жерінде 26 жыл тұрып, ағайын-тумаларымен араласу мақсатымен қайтадан

Қарақалпақстанға көшіп кетті. Мен де 9 класты бітіріп, пойызға шығарып салған Амангелді, Тоқтасын, Бегалы, Бақтияр сыңды достарымды қимай:

Кұлыш-тайда жарысып, жағаласып,

Бірге өсіп ек, достарым, арапасып.

Жүрсек тагы алыста, көргендей бол,

Тұрайықши хат жазып, хабарласып! – деп құбірлеп, өркеш-өркеш таулардың тасасында көкпенбек болып қалып бара жатқан туған қалам Жамбылмен, мені қимай әлі де қол бұлғап тұрған достарыммен солай коштасқанмын. Иә, сөйтіп, менің балғын балалық шактарым да артта қалып барады. Тұтінін будактатқан паравоз айқайға басып, Қаратуға жақындал келеді. Жолсерік шал терезелерді жаптырып, пойыздың «тескен тауға» кіретінін ескертті. Ысқырып кірген паравоз дауысымен вагон іші тастай қаранды болып, аздан сон жарыққа шықтық. Ертеде біреулердің «Бұл ағаң нені көрмеген, тескен тауды да көрген» деп мактанғанда, Меккеге барып келгендей көретінбіз. Міне, енді мен де тескентаудан еттім. Таң ата Ташкен қаласына келіп пойыздан түстім. Сары чемоданымды көтеріп, пойыз кестесін іздел келе жатып, тәшкі айдаған орта жастағы өзбек кісіден жөн сұрағанша болмай, ол жүгімді арбасына салып, «Қайда?» деді. Мен түсінбей қалып «Хожеліге» дедім. «Ә, алтыншы зал екен», – деп тәшкісін айдай жөнелді. Ол кезде вокзал бір қабатты үйлерден құралған б салоннан тұрады екен. Соңғы үйдің алдына қойылған отырыштардың біріне әкеліп чемоданымды түсіріп.

– 10 сум пұль бересін, – деді.

– Ә, ол не үшін?

– Сізге көрсеткен қызметім үшін. – Мен дархан қазактың кең пейіліндей, келген қонақты күтіп алып, шығарып салатын өзбектердің меймандостығы болар десем, олай болмады. Сөйтіп, саудагері көп Өзбекстанда көрсетер көмегінің де сатулы екенін білдім.

Пойыз түнімен жүріп жолдағы үлкен қалалар: Самарқан мен Қоқаннан өткенін байқамай да қалдым. Таң ата Түрікменстаның Чаржау қаласына жеттік. Жамбылдағы ауылда екі-үш өзбек болғанымен, нағыз өзбекті Ташкеннен көрсем, түрікпен халқын

көрмеген едім. Бастарына бір қойдың терісін қоқайма бөрік етіп киіп алған ерлері, ұзын зер салған қызыл кейлек, балағы зерленген дамбал киген әйел-қыздары вокзал алдындағы базарда толып жүр. Сейтіп түрікпендерді де көріп, Амударияға салынған атақты Чаржау көпірінен өтіп, тал-дараксыз мидай даламен жүріп келеміз. Жердің беті аппак сор, өркеш-өркеш құм. Темір жолды қошқін құм басып қалмау үшін жол бойына қамысты керегелеп отырғызып қойыпты. Тозақ іздеғен адамға бұдан артық тозақты іздеудің керегі жок болар. От десең от, шоқ десең шоқ, жанып тұр-ау, жанып тұр. Осындай ыстық аптапта, тұс мезгілінде Хожелі станциясына келіп түстік. Атақты Бесқала атанған жердің ең көне қаласының бірі осы – Хожелі. Әкем мал шаруашылығында болып, тұзді көп кезгендіктен болар ете жершіл адам еді. Хожеліге қошкенде шығарып салып тұрган маған:

– Пойыздан түскен соң, сол жағындағы темір жолдан өткенде, алдыннан жалғыз аяқ жол шығады. Сол жолмен жарты шақырымдай жүрсөң кең түзу көшеге тірелесің. Сол көшениң он жақ бетінде №7-ші үй Нұртаза атаңын үйі, – деген. Сары чемоданымды көтеріп, әкемнің сілтемесімен жүріп келіп, бір үлкен үйдің алдында тезек жайып жатқан кимешекті әжейге келіп сәлем бердім. Келбетті аққұба кемпір иіліп орнынан әзер тұрып, бір қолымен буйірін таянып, бір қолымен көзін көлегейлеп:

– Ибий, осы біздің Қалидың Ардосы емеспісің? – деді менің үстіме киген киіміме, көтерген чемоданыма қарап, бұл жердің еместігімді аңғарып. Себебі, тар балақты шалбар, ак кейлек, Германияның шибарқыт бешпетін киген менің модам, басқа қаладан келгенімді әйгілеп тұрган еді.

– Ия, – дедім, чемоданды жерге қойып, «дәл таптым» деп ойлап.

– Ая, ая, Шарбанудың тап өзі, айнымаған, – дей келіп, бетімнен сүйді. Жол бастап, ұзын үйдің іш жағындағы биік екі қақпалы есікті ашып:

– Отағасы, балаң келді. Жамбылдан келді, – деді кірер есіктің сол жағындағы сыпа (тапшан) үстінде отырған ұзын жеңді кейлегі, ак дамбалы бар қартқа қарап. Ол біздің әулеттің ең үлкен карты Нұртаза атам болатын.

Біздің үйдің көшіп барған жері Хожеліден 70 шақырымдай жердегі Шоманай қаласы екен. Таң ата сол бағытқа карай тас жол салып жатқан самосвалдың кабинасына бір шал екеуміз мініп, жүріп кеттік. Төсеп жатқан жол қалаға он шақырымдай жетпей бітіп, жыңғыл, шенгел өскен боз топыракты кешіп, төтелеп жүріп келеміз. Жол бастаушы қасымдағы карт жасы 86-ға келсе де еңсесі түспеген тіп-тік ширақ кісі екен. Үйден келген хатта «бұл жакта шакпақ қант жок» дегендіктен Жамбылдан базарлыққа 10 пәшке қант салған ауыр сандығымды көтеріп шалға әзер еріп келемін. Біраз жүріп барып, мені күтіп тұрған ақсақал «Сендей құнімде усы жерге бір бума матаны беліме орап пияда келе беретін едік» – деп, менің чемоданымды көтеріп көрді.

– Ішіне тас салғанбысың, ауыр ғой.

– Кітаптарым.

– Ә, анау қырдан ассак, теректер көрінеді, аржағында Шоманай тиіп тұр, – деген карттың сезінен «пияда» дегеннің жаяу екенін ұғып, қарақалпақтың «ауасы» – «ия» екенін біліп, тіл үйрене бастадым. Әлгі қарт мені МТС базасына әкеліп, үлкен арықтан өтер көпірді көрсетіп:

– Ана жаптан өтетін паяпұл қасындағы отырғандарға бар, аржағы Шоманай, – деп қырдан асқанда көрінген шоқ теректің түбіндегі үйіне кетті. Кейіннен біздің жактың адамдары бейтаныс адамды «Төскейде төс қағыспаған» дегендей, бұларда жат адамды «көпірде көт қағыспаған» дейді екен. Сонымен «паяпұлы» – көпір, ал көпірі – біздерше өткел тәрізді арықтан өтуге арналған тар көпірден құйрық түйістірмей өте алмайды екенсін. Үш ай каникулда жаңа қоныспен танысып, ағайын-тумаларды аралап, нағашы жүртүмді таптым.

Келгелі сұрастырып жүріп, жақын ағаларының бар екенін білген шешем «нагашынды таптым, соған барамыз» деген. Келерде көрген паяпұлдан өтіп, шоқ тал түбіндегі МТС базының саясында Хожелі жаққа баратын машина күтіп отырмыз. Қолеңке саясына мен, шешем және мен қатарлы қыз шешесімен жайғастық. Шешем әлгі әйелмен сөйлесіп, бір- біріне құдағай болып шықты. База қақпасынан көліктің шығуын күтіп, ауық-ауық тұрып қарап отырғанбыз. Бір кезде қыз шешесі «Құда бала, қарашы, машина

шыккан жок па?» дегенге қолымдағы оқып отырған кітап қызығымен естімей қалып, тұра қоймадым. Қыпша бел сымбатты аққұба қыз орнынан бұрала тұрып:

– Құда баланың асты ауырлау ма, қалай? – деп, машина келер жақты өзі қарап келді. Қыз-жігіттер болып әзілдесе жүріп, жас қыздың мұндай дөрекі сөздерін естімеген едім. Таңымаған жігітке жеңгесі де айта алмас сөзді ұялмай айтқан қыз сөзі қытығыма тиіп, қалтамда жүретін қаламымды алып, кітаптың ақ бетіне «құдаша» деп бастап, бес-алты шумақ өлеңмен жауабымды жаздым. Сымбатына ойы сай келмеген құдашама машинаға мінген соң да біраз қарап отырып, түсерде кітап бетін жыртып хатымды қолына ұстасып кеттім. Қарақалпақ жеріндегі алғашқы кездескен қыздың қылышы әлі де тіл, сөз мәдениетінің жетісе қоймағанын білдірді. Ол қыз кейін менің жазған өткір сыйнымды оқып, «Ойланбай сөйлеген ауырмай өледі» дегендей, ойлап сөйлейтін болар бәлкім.

Жолда машинадан түсіп, қалын жыңғыл ішімен жүріп келеміз. Алдымыздан үй көрініп, ит үрді. Ауладан кішкене бойлы қара кемпір шығып, шешемнің келерін білсе керек, шешеммен көрісіп жылап жатыр. Үй жанындағы бақшадан қолындағы кетпенін ишігіна салып, ұзын бойлы қаба сақалды шал күлімдеп келеді. Мен ертегі, дастандардан оқыған үлгімен нағашыма:

– Ассалау мағалайкум, – деп оң қолымды төсіме қойып сәлем бердім. Ол қобалжып түрі өзгеріп, «Уағалейкумассәлам», – деп ұсынған қолымды алды. Анаммен де көзіне жас алып көрісіп жатты. Үйге кіріп отырған соң:

– Мынау әлгі Жамбылда оқып қалатын жиен бе? Нағашың Созақ батыр, Көшер би, өз аталарың бүкіл қазақтың арын арлаған Жоли, Сарман атаңа, жарықтық қара су қорғасын боп ұйыған Қара аталарыңа тартсаң бір жерден шығарсың. Аман бол, – деп бетін сипап бата қылды. Аталар жайлы біраз әңгіме айтты. Хиua хандығының өзбектерінің аузын аштырмай сөзбен байлап ұтып, «Қырдан Сарман келді дегенше Алладан пәрмен келді десеіші» деп. ел аузында аңыз боп қалған ата жөніндегі нағашымның айтқанынан туған әңгімемді жеткізейін.

## **Сарман Ата**

Қазақ халқының ішінен шыққан ойшыл, сөзге шешен, тапқыр адамдар жөнінде айтылып жүрген аңыз-әңгімелер көп-ак. Бір кездегі сондай әйгілі адамдар аңызға айналып, уақыт өте осында ерекше, біртуар аталарды, әр ұрпақ өзіне теліп, бәленшеттіңшенің әңгімесі етіп жатады.

Өкінішке орай, кейбір абзал аталар жасаған мұралар, аты елге ertелеу тараған аңыз иелеріне тели салынады (Кожанасыр, Алдаркөссе, т.б.)

Бала кезімде елдің үлкен карттары «Балам, шыққан тегінді айтшы» деп жеті атамды айтқызыбак болатын. Мен сонда саусағымды санаң:

— Табын, Табынның Қарақойлысы, Қарақойлының Жолиы, — деген кезде:

— Ә, ит сатқан Жоли екенсін ғой, — деп мейірлене құлетін. Мен катты намыстанип, әрі қарай саусақпен ата санауды тоқтататынмын. Өсе келе Сарман ата жөніндегі әңгімелерді естіген сон риза болып, мактан тұта бастадым.

Ал, енді, сол ауыл қариялары айтқан Сарман ата жөніндегі әңгімелерді ұрпақтарға баяндап берейін.

Ертеректе, бұдан 30 жылдай бұрын «Жұлдыз» журналында жарияланған Ақмешіт (Қызылорда) өнірін мекендеген Табын Сарман би ата жөнінде жазылған мына бір мәліметтер санамда әлі күнге дейін сақталыпты.

...Бұдан 300 жыл бұрын Сыр бойындағы Табын Сарман биге ел ақсақалдары жиналып келіп, Хиуа хандығы қазактың жеті батырын алдаң шақыртып алышп, өлтіргенін айтып, Сарман биден өзбектерден кек қайтаруды өтінген. Содан Сарман «құ» атанип, хиуалықтардан кек қайтарған екен. Сарман атанин да өзі де ақырында сол ағалары тәрізді Хиуа ханынан ажал тауып тынады.

Ал аты аңызға айналған Сарман қуды Хиуа сарттарынан кек алуға итермелеген тағы бір жағдай кыр қазақтарының ойға базарлауға керуен тартып барғанда «асқабақты қауын, бұрышты алма» деп беріп, мазақ етіп күліп, малдарын арзан алышп, күлықпен

келеке еткендігі де еді. «Өзбек – өз ағам, сарт – садағам» демекші, саудагер Хиуа сарттарының дархан көнілді қазақты майда қылышпен алдауы да Сарман атаның арын жаңыған еді.

Сейтіп, Сарман кек қайтаруға шығады. Эрхалықта да кездесетін майдалық әрекет пен дүниекорлық сөзі саудагер сарттарға бағытталса керек. Кең даладай дархан, дария пейілді қазақ ішінен шығып, пысықсынған сарттарға өнерін көрсетіп, «Сарман құ» атанған халық азаматы жөнінде естігендерімді жазайын.

### Сарманың хан олжасын бөлуі

Хиуаның ханы қасына ерткен уәзірі, нөкерлері бар бір қолдің басында құс атып, саят құрып жүреді. Ханың тобы біраз құс атып алды, ханың алдына әкеліп үйеді. Санаса, бес құс. Хан ойланып, уәзіріне «мына құстарды екеумізге тендей етіп бөл» дейді. Ал, уәзір бес құсты тендей етіп қалай бөлерін білмей қатты қиналады. Сасқалактап тұрған уәзір бұларға қарай келе жатқан түйелі қазақты алыстан көріп, қуанышпен қалады.

Қырдан атан түйеге мініп ойға келе жатқан Сарман көл басындағы құс атып жүрген хан тобын көріп, соларға қарай бет бұрады. Жолда қаңғалактап ұшып келе жатқан бір шүрегей тартар құсты атып алады. Сөйтіп, олжасын қанжығасына байлап, хан тобына жақындейді.

Тығырыктан шығар жол тапқандай қуанған уәзір ханға:

– Хан ием, төрелігіңе құлдық, ана келе жатқан қазақты сөйлетіп қызықтайық. Сол шешсін, сіздің бұл терең ойлы сауалыңызды, – дейді. Хан өзі құрған тордан уәзірдің жол тауып кеткеніне масаттанып:

– Жарайды, күтейік, – дейді.

Сарман хан тобына жақындалап келіп, түйесін шөгеріп, сәлем беріп, салт бойынша саятшылардың олжасынан сыбаға сұрайды. Хан аңғал қазақты бір мұқатып алмақ оймен:

– Мына атып алған бес құсты уәзірім екеумізге тендей етіп бөле алмай тұр еді. Сен сыбаға сұрадың, енді осы құстарды үшеумізге тендей етіп бөліп, үлес жаса, – дейді.

Сарман ханың ойын тез түсініп, өзі атып алған шүрегей тартар құсын қанжығадан шешіп алып:

Үлесіме үш үйрек,  
Сыбағама қоңыр қаз.  
Екі сартқа бір тартар,  
Ақкуды Сарман түйеге артар, – деп хан мен уәзірге өзінің  
олжасын беріп, ханды сөзден жығып, барлық олжасын алып  
кеткен екен.

### Ит сатқан Сарман

Жылда қыр қазақтары (Жем бойы, Ойыл, Доныздау өнірі, Ақмешіт аймағы) ойға түсіп, керуен тартып, мал айдап барып, Хиуа жәрменекесінен керекті тауарлары мен шай, өрік-мейіз, қант алып қайтады екен. Осындай керуен жасақтап, Сарман ата Хиуага жақындал барып қонады. Жол-жөнекей кездескен бір үлкен итті атып алады. Тұнде қонған жерінде әлгі иттің бас-сирағын кесіп тастап, жақсылап үйітіп, қонаға сойылған қойдың басын, сирақтарын сол ит құйқасына қосып, ертесіне өзбек базарына алып шығады. Қан базардың ортасына тұрып алып:

– Қырдан келген балдай ет,  
Өзі үйітілген қандай ет?  
Алған да арманда,  
Алмаған да арманда,

Аlam десен, қалмай жет, – деп жар салып тұрғанда, сол қаланың әкімі үйіне мейман келіп, базардан «гош алуға» келеді. Сарманның айтқан сөздеріне сеніп, қойдың басы мен жұп-жұмыр етіп үйіткен иттің етін мактауы жетіскен соң мактан үшін түгелдей алып кетеді.

Әлгі бай өзбек үйіне әкелген «үйітілген қой гөші, қырдан келген, жұдә мазалы, семіз» деп мақтай-мақтай қазанға салады. Су ысып қайнар-қайнамастан-ақ ет қазан қақпағын бүлкілдете бастайды. Талай ет пісіріп, аспаздық өнердің шегіне жеткен өзекен бұндай сүмдықты көрмепті. Ашып қарап еттің қойдікі емес, иттің еті екенін біледі. Ол дереу қасына жасауыл ертіп әлгі «қой» сатқан казакты іздейді. Сөйтсе, Сарман әлгі жерден сәл арылау барып, басындағы бөркін теріс киіп, бір көзін желімдеп алып тоң май сатып, жар салып отырады.

Өзбек байы базардан Сарманды көріп, «Шу қазақтың өзі қу.

бірақ бұның мына бір көзі көр екен, ә» деп, танымайды. Сарман әлгі тоң майды алдын-ала әзірлеп арнайы тесілген жерден жусан өткізіп алып, «еріп тұр-ау, еріп тұр» деп, мақтап-мақтап көрсетіп, сол байға кесек-кесек тоң майды сатып жібереді. Бай мейманына «гөш» асып бере алмай, енді палау пісіру қамына кірісіп, әлгі тоң майды қазанға салса, баж-баж етіп майы еріп кетіп, жұдырықтай-жұдырықтай кесектер шыға келеді.

Сонымен бір базарда өзбекті екі-екіден алдап Сарман кетеді. Бұл сөз елге тарап, «Ит сатқан Сарман қу» атанады. Осында тапқырлығы үшін атамыз Жолиды атағанда «Ит сатқан» сөзін зілсіз косып айтады екен.

### Мешітке барған Сарман

Бір күні Сарман өзбектің бір диханына ат-түйесін тастап кетіп, базар аралап, өзекендерді жер соқтыра алдап, артынып-тартынып, диханшы өзбекке келеді. Ол «түйенди бақтым, ақысын бересің» дегенде, ол үндемей шапанын шешіп, астықты суырып жатқан диханшының жел жағына шығып, шапанды керіп, астықты тазартпай қояды. Диханшы «Әкімге шағынамын» деп оны қорқытпақ болады. Сонда оған сол жердің әкімін де алдап, құлышын асырып, жаздырып алған «Желдің бастығы» деген қағазын көрсетеді. Ол ақы алмақ түгілі жел ақысына астық беріп, әзер құтылады. Сейтіп, елге келе жатып, жолда бір үлкен мешітке кездесіп, соған қарай шағын қоліктегін жетектеп бет бұрады. Артынып-тартынып келе жатқан мұны алыстан көріп отырган мешіт имамы «Осы базарлап келе жатқан анқау казак болар, соны алдап, малын алып қалайық» деп өзінің көмекшілеріне сөз салады. Олар келісіп тұрғанда Сарман мешітке жақындал:

— Ассалаумагалайкум, бұл кімнің үйі, қонуга бола ма? — дейді мешітті білмегенсіп. Молдалардың іздегені көктен емес жерден табылды. «Анқау қазақты Құдайдың езі жіберді» деп бас имамға барады. Оны шайтан тұртіп: «Ия, Құдайдың үйі деп айта сал», — дейді. Молдалар «Құдайдың үйі» дегенде, «Сол Құдаймен сейлесуге болар ма екен?» — дейді Сарман анқаусып.

— Ия, болады, бірақ, ақы төлейсің, — дейді. Сарман да олардың тұзаққа түскенін аңгарып:

– Ия, ия, бар тапқаным сендердікі, тек Құдаймен сейлестіре ғер, – деп жалына бастайды.

Әлгілер бас имамды «Құдай» болуға азғырып, масахана ішінде отырғызып Құдай болып сөйлесуге келіседі. Ұзын бойлы, сінірлі Сарман конышына сұға салған сегіз өрме дырау қамшысымен ішке кіріп, масахана ішіндегі «Құдайға» жақындал.

– Экемді алған Құдай сенбісің? – дейді.

– Ім, ым, – деп дыбыс береді «Құдай».

– Шешемді алған сенбісің?

– Тақыр кедей қылған Құдай сенбісің? – деп жақындалай береді.

«Ім, ым» деп, ыңыранып, мәз болып отырған «Құдайға» жеткенде қонышынан қамшысын суырып алыш, «Тап әкенді, сендей Құдайдың» деп қамшымен сабап, имамды сақалынан сүйреп, сыртқа алып шығады.

– Ал, енді, сендей Құдайдан безген күнәһәр кәпірді Алланы мазақ еткенің үшін қазының алдына апаралын, жазанды тартқызамын, – деп сүйрей жөнеледі. Имам қатты сасып, жалынып-жалпайып, әке-көкелеп, ат-шапан айып тартып, «аңқау қазақтан» әзер құтылады.

Міне, сөйтіп, Сарман қу молда имамды да алдап, малын алып кетеді.

### Ханға барғанда...

Сарманның аты елге жайылып, бүкіл өзбек іші құніреніп кетеді. «Қырдан Сарман келсе – Алладан пәрмен келеді» – деген сөз тарайды. Бұл сөздер мен Сарманнан жапа шеккендердің әңгімесі Хиуа ханына да жетеді. Хан намыстаннып соншама ақыл-айласы мол бұл қазақты қөрмекке үйғарып, арнайы адам жіберіп, Сарманды ордаға алдырады.

Сарманды Хиуага келгенде бөлек үйге түсіріп, күтім жасап, ертесіне хан алдына шақырады.

Өзбекті қан қақсатып, аты шықкан қазақты қалай да сөзден не айладан сүріндіріп, көзін құртуды ойлаған хан, өзбек ішінен өнерлі, айлалы дегендерің жинап ордаға шақырған екен. Олардың әрқайсысы өз білгендерінше сөйлем оны сөзден үтпак болғанда, Сарман оларды бір ауыз сөзбен-ак тоқтатып, аузын аштырмайды.

Енді олардың әрекетінен қайран болмасын сезген хан бір айла тауып, «бұл сөзшең болғанмен боктасуды білмейтін шығар» деп ойладап, боктасу жарысын өткізбек болады.

— Ал, Сарман, сөзшөндігінді көрдік, бізде жақсымен қатар жаман да жүреді, ақ пен қара тәрізді. Бұл да өнер. Мынау менің бір боктампаз адамыммен боктасып жарысасын, женілсең жазанды аласын, — дейді.

— Хан тақсыр, оны да көрейік, — дейді Сарман жайбарақат. Хан боктампазына белгі береді. Ол бір сүт пісірім уақытта: «әнәнді, қекеңді, дәденді, атанды, баланды, әйелінді...» деп боктап барып бір айтқанын екінші рет қайталай бастаған кезде Сарман:

— Тоқта. Болдың ба боктап? — дейді.

Хан сөз кезегін Сарманға береді. Сонда Сарман шұбыртып ала жөнеледі «Иір-иір көшенді, үйде отырған шешенжді» деп, көшеден бастап аяқ-табак, қазан-ошақ, ішкен шайы, жеген палауы бәрін арамдап келіп, қаладағы әкім, мешіттегі молда, бек-бекзада, хан төңірегінде отырғандарды қоса боктап, ханға жақындағы қалғанда хан сасқалақтап:

— Болды-болды, сен жеңдің, — дейді.

Хан Сарманды қонақ үйге күтүге жіберіп, уәзірлерімен кеңес құрады. «Сарманды сұріндірер амал-айла табындар», — деп әмір қылады. Бірақ, еш амал таппаған уәзірлер ханның мақтан сүйгіштігін пайдаланып, ханның өзіне қолқа салады. «Тақсыр, «Ханда қырық кісінің ақылы бар деген», өзіңіз бір жөнін таппасаңыз бізден қайран жок», — дейді жапырыла хан алдына құлап. Хан тағы бір айлаға көшіп, әрі пайдасыз қырық уәзірді мұқатуды көздел, оларды тырдай жалаңаш етіп шешіндіреді. Сөйтіп, есік алдындағы хауызға түсіріп бір-бір жұмыртқа тықтырып қойғызады. Ертесіне хан шақырумен ордаға кірген Сарманға:

— Ел айтса айтқандай екенсің, ал енді бір ойын ойнайық, женілсең жазанды аласын. — деп тагы да ескертеді. Ханның сай жібермесін сезген ол жайбарақат:

— Құп, тақсыр, мен дайынмын, — дегенде, хан Сарманға ойынның шартын айтып, тырдай жалаңаштанып хауызға уәзірлермен бірге түсіп, одан шыққан соң бәрің тауық болып, бір-бірден жұмыртқа

туасындар. Бұл соңғы тапсырма, орындағандар өлім жазасын алады, – дейді хан насаттанып.

Сарман сәл ойланып, келісім береді. Сарайдағылар түгелдей «Сарманның біткен жері осы болар» деп ойлайды. Келісіл, дайындалған уәзірлер жалаңаш хауызға түсіп, тықкан жұмыртқаларын алақандарына жасырып әкеліп, ортаға бір-бірден жұмыртқа туады. Кезек Сарманға келгенде ол да шешініп, суға түсіп қайта шығады. Барлық жиналғандар іштерінен тынып, Сарманның жеңілгенін көруге асығады. Сарман судан шығып, екі қолын қомдап қанат қылып қоқиланып «Ку-ка-ре-ку» деп, қатар-қатар тауық болып отырған уәзірлердің бірінің үстіне қона кетеді.

Хан түсінбей қалып «Бұл не?» дегенде:

– Хан ием, «Ханда қырық кісінің ақылы бар» деуші еді, сіз түсініп, әділ болады деп ойлаймын. Жұмыртқа туар қырық мекиен болғанда, бір әтеш болмай ма? – дегенде, хан ұтылып, бұны жеңе алмасына көзі жетіп, өтірік құліп отырып-ак Сарманды құрту жолын ойластырады. Бір мыстан кемпірге тапсырма беріп үзенгісіне у жақтырып жібереді.

Сарман жолда ауырып, елге жеткен соң у өтіп уланып өледі. Жақсының өзі өлсе де, сөзі, игі ісі өлмек емес, елі-халқы әлі айтып келеді...

Сөйтіп, Жамбылда жүргенде шешемнің көзіне жас алдырып сағынышын тудырған нағашымды тауып, сөзін, әңгімесін естіген едім.

### Қошқар сокқысы

Шоманайда көрген тағы бір қызығым, бұл өңірдегі өтетін тойдың ерекшелігі. Қарсы көшедегі Сәлімгерей атты ағайын той берді. Мал сойылып, табақ-табақ ет тартылып болған соң, ортаға жыршы шығып, жыр айтты. Тойға келгендер жыршы алдына жайылған орамал үстіне ақша тастанап, той жүргізуші ол адамды мадақтап, тастаған ақшасының бағасын он еселеп арттырып айқайлап тұр. Тойға келгендер бар әкелгенін орамалға тастанап, орамал ақшана үйіліп қалды. Жыр бітіп, күрес басталды. Әр үйге түсірілген қонақтар сыртқа шығып, ойын өтетін көшеге сыймай

кетті. Күмістей аппақ төртбұрышты сақалы бар төрөші зор дауысымен айқайлап:

– Бас бәйгеге – бір кілем.

– Екінші бәйгеге – бір қошқар, – дегенде, жиналғандар «Ерлекен екен пақырың» деп мадақтап жатыр. Қүрестен кейін «Қошқар сұзістіру» сайысында женгенге де бір қошқар, «Тауық таласта» үтқанға бір тоқты бәйге беріледі» дегенде, тұргандар шу ете қалды. Ортаға ала шапан киген орта жастағы, басы мен мойны тұтасқан, жалпақ жаурынды атақты палуан шықты. Ол шапанын лақтырып тастап, кебежедей қеудесінің, білектерінің еттерін ойнатып тұр. Оған қарсы ешкім батып шықлады. Бас жүлдені құрессіз алған палуан көпшіліке бас иіп, кілемін қолтықтап кете барды. Екінші құреске біздің мектептің қарақалпақ класында оқитын екі бала құреске түсіп, біреуі женіске жетті. Малда жүргенде қошқар мен текелер сайысын талай тамашалаған болсам да мынандай арнайы дайындаған сайысты көруге құмарлығым артып, алға шығып кетіппін. Ортаға шынжыр байланған қызыл көз ірі меринос ақ қошқарды шығарды. Оған қарсылас қайыс баumen жетектеп, ақтан бір қарыстай аласа қара қошқар шықты. Мүйізі оратылып шаңырактай болған аққа қарағанда, қараның мүйізі шағындау, бірақ, жуан, алдына қарай тіктеліп оралған. Бірін-бірі көргеннен сайысты күтіп жұлқынған қошқарларды босатысымен екеуі екі жаққа шегініп барып, бір-біріне қарай зымырай жүгіріп келіп, тау соғылғандай тарс еткізіп түйісті. Ақ гүжірейіп айбат шегіп, ал қара болса жан-жағына қарап алып, шегіншектеп барады. Осылай қайталанған екі соққыдан кейін, ақтың басымдығын байқаған қара айлаға көшті. Қайта шегініп бір-біріне қарай зымырай жөнелген қошқарлар түйіскенде, құлақ жарап дыбыстан қорғанып құлағымды бастым. Бірақ олай болмай, соқтығуға бір қадамдай қалғанда қара алдыңғы екі аяғын бүгіп мүйізімен жер тіреп жата қалды. Қаһарланып ағып келіп соққан ақтың тұмсығына қараның мүйізі дәл тиіп, быт-шытын шығарды. Ақ қошқар тұмсығынан қан сорғалап, айнала берді. Орнынан ұшып тұрған қара айналшақтап тұрған ақтың бүйірінен тағы соғып құлатып таstadtы. Ақтың егесі қонышынан пышағын шығарып акты бауыздап таstadtы.

## Ташкенде

...Тілін үйреніп, салтын біліп, қарақалпақ жігіттерімен достасып, Шоманайдың он жылдық мектебін бітіріп шықтым. Сейтіл арман қуып, оқу ізден Ташкеннен бір шығып, студенттік өмір басталған еді. Мен мектеп бітіріп аттестат алған соң, бала кезімнен өртегі тыңдалап, қиялға бай болып өскендіктен бе, Орта Азия университетінің журналистік факультетіне түспек ойым болған. Бірақ, Ташкенде мені күтіп алған Қарақалпақстаннан келген студент ағаларым Үсен мен Марат аттестатындағы екі төрт, қалғаны бес бағаларымды көріп, «Сен инженер болуың керек» деді. Менің бала кезімде сонау алыс Ресейден келіп, алты айдай далада шатырмен жатып, жер өлшеген инженерлерді көргенім бар еді. Солардың жағдайы есіме түсіп, «Жоқ, болмайды, алты айлап дала кезер инженер болғым келмейді» деп, ауылда көрген геологтардың өмірін айттым. Олар мән-жайды маған түсіндіріп, бұл инженердің қалада жұмыс істейтінің, болашағының зорекенінайтып, теміржол институтына түсуге көндірді. Марат менің институттың кабылдау комиссиясына тапсырған документімді қарап алып, маған берген емтихан тапсыру қағазындағы №1237-ші санды көріп, «Охо, биыл бір орынға он екі адам таласады екен» деп басын шайқады. Үлкен спорт залға сыймай жатқан талапкерлер бірінші емтиханнан соң жартысына жуығы құлап, үйлеріне қайтып жатыр. Орта Азиядағы жалғыз темір жол институты болғандықтан, Қазақстанның әр жерінен жиналған қазақ балалары көп болып, 6 қазақ, 5 өзбек, 4 европалық группаға бөлініп, емтихан тапсырудамыз. Менің тобымдағы балалар қазақ тілінен шығарма жазып, туасы тілім келмеген «н» әрпінен грамматикалық бір қатеге саналып, төрт алып шықтым. Екінші емтихан математикадан болып, Досматов деген өзбек мұғалімді консультация сабағында Шымкент жағынан келген балалар «Домулла ака, Домулла ака» дегендеріне қарап, ұлы ғалым болар деп ойлагам. Сейтсем ол мұғалім деген сөз екен. Билеттегі сауалдар өзім жақсы білетін оңай сұрақтар боп шықты. Домулланың алдына отырар отырмastaн сайрап қоя бердім. «Яқшы» деп алып, тағы бир-икі сауал қояман, жауап берин». – деді. Оның «функция» деген сөзінің аузынан шығар-шықпастан

іліп әкетіп, «Функция дегеніміз, – деп, мектепте жатталып қалған қағиданы сампылдал айтып шықтым. «Шенбер» дегенде де тағы да «центрден бірдей қашықта жатқан нұктелердің жиынтығы» десем, домула маған құмандана қарап:

– Түшинбәдім, әстен-әстен, өзбекше гаприн, – дегеніне мен де түсінбей қайтадан қазақшаммен шұбырта жөнелдім. «Әстен-әстен гапир, ямаса урысша гапир», – дегенде ғана «гапирдің» сөйле екенін біліп, орысшам да онша емес, алдындағы қағазды төңкеріп ақ жағына нұкте қойдым. Сөйтіп сол нұктеден радиус шығарып сзызықтың бас жағына нұкте қойып жағалай нұктелермен коршап, «Вот центр, вот радиус, они одинаковый расстояния» деп нұктелердің басын қосып, «вот круг» дедім. Бала кезімде ауылға келген қаланың бір баласы, «асық ойнайық, «круг» ойнайық» деп, коймай жасаған кругім есіме түсіп. Домулам құліп жіберіп, бестік баға қойып, емтихан қағазын колыма берді. Үшінші физикадан экзаменді күшиған арық қара шал кісі Апсаматов алды. Сынақ басталғандағы алты қазақ группасының екеуінің ғана талапкерлері қалыпты.

– Шал өте қатал, бәрін құлатып жатыр, – деген соң, есікте тұрғандар бір-біріне «Сен кір, сен кір» деп, қорқып тұрғанда бұқшендер келіп есікті ашқан шал:

– Ну масы, киринляр, – дегенге бірінші болып кіре беріппін ғой. Билет алып алдыңғы катарға отыра кеттім. Билеттегі сұрактарды бір шолып шығып, «білетін сұрактар екен» деп, жазбаша шығаратын екі есебін шығаруға кіріспей кеткен болатынмын. Есептің біреуін шығарып бола бергенде, бізден кейіндеу кірген бір бала: «Домулла, мен дайынмын», – деді. Кіргенімізге он минут өтер-өтпестен дайын болған бала зуылдатып айтып жатыр. Қосымша сұракқа да тежелмей жауап беріп, «бес» деген баға алды. Бағасын қойып, экзамен листогін бермей, «Бұл сен емессің. Ана жерге отыр», – деп, орнынан ұшып тұрған оны қайта отырғызып, өзі сыртқы есікті ашып, біреуді шақырып жатты. Сол кезде әлгі бала бөлменің екінші бөлігіндегі есіктен шығып кетті. Домуламыз келгенде бала жоқ болып, бажылдады да қалды. Айкайға басып «Неге айтпадындар» деп кейіп келіп, тізімге қарап:

- Алдабергенов! – деп отырғандарға көзін сұзді.
- Бір есебім әлі дайын емес.
- Шық бері, осында шығарасың, – деді. «Ит ашуын тырнадан алады» дегендей зәрленіп:
  - Ал, гапирин, – деді. Алдыңғы емтиханнан бұл сөзді жақсы ұққаннан сайрай жөнелдім. Галилей зандылығымен ауасыз кеңістікте мамық пен қорғасын да бірдей болып түсетінін айтпақ болып, қорғасын есіме келмей, оны талай сақаға құйғаным көмек болып «алтын сақа» деп қосып жібердім.
  - Тоқтан, болди, болди. Масаланды көрсет. – Мен шығарған есебімді көрсетіп, екінші үлгермеген есебімді көрсеттім.
  - Бұл қандай формуламен шығады? – деді есепті қарап отырып. Мен формуласын жазып бердім. Қосымша бір сауал берді, оған да жауап берім.
  - Өте жақсы, мына жерге қолыңды қой, – деп емтихан парапқасын алдыма қойды. Тапсырғаныма қуанып кетіп, асығыс қолды қоя салдым.
  - Қолыңыз хам атиниз хам уқшамайды, – деп парапқшадағы суретімді шүқшия қарап салыстырып отыр. Сол кезде тұмай тиіп, онсыз да нән танауым көнектей болып, шашым қобырап кетсе керек, мектеп бітіргенде түскен суретіме ұқсамай тұр. «Аузы құйғен үріп ішеді» демекші, ол менің қолымнан тас қылып ұстап алып, коридорға алып шыкты. Келесі белмеде отырған военкомға мені жетектел әкеліп, «Еще одного поймал» деп, менің қолымды оның қолына ұстасып кетті. Ол мені жетектеп қабылдау комиссияға әкелді. Менің оларға тапсырған документтерімді алдырып, аттестаттағы бағаларымды тексеріп, өміrbаянымды сұрап, өзім екендігіне көзі жетіп, шалға қайта әкелді. Көксау шал кітабына екіні қонжитып қойыпты. Боктанып, біраз жөтеліп барып, екіні төртке өзгертіп берді. Ия, өзіме-өзім ұқсамай қалған кездерім де болған. Математиканың жазбашасынан төрт алып, үш төрт, бір беспен конкурстан өтіп, институтқа түстім.

Ата-анамды қуантып ауылдан келген соң, 50-ге тарта студенттер, жатақхана дайын болмай, акт залда жаттық. Жігіттердің бәрі киноға кетіп, ұзын залдың бір түкпіріне орналасқан қызылордалық Ералы деген аққұба, ұзын бойлы

бадырақ кез жігіт екеуміз қалыпты. Таныса келе ол менен екі жастай үлкен болып шыкты. Мектеп бітіріп екі жыл жұмыс істеп келген ересек жігіт. Сөйлесіп, сырласа келіп, «Ауылда қызын қалды маға» дейін жетіпілі. Әрине, бұл салада мениң сауатым шамалы, ол бірер қызбен танысып, сүйіскенін айтып жатты. Мен қызық көріп: «Ереке, сүйіскенде мұрынға-мұрын тиіп кетпей ме, қалай сонда?» – дептін. Дөңгелек көзі құлімдеп: «Сүйіскенде мұрын жайына қалады. Егер, қызбен бірінші сүйісер болсан, оны қатты сүйіп ал, мәнгі есінде қалады», – деп ойланып кетті. «Хат жазысар қызың бар шығар, неге хат жазбайсың?» – дедім. «Жоқ, кездескендерім іздеген арманым емес, женіл-желпі болып шыкты. Талдықорғаннан бір қызбен хат алысқан едім, бір жылдай болды хат жаза алмадым».

«Кел, әдірісі болса, хат жазайық», – деп қоймай, хат жаздық. Арада екі апта өтпей-ақ хат келді. Қыздың сөзін мірдің оғынданай ойлы-ойлы сөздерімен жеткізгені, мектепті бітіріп, колхозында екінші класты шопыр болып жұмыс істейтінін айтып, Ералының оқуға түсkenін құттықтапты.

– Қазіргі талапқа сай механизатор болуына қарағанда, зейінді, талапты қыз болар.

– Ия, біздін хат жазысуымызға да себеп болған оның мектепте оқып жүргенде өрт сөндіріп, «Лениншіл жас» газетіне шығып, фамилиясының Рахметова болып, менікімен бір болуы еді, – деді Ералы ойланып.

Содан қызбен хат алысып, бірге отырып оқып, бірге хат жазамыз. Ералы қара суға қаймақ тұрғызар нағыз сөз шебері, мен де ол жазған хатқа бірер шумак өлеңімді қосып, Ерекеннің досы екенімді айтып, сәлем жолдап қаламын. Қыз да хатты өте шебер жазады, әр сөзін салмақтап тамашалаймыз. Әрине, асқан ақыл иесі етеміз ғой...

Біздер күндіз зауытта жұмыс істеп, кеште оқимыз. Болат корыту цехында мен машинамен қалып жасаудан гөрі күрделірек, қолмен қалып жасаушымын. Егоров деген өзбекшеге судай, басына өзбек тақиясын киіп жүретін ашаңдау орыс кісіге шәкірт болдым. Арада екі ай өткенде осы зауыттың алғашқы жұмыскері, беделді қарт ардагер Рагачев ұстаздық етіп, сынектан сүрінбей

өтіп, бірден 3-ші разряд беріліп, өз клеймом бар жұмысшы болды. Айлық табысым курстастарымнан 200 сомдай артық. Себебі, машинамен өзі топырақ салып, өзі түйгіштеп жасалатын қалыпқа қарағанда, көп еңбек пен шеберлікті талап ететін, қолмен жасалатын қалыптың өзіндік қындықтары бар. Тепловоз, вагон детальдарының моделін жасайтын арнайы бөлімшеден қолмен қалып жасаушыларға күнде әртүрлі деталь модельдері келеді. Әр детальді жасауда әртүрлі амалдар мен тәсілдер қолданылады. Жұмыс орнымдағы темір плита үстіне таңғы нарядта берілген деталь моделін орналастырып, цехтағы кнопкамен жүргізетін кранмен «опоха» деп аталатын керегелі темір қорапты қойып, деталь үстіне графит ұнтағын сеуіп, глина араластырған арнайы майланған сары топыракты күрекпен салып модельді түгел жауып, опоха торына байлап каркас қойып, оның үстіне кара майлы топырақ салынады. Пневмомолотокпен детальді қозғалтып алмай, түйгіштеп, опоханы аударасың. Егер деталь екі бөліктен құралар болса, шеберлікпен дәлдеп әкеліп, екінші жартысын коясын да, үстіне опоха қойып, оны да дәлдікпен штыр арқылы бекітесің. Сөйтіп жогарыдағы тәсілмен топырактар салынып түйгіштелінеді. Жайлап жұлқымай ептең кранмен көтеріп алып жерге аударып қояды. Сондай ептілікпен детальдің модельдерді арнайы ұшы майысқан шыбықшамен көтеріп аласың. Модельді алғанда сәл бұзылған жерлері болса қасық тәрізді қалақшамен түзеп, тегістеп, жылтыратып шығасың. Екі опохадағы деталь орнын отыздық темір шегемен түгелдей шегелеп, сұйық шыны бүркіп, клеймо қойып, кептіру пешіне жібересің. Үстіңгі опохада болат құюға арналған тесік жасау үшін кеспелтек қоясын. Кепкен қалыпты беттестіріп, штырмен бекітіп, болат құюға дайындаіссың. Мартен пешінен үлкен кранмен тигельді көтеріп әкеліп болат құйып кетеді. Болат қатып, сәл суығанда қалыптағы топыракты бұзып, детальді аламыз. Болат детальға нығыз бару үшін артық құйылған «шишканы» газосваркамен кесіп, тазалап, жонып, қайтадан қыздыру пешіне салып суарады. Деталь дайын болғанда ОТК приемчигі тексеріп, өз клеймосын ойып түсіреді. Жұмыс қын да қызық. Күндіз – жұмыс, түнде – оку.

Қазақстаннан келген алты топтан институтқа қабылданған

жалғыз М-74 тобынан 6 студент қындыққа шыдай алмай, шығып кетті. Жалғыз қазақ тобында 21 қазақ студент қалып, алғашқы үлкен елек болып өтетін семестрге дайындалудамыз. Біздер жататын комнатаға Ералы келіп, мені сыртқа шығарып, Зайтунаның телеграммасын көрсettі. «Шықтым күт, Зайтуна» деген. Одан келген соңғы хатта шешесі оны біреуге ұзатуға келісімін беріп қойғанын, бірақ, ол өзі қаламаған адамға бармайтынын айтып жазған болатын. Сонда көрмеген адамға тәуекел жасап, қашқаны ғой.

— Ардос, мүмкін тағдырдың жазғаны осылай болар, мен де көрмей тәуекел еттім, бүгін пойызға мінемін. Үйде төрт-бес қап күріш бар еді, соны сатып, қаражат жасап келемін. Сен қызды қүтіп ал, — деді ойлы көзін сыйрыңта қарап, бір шешімге келгенін аңғартып.

— Ал, емтихан ше? — дедім, «онда окуды тастамак па?» деп ойлад.

— Ол жағынан қорықпа, деканмен сөйлесіп, жағдайыма байланысты кейін тапсыратын боламын. Ол біздің группаның старостасы, әрі институттың студенттік кенесі жетекшісінің орынбасары болатын. Сонымен қатар ол екі жыл жұмыс істеп оқуға түскен «производственник» және коммунист қатарындағы азамат еді.

— Көрмеген қызды қалай танимын? — дегенімде, ол иығын көтеріп, күлімдеп «мен де өзіндей» дегенді ұктырыды. Сонымен мен тұр-тұсін танымайтын қызды қүтіп, перронда тұрмын. Пойыздан түскен қыздардың бәрінің бетіне қараймын, бірақ маған қараган бірі болмады. Жолаушылардың бәрі пойыздан тұсіп кетті. Салым суға кетіп, біздің институтқа апаратын автобус аялдамасына келіп, ойланып тұрмын. Он минут сайын келетін бір автобусты жіберіп, тандайымды жібітер екі балмұздақты тауысып, қорабын аялдамаға қойылған урна жәшігіне тастан, соңғы рет вокзал жакқа қарасам, қолында көтерген чемоданы, үстінде сары кофтасы бар бір қыз аялдамаға жақындалап қалыпты. Мен тез түзеліп, қызға қарай журе бергенде, ол чемоданын жерге қойып:

— Ағай, транспортный институтке қай жерден мінеді? — деді дөңгелек қой көзі жаутаңдал. — Дөңгелек жузді, аршылған

жұмыртқадай аппак, тығыншықтай тығыз денесі, сары кофтаға қапталып тұрған әдемі көркін көріп, «сол, сол қыздың өзі» деп ойлап қызға жақындал қолымды ұсына:

– Сәлеметсіз бе, сіз Зайтуна боларсыз.

– Oh, – деп бетін басқан қыздың, мені «күткен жігітім» деп ойлағанын сезіп:

– Жо, жоқ, мен ол емеспін, – дедім. Қыздың түсі бұзылып: – Күтпегені қалай? Онда мен кетейін – деді көздері жасқа толып.

– Жоқ, кетпе, – деп жердегі чемоданды ұстап, қолымда алдым.

– Ералының тығыз шаруасы шығып, аулына кетті. Сені күтіп алуды маған тапсырған. Менің есімім – Ардос, – деп, қолымды ұсындым. Жазған хаттардан менің есімім мәлім болар деген оймен. Оның жүзі бұлттан шыққан күндей жарқ етіп, аппак маржан тістерін көрсете күліп:

– Танимын, жоқ, хат арқылы білемін, – деп күлімдеп қолын берді. Ерекендей арыдан ойламайтын аңғал басым қызды қайда апарарымды білмей, дағдарып біраз тұрдым. Қонақ үйлердің бары есіме түсіп, көк чемоданды көтеріп, бармаған қонақ үй қалмай, Ташкенді біраз араладым. Барған жерлерде орын болмай, әбден шаршап сілем қатып, жатақханама әзер жеттім. Емтихан кезі ғой, кімге жағдай айтартымды білмей, қызды жатақхана алдындағы орындыққа отырғызып, бөлмемдегі достарым Мейрам мен Ғалиға бүгінгі қыз күткен хикаямды айттым. Осындайда жол тапқыш Мейрам: «Сексеуілдің үш жігіті квартирада тұрады, бүгінше сонда болсын. Ертеңгі экзаменнен соң бір лажы табылар», – деп, қарсы комнатауда тұратын бір Қазалының жігітін ертіп әкелді. Оны сыртта отырған қызға апарып, көк чемоданды өзі көтеріп алып кетті. Олар қызды орналастырып, үш жігітті ертіп әкеліп, бөлмелерден орын тауып орналастырыпты. Мен келе төсекке құлап, ұйықтап кетіппін. Таң ата бір-ақ тұрдым. Жуына сала еш дайындықсыз экзаменге кірдім. Жалпы студенттердің окуы үш күн болады. Емтихан алдындағы осы үш күнде барлық өткен сабактарды қорытып, жазған лекцияларынды қарап, толықтырып оқығаның оқыған болады. Менің ол мүмкіндігім болмай, емтихан алдындағы консультацияға да бара алмай келіп, билетті алып, сүмірейіп отырмын. Начертатальный геометриядан беретін орта

жастағы профессор, ұзын бойлы өте жайлы кісі болатын. Менің сабакта сұрау беріп, сұраса жауап беріп, сабағын қызыға оқып жүргенімді білетін ол қасыма келіп, билетімдегі сұракты көріп, «Бүгін консультацияда бұл сұракты талқылаған едік қой» дегенде, қып-қызыл болып, ішімнен «Біттім» деп ұялып, орнынан тұрдым. «Жарайды, бір себебің бар шығар, оқуға ынтаңың барын білемін. Кел, алдыма» – деді орнына барып отырып жатып. Қызарған беттен тер моншақтан алдына барып отырдым. Ол сөзді арыдан бастап «Ана темадағы, мына темадағы» деп сұрактарын беріп жатыр, мен енсемді көтеріп, жауабын айтып жатырмын. Бір кезде менің билетімдегі сызбаны көрсетіп, осының үшінші көрінісі қалай болады дегенде, «Ол былай» деп сызып көрсеттім. Тығырықтан шығып, қалған сұрактарға да жауабын беріп «Уң» деп, үш алдым. Үш дегенің үлкен күш, құласаң институтпен қош айтысасың. Үлкен бір қарбызды алып, Зайтуна жатқан үйге жетіп келдім. Құлімдеп есік ашқан қызға қарбызымды ұстата салып, «Тапсырдым» дедім жау қайыргандай аптығып.

– Нені? – деді таңғалған қыз.  
– Экзаменді.  
– А-а, экзамен кезі еken-ay, – деді. Көмейінде «Ералы ше?» деген сөздің тұрганын сұраулы көзінен танып:

– Ол келіп тапсырады.  
– Қашан? Олай бола ма еken?  
Жазған хаттарынан бұл қыздың да әкесіз өскенін білетінмін. Енді міне, жер асып іздеп келген өзі көрмеген, білмеген жігіттің қандай еkenін де, қайда еkenін де білмей, ойы санға бөлінген қыздың жанарына ұялай бастаған мұнды көріп:

– Сен біздің Ерекенді білмейсің гой, білімі де, ойы да жетеді. Деканмен келісілген. Ауылдан келе, ол барлық экзаменді бір күнде-ақ тапсырады.  
– Сен оны қандай жігіт деп елестетесің? – дедім оған сынай қарап.

– Ойы биік адамның бойы да биік болар, ұзын бойлы шығар, ә, – деп, қызырып кетіп, маған жалт қарады.  
– Ал, – дедім, құліп. Ойым Ералыны бір құбыжық етіп көрсетейін, қайтер еken деп, іштей оны «шот мандай, мықыр

мойын, сәңкі танау, бұжыр бет, салпы ерін, қалқан құлақты елестетіп, Ералының басына қондыра салып едім, оның бота көз, жазық маңдайлыштың әдемі жүзі адам шошырлықтай өзгергенін елестетіп, түрім бұзылып кетсе керек, менен көз алмай қарап тұрған қыздың жүзі де өзгеріп кетіпті. Қыз жүргегіне ұялаған жігіт көркін бұзар бұл қалжыныманнан тез бас тартып:

– Жо-жоқ, шошымда, ол өте әсем, сырбаз жігіт, келген соң өзің көресің, – деп, ойланғанымнан секем алған ойын сейілте «Во!» деп, бас бармағымды көрсетіп, қарбыз жаруға кірістім. Сөйткеніш болмай, емтихан тапсырған екі досым Мейрам мен Фалилар келіп, қызды қала сыртында тұратын Ташкенбай досымыздың ағайындарының үйіне апарып орналастырып қайтты. Екінші емтихан – химиядан. Мұғалима орыс әйелі өте қатал адам. Оқудан бас алмай, жан сала дайындалып жатырмын. Екі үштік болса степендия берілмейді, құласаң – бітті, кете бересің. Химияны төртке тапсырып шыққанда, үздіге күткен Ералы келіп тұр. Деканға кіріп, екі экзаменді сол күні-ақ тапсырып шығып бізben теңесті. Жалпы студенттік заңымыз емтихан тапсырған күн – демалыс. Келесі емтиханға дейін Ералының жігіттер қызға алып кетіп, мен олардың кездесу қызығынан қалып, моншаға кеттім. Екі аптадай сандалып, терлеп-тепшіген кірімді кетіріп, бөлмеге келсем, жайнаңдаған екі жас мені күтіп отыр екен. Үшеу болып, тағы да Ташкенді аралап, квартира іздеудеміз. Жақын жерден бос квартира табылмай, келе жатып институт шарбағына таяу жердегі бір үйге кірсек, үш бөлмелі үйде жалғыз орыс кемпірі тұрады екен. Онымен сөйлесіп, бір бөлмесін айына 10 сом ақы төлеп тұруға келістік. Кемпір «Мен студенттерді білемін, бірі басын сұқса болды бәрі жиналып келіп ішіп, арты төбелесіп мазаны алады. Сондықтан қыздан басқаларың қалмандар», – деді. Бұл жerde мен бір ептілік жасап, кемпірді оңашалап, «Мен ана қыздың жігіті боламын, ана длинный браты. Оның жататын жері жоқ, бүгінше бірге болсын» – деп, әзер көндіріп, екеуін тастап кеттім. Ертелетіп кемпір үйіне барсам, ол күлімдеп: «Ой, хитрый жених» – деп, менің қой мен қасқырды туыс етіп қалдырған құлығымды білсе керек: «Жата берсін, тағы 10 рубль қосасың», – деп күліп тұр.

Сынақтан алған бағаларым: бір үш, қалғаны төрт болып,

степендияга ілініп, жазғы демалысқа кеттім. Ералылар аулына барып той жасап, некелесіп, ерлі-зайыпты болып оралды. Зайтуна институтқа еден жуушы болып орналасты. Біздер зауытта жұмыс істеп, әрі оқып, екінші курска өткенде, Ерекен сырттай оқитын болып аулына кетті. Зымырап күндер, жылжып жылдар өтіп, группадағы алғашқы үйленген Ерекенмен сырттай оқитындар келгенде көрісіп, қауқылдасып қаламыз. Бірде қыскы семестрді тапсыруға келген Ералы маған: «Ардос, қыскы қаникул қысқа, әрі жартысы жолға кетеді. Зайтуна да сұрап қояды, осы демалысынды біздерге қи, – деп өтінген соң, Қызылордаға тартып кеткенмін. Досымның анасымен танысып, үйіндегі жалғыз ешкісін мен «сойма» десем де болмай сойдырып, оның етін жеп, салихалы келіншек болған Зайтуна қарындастымды көріп, аунап-қунап Ерекен үйінде жатып кайткан болатынмын. Енді міне, Шардарада тұратын Мейрам досымның аулына барып, қайтып келеміз.

...Күн шыжып тұр. Ыңыранған боз даланы қақ жарып ұзыннан-ұзақ шұбатылып қара жол артта қалып жатыр. Батыстан көтерілген түйдек-түйдек ақша бұлттар аспан кеңістігін өзіне жакындастып, түтілген жұндей ыдырап, көкке сіңіп жоқ болуда. Сонау қара жолмен акқан жұлдыздай зымырап бір қарайған келеді. Жүйткіп келе жатқан «Газ-69» машинасының орта белдеу тиянағы түсіп қалғандықтан, жүргенде желмен керіліп, тұрғанда солқ етіп ішінде отырғандардың төбесін жабады. Кенеттен тоқтаған машина екпінінен арттағы бейғам отырған үшеу, алдыңғы екеуді жапыра үстеріне құлады.

– Не болды сонша? – деп, ренжіп жатыр қайта түзелген жігіттер. Орта бойлы мығым қара шопыр жігіт орнынан тұрып жерге қарғып түсті. Үнсіз алдыңғы орындықты көтеріп, бір тетіктің тығынын ашты.

– Жігіттер, «Тормозной жидкость» жоқ, тормыз ұстамай қалады, аздал ақаңнан құймасақ, «опасно!», – деп, арттағы отырғандардың қасындағы кораптан бір бөтелке шығарып, тығынын ашып, машинасына аздал құйып, өзі бір ұрттап, қалғанын жігітерге ұсынып:

– Ал, енді өздеріміздің де «тормозной цилиндрімізді» майлайық, – деп қасындағы бастық орындығындағы отырған

толық жігітке: «Ал, басеке, кәнеки, бастаңыз», – деді.

Бұл қызара бөртіп келе жатқандар: өздеріңе белгілі мен, алдағы Ғали, директор шопыры Бектұр және Мейрам мен парткомның шопыры, жүргізушіміз Серікбай. Біздер Мейрам үйінде аунап-кунап екі құн жатып, бұзылып жүрмей тұрған директор мен парторгтың машиналарының жетпеген бөлшектерін бірінен алып, біріне салып, әйтеуір, біреуін жүретін етіп, жолға шықканбыз. Алда отырган Ғалиға «Партеке, бас, бас» деп келе жатып, Жетісай орталығына апаратын асфальт жолға түстік. Бір кезде машина бұдырлау жермен жүргендей болып, кілт тұрып қалды. Артқы орындықта қырынан отырган мен, алдыңғы орындық пен есік аралығына кептеліп қалыппын. Үстімді басып, біреу есікті ашты да: «Тірімісің-ей» – деп, колымнан тартып сыртқа шығарды. Сөйтсек, орталықта бір шақырымдай жердегі каналдың көпірін бұзып, кайта салып жатса керек. Машина ішіндегілер де, айдаушы да, машина да ішіп алған мас, жолға койылған бұрылысты көрмей, бес метрдей терең көпірдің орына секірген де кеткенбіз. Мейрам машинаның орга секіріп бара жатқанын көріп, «қолындағы ашылған бөтелке төгіледі-ау» деп ойлад, кос қолдана бөтелкені сақтап, бетімен алдыңғы орындықтың темір жактауына соғып, ерні жырылып шыға келіпті. Бектұр шопыры еніреп жылап отыр, «Әлі үйленген жоқ едім, енді тістерім жоқ, қалай үйленемін». – дейді. Менің сүйектерім сау, кабағым жырылыпты, Ғалидың аяғының еті көгеріп ісіп кеткен, жүргізуші шопырдың мұрны қанаған. Не керек, бәріміз де жаракат алып, бір ажалдан аман қалдық. Адамдар жиналып, «жедел жәрдем» келіп, Мейрамды Ташкенге алып кетті. Сейтіп, біздер мактадан қашқан айыпты саналып, күнәмізді жуу үшін күніне екі нормадан теріп, әйтеуір макта науқанын да тәмамдағанбыз.

### **Махаббат азабы**

Адам өмірінде есте қалар талай қызықты да азапты кезендер болады екен. Ия, дәл осы махаббат такырыбы аясында да талай күндер өтті емес пе? Махаббатыңды сағына елестетіп, сәт сайын көріп отыргандай күй кешіп өткізген күндерің жаңынның жайлауы екен фой. Сондай сезім ләzzатына бөленіп жүрген

жүректі тосыннан жеткен хабар тілгілеп кетті. Махаббат отына ораған, аз болса да ғасырға тең із қалдырып, шөліркеп, сағыныш күйін кешкен жүрекке жеткен зәрлі у жанымды жаралап жатты. «Дариға-ай, жазшы келіп жан жарамды» деп зарлаған ғашықтар да осы азаппен ауырса керекті. Мақтадан келе маған жеткен сұық хабар жүрекке қадалған жебедей болды.

...Мақтадан қаздай тізіліп шыққан автобустар Та什кенге жетіп, институт қақпасынан ішке кіріпті.

— Ура, келдік! Тұрындар! — деген сөзден селк етіп оянғанда, тәтті қиялымнан айрылып қалдым. Жатақхана маңы құжынаган құмырсқа илеуіндей. Сақал-шаштары өсіп, жүздері тотыққан жігіттер мен қыздарды күтіп алушылар сағына қауышып жатыр. Мен де түйіншектерімді түсіріп, жан-жагыма қарасам, арсалактап Еламан досым келеді еken. Ол аулынан жайсыз хабар келіп, мақтадан ерте кеткен болатын. Жүгімді қөтерісіп, былдырлап сөйлеп келеді. Сөйлегенде ол тез сөйлейтін, кейде тұттығып былдырлап кететін. Мен оның пошта жәшігін қарап, достарға келген хаттарға құмарлығын білетінмін. «Маған хат бар ма?» — деп сұрағанымда:

— Ардос, сенің жағдайың мүшкіл, Хожелі қаласынан институтқа прокурордан хат келі. Өз көзіммен көрдім, — деді тұттыға.

Жүргім солқ ете қалды. Хожелідегі тергеуші жігіт, менде есесі кеткендей ежірейе қарап қолыма паспортымды беріп тұрып: «Асықпа, көресінді көрсетем» — деп қалған болатын. Енді қайттім, бітіп қалған окуймың жеткен жері осы ма? Сойтіп, үйден келген хаттарды оқи бастадым. Хатта апам базарға бара жатып, Аруды прокурор кенесінде жанында көргенін айтып, жаздырыпты. Сонда қалай, менің екі айдай хабарсыз кеткенімді, өзін ұмытты деп ойладап, соның қозғаған ісі ме еken? Ойдан ой туып, еңсем түсіп, қалжырап келіп, төсегіме құлап түстім. Сол жатқаннан ертең кеште бір-актүрдым. Басым мен-зең, ойым саналуан. Жан-жүргім елжіреп сүйіп, асыл да алып жүргімді ашып, шын ниетіммен бар махаббатымды арнаған Арудым, есеп қуған құбыжықтай көрінді. Ақтарылған адал ниетім мен таза жанымды жаралап, пәк жүргім тапталғандай тұншығып барамын. Алқына столға отырып, бар ашы сөздерімді төгіп, оған хат жолдадым. «О, опасыз дүние-ай»

деп қамыға отырып жазған хатты паршалап таstadtым.

«Жоқ, бәрі бітті, ол көргенім, сезгенім, көргенім тұс болсын. Бәрін ұмытамын!» деп түйдім. Жылжып күндер өтіп жатты. Жаралы жаным жабырқап «Қашан шақырады?» деумен өткен қорқынышты күндерден өткен азап жоқ шығар. Сейтіп жүргенде жоғарғы курста оқитын, бізден ересектеу толық жігіт, институттың комсомол хатшысын кездесік кезіктірдім. Ол Ташкендегі қазақ радиосынан қоңыр даусымен хабар өткізіп, қазақ балаларын көрсө жағдай сұрап, ағалық қамқор болып жүретін азамат еді. Бір күні назарым тәмен, ойланып келе жатып қасымнан өтіп бара жатқан ағаны байқамаптын. Ол маған назар аударып, қасыма келіп:

— Осы сен Хожеліден келген Алдабергенов емеспісін?

— Ия, аға, Хожеліденмін.

— Сені «қызың ұрлап, «оморальдық» қылықтар жасады, шара қолдануыныңызды сұраймыз» деген прокурордан хат түскен еді, сендер мактада жүргенде. Оны маған жолдаған ректор шара қолданып, жауабын беруді сұраған екен. «Бауырларымның бірі болар, келешегіне көлеңке болмасын» деп, прокуратураға «Келген мәлімет комитет бюросында қаралып, қатаң сөгіс берілді» деген жауап жібердім. Ертең институт бітіргенде одан саған келер еш зиян жоқ, — деді. Менің абыржығаным сонша, қалтамда соқыр тиын да жоқ екенін сезіп: «Сіз сәл сабыр етіп, осы жерде тұра тұрыныз. Мен тез келемін» — деп жатақханаға тұра жүгірдім. Бірінші кездескен баладан ақша сұрағанмын, ол үш сомды бере қойды. Қайтып келсем, ол күтіп тұр екен.

— Аға, сізге көп раҳмет, уайымдап өлер боп жүр едім. Жүрініз, агатай, жуамыз. Екеуміз бір бөтелкені ортаға алып, мен ауылдағы болған жағдайды ақтер-көктер болып айтып бердім.

— Сенің қамықтан түрінді көріп, сол болар деп ойлаған едім. Жастықта бәрі болады, уайымдама, бәрі өз орнында, — деді ағайым күлімдеп. Үрейден құтылып, көнілім орныққандай болса да, санамдағы бір сұрак маза бермеді. Жылжып жаңа жыл да келді.

### Ой, махабbat...

Махаббатты елжіреп сую деп ем,

Жалындар, күйіп-жанып балғын денем.

Бөленіп бар әлемнің қызығына,

Ләззатына тоймастан жүрем дегем.  
Білмеппін махаббатта азап барын,  
Сағындырып, сарғайтып ғашық етіп,  
Күндіз-тұні ойлаумен қайғы жеген.

### Январь, 1964 жыл.

Жатақханаға кірер жердегі сол жақ қабырғаға ілінген сөредегі хаттар ұшығына бір қарап өтпейтіндер некен-сақ. Менде өз ұшығымдағы хаттарды қарап, үйден келген хаттарымды алғып, ішке кірдім. Жаным жалындан от құшқандай болып, махаббат сезімін оятқан жазғы ай елестері ойдан шығар емес. Пошта бөлімшесінен жаңа жылдық ашық хат парагын алғып, бірақ Аруға арнап құттықтау сөз жаза алмадым. Ойларым бытырап, «неге, неге?» деген сұрақтар мазалады. Оған деген өкпем басылар емес. Мақтадан келгелі терең оймен мұжліп жүрген мені бір серпілтіп алуды ойлаған гурьевтік достарым:

— Давай, бәрін таста, біздердің биылғы отырысымызға Шымкенттен «во!» деген жеті қызы келеді, қалағаныңды ұста, біздер көмектесеміз, — дейді Таңсық пен Базарбай. Бардым. Көрдім. Бірақ, ығай мен сыйай әдемі қыздардың көркі алдамшы, ойлары күмәнді болып көрініп, жөнді тілдеспей-ак тарастық. Санамды мұжіп, жүрегімді ораған алғашқы махаббатым ойдан кетер емес. Күндер өтіп жатты. Жылжып март та келді. Пошта столына сыймай отырып, әйелдер қуніне арнап құттықтау хат жазғандар қатарлы мен де әдемі гүлді открыткаға:

«Адамдық адалдықтан нәр алған гүл,  
Ерте көктем сондықтан жааралған бұл.  
Мерекене қадірлеп тарту етіп,  
Айтарым осы гүлдей жайна да күл!

Ташкент 03. 03. 64 ж» деп жазып, Аруды 8-март – әйелдер күнімен құттықтаған хатымды почта жәшігіне салмай, кері қайттым.

Менің көкірегімді кернеген сызатазабынан арылтқан, кеудемде ұялаған күдікті сейілткен, ол, ауылға барып, өзімен бірге анамды ала келген Кәрімбай досымның жеткізген хабары болды. Мендеңі жан азабына қанық досым арнайы біздін үйге барады. Анаммен

сөйлесіп, Арумен де кездеседі. Сейтіп прокурордан келген хатқа қыздың қатысы жоқтығын анықтап, керісінше оның да махаббат азабын шегіп, сағынып жүргенін сезеді. Қыздың мұқайып төмен қарап тұрып «Ардос мені ұмытқан шығар» деп, қамыға айтқанын да жеткізді. Анам да маған әңгіме айтып отырып, «Қыздың үйге келіп, ұялғаннан төмен қарап отырып мениң әдірісімді сұрағанын, сонда оның сені сағынатын сыңайын байқап қалып: «Сен қызы, Ардосты ұмытқан шығарсың?» дегенде, оның көздері мөлтілдеп «Жоқ, апа, ұмытқан жоқпын!» дегені, сені сүйгені ғой», – деп қалды. Көшеде анамның онымен кенсе алдында кездескенін «кездейсоқ ұшырасу» деп неге ойламағанмын. Неге оның адап жанына қара қүйе жағардай ойларға, күмәнға барғанмын. Ұяттан екі бетім нарттай болып қызырып, ұнсіз столға отырып Аруға хат жаза бастадым.

### *Bірінші хат*

«Қымбаттым, асылым, Аруым. «Махаббат оты лапылдар, жүрекке жүрек нұр төксе» деген ғой. Білім – ағаш, іс – жеміс! Бар білімді пайдалы іске асырып, арманға жету үшін адап жүрек, нұр сәуле керек. Ақыл – барлық иғіліктің негізі, талабының кілті, ол адамның жасырын табиғаты ғой. Бұған сабырлылық пен саналылықты қоссақ, сонда емес пе әр істің жемісі. Құрметтім, мен саған қоштасарда айта алмай жазып қалдырған дәптерімде: «Көзің көрмегенге сенбе», «Нашар бөгетті су бұзар, осал жүректі сөз бұзар» деп, арамызға сыпсың сөз кірсе, арманымызға бөгет боларын алдын ала ескерткен едім ғой. Мен оқыған кітаптарда сүттей үйіған жанұяны, айырылmas досты, айныmas махаббатты мыж-тыжететін өсекшінің өрбіткен сөздерінің әсері екенін білемін. Сондықтан да «Сөз созылмалы ұғым, албырт жастықта алданып қалмай, өзің көріп, сезгенге ғана сен! Анама айтқан «Жоқ, мен оны ұмытқан жоқпын» деген сағынышын, жанымды жадыратты. Кәрімбайға айтқан «Мені ұмытқан болар» деген сағынышың да қандай жұмсақ әсерлі еді, асылым, жаным, аяулым.19.03.1964».

Анамды Ташкенді аралатып, сағынышын басып, ауылға шығарып салдым. Барлық жағдайға қанық болған достарым да менің жадыраған түрімді көріп қуанып қалды. Хат артынан

хаттар жазылып, небір жылды сезімдерге бөлөніп жүргенде май айы да жақындаған қалды. 1 май – ынтымақ күніне Аруға арнап:

«Құбылып бұлбұл сайраган,  
Май да бір жаздың ертесі.  
Асыға күтіп ойлаған,

Жанымның сенсің еркесі!» – деп аңсауымды айтып, открытка салдым. Бірақ, өткен жылдардағыдай емес бұл май мерекесі ерекше болды. Биылғы оған деген сағынышым мені қолды-аяққа тұрғызбай, жазған хатымнан бұрын жеткізді. 29-апрельде самолеттен Нөкіске ұшып барып, көне қаладағы досым Кәрекеннің үйінде онымен кездесу болды. Ауылдастар: «Бірінші майды ауылда тойлайық, әрі сенің туылған күнің», – деген соң, жүрек сағынышы жетелеп достарыммен бірге ұшып келгенмін. Содан бауырларымды көріп, арманыммен қауыштым. 1-май күні біздің үйге қасына екі қызы ертіп Ару келді. Арман болған сезімдеріміз тоғысып, Ташкенге қайта ұшып кеттік. Міне, содан қайта оқу, төртінші курстың соңғы семестрі бітіп, жазғы демалыс басталады. Одан ары Арыс депосына 8 айлық тәжірибе алу жұмысына барамыз. Арада ай өткенде біздер жыл өткендегі сағынып жүріп қайта қауыштық. Қызы да окуын бітіріп, асыққан арман мен азап болған күндер арта қалып, 8-ші шілде күні жұбайлышқ өмірді бастауға келістік. Келіскең күні қасымда Базарбай досым бар, екі таксиді жалдап қызды күтіп тұрмыз. Дос қыздары Кәрима мен Қаным Аруды ортаға алып біздер күткен жерге келді. Шешесі уәделі күні босануға ауруханаға кетіп, қыздың үйінен шығуының қандай қиын болып, толқығанын біздер білмедік.

– Апам үйде жоқ еді, босануға перзентханага кеткен, – деп қамыққан Арудың түрін көріп,

– Онда қайттік, үйде дайындық жасап жатыр еді, – дегенімде, сезге қыздар араласып:

– Жолға шыққан соң қайту жаман ырым, жолда перзентханага соғып жағдайын білерміз.

– Ару мамаңа соғып, жақсылық тілеп, батасын ала шығайық, онда? – дедім мен де абыржып.

– Мен қыздармен барып келейін, сен үйге барып, дайындай бер,

— деді Базарбай да жол тапқандай. Олар жолдағы перзентханаға соқса, анасы босанып, қыз тауыпты. Шешесінің батасын алғып, қуанышты келген қыздарды күтіп алғып, беташар той басталып кетті. Кешке ауыл арасындағы қарттар, әже-әйелдер жиналып, молда неке суын ішкізіп, некелестік. Шілденің 13-інде ұлken той жасалып, ағайын-тума, жекжат-жұрағаттар жиналды. Салтқа сай барлық ырымдар жасалып, беташар айтып, шай құйғызып, сәлем салдырып, жыршы жырлатып, қызықтардың бәрі жасалды. Міне осындай ойын-күлкімен той өтіп, жастардың «бал айы» басталды. Шілденің ыстық күні қүйіп-жанып, балдай тәтті маҳабbat шәrbәтін ернімізден бөлісіп, тұнді үйқысыз ләzzатпен, жұмсақ сезбен, кулкілі назбен өткізіп, танды атырып жүргенде оншакты қүн де өте шықты.

### Арыста

Тоғыз жолдың торабы болған Арыс қаласының негізгі тұрғындары – теміржолшылар. Қаладағы белді мекеме – Арыс депосы. Бұл деподан енбек тәжірибесін алуға бөлінген үш студенттің бірі Фали осы Арыска жақын Шаян аулынан, тағы біреуі Жарқынбек – Жаңақорған аулынан. Бәріміз де ауылдан келгендерміз, тепловозды кітаптан оқығанымыз болмаса көргеніміз осы. Үшеумізді үш цехтың жұмысына бөліп, мен профремонт цехына жөндеуші болып орналастым. Жетекшім, аға шебер Алатайов Сапарбек. Өзі сөйлеп тұрған қатқан қара.

Лағы қалған еліктей, ауыл жакқа қарағыштап, сәл қолым босаса болды сағыныш сезімін себелеп хат жазамын.

«Арыстан сәлем! Ару осы хаттарды қалай әкеледі, ашып, ешкім оқымай ма? Өзге біреу оқыса «Мынау әйелжанды, өліп-өшкен неме» деуі мүмкін гой. Қандай заттың жатқанын кім білсін, ол шіркіннің ойында. Егер заман талабының жаңағанын біліп, жүрек сирин ұғып, ардақтай білсе олай демес. Әрі орынды айтылған сездің қанша қуат, қанша нәр берерін бағалағанға, адам жаны мол қазына ғой. Ия, сол адам жаны арманшыл да асқақ, сезімтал да нәзік, жарқын да күнгірт келеді ғой. Эрқашан жарқылдаған таза жүрекпен ұлы сезім ұялаған нәзік қылды маҳабbat пернесін шерткенге не жетсін. Ел не десе о десін, өзім жұбайлық өмір есігін

таза жүрекпен ашып, таза сүргенді бағалаймын! Өзімнен өзіңе өзгеше сәлем», – деп, қол қойдым.

Депо жатақханасында Жарқынбек екеуміз жатамыз. Жұмыстан соң темір жол паркінде қыдырып, кино көріп қайтамыз. Арада 40 күн өткенде сағынышым Арыым Арысқа келіп, осы қаладағы Зиядиннің ата-енесінің үйінен бір бөлме алып, алғашқы жанұялық тұрмысты бастап жібердік. Таң атысымен қимай қоштасып, жұмысқа кетіп, кеште жеті жыл көрмегендей сағына қауышамыз. Атақты Арыс өзенін жағалап, құмына аунап, біз де өзімізше «Арыста» әнін былай деп айтамыз:

Бойында жүрдік Арыстың,  
Тастақты құмын жағалай.  
Өзінді құшып алыстым,  
Жастықтың сәтін бағалай.  
Тастақты құмын жағалай,  
Жастықтың сәтін бағалай – Зрет.

Деміңе сенің тұншығып,  
«Дедім-ау» кімнің жарысын?  
Ентіккен баяу үн шығып,  
«Өзіңсің» дедің, Арысым!  
«Дедім-ау» кімнің жарысын?  
«Өзіңсің» дедің, Арысым.  
Арысым, Арысым. – 2 рет.

Айқасқан құшақ қабысып,  
Дегенде «Кімнің айысын?»  
Жүрекпен жүрек табысып,  
«Өзіңсің» дедің, жабысып.  
Айқасқан құшақ қабысып,  
Жүрекпен жүрек табысып...

Зымырап күндер өтіп, аяндал айлар бітіп, бір күннен бір күніміз артық болып жүргенде практика да бітті. Арыс бойында «бал айын» өткізіп, Аруды ауылға апарып, Ташкенге кеттім.

Арудың енесі жас келіннің үй шаруасына икемсіздігін анғарып,

алғашқы кезде өзін енесі қалай тәрбиелесе, оны да сол жолмен тәрбиелей бастаған. Бір күні Жазықтың ағасы қайтыс болып, соны шығарыса барады. Табытты алып шыққанда, ырымшыл ене табытқа жабыспак болған келінінің қолын қағып жібереді. Тілді ене келініне ашуланып аңы-аңы сөздерді де айтады. Содан «отырса опак, тұрса сопақ» дегендей, түсінісу қындағы бастайды. Түс көргендей болып өткен онша өмірді аңсан, ене қолындағы өмірді тозаққа балап, Ару хат жазады. Диплом жұмысын жазып, қарбалыста жатқан маған екі хат келді. Бірі шешем жаздырган хатта, екінші хат Арудан. Ол менсіз өткен өмірдің тозаққа айналғанын айта келіп, «бақытсызыбын» депті. Жылап отырып жазған болар, хатқа тамған бір тамшы көз жасы тиғен жазу жайылып кетіпті. Мен жағдайды түсіндім. Апам жас келінді енесі Аксебен өзін қалай пісірген болса, ол да сол тәсілмен тәрбиелеуге кіріскені көрініп тұр. Қайтадан ой шапанымды киіп, хат жазуға кірістім.

### **Ташкеннен хат**

«Немере ағаңың қайтқанын айтып, қамыға жазған хатынды алдым. Қымбаттым, қайырын берсін, одан артық не айта аламын. Қайғына ортақпын, ол кісімен жүздесіп, етene таныса алмағаным өкінемін. Алланың ісіне амал жок, тағдырдың жазғаны солай болар. «Орнында бар оналар» деген, шүкір ұл-қызы бар, ол кісінің жетпеген армандарына жетуді ұрпактарына жазсын. Диплом бітпей, ешқайда шыға алмаспын, Жазыққа да айттарым осығана болмақ. Кездессен, сәлем айт. Ал отбасылық қындықтарға не айтайын? «Өзің білесің». Ия, мен бұл сөзді айтканда сендеңі маған деген махаббатына сеніп айтамын. Қуанышта да, қайғыда да бір болу, үлкендердің сенімін ақтап, тату болу, арада болатын түсініспеушілікті жойып, болдырмау сияқты жанұялық жағдайды төзімділікпен, ақылмен өзің шешкенің абзал. Отбасылық өмірдің табалдырығын аттар-атамастан, сәл кездессен қындықтан шошып «бақытсызыбын» депсін. «Бақыт»... Ия, сол бақыт дегеніміз не? Жалпыға сұрақ болған осы бір сауалға әркім әрқалай, өздерінше топшылау айтады. Солардың көбі бақытын енбектен табады, ал біразы енбектеніп өксігін басады, жан жарасын емдейді. «Адамды адам еткен еңбек» дейді ғұламалар. Оқып, үйреніп білімге жету

қажырлы еңбектің жемісі. «Қанағат, рахым, терең ой» дейді Абай дана. Сол еңбекті еш етпей табысты етіп, абыройга ие болып бақыт биігіне ерлеу үшін саналы болып, рахымды болып, қанағатты болуы шарт. Жоғарыдағы қасиеттерге жетуге, адамдық махаббаты болуы керек. Адам махаббаты, адамдық махаббат та үш тармақтан тұрса керек:

1.Жалпыхалықтық, қоғамдық, патриоттық махаббаттар. Ол қоршаған ортаңды, Отаныңды, елінді сүйіп, ардақтысы бола білу.

2.Жанұялық махаббат. Адами сезімдердің тоғысып, жандары жарасып, жүректері табысып құрылған жұптың отбасылық сезімдері – жанұялық махаббат. Жанұядығы ең ардақты, ең қымбат та кадірлі жан – ата-ана. Оның ішінде адам-өмірдің бастауы болған анадан өрбиді, ана сүтімен қасиеттерге ие болады. Болашақты ойлап, нәрестені алғашқы айлардан бастап қиялында есіріп, шыр етіп жерге түскенде қуанған, ата-анага не жетсін. Барлық өмірін сол ұрпақтың қызығына арнаған абзal жандармен тіл табысып, шексіз махаббата болу – зор бақыт. Себебі, біздерге өмір сыйлаған, адами махаббаты да тудырған да сол ата-ана ғой. Сондықтан бақытынды ата-ана қуанышынан ізделген абзal. **Шын махаббат иелері қандай жағдай болмасын бір-біріне жан қиярдай адал жандар болмақ.** Олар өз мұддесінен сүйгенінің мақсат-мұддесін жоғары қойып, қадір тұтады. Міне осылай бір-біріне сүйеу болып, өмірдің қыын да, қызықтарын бірге көретін жұп болса, олар бақытты жандар.

3. Жұбайлық махаббат. Екі жұптың махаббатсыз қосылуынан туындаитын «алаяқ», «бұзылған», «маскүнем» дегендег атақтар тағылып ажырасқандар, олар ұлы ұғым – махаббатқа сенбейтін жандар. Шын махаббат ажыраспайды, өледі. Махаббат деген ұғымды қызығушылықта теліп, есеппен жұптасқандар өзін-өзі алдаған бақытсыз жандар. Екінші – жарты махаббат, жарты бақыт. Ия, бұлай деп айтуыма себеп болған «Сіз бақыттысыз ба?» деген сұраққа не «ия», не «жоқ» деп айта алмай калатындар бар. Себебі қосылған екі жұптың бірі өзге біреуді сүйіп адалдықты аттаса, екіншіден өзін шын сүйген жанның жүргегіне жазылmas жара салады. Олардың бірін-бірі кешірісіп, тым жақсы отау болғанмен

де, сол түскен сызат естен кетпей, бақытты сөзін айтқызбай, жарты бақытты болатыны сол.

Сонымен жоғарыдағы үш ұғыммен тұжырымдай келе айтарым: Куаныш пен шаттық, ләzzат пен мейірім ұялап, ынтымағы жарасқан бақытты жанұя болу әркімнің өз қолында. Шын сүйген жүректер табысқан болса, шешілмейтін сұрақ, алынбайтын қамал болмайды.

Ару, менің тағы да айтарым «Өзің білесің!». Менің өзіне деген махаббатым жүректі жарып шыққан шын, адал махаббат. Ал, сендергі сезім қандай? Егер, шын махаббат болса, оны бағалап ұстап қалу – өз қолында. Бақыт та сондай. Бақыт деген ұғым да басына қонған бақытты бағалай білген жанның өзіне байланысты. Өмір тапшылығын тартып, не өмір азабын шеккен жан бақытсызыбын дейді. Езу тартып қуана білмеген жан, қанша бай болса да – ол да бақытсыз. Міне, сөйтіп «Адамды тұрмыс билейді», қайта айналып еңбекке тірелдік.

Еріншек пен енжар, селсоқ – ол адамның ауруы тәрізді құбылыс. Оның емі сезіну мен төзімді тоғыстырып еңбектену. Олақ, салақ екеуі екі ұғым. Олақ іске бейімсіздіктен адамға тағылатын жалғау, ол науқастан арылу үшін табанды болып еңбек етіп тәжірибе жинау, зеректілікпен үйрену керек. Ал, салақтық – еріншектік ауру, жанға қас, жағымсыз міnez. Бұл да санаға сәуле түсіп, арланып, икемделсе арылатын әдет...

Асылым менің, Аруым, бақытты махаббатым, өмірлік ләzzатым, қуанышым, ойымның арқауы өзінсің. Сөзімнің шырыны өзіне арналып, бақыттымың таусылмас арнасы болған, тек саған ғана төгіле бермек! Сені сағынып, ансан отырган мендегі махаббат, ол өзінің маган деген сезімінен туған. Сенің адалдығың менің табиғатыма нұрын сепкен....

Аруым, жаным, жүргегім, тыңдаши. Мен өмірден өзіме өмірлік серік етіп өзінді тандағаным ешқашан өкінбеймін. Өмірде біздерге керек жақсы қасиеттерді игеріп, асқақ талаптың жемісіне кол жеткізуіміз керек. Шын махаббатқа көп ұғымдар сыйды емес пе? Барлық асыл қасиеттер сол махаббаттан туындаитын адамның өзіне байланысты ұғым. Сондықтан да, жаным, өз ойынмен өркендер, барлық кездесер қындықтарға мойыма деп, айтарым:

О, жаным, өмір деген ұзын шынар,  
Ең ұшында шынардың бақыт тұрар.  
Сол бақытқа сабырлы ақылды адам,  
Төзіммен, еңбегімен зордан шығар.  
Бақыт деген, ол, жаным, оңай деме,  
Теніздегі белгісіз ол бір кеме.  
Толқынменен ауытқып, шайқалғанда,  
Құр сескеніп жаным-ау, олай деме!

Ташкент 18. 02. 65.».

### *27.02.65 ж. Тағы бір хат*

«8-мартта диплом жазып отырмыз, қол тимейді. Сонда да саған аландаپ, тағы бір хат жіберуді парызым санадым. Аруым, мен саған ынтықпын, жоқ, өле ғашықтын. «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, көзбен көрде ішпен біл» дегендей, өз көкейіңмен көріп біледі деп сенемін. Қымбаттым, мен кейде ойланбай олпы-солпы сөйлей саламын. Сол сөздеріме қарап «қалжыңбас» деп ойлап қалма. Менің сені өзім деп айта салатын кейбір жеңілtek қылыштарыма қарап «көрсекұзар», тағы сол сияқты нашар жандарға тели көрме, жаным. «А» деп аузымды ашқанда Адалдық, Адамдық деп тусам, – Адаммын. «Сен мені ойламайсың... Білемін оны...» дегеніңнен, солай ойлап журме, маған сенбегені ме деп қатты қынжылып отырмын. Жаным, мен үшін бірінші гүлін, бірінші ыстық сүйісін сыйлаған өзіңдей ең қымбат, арымен ағынан жарылған саған кімді тен көрем бұл жалғанда!

Есінде ме, сол бір тұн, алау құшып, кірпік қақпай атырған таң. Сондықтан, асылым, өзіңе қалай сенімді болсаң, маған да өзіндік Ардосыңа да сондай сен. Ал, «Өзіне сенбейтін жан өзгеге өмірі сенбейді». Егер өзіңе сенімсіз болсаң, сенгеніңнің қажеті жоқ. Қызғаншақтық сенбеушілердің ісі дейді кейбіреулер. Меніңше, ол ғашық жандар арасындағы қимастық сезім тәрізді. Менің өзіңе деген ынтықтығым сондай, тіпті сен жұтқан ауаны да біреу жұтпай, өзім жұтсам деймін. Оның бәрі сенбеушілік емес қой. Толықсып жатқанда бал ерніңнен қан тамғандай тамаша көрінесің, сол кезде, сол бейненәнді өзгеден қызғанып, жұтып жібергім келеді. Жұтып жіберуге де қимай, тек өмір бойы аймалап жата берсем

деймін... Жаным мен қалдырған «Асыл қазына» атты дәптердегі таңбалы сөздерімді оқығаныңды сезіп отырмын. Қуанамын. Жүгіріп барып сүйіп алғым келеді, әттең, ара алшақ.

Сөз түсінер жан болса,

Тәрбиелеп сүйейін...

деп жазғаным бар еді ғой, тапжылмай табанды болып, зорынта-ықыласты болып, төзіммен өмір тәжірибесін үйрене бер. Алда ойлаған мақсаттардың орындалуы үшін көп окуың керек. Кейде сенің намысыңды жаниын деген оймен шұқылап сұраганда «білмеймін» деп бұртия қаласың. Жарығым, ойлаши, біздерге келешек өмірдің қызықтарына өрлеуде, еңбекпен ұласқан, махаббатпен тұтасқан бақыт шындарына өрлеуде білім керек емес пе?

Махаббатым, жан жарым, нақ асылым,

Қияр ем өзің үшін мың ғасырың...

Жалынды сезім арналған,

Жанымның сенсін ләzzаты...

Сұлуым, жаным, ләzzатым, таң атып қалды, өз үйің өз тірлігін, өгейсімей қолыңа ал! «Үйге бармадым, барсам, қонбадым», – деп налып, «бақытсызыбын» дегенді айта көрме! Бақыт жайлы көп айттым, өзің білесің, қымбаттым».

## 16 март, 1965 ж. Tagы да бір хат

Замана өзгеріп, өркениет өркендеп келе жатқан кезенде жаңаңыңтар кештеу жетіп, әлі ескі көзқараста қалған Хожелі халқына қазіргі жастардың еркіндікке ұмтылған қылыштары жақпауы мүмкін. Кейбір жақсылығынан жаманы, арамдығынан пасықтығы көп, өсек-аянға өріс берер пенделер де бар ғой. Махаббаттың ең берік, ең биік шыңы – сенім. Саған сенімім мол, сондықтан менде саған деген күмән болмақ емес. Сенің де мен сияқты «біреудің көнілін жықпауға» тырысып тұрарынды байқадым. Бұл мінез, әсіресе әйел адамға, албырттыққа берілсе, жоғарыдағы айтқан кейбір пасықтардың ойын бұзып, өсегіне арқау болады. «Орынсыз қылжақты қатал қабакпен тіке қарап сөндіру – ұстамдылықтың кепілі. Әйелдің еріксіздік қалге жетуіне ойы бұзық жанның айтқан дәмді сөзін дер кезінде шектемеуі себеп»

деген екен ұлы дана филосов Байдуана. Эрине, бұл сөздерді саған бәлендей салмақ етіп айтып отырганым жоқ. Тек дананың Ұлы сөздерін еске сақтап пайдалана білген әйел қор болмас дегенім ғой. Алла ойы бұзылғаннан сақтасын!...

Мен ардактал, сенің құрмет тұтқан адалдық адамгершілікпен ұштасып, ақылмен тоғыса, шыншыл жүректердің сертіндей болған сенімге ие болып, еш құдікке жол бермес!

Екеуміз де баланың үлкені болғандықтан жұбайлық өмірдің киын да қызық, ыссы-суығына тоған ұлгі алар алдымызда аға-женге болмағандықтан, болашақ жұбайлық өмірімізді берік махаббатқа негізден, өзіміз кейінгіге ұлгі боларлықтай етіп сүруіміз керек. Өмірдің өз заңдылықтары бар, кейде дауыл, кейде қар, арты жаймашуақ болатын табиғаттың құбылысындаі көп жайтты дер кезінде білмей, артынан өкінеді адам. Мен айтқан сөздердің жақсысын ал, жаманын тастай сал. Кейде артық кетіп жатсам, төзімдік жасап, мендегі қоңіл-куйдің бұзылу себебін ізде. Шындығына келсек, ант ету қарғыс алғанмен бірдей. «Айтқан сөз, алған ант орындалмаса яғни тайса, ол адамнан гөрі шірікке батқан шыбын, өте ұсақ, тәмен жан». Сондықтан да антта, сертте емес өмір қағидасы боларлық бірер тармақ шарттарымды айтпақпын.

1.Қандай киыншылық болмасын алдынғы сапта болып, үйрену, іздену үстіне қажымай-талмай жігерлі болу.

2.Тұрмыста берік сенімнің иесі болып, ешқашан жалған сөз айтпау. Өтірік, жалғандық уақытша тәсіл, әшкере болса сенім мен адамдықтан қоса айырылады.

3.Өмірде кездесетін ой түйткілін, күмәннің қандай түрі болмасын дер кезінде шешіп, түсінісіп, жүректе сұрақ қалдырмау.

4.Ардақты махаббаттың берікұстап, ұрпаққа үлгі боларлықтай адалдық шынына өрлеу, сенім иесі болу! Ташкент».

## Майқайың

Ардос 1965 жылдың 25 шілдесінде ата-ана арманын жүзеге асырып, жоғарғы оқу орнын бітіріп шығып, инженер-механик мамандығын алады. Ауылга келіп, сағына күткен әке-шешесін, жарын, бауырларын қуанышқа бөлеп, бір айдай кастарында болып,

жұмысқа берген жолдама бойынша Павлодар қаласына үшуга ұшаққа билет алады. Аяғы ауыр, айы жақындаған қалған Аруды қимай көзбен өбісіп, қоштасты. Енді әкесі екеуі Амударияны қемемен өтіп келеді. Арудың жағдайын ойлап, дұниеге келер тұңғышын күтіп ала алмайтынын ойлап келе жатқанда, бұлар мінген кеме өзен ортасында қайырлап тұрып қалады. Шығуға әрекеттенген кеме екі сағаттан астам уақыт тұрып, әзәр шыққанда самолет ұшып кеткен болатын. Бұлар қайтып келгенде баладай талпынған Арудың қуанышын көрген Ардостың анасы «Бұл адайдың қызының аруагы бар, сенің қайтып келерінді біліп, күтіп отырған еді» деп күлісіп жатыр. «Баланың ойы далада, ананың ойы балада» дегендей, шешесі алғашқы немерені өз қолында босандырып, жас анаға сәбиді күту жағдайларын үйретпек еді. Ардостан қалғысы келмеген келіннің көнілін қимай, бір шешімге келген енесі:

— Қайда да Құдай бар ғой... Алла жар болсын, жұптарың жазылмасын! Бірге кетіңдер, — деп келінге керек-жарақтарын дайында, алғашқы сәбиге керекті жағдайларды үйретіп жатты. Екі жастың қимастық күйін көрген ене өзінің қорқынышын, көптен күткен тұңғыш немере көру сағынышын жеңіп, ертесіне екеуін пойызға мінгізіп жіберді. Жол жөнекей Ташкенді, Арысты артта қалдырып, Тескентаудан өтіп, Әулиата жеріндегі Жамбылдан асып, Шу өзені, Балқаш көлі, Қараганды қаласы, Целиноградқа жетті. Кешке пойыз ауыстырып мініп, Ертіс өзені бойындағы Кереку (Павлодар) қаласына келді. Бұл жерде айта кетерлік ененің бір сезімі, жағдайына да қарамай жолдасына ере шыққан Арудың Ардосқа деген махаббатын аялауы еді. Шу станциясынан аттанған пойыз күндіз Балқаш көлін жағалап баяу жүріп келеді. Суга жақын келіп пойыз тұрғанда түсіп суға жүгірғендермен бірге Ардос та барып көлден бір банке су әкеліп, ырым етіп болашақ тұңғышы мен жарын сумен шылады. Олар келгенде қалада бұларға жанұялық үй болмай, 90 шақырым жердегі Майқайың станциясына орналастырды.

Керекуден келген бұларды тікектеген отыздар шамасындағы орыс әйелі күтіп алып, басына киген қызыл фуражкесіне он саусағын апарып «Станция бастығымын» деп танысқан болатын.

Бұрындары әйел адамның фуражке кигенің көрмегендіктен бе, әйтеуір, сұп-сұр болып тақылдап тұрған бұл бастық Ардосқа онша ұнамады. Оларды ертіп станциядағы үш жолдың бас жағындағы тұйық жолға қойылған көк вагонға әкеліп: «Осында тұрасындар, ішінде тесек-орын, ыдыс-аяктар бар» – деп, аяғын так-тұқ басып кетіп қалды. Ішке бар-жоғы бір бума жүгін кіргізіп, биік вагон баспалдағына Аруды әзер дегенде мінгізіп, қара терге түскен Ардос, жағдайдың қыындығын енді сезіне бастады. Ертен бұл жұмысқа кетеді, поселке үйлерінен алыс жалғыз вагондағы жолдасының жағдайы қалай болады? «Шешесі қалғысы келмеген келіннің көнілін қимай келіссе де осындаі қыындықтың боларын білген екен-ау, «Алла жар болсын, ата-бабалар аруактары қолдасын» дей берген еді. Бар жауапкершілікті сезінген Ардос ұяшығының қамын ойлады: – Сен жатып демал, мен дүкенді көріп қайтайын, – деп вагонның бір купесіне жолдасын кіргізіп, шығып кетті. Теміржолдың оң жағындағы төбе басында тұрған жалғыз үй дүкен екен. Адамдар кіріп-шығып жатыр. Ардос та іштегілерге назар аударып, орыс дүкеншіден зат алып жатқан қазактың катқан қара кемпірін көріп, қуанғаннан дауыстап жіберді.

– Бұл ауылда қазактар да бар екен ғой. – Кемпір сеткеге салған заттарын жарға сүйеп қойып:

– Балам, қайдан келдін? Бұл жактың адамдарына ұқсамайсын, – деді кемпір оған бастан-аяқ қарап алышп.

– Апа, Кіші жүздің баласымын, оқу бітіріп, жұмысқа келгенмін. Сізді көріп қуанғаным сонша, шешемді көргендей болдым.

– Қайда тұрып жатсың?

– Вагонда. Қасымда аяғы ауыр жолдасым бар еді, жұмысқа кетсем, караусыз кала ма деп? Квартира болса жақсы болар ма деген...

– Мына ойдағы үйлердің бәрі қазактардікі, егер, ынғайлышын таппасан, анау шатырлы екі үйдің біріншісі біздікі. Бір бөлме табылып қалар, – деп, жолдың арғы жағындағы қазакы аласа үйлерден бөлек төбе үстіне салынған шатырлы ак үйді көрсетті.

– Рахмет, апа, қазір жолдасымды ертіп шығамын, – деп Ардос вагонға қарай жүгіре жөнелді. Келіншегін ертіп, ауылдағы үйлердің ең тәуірі, әрі бінің сол кемпірдің үйіне келіп, бір бөлмесіне

тұруға келісті. Төрт бөлмелі үйде үйелмелі-сүйелмелі екі ұл мен кемпір-шал төртеуі тұрады еken. Ардоспен вагонга бірге барған екі бала жолда Шудан алған нән қарбыз бен ұзындығы метрге жақын қауынды көріп:

– Ой, мұндай да әйтік дінкелер болады еken, – деп таңғалса, үйдегілер де мұндайды көрмесе керек, көршілеріне мақтанышпен көрсетіп, теберік етіп қауынды тіліп беріп, бір аптаға жеткізді. Кемпірдің ұлken ұлы Целиноградта су саласының бастығы болып істейді еken. Ардосқа хат жаздырғанда оның балаға деген ана сағынышын, көңіл-күйін дәл жеткізгендігі сонша, кемпір көзіне жас алып, алғысын үйіп-төгіп жатады. Жоғарғы шатырлы үй кемпірдің күйеу баласынікі болып шықты. Ол осындағы поселкелік Кенестің төрағасы болып істейді еken.

Сөйтіп, олар бір үйдің адамдарында араласып кетеді. Аудан орталығы – Майқайын, станциядан 40 шақырым жерде орналасқан көкпеңбек тал-теректі елді мекен. Ардос көмекші машинист болып Майқайындағы алтын өндөйтін зауытқа жүк тасымалдайды. Бір айда 12 сағаттан 15 күн жұмыс істеп, 15 күн демалады. Шағын ауылда көлік жоқтың қасы болғандықтан, толғағы келген келіншегін Ардосқа 40 шақырым жерге трактормен жеткізуге тұра келеді. Сол Майқайын қаласында 12-ші сентябрь күні тұнғышы Мадияр дүниеге келіп, әке-шеше атанған жас отау қуанышқа бөленеді. Қуанышты хабар жетіп, алғашқы немересін көруге асыққан атасы, сонау жер түбінен бір аптадай пойызben жүріп жетеді. Ауылдың күріші, тары-талқаны, өрік-мейізі, әжесінің немереге арнап тіккен күртешесі, сәлемдемелері бар бір қап жүгімен тұн ортасында келетін пойыздан түсіпті. Ешкімнен сұрамай-ақ хаттағы сілтеумен келіп, терезе қақкан әкесін көргенде, Ардоста ес қалмайды. Қыстың қақаған кезі. «Үсті басы ақ қырау, түсі сұық» деп суреттеген «Аяз ата» кейпіндей, бірақ, түсі жылы әкесі арқасындағы қабын жерге түсіріп, мұртына қатқан мұзды қағып жатқанда оның сенсең тонының сыртынан қапсыра құшақтап:

– Аға, тұн ортасы, бір минут тұратын пойыздан қалай түстің? Қалай таптың? – деп әкесінің тонын шешіп ілгенше, іштен Ару да шығып, атасын құшақтай алады. Көрші бөлмедегі кемпір-шал

да оянып, аядай бөлме іші нұрға бөленеді. Тағдыр табыстырып таныс болған бұл қарттар, өз әке-шешесіндегі болып тұрып жатқан болатын. Таң ата үйге ауыл қарттары, жақын жуық ауылдастары жиналып кішігірім той болады. Кіші жұздің келіні бұлар көрмеген лағман мен палау пісіріп, Өзбекстанның өрік-мейізі, набаты, тары-талқаны дастархан сәнін келтіріп, қаймақ қатқан тәтті шай беріліп, ауыл адамдары біраз айтып жүрер әңгімелеге арқау болады. Бір түнеп кеткен Ардостың әкесінің де айтқан әңгімесі карттардың аузынан түспей біраз айтылады. «Жақсы адамға жаттық жок» дегендегі, ауыл адамдарына сіңісіп кетсе де, «Уақытша тұра бер, кейін инженерлік жұмыс табамыз» деген басшылардан хабар болмай, оның торығып:

Күн сұық ет қарыған, бет қарыған,  
Құлақ та үсіп қалды-ау тең жарыдан.  
Жұмыс та бұрынғыша кішігірім,

Қазакта темір жалап, кім жарыған? – деген шумақтарын достарына жазып, күндер өтіп жатады. Бір күні оның министрлікке жолдаған хатына жауап ретінде жеделхатпен бұйрық жетеді. Сейтіп, Павлодардан үлкен бастықтың өзі келіп, билеттерін, есептік ақшаларын әкеліп, пойызға мінгізіп салған болатын.

Енді Ардостың өзі жазған әңгімелерінен мәлімет бере кетейік.

### Маңғыстау

Құс екеш құс та ұшқан ұясын, туған жерін аңсайды. Адамды кейде жылқы мінезді дейді. Ертеде барымталанып үйірімен қуылып бара жатқан жылқылар ішінен мама бие, аргымақ айғырлар үйірінен бөліне қашып, жеріне оралғандары жайлы әңгімелерді көп еститінбіз. Төрт түліктің үлкені Ойсылқара – түйе малы да жершіл-ақ. Осы жерде өзім күә болған мына бір жәйтті айттайын.

1966 жылы киелі Маңғыстау жеріне жолдамамен келіп, Қарақалпақстаннан әке-шешемді де көшіртіп алған болатынын. Манғыстау станциясында үй құрылышы қызу жүріп жатқан кез. Ол кезде қазіргі Қызылтөбе аулының орнында «СУ-900» деген үйлері мен кеңсе дүкендері ғана бар шағын елді мекен болатын.

Сол жерге Маңғыстаудың байырғы тұрғындары көшіп келіп, мал ұстап отыра бастаған шағы еді. Темір жолдың қабатты үйлерінің бірінде тұратын әкем мал ұстауды аңсап, сол «Қазакауыл» деп атана бастаған «СУ-900»-дегі үйлердің бірінен інген түйе сатып алды. Алғашында ол түйені темір жол бойына жетелеп жүріп бақты. Сөйтіп жүріп ақыры, теміржол поселкесінің қасынан бірінші болып қора салып, мал ұстай бастады. Кейін бұл жалғыз қора теміржолшылардың мал ұстайтын ауылына айналып кетті. Сол інген боталар шағында бір күні өрістен келмей, жоғалды да кетті. Іздемеген жері қалмаған әкем әлгі түйе сатқан үйге барып, інгеннің туған жерін сұрап алып, сонау Жармыш совхозына барып тауып әкелді. Міне, түйе малының жершіл, отаншыл екенін сонда білдім.

Кеңес өкіметі орнар шақта бірде ақ, бірде қызыл әскер шығып, қатықтай ұйыған қазақ елінің берекесін кетірді. Кеңес өкіметі орнасымен бай-мырза, молдалар, оқыған зиялды азаматтар «шаш ал десе бас алған» тексіздердің өз халқына жаудай тиген әрекетінен зардап шекті. Кәмпескелеу басталып, мал баққан қалың қазак атамекен жұрттың тастан, Қытай, Ауған асып, біразы Қарақалпақ, Өзбек, Түрікмен жерлеріне қашып көшеді, арты ашаршылыққа ұласып, қырғынға ұшырайды.

...Елдің бірлігін ойлап, жерін корғаган ерлері мен билері «Жерім, елім» деп келген. Патша өкіметі тұсында оқыған зиялды қазақ азаматтарының бірі, ғұлама Ахмет Байтұрсынов та 1915 жылы өткен халық санағы қортындысын көріп «Алхамдулилла, аз емеспіз, 6 миллионнан асқан қазақпұз» деп, қуана жазып, Қазақтың іргелі егемен ел, зиялды жұрт, қуатты мемлекет болуын армандаған еді...

Сол алты миллионнан астам халықтың тоз-тозын шығарған аласапыран тағдыр, қазақтың жартысына жуығының қырылып қалуына соқтырып, атажұртта ел сиреп қалды. Халқымыздың «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне» деген жақсы мақалы бар. Бүкіл Мысырды билеп тұрған Бейбарыс шах та туған жерін аңсап, «тағын тастан кеткен» деген де аңыз бар.

Шүкір, мың да бір шүкір. Қазір жоғарыдағы аbzal азаматтардың қиял-армандары орындалып, Қазақстан Республикасы егеменді

ел болып, қуатты мемлекетке айналды. Сейтіп, амалсыз елден, жерден кеткен бауырларымыз атажұртка қайта орала бастады. Тағы да шүкіршілік ете отырып, кеңес дәүірінің өзінде-ақ атажұртқа қоныстануға талпынып келген алғашқылар жайлы көргенімді айтпақпын.

1965 жылы Ташкент теміржол институтын бітіріп Павлодар қаласында жұмыс жасап жүргенде сол кездегі ең негізгі ақпарат құралы радиодан Маңғыстаудан ашылатын жаңа темір жолды игеруге маман қадрлар керектігін естіп, министрлікке хат жазып, жаңа жолға жіберуді сұрадым. 1966 жылдың 14-ші сәуірінде ЖҚМ-нің (Жол Қатынасы Министрлігі) жолдамасымен Маңғыстауға алғашқылардың бірі болып келдім. Сол кездегі қын шақтарды жеткізу мақсатында өзімнің көш сапарымды толығырақ айта кетпекпін.

### Жолсапар

Павлодар қаласынан біздер шыққанда қыстың ызғары әлі кете қоймағандықтан қыс киімімізben пойызға мінгенбіз. Көш жүгіміз де көп емес, бар болғаны екі бума жүк. Мақат станциясынан түскенде жадыраған жаз, күн қуйіп тұр екен. Тастан қаланған кішкеневокзал үйінің алдынажасбалалы жолдасымды отырғызып, шаңын бұрқыратып құрылыш жүргізіп жатқан адамдардың бірінен ОВЭ мекемесінің кайда екенін сұрап алдым. Олар сілтеген вокзал қасындағы жерге түсірілген қызыл вагонға жақындей бергенде, бір аяғын сылтып басып жүретін, үстіне жұмысшылар киімін киген орта жастағы орыс кісі вагонды ашып, ішке кіріп кетті. Мен де ішке кіріп әлгі кісімен «здраствый» деп амандастып, бастықтың кайда екенін сұрадым. Ол үнсіз үстіндегі киімін шешіп, вагон іргесіне қағылған шегеге іле салып, төрдегі столға койылған орындыққа отырды. Менің бас-аяғима дейін бір шолып өтіп, үнсіз алақанын жайды. Мен де осында кірерде дайындал ұстап келген қағазды алақанына сала қойдым. Ол асықпай столдағы календарьдың бір бетін жұлдып алдып, «Орналастыр. Андрейко» деген екі сез жазып, қолын қойған қағазды ұсынып:

— Жаңа депоға шебер боласың, — деді қызыарған көзімен сүзе қарал.

— Менің жанғым бар, жас балалы әйелімді қайда орналастырамын? – дедім. Ол орнынан тұрып, бір боктанаң алды да, вагонның бұрышындағы пердені ашып, қорапша ішінен мөр мен ақ қағаз алып шықты. Тағы да бір боктанаң алдып, столына отырып, асықпай әдемілеп бұйрық жазды. Тілдей қағаздағы мөр басқан бұйрықты маған беріп тұрып:

— Онда сен «А» станциясына барасың, ол жерде салынған үйлер көп, депоға аға шебер боласың – деп, сағатына қарап:

— Бүгін тез жүрмесең тағы да үш күн тосып қаласың, тез барып, біздің кассіден билет ал, – деді де, тағы да календарьдың бір бетіне «Билет жаз. Андрейко» деген қағазды берді. Мен кассаға келгенде, ондағы әйелдің билет жазып беріп жатып: «Тез пойызға бар, бағажың қала берсін, өзіміз артыңнан жібереміз» деп асықтыруымен жүк пойызының соңындағы вагонға әзер үлгеріп міндік. Вагон іші лық толған адам. Жоғарғы жүк қоятын вагонның үшінші сөресі тұрмақ жүрер жолы да жүктеге толы. Мен жеңіл киіммен аяқ-табақ буылған жүгімді арқалап купенің соңғы жағына әзер жеткенде, бір азамат балалы әйеліме төмennен орын беріп, соған орналасып алдық. Мақаттан кешкі сағат жеті болғанда пойыз жүріп кетті.

## Бірінші тұн

Пойыз жылдамдығы баяу, «так-түк, так-түк» деген бір сарынды дөңгелек үнімен жазық далада жүріп келеміз. Вагондағы жолаушылар бір-бір шөлмектерін шығарып ішіп, ыстық леп есken вагон іші арақ пен тер ісінен тынысты тарылтып келеді. Мас адамдар ән айттып, онсыз да мәз емес жағдайымыз қынданай тұсті. Олар тұннің бір уағында ғана жақтары семіп, біз де көз шырымын алдық.

— Опорный, Опорныйға келдік, – деген жолсеріктін айқайынан оянған мен, ортадағы жүктегер үстінде қалай болса солай шашылып жатқан адамдардан аттап өтіп, есікке де жеттім. Тұнгі ішілген арақтан басы мең-зең болып тұрган жолсеріктен пойыздың бұл стацияда қанша тұратынын сұрағанымда, ол ұйқысын аша алмай есінеп тұрып: «Кешке дейін», – деді. Айтқан сезіне сеніңкіремей, жерге тұстім. Ойым, егер уақыт болса, балам мен әйелімді жерге

түсіріп, сәл болса да сергітіп алу. Сол жердегі жұмыс жасап жатқан бір мосқалдау кісіден білгенім: «Пойыз кешке дейін тұрып, тұнде жүреді, себебі құндіз перегонда жолшылар жұмыс жасайды» деді. Станция басында ығы-жығы адамдар құрылыс жұмыстарын жасап жатыр. Сәске болмай-ақ құн ысып кетті. Вагон іші қапырық болып, адамдар жерге түсіп, пойыздың вагондарының астынан көлеңке құып саялауда. Біз де кіші теңді шешіп ішінен төсениш алдып, бір вагонның көлеңкесін паналадық. Тұс мезгілінде құн тіптен жанып кетті. Вагон көлеңкесі де қысқарып, тығылар жер қалмай, әрі су да жоқ, тіліміз аузымызға сыймай барады. Жас баламыздың жағдайын ойлап жанымыз көзімізге көрінгендей жағдайға тап болдық. Вагонның туалетіндегі жылымшы сұынан шәйнегімізге құйып алдып, оны қөлеңкелеу жерге койып сұытқан боламыз. Осындай жанталас жағдайда арпалысып жүргенде біреулердің пойыздың алдынғы жағынан карбыз әкеле жатқанын көрдім.

– Қайдан алдың? Сатылып жатыр ма? Қанша екен? – Жарты карбыздың ішін қолымен ойып жеп келе жатқан орыс жігітінен сұрағанымда, ол аузы қарбыздан босамай, қолымен жоғары жақты нұсқады. Ақшамды алдып, пойыздың орталau тұсына келгенде, жабық вагонның жоғарғы люгінен қарбыз лактырып тұрған біздің үстіміздегі жігітті көріп қуана айқайлап, анталаған жұрттың алдына шығып «Маған, маған» дедім екі қолымды жоғары көтеріп. Біздің баламен келе жатқанымызды билетін ол төменде қолдарын көтеріп қарбыз қағуға дайын тұрғандарға «Балалы әкеге» деп екі үлкен қарбызды лактырды. Бірін өзім қағып алдып, екіншісін қасымдағы ірі орыс жерге түсірмей қағып алдып, жоғарыдағы жігіттің нұсқауымен маған берді. Қарбызды болғандар олжасын сол жерде жарып жеп жатыр. Екі қарбызымды қолтықтап бала-шағама келдім. Біздің қасымызағы қарсы орында жатқан жігіт ағасы болған нән орыс кісі кеше өзінің осы құрылыста істеп жатқанының айтып танысқан болатын. Ол кісі де бір қарбызды жарып жеп отыр.

– Бұл қалай болды? Бұның өзі нағыз вагонды тонау болды ғой. Мына қарбыздың ақшасын кімгетөлеймін? – деп қобалжығанымда, ол:

– Саспа, бәрі тегін. Мұнда келетін жеміс-жидек, тез бұзылатын тағамдар жұмыс істейтін адамдарға арналған. Олардың сау жеткенін бөліп жеп, бұзылғанын жұмысшылар жалақысы есебінен актілеп жояды. Жұмысқа келесін, сенің де үлесің бар, – деген сон барып, қарбыздарды адалдап, жарып жей бастадық.

### **Екінші түн**

Імарт жабыла жүрген пойызайдаладатап-тақыржермен жүріп келеді. Эйнегі сынған вагон терезесінен үрген ыстық жел бетті қарып, тынысымызды тарылтып, тозақ отына күйіп отырғандай күйдеміз. Құлазыған далага терезеден қарап отырып, ертеректе бабаларымыз осы даланы жаудан қорғап, малын бағып, есіп-өнген ата жұрт болды деуге сенгің келмейді. Бірақ, тарих солай дейді. Өзіме-өзім жігер беріп, «Темір жол келді, енді ел жиналып, дала гүлденер, бәрі қайта орнына келер» деп болашаққа үміт артып келемін. Бүгін кешегідей емес бой үйренді ме, әлде адамдардың алып шықкан арак-шараптары таусылды ма, айқай шусыз жүріп келеміз. Таң ата «Сайөтес» деген станцияға келіп тоқтадық. Экем марқұм: «Өтестің сайының Маната тауы баурайында Қарабас атамыздың салдырған мешіті бар еді» деп айтып отыратын. Сол сайға құлар жердегі жазықтықта темір жол вокзал үйі және теміржолшыларға арнап екі қабатты тұрғын үйлер салынып, ел қоныстана бастапты. Сол жерден су ішіп, кешегі шөлдің зардабы естен кетпей, су таусылып қалардай сезініп, шәйнегімді суга толтырып алып, вокзал көлеңкесін айнала панарап жүріп, кеш болғанын да білмей қалдық. Басында қызыл фуражкесі бар сары жігіт «жұмысшы пойыз келеді, вагонға барындар» дегендे көлеңке астындағы шабактай шашылған жолаушылар өре тұрып, вагонға қарай шұбырды.

### **Үшінші түн**

Сайөтес станциясынан пойыз төмен қарай ирелеңдеп түсіп келеді. Пойыздың сол қапталы үлкен жар, оң жағы терең құз. Сол жақтағы тасты жарып өскен бұта, шенгел, аласа шөптер тау баурайын қызығылт түске бояп, батар күннің нұрына шомылса, оң қапталындағы сайдың түбінде жылтырап көрінген көлшік

су, көк майса шөптер өскен бөлек табиғатты көресің. Шок-шок бұталар түбінен секірген қоянды көріп, кекпенбек сай түбінің көрінісіне масайрап, жұмакқа кіргендей сезімде келемін. Тау арасымен баяу жүріп келе жатқан пойыздың ауық-ауық тежегішін қосып сілкіп-сілкіп алуынан ылдидың үлкен екенін байқап отырмын. Таудан түсісімен қайтадан табиғат өзгеріп қара қошқыл далалық болып кете бердік. Содан таң ата станция «А»-дан бірақ шықтық. Станцияның бар болғаны үш-ақ темір жолы бар екен. Оң қапталының шаңын бұрқыратып, құрылышылар тұрғын үйлер салып жатыр. Орта Азияның тәрбиесін көріп өскен біздерге жалаңаш-жалпы жүрген ленинградтық «Студенттік құрылым отряды» жастарының қылыштары алғашында ерсі көрінетін, кейін оған да үйрендік қой.

Ақтау қаласы да жаңадан салынып жатқан кез. Мені сол Ақтаудағы «Железко» деп аталған ОВЭ депосының шебері етіп тағайыннады. Ол кезде қала жабық, әдірісіміз «п/я Гурьев-20» деп аталатын. Қала құрылышын салушылар негізінен «зектер» мен стройбат солдаттары екен. Көп кешікпей станция «А»-дан ЖКМ-нің жаңа ПТО-сын ашу үшін мені соған жіберді. Станциядагы тұрғын үйлер дайын болып, менің және осы «Железкодагы» вагонда тұрып жатқан машинистердің жанұялары көшіп бардық. Үй мәселесі солай шешіліп, сол жылы Қарақалпақстандағы әкешешемді көшіріп алып, олардың ата қонысына оралу армандарын орындағандай болдым.

Менің бұл жаңа жүрттада алғашқы танысқан машинистерім: Түркіменстаннан алғашқы машинистер көшін бастап келген Чапай аға еді. Бойы аласалау болса да өте шымыр, шалт қимылды жігіт ағасы өзін «Чапай», қасындағы ұзын бойлы акқұба жігітті «Еділ», ат жақты тұлғалы ағайды «Байназар» деп таныстырып, тағы да бірге келген үш машинист: Нұрқаш Мадияров, Исабай Сатқұлов, Нұрғали Төлеповтердің жанұялары барын айтты. Мен жоғарыда пойызben келген көш жайлы әңгімелесем, енді темір жолсыз, машинамен, арбамен көшкен алғашқы көштерді баяндай кетейін.

Чапай Іслаұлының атасы Нұрмағамбет оқыған малды азамат болып, Маңғыстаудың Ақкетік аймағын жайлаған екен. «Патша

өкіметі тұсында болыстың хатшысы болған, бай» деп құғындалып, қашқан елмен атамекенді тастан, түрікмен жеріне асып кетеді. Сол Чапай бастаган әулеттің ұрпактары теміржолшылық кәсіпті игереді. Үкіметтің Маңғыстаудағы жаңа жол құрылышына шақыруымен аласат заманда өздерінің аталары өткен Бекдаши арқылы малын айдап, көлікпен көшіп келеді. Бұл бастама, кейіннен жаңа жолды игеруге Түркменстаннан 500 үйдің көшіп келуіне мұрындық болды. Бұлармен қатар атажүртқа оралған темір жолдың басқа саласының да қызметкерлері бар еді.

Енді осы жолда жұмыс істеуге келгендер жайлы бірер сөз. Қөрші ел Әзіrbайжаннан теңіз арқылы көшіп келгендер: Али Шукurov, Али Кулиев, Ислам Кардаш, Гусейновтар болса, Астрахан арқылы пойызбен келген орыс ұлтының өкілдері: Ковалев, Мальченко, Носов, Нестровтер еді. Сөйтіп күн санап келіп жатқан алғашқы елге оралған азаматтар, жаңа жолдың өркенде өсуіне өздерінің үлестерін қости.

Мен киелі Маңғыстау өніріне 1966 жылдың 14-сәуірінде КСРО Жол катынасы министрлігінің жолдамасымен жас инженер маман болып келдім. Ол кезде станция «А» деп аталатын темір жол мекемесінде бар-жоғы жерге түсірілген қызыл вагон (станция кезекшісі) мен торт станса жолы ғана болатын. Әдірісіміз «پ/я Гурьев – 20» деп аталатын. Ол кезде теміржолдың құрылышы үйлері мен мекемелерін салып жатқан СМП-163 мекемесімен қатар ленинградтық студенттер отряды даланың шанын бұрқыратып тұрғын үй құрылышын салып, Ақтаудың қазіргі 3-ші шағынауданындағы «Пятачок» деп алған жерінде қызу құрылыш жүргізіліп жатты.

Мақат станциясынан үш күнде бір жүретін жүк пойызының сонына тіркелген жалғыз жолаушы вагонына сыймай, вагон тәбесіне де мінген адамдармен арпалысып, үш күнде Маңғыстауға әзер жеткенбіз. Құжынаған өзге ұлт өкілдері ішінен көзіме оттай басылғаны жалғыз қазақ қызы Тыныштық еді. Өзін «Таня» деп таныстырган ол жаңа жерде почта бастығы екен. Келген пойызды күтіп алу әдетіне айналған Таня вагон толы адамдар ішінен түсіп жаткан жалғыз қазақ отбасы біздерді көріп, туыстарын күтіп алғандай қуанған. Алты айлық бала мен келіншегім үшеуміз жаңа

туысымыздың барак үйінде отырмыз. Пысық қыз тез шай қойып, дастархан жайды. Айтайын дегенім, ыссы вагонда таңдайымыз кеүіп келіп, алғашқы ішкен Маңғышлақтың кермек сұнының дәмін-ай, естен кетпейді-ау, кетпейді.

Ертесіне мені жана салынып жатқан темір жолдың ОВЭ (Уақытша пайдалану бөлімшесі) мекемесінің Ақтау қаласындағы депосына аға шебер етіп тағайындалап, сонда көшіп бардық. Маңғыстауға темір жол тарту мәселесі шешілісімен-ақ 1961 жылдың күздінде Каспий теңізі жағалауына Бакуден баржымен келіп, ТГК-156 кішкене тепловозы, темір жол құрылышына қатысты жабдықтар мен машиналар және теміржолшылар түсірілді. Бұл Мақат – Ақтау темір жол құрылышын Ақтаудан бастап салатын екінші құрылыш отряды болатын. № 66 тізбек механизаторлары теңіз жағалауынан жер төсемдерін жайып, жол төсей бастады. Жедел қолға алынып, ст. «Порт» пен уақытша қойма аралығына 400 метрлік темір жол салынды. 18 қазан 1961 жылы теңізben келген құрылыш материалдарын тиеген вагондарды тартып, бірінші классты машинист М. Қаратаев Маңғыстаудың алғашқы маневр тепловозын жүргізді. Сондай қарқынмен қазіргі 22-шагынаудандағы ст. «М» -ға (Меловая) темір жол тартылып, теміржолшыларға тұрақжай болатын вагондар қойылып, ОВЭ депо мекемесі орналасып, 1964 жылы «Макат – Ақтау» темір жолы қосылысымен-ақ үлкен тепловоздар келіп, жоспарлы түрде жүк тасымалы орындана бастады. Кезінде бұл жер тепловоз, рельс, құрылыш материалдары мен техникалар жиналған орталық болғандықтан Маңғыстау тұрғындары «Железко» деп атайдын.

Маған ст. «А»-дан болашақ локомотив депосының ПТО-сын (тепловоздарды техникалық күту орны) ашып, кадр жасақтау тапсырылды. Маңғыстау (ст.«А») стансасының №25 тұбының жолына екі цистерна қойылып, бірінде дистиллатты су, екіншісінде жағар май және екі жабық вагон жерге орналасып, бірі қойма, екіншісі депо кезекшісі әрі кеңсе орным болды. Теміржолшы мамандарының жоқ кезі, амалсыз қаладағы әскери бөлімшеден техникадан аздап хабары бар 18 солдатты іріктеп алып, сол жол үстіндегі уақытша ЖКМ (Жол катынасы министрлігі) ПТО-сында жұмыс жасай бастадым. Күн сайын көшіп келіп жатқан

теміржолшылардың балаларын үйретіп, оқытып, теміржолшы мамандығына дайындаі бастады.

Темір жол арқылы мұнай, құрылышқа керекті материалдар, тұтыну заттары мен азық-түлік жүктөрі ағылып жүре бастады. Сол 1966 жылдың 15-маусымында жол қатынасы министрінің №Г-13731 бұйрығының негізінде Маңғыстау станциясынан жедел түрде депоның ПТО цехы салына бастады. Депоға темір жол тартылып, Алматыдан «Қазак темір жолы» локомотив саласының бастығы Т.Сексенбаев пен бас инженері Т.Қадировтер келді. Олар жана құрылышспен танысқан соң, депо жолына «Жабдықтау пойызын» қойғызып, біздің тұйық жолдағы уақытша ПТО-ны жаңа цех ғимаратына көшірді. Сөйтіп болашақ локомотив депосының алғашқы ұжымы осы ПТО-да ұйымдаса бастады.

Мақат – Ақтау темір жолын тұрақты пайдалануға тапсырап карсанында, 19 желтоқсан 1966 жылы депоның алғашкы жасақталған кадрлары түгелдей ЖҚМ қарамагына етті. Күн санап келушілермен көбейген локомотив бригадасын дұрыс пайдалану үшін 19 сәуір 1967 жылы Мақат депосына карасты ТД-14 бригада айналымдық пайдалану Маңғышлақ депосы ашылды.

Маңғыстау пайдалану депосының алғашқы ұжымының мәйегі болып, оның қалыптасуына өзіндік үлестерін қоскан машинист – Чапай Нұрмажанбетов, Байназар Бейнеубаев, И. Сатқұлов. Н. Төлепов, К. Доржығұлов, А.Сүйегов, К. Айбергенов, И.Беличенко, Б. Рысқұлов, Ж. Сүйіндіков, А.Шукиров, Ж. Құрманғазиев. Н. Мадияров, А. Ковалов, А. Кулиевтер болса, тепловоз жөндеушілер А. Кононков, Т. Алдабергенов. А. Жолдиев, Б. Қектеубаев, Е. Андрос, Ә. Хихматулин. Ж. Айсағалиев, К. Тоғызбаев, А. Ерпановтар еді. Депо кезекшісі Сүйекенов Сыйлаған, Қалабаев Женіс және наряд жүргізуши Мадиярова Аңдыз, Антонина Худяховалар да солардың қатарында болды.

1968 жылы 1-акпандың Қазақ темір жолы басқармасының шешімімен Маңғышлақ локомотив депосы Мақат депосынан бөлініп өз алдына дербес депо болды. Осыған орай депо ұжымына теміржолшы мамандардың екінші легі келіп қосылды. Олар: Нұрмамедовтер әулеті (Кәлен, Ишберген, Койшыбай, Аманберді), Марқабаев Аман, Сардарбеков Түгелбай, Жүгенісов

Еділ, Қонысовтар Шағадам (Красноводск) депосынан, Сұлейменов Артық Алматыдан, Жамбылдан Қожалепесов, Мақат депосынан Али Жұмаев, Ыбырай Лесбаевтер келді. Осы жылы Алматы теміржол техникумын бітірген Иманалинов Оралхан, Мержекұлов Ораз, Ташенов Кәрим және Жылкелдиев Төлегендер жас маман болып келіп, депоның алғашқы жұмысына белсene араласты. Көшіп келгендер мен осы өңірдің байырғы тұрғындарының балаларын темір жол жұмысына тартып, Қазалы, Арыс, Қызылордағы машинист көмекшісін, тепловоз машинисін дайындайтын оқу орнына жіберіп, депоның негізгі маман кадрларын жасақтауға кірістік.

Өз алдына отау тігіп, іргесін тіктеген депоның ұйымдастыру шараларының негізгісі бригада айналымдық пунктыны (ТЧП) ашу болды. Жүк тасымалын жүзеге асыратын локомотив бригадасы алғашында Өзен мен Шетпе аралығына ауысым жасап жұмыс жасады. Бұл бөлімдердің телеграфтық номерлері Маңғышлақта ТЧП-9, Шетпеде ТЧП-8, Сайөтесте ТЧП-10 деп аталды.

Шетпеден бригадалық үй салынып, тездетіп бригада жасақталды. Себебі Сайөтес станциясына дейін жүк апаруға Маңғышлақ бригадасының мерзімді уақыты жетпеді. Сондықтан Шетпе бөлімі күштейтіліп, бригада саны өсіп, Сайөтеске дейінгі аралықтағы тасымалды өз қолдарына алды. Өзен мен Сайтөстен де бригада мүшелері демалатын үйлер салынып, штатпен, жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Депода да ұйымдастыру жұмыстары қызу қарқынмен жүріп, тепловоздарды май, су, күммен жабдықтау, химиялық лаборатория, аккумулятор, жалпы есеп бөлімдері ашылды. Жабдықтау бөлімінде Роза Өмірзакова, Құнсұлу Нұрмамедова, Қарлығаш Шораева, Зәуре Хаджанова, Қалжан Ержанова, Жұбай Нұрмамедова, Құміс Нұрмамбетовалар алғашқы болып енбек етсе, қазір бұл салаға Нұрмамедов Ереш басшылық жасайды.

Жалпы есеп бөлімін (ТЧУ) Тамара Носова, химлабораторияны (ТЧЛ) Клавдия Платонова алғашқы болып ұйымдастырып, олардың ігі істерін шәкірттері Айдын Елбаева, Мәлика Лесбаева, Тамара Великанова, Данияш Куанышова, Нұрсөule Назаровалар лайықты жалғастыруда.

Алғашқы депо кезекшілерінің бастаған абыройлы ісін кінәратсыз жалғастырғандар Қалабай Дусупов, Василий Каравес, Иманқұл Бошанов, Куаныш Нұрмаганбетов, Серік Сәмиев, Қади Ерпановтар болды.

\*\*\*

1966 жылы Манғыстау бекетіндегі (ол кезде станция «А» деп аталағын) ОВЭ мекемесінде аға шебер болып істеп жатқан кезім. Алматыдан Қазақ темір жолы локомотив саласының бас инженері Кадиров Ташкенбай ағай келді. Жаңа салынып жатқан локомотив депосының құрылышымен танысып болған сон, жолдамамен келген жас маман – мені қасына ертіп алғып СМП-163 құрылыш бастығы Васильченкомен және басқа да бастықтарымен таныстырып: «Мына жігіт біздің МПС-тің өкілі, сіздердің жұмыстарыңа қадағалау жасайды», – деді. Мені оңаша шығарып алғып: «Айналайын, сендер біздің келешегімізсіндер, мына салынып жатқан депоға өздерің кожа боласыңдар, сондыктан да қазірден бастап жоба бойынша жұмыстың істелуін қадағала, жобадан ауытқулар болса, хабарлас», – деп өзінін телефон номерін беріп, маған міндет жүктеп кетті.

Сол кездері қырыктарға жақындаған жігіт азаматтың маған ауызша берген өкілеттігі бұйрыктай болып, іске кіріп кеттім. Тепловоздардан колым босаса болды, жобамен салынып жатқан депо құрылышын қадағалаймын. Таңертең ерте тұрып, СМП планеркесіне қатынасамын. Сейтіп бір күндері салынып жатқан депоның техникалық бақылау өткізетін цехінің төбесін жауып болғанда, жобадағы цех төбесінде құммен жабдықтайтын бункердің койылмағаны анықталды. Оны орналастыру үшін төбедегі жабылған плиталардың орнына арнайы ортасы тесік плита қою көрек болды. Ондай плитаны табу, қайта құрастыру көп уақытты талап етіп, депо құрылышы тағы да бірнеше айға созылып кету қаупі төнді. Ол кезде жоспарды орындау дегенін бірінші кезекте тұрған үлкен мәселе. Тұйықта тірелген бұл үлкен мәселе УС-99 басқармасының бас инженері Гогошвилидің қатысуымен өткен талқыға айналды. Не істерін білмей күйзелген құрылышылардың кеңесіне арнайы қатынасып отырған мен:

– Бункерді цех алдына шығарып орналастырса, қалай болады? –

дедім. Бәрі маған қарады, біреулері күбірлеп «осынысы дұрыс-ау» деп жатыр. СМП бастығы қызыл шырайлы толық кісі болатын:

— Оған кім рұқсат береді? — деді өрттей қызарған жұзін маған қарай бұрып.

— Мен, — дедім салмақты да орнықты қалып сақтап. Вагон ішіндегілер тым-тырыс, әңгімені үнсіз тындалап отырған Гурьевтен келген бас инженер техникалық бөлім инженеріне иек қақты. Ол «Экипировочное устройство» деген жобаны сөреден әкеліп, титул бетін ашып, алдыма қойды. Ол ұсынған қаламсаппен жобаның ашық бетіне мәнерлеп «Құммен жабдықтау саласын цех алдына шығаруға рұқсат етемін. МПС өкілі» деп қолды қойдым да жібердім. Отырғандар тағы да бір-біріне қарасып, үнсіз қалдды. Бас инженер бастық пен прорабты алып қалып, бәрімізді босатты. Ондай құқық менде жоғын олар білсе де, мен білмеппін. Ал, менің билетінім, өзім көрген деполарда құммен жабдықтау қондырғыларының цехтың алдында, тіптен бөлек тұратыны және оның шаң-тозаң болатындығы еді.

Арыс депосында екі аптадай құммен жабдықтау саласында жұмыс істеп, шаңның дәмін татқан болатынын. Сол шаң-тозаң әдемілеп салынып жатқан цех үстінде болса, ішін бүлдіреді-ау деп жүргенмін. Сондай сезімнің жетелеуімен тіpten өзімнің МПС-ке қатысым жоқ, ОВЭ мекемесінің аға шебері екенім үйге барған соң ғана есіме түсті. СМП басшыларының үнсіз бір-біріне қарасқаны да күмән тудырып, өзімнің асыра сілтеп жібергенімді сездім. Дереу Алматыға телефон шалып, болған оқиғаны сол қалпында баяндадым. Мен, алдын-ала келісіп алмай жасаған әрекетіме ашуланар деп қысылып тұрғанда, Ташкенбай аға:

— Ой, айналайын, өте дұрыс болған! Қазір бұл жобаның зардабын тартып жатқан деполар бар. Өзім де айтармын деп ойлап жүр едім. Қазір жеделхатпен шешімінді бекітемін, — деп қуантып тастанды.

Сөйтіп, менің аңғалдығым дұрыс шешім болып шығып, тепловоздарды құммен жабдықтау жүйесі цех алдына шығарылды.

## **Депоның қалыптасу кезеңдері**

Мекеменің өсіп-өркендеуі, ұжымның дұрыс қалыптасып, өнімді қызметтер атқаруы, мекеме басшысының білімділігі мен іскерлігіне, ұйымдастырыш қабілетіне тікелей байланысты болады. Темір жол саласындағы ең бір күрделі шаруашылық локомотив депосы болғандықтан оған басшы болатын қызметкерге қойылатын талап та өте аумақты болып келеді. Ол тепловоз саласының маманы болумен қатар барлық техника мен құрал, қондырғылардың қыр-сырын тез менгерерлік қабілеттілікке де ие болуы шарт. Бірақ, адамдардың сан қылыш мінезі мен қабілетін танырлық басшы болу үшін көп оқып, көп үйреніп, тәжірибе жинауға тұра келеді. Енді сол бастау кезеңде өрімдей жас маман басшылар жайлы бірер сөз айтайын.

Қызылорда облысының Қазалы станциясында балалық шагы етіп, депо ауласында ойнат өсken Жолдиев Сайтқа жаңа ашылған Манғыстау депосын басқару тапсырылды. Оның орынбасары етіп жас маман мені тағайыннады.

Темір жолды бұрын көрмеген бұл өлкеде теміржолшы кәсібімен айналысқандар болмағандықтан керекті маман кадрларды жасақтау қынның қыны болды. Кеңестер одағының әр жерінен келген адамдардан үйымшыл ұжым ұйымдастыру өте қын шаруа еді. Бұрын әрқайсысы әртүрлі мекемеде істеп, сол жердің талаптарына қалыптасып келген қырық ру адамдармен жұмыс жасау жас мамандарға оқай сокпады. Осындағы киын сәтте бұрын үлкен депоның ұжымында істеп, тартыс-таласқа төсөлген Нұрмажанбетов Чапай, Доржыгулов Қосай ағалар бастаған министер жаңа ұжымның үйтқысына айналды. Сонымен қатар бұрын мекеме басқарып, осында жол дистанциясының бастығы болып келген Сағынай Қошқарбаев, темір жол бөлім бастығы Шахан Жедилов ағайлардың үлгілі істері біздерге сабак болды.

Манғыстауда күн санап өсіп келе жатқан жүк тасымалын қамтамасыз ету үшін өзіміздің тұракты машинист пен көмекші машинист кадрларын дайындау бірінші кезектегі мәселеге айналды. Себебі, бұрынғы құрылышылардан бізге өткен және

табыс іздең келген көптеген өзге ұлт өкілдері елдеріне, жаңа ашылған ұлы теміржол құрылышы – БАМ-ға кете бастады. Сондықтан да құнделікті жоспарлы жүк тасымалын қамтамасыз ете жүріп, өз кадрларымызды дайындау ісімен де айналыстық. Түрікменстан, Семей, Аягөз, Макат деполарынан елге оралған жерлестерімізден екі бригадалық колонна жасақтап, олардың балаларын тепловозда тәлім берे оқытып, қемекші машинист еттік. Сөйтіп, бірінші лекпен 9 қемекшіні машинистік окуға жибердік. Осындай тәсілмен Шетпе, Сайөтес, Өзендері жергілікті елдің балаларын оқытып, локомотив бригада санын толықтыра бастадық.

Ол кездегі ұжымдағы адамдардың қөшілігі орыс және өзге ұлттың өкілдері болатын. Біздер жаспыз, кейбір жымысқы саясатты тұтынған ұлтшыл пендelerдің арам ойларына мән бермеппіз. Сөлемеккеттеу болса да айта кетейін, себебі, біздердің бастан кешкен бодандық зардабын жастар біле жүрсін. Олардың, бастықты «Сергей Иванович», цехкомды «Чапай Иванович», мені «Алексей» деп таққан айдарына тойтарыс бермей жүре беріппіз.

Қазақ темір жолының локомотив шаруашылығының бастығы болған Тәжбен Сексенбаев аға, Гурьев темір жол бөлімшесіне бастық болып келген болатын. Ол Маңғыстауға келіп, теміржол мекемелерімен танысқан соң, барлық тораптағы мекеме басшыларын қатыстырып депода локомотив бригадасымен кеңес еткізбекші болды. Iрі денелі, сары өнді, теміржолшы киіміне тағылған алтыннатқан шендік белгілері бар бастық көзін сығырайта қиғаштай қарап, адамдар жиналған депоның «қызыл бұрыш» залының төріне озды. Сәлемдесіп алған соң залдағы отырғандарды бір шолып өтіп, жиналыста әрқашан білгішсініп сөз бермейтін «лидер» жыбырлап сөйлемекші болғанда, Тажбен аға қолымен нұсқап «Сен, Тригубенко бұнда қайдан жүрсін?» деп сұрады. Бізден оның машинист екенін біліп алып:

– Сенің тепловоз жүргізу куәлігің бұдан төрт жыл бұрын жарамсыз деп танылған, қазір кадр бөліміне барып, есеп айырыс, боссың, – деді. «Білгіш лидер» машинистің құжатының жарамсыз, жалған екенін білген залдағылар «гу» ете қалды.

Тәжбен аға ЖКМ және «Қазақ темір жолындағы» болған

төтенше жағдайларды қысқаша баяндай келіп, сәл бөгеліп, залдағы отырганның біреуін орнынан тұрғызыды. Бәріміз «тағы да бір жалған машинист табылған болар» деп қарағанша болмай, бір білгіштің сүмірейіп есіктен шыкқанын көрдік. Сөйтсек, оның арақ ішіп келгенін алыстан-ақ сезген ағамыз «Өзін сыйламайтын арсыздар темір жол саласында істемеуі керек» деп ескертті. Баяндама соңынан сөз алып сөйлеген депоның партия хатшысы Федоров:

— Біздің депо бастығымыз Сергей Иванович әлі жас, тәжірибесі жоқ, — дей бергенде, оны тоқтатып:

— Қаласандар да, қаламасандар да олар сендерге бастық болады. Жоғары білімді инженер мамандар, білгендерін болса араға іріткі салмай, үйретіндер, — деп жиынды жауып, екеумізді оңаша алып қалды.

— Сендердің әлі сау, ынтымақты ұжым құра алмағандарын көрініп тұр. Білгішсініп, іріткі салар алаяқтардың шылауына ілесіп кетпендер. Ұжым алдында ықпалды болу үшін қырагы болып, адамдарды көп білуге тырысындар, — деп ағалық кенесін бере отырып біздерді ұялтып, сағымызды сындырмай, жай сөз арасында «Бұдан былай сендерді Иванович дейтін болса» деп, біздерге сынай қарады. Жастарға деген қамқорлығы мол есқі көз абзал ағалар-ай. «Өсер елдің баласы бірін-бірі батырым дейді» дегендегі сөздерді айтып, ұлтымыздың қадірін түсірмей бірігіп жұмыс істеуге баулыған еді абзал жан.

### Депоның тыныс-тіршілігінен

Депо штаты күн санап өсіп, 1968 жылы 1-ші ақпан №10/НОД-14 Гурьев темір жол бөлімшесінің бұйрығымен, №20 Маңғышлақ локомотив депосы Мақат депосынан бөлініп шықты. Сөйтіп, бір жылда пайдалану паркінде 17 тепловозы бар, 257 адамнан тұратын іргелі мекемеге айналды. Тепловоздардың құрамы 12 дана ТЭ3, төрт ТЭМ2 және бір ТЭ1 сериялы көліктермен темір жол жүк тасымалын орындадық. 1969 жылы қуатты ТЭ3 сериялы тепловоздың саны 24-ке жетіп, ТЭ1 сериясы пайдаланудан шығарылды.

Депоға Жолдиевтен кейін бастық болған Бекқұлов Демеу еді.

Ол теміржол институтын бітіріп келіп, Мақат депосында жұмыс жасаған екен. Бірбеткей, дөрекілігі де бар Демеу, келе ұжымдағы кертартпа көбікауыз сөзшендердің біразынан құтылып, темірдей тәртіп орната бастады. Демеудің қайсар мінезінен 1971 жылдары «пойыз қуған бастық» атанған жағдайы бар болатын. Гурьев бөлімшесінде барлық мекеме басшылары қатынасатын жиналыс болып, соған баруға жолаушы пойызынан кешігіп қалған Демеу, станциядағы маневр тепловозын жолға салып, пойызды қуа жөнеледі. Содан Маңғышлақтан Бейнеуге дейін жете алмаған ол, диспетчерге рациямен «Мен депо бастығымын, жолаушы пойызын Құлсарыдан тоқтат, қуып жетемін» деп жолаушы пойызын екі сағат тұрғызады. Сөйтіп, Гурьев темір жол бөлімшесінде мәселесі арнайы талқыланып, жазасын алған Демеуден қалған белгі «пойыз қуған» атағы еді.

Одан кейінгі депо басшылығының тізгінің ұстаған техник білімі бар Омаров Рафик еді. Көңілшектеу, ішімдікке жақын болған ол тәртіпті аксатып, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігі сакталмай, депоның құлдырауына экеліп соқтырды.

Депода тепловоздарға жөндеу өткізетін арнайы жөндеу цехтары болмағандықтан 1970 жылы депоның тепловоз паркі қайтадан Мақат депосына өтті. Депоның есеп шоты жабылып, Мақат депосының құрамындағы пайдалану депосы болып қалды.

Маңғыстаудың «қара алтыны» мен стратегиялық маңызға ие уран және басқа да пайдалы қазбалардың ауқымды көлемде өндіріле бастауы, жүк тасымалының көлемін барған сайын ұлғайтып, Маңғыстаудағы темір жолдың маңызын арттыра түсті. Енді тепловоз шаруашылығын сонау алыстағы Макаттан басқару қолбайлау бола бастады. Осы жағдайға байланысты мәселе Жол қатынасы министрлігі мен «Қазақ темір жолы» басқармасында қаралып, 1973 жылы 10-ші сәуірде Маңғыстау депосы ТЧ-20 болып қайтадан қалпына келтірілді.

Гурьев темір жол бөлімшесінде осы деподан қанаттанған Жолдиев локомотив бөлімі бастығы болса, мен осы саланың қауіпсіздік ревизоры болып жұмыс жасайтынбыз. Бөлімше бастығы Маңғышлақ депосының жұмысын қалпына келтіру үшін оған лайықты басшы таңдауды екеумізге жүктеді.

Саит Мақат депосынан, мен Шұбарқұдық депосынан бір-бір үміткер таңдадық. Екі үміткер де темір жол бөлімше бастығы Қалел Алжановтың қабылдауында болып, менің тапқан үміткерім Қарабаспақов Арсен Маңғышлақ депосының бастығы болып тағайындалды. Арсен Шұбарқұдық депосында машинист-нұсқаушы, бастықтың орынбасары болып қызмет атқарған болатын. Ол депога келе қайтадан қалыпты еңбек тәртібін орнатып, тасымал жұмыстары жүріп, ақау әкелер жағдайлар жойылды.

Маңғыстау облысы ашылып, Қоңырат – Бейнеу темір жолы іске қосылып, Орта Азия мен Маңғыстаудың тасымал жүктепері Мақат арқылы жүре бастады. Осынау ұзак қашықтықтағы бригада айналымын тепловозбен қамтамасыз етіп отыру Мақат депосына онай шаруа болмады. Тепловоздардың жөндеу кестелері бұзылып, пайдалану паркі күрт төмендеп, жүк тасымал жоспарлары орындалмай, қыын жағдайға тап болды.

Мақат депосын тығырықтан шығарып, қалыпты жұмыс істету мәселесімен жоғарғы темір жол басшылары айналыса бастады. Алматыдан, Москвадан комиссиялар келіп, депода апталап, айлап жатып жұмыс жасады. **Осындай қарбалас қыын кезенде Маңғыстау локомотив депосының ұжымын басқару маған тапсырылды.** Осылай, өзімнің еңбек жолымды ашқан, туған үйімдей ыстық көріп, сырттай тілеулем болып жүрген депога, шықкан ортама қайта оралдым.

Басында жұмыска өзім қабылдап, бауырдай болып кеткен машинистердің колдауымен іске кірісп кеттім. Депоның бұрын өзім жасасқан құм, су жабдықтау жүйелерін қалпына келтіріп, қойма салып, әрі-сәрі жағдайда, жабылып қалған банктегі есеп шотын ашып, жұмысшылардың еңбекақысын бере бастадык.

Мақат депосының жұмыс ауқымының көптігіне байланысты қараусыз қалған Бейнеу бригада алмасу пунктін біздің депога қости. Сөйтіл, біздің депо ұжымы Құлсары мен Өзен станциясы аралығын қамтитын, құрамында 380 адамы бар ірі кәсіпорынға айналды.

Мақат депосының қыын жағдайымен айналысқан комиссиялар жұмыстарын корытындылап, мәселені темір жол министрінің алқасында (коллегиясында) қарауға ұйғарды. Сөйтіп, Гурьев

темір жол бөлімшесінің локомотив бөлім бастығы Жолдиевті және Маңғышлақ депосының бастығы мені Москваға шақырды.

Игі ниеттен туындаған аңғалдық па, әлде батылдық па білмедім, кейін министрден шыққан соң Жолдиев досымның «Ұшып кете жаздадың ғой» деп біраз ұрысқаны бар еді, енді сол жағдайды айта кетейін.

Қазак жерінің шалғайында орналасқан мекемелер өз қалдерінше өркендең өсіп жатыр, ал депо сол баяғы пайдалану депо қалпында. Тепловоз паркі жоқ, тепловозды 700 шақырым қашықтықтан алдырып пайдалану тиімсіз жағдай болатын. Сонау алғашқы кезден-ақ арманым болған Маңғышлақ депосын ірі депога айналдыру ойларым қамшы болды ма білмедім, «Мақат депосының тығырықтан шығу жолы – Маңғышлақ депосына тепловоз паркін бекітіп, жөндеу цехтарын салу керек» деген мәселені талқылау үстінде министр:

– Маңғышлақ депосының бастығы, сенің ойынды білгім келеді. Маңғышлақтан қандай деңгейдегі депо сала аласын? – деп, орнынан ұшып тұрган маган тесіле қарады.

– Құрделі жөндеу өткізе алатын, – деп қойып қалдым. Отырғандар түгелдей маган қарады. Олардың көвшілігі Маңғыстауды көрмеген. Естулері бойынша шалғайда жатқан елсіз түбек, қатынас жолдары да аз, шелді аймақ еді.

– Айдала, елсіз жерден ондай деңгейдегі депоны қалай салмақсын? Жөндеуші мамандарды қайдан алмақсын? – деді маган ежіреіле қараған министр. Айтарын айтсам да, ондай деңгейдегі депоның қыындығы мен бағасының өте жоғары екенін ойлап, қара терге түсіп, қызырып кеттім. Маңғышлақтың тепловоздары киыр шеттегі түбектен сонау Ресей мен Украинадағы құрделі жөндеуге үш-төрт айлап жол жүріп, жарты жылда әзер іске қосылатынын көріп, «эттөн, сондай деполар Қазақстан да болса екен» деп армандап жүрген маган, ойымды айтып қалар дәл мұндай сәттің қайта келмесі анық еді. «Жығылсан – нардан. Тәуекел!» деп, тер басқан маңдайымды сұқ саусағыммен сипырып тастал:

– Жолдас министр, сол бұрынғы айдала, елсізден сәнді қала тұрғызылып, ел жиналуда, құрылыш материалдары да өз жерінен шығады, – деп ентігімді басып, – құрделі жөндеу үшін алыстағы

Москва, Украина жеріне тепловозды айдау көп экономикалық шығын болуда, ал қадр мәселесіне келетін болсақ, біз де елміз, жаңа облыс орталығындамыз. Табамыз. Оқытамыз. Біз де адамбыз! – дедім тіке қарап. Ол неге екенін білмедім, біраң үнсіз қалды да, қасына бізде айлап жатып Маңғышлақты зерттеген Лебедовті шақырып, сөйлесіп жатты. Атшаптырым кабинеттің төменгі жағында тұрған біздерге оның сөздері естілмеді. Кеңескен адамы Маңғыстаудың қазіргі жағдайынан дұрыс мәлімет берген болу керек, маған отыр дегенді қолымен нұсқады.

Сонымен темір жол министрлігінің коллегиясы Маңғышлақ депосына тепловоз паркін бекітіп, жөндеу цехтарын салуға шешім қабылданды. Депо дәрежесін, қаржы мәселесін жоба жасалған соң шешетінін мәлімдеді.

Москвадан келген соң бізге Қазак темір жолының орынбасары Шалабаев Михаил Кеженұлының езі келді. Техника ғылымының кандидаты, бұрын деполарды баскарып, локомотив саласының білгір маман басшысы болған ағай өте қарапайым азамат екен. Мені қасына ертіп жүріп депоның ПТО цехын көріп, май, су. құммен жабдықтау бөлімдерін аралап, жөндеу саласының адамдарымен сөйлесіп болған соң, менің ой- пікірімді тыңдады. Мен сол Москвадағы айтқан арманымды қозғап, біздің депоның ең қыыр шетте екенін, үлкен жөндеуге тепловоздардың көп уақыт жолда болатынын баяндап, осы мүмкіндікті пайдаланып үлкен жөндеу депосын салсақ дегенді жеткіздім.

– Келешекті ойлаған арманың жақсы-ау, бірақ оны дәлелдеп, жоғарының көзін жеткізу оңай шаруа емес, – деп ойланып отырып, – Жөндеуші мамандар жіберсек, үй табыла ма? – деді маған сыйнай қарап.

– Қазір теміржолшыларға арнап көптеп тұрғын үйлер салынуда, сол фондыдан мамандар үшін кезексіз баспа на бөлуге шешім алармыз. Береміз, – дедім нығыздап. Ол кісі Ақтөбеге телефон шалып, сондағы теміржол жобалау институтының бас маманына тапсырма берді. Маған да, «Жобалаушы маманның қасынан қалмай, жер жағдайын көрсетіп, тепловоздарға құрделі жөндеу жасайтын депо жобасын жасатқызы» деп кетті.

Жобалаушы маман да келді. Біздер ПТО жанынан 15 га жерге

3 млн. сом болатын үлкен депоның жобасын жасайтын болып келісіп, бас маман да кетті. Бұл 1977 жылдың бас жағы болатын. Үлкен «Қазақ темір жолын» сонау Москвадан бір Алматы арқылы басқару қызындық тудырып темір жол үшке бөлінді. Орал, Ақтөбе, Қызылорда, Гурьев бөлімшелерінің негізінде 18 сәуір 1977 жылы «Батыс Қазақстан темір жолы» құрылды. Батыс Қазақстан темір жолының бастығы К. Қөпжасаров болып, оның локомотив саласы бойынша орынбасары А. Ф. Захаров тағайындалды.

Москвандың бұйрығы ма, әлде өзінің беделін көтеру саясаты ма, Захаров бұрынғы басшы Шалабаевтың Маңғышлак депосы жайлы жасатқан үлкен жобасын орта жолдан тоқтатып, тез салынатын құрастырмалы ангар текстес цехтар салдыруға шешім қабылдады. Сөйтіп, елінің болашағын ойлаған ел азаматтарының көксеген үміттері үзілгендей болды.

Бұл жобаның дұрыстығы, кейін, бодан елді уысынан шығармай ұстасау саясатымен тепловоздарды жөндеу зауыттарын Ресей, Украинадан салғызган кеңес үкіметі ыдырап, темір жол орталықтан бөлінген кезінде ғана білінген еді. Себебі, Қазақстан Республикасы егемендігін алып, темір жолдың жұмысын өздері жүргізе бастаған шақта қазақ жерінде тепловоздарға қосалқы бөлшек шығаратын, күрделі жөндеу жасайтын зауыттың жоқтығы көптеген қын жағдайларға әкеліп соктырды. Бұрынғыдай жоспарлы жөндеулер өткізілмей, әрі қосалқы бөлшектері жоқ тепловоздар тез тозып, істен шыға бастады...

Олардың тағы бір асығыс жасаған ағат ісі «Мақат депосын тығырықтан шығарудың жалғыз жолы» деп, жөндеу базасы жоқ, дайындығы жоқ Маңғышлак депосына 20 тепловозды бекітіп беруі дұрыс шешім болмады. Мен бұл ұсыныстан бас тарттыйм.

Маңғыстау жерінде 1978 жылдың жазы өте ыссы болып, депоның техникалық күтімі жоқ 14 тепловозы өртеніп кетті. Сөйтіп жоғарыға жалтак болған бодан елдің басшысының асығыс шешімінің құрбаны болған сол кездегі менен кейінгі Маңғышлак депосының бастығы болған Абдрахимов Абдулфаяз еді.

1979 жылы Маңғышлак депосына бастық болып Ташкент темір жол институтының түлегі Жүсіпов Әтегали тағайындалды. Ол темір жолдың ірі-ірі деполарының тепловоз жөндеу саласында

қызмет атқарып ысылған білікті маманы еді. Оның бірден қолға алғаны – тепловозды жөндеуден өткізудің жүйесін жолға қою болды. Ресейден арнайы жолда тұрып жөндеу жұмыстарын жасай беретін құрал-жабдықтары бар пойызын жөндеуші мамандарымен қоса алдырып, тепловоздарды жөндеуден өткізе бастады. Дереке жергілікті жөндеушілерден бригада жасақталып, келгендермен бірге істетіп, тәжірибе алуға тырысты.

Депоның құралмалы екі жөндеу цехының жұмыстары қолға алынып, оған керекті жөндеуші мамандар іздестіріле бастады. Қазак жеріндегі өзі істес болған жөндеуші мамандар шақырылып, оларды қоныстандыру мәселесі шешілді. Осындай қыын кезенде Маңғышлақ депосының тепловоздарды жөндеу саласының жұмысын жолға қойып, негізін қалаған осы Өтеғали болды.

Тепловоз жөндеу ісінің қыр-сырын жетік білген Ө.Жұсіповтің басқаруымен 1978 жылы ТОЗ циклі бойынша жұмыс жүргізетін ФСЭ цехі іске қосылды. 1979 жылы екінші құрастырмалы ПЛАЭН цехін бітіріп, депода ТР-1 циклі бойынша тепловоздарды жөндеу жүзеге асты. Жөндеу цехтарының қосалқы бөлімшелері мен шеберханалары салынып, тепловоздарға реостаттық бақылау жүйесі орнатылып, тағы басқа да қондырғылар іске қосылды. Сөйтіп, 1980 жылдары депоның пайдалану паркі 30 тепловозға жетіп, өз жеріндегі жөндеу цехтерімен толықтай ТР-1 циклімен жұмыс жасай алатын дәрежеге жетті. Бұл жөндеу саласының жұйесін қалыптастырып, жолға қоюда Ө.Жұсіпов (марқұм) пен қатар Арыс депосында шындалған Жұмабек Жанысбаев (марқұм), Макат депосының жөндеу шебері болған Сүйіндік Елбаевтер депо бастығының жөндеу саласы бойынша орынбасары болып, жөндеуші мамандар даярлауға үлкен үлестерін қости. Олардың бастаған ісін Мейрам Қисанов, Евгений Кононков, Серік Балмұқанов, Панчук Викторлар жалғастырды.

Қазак жеріне нарықтық экономиканың кіріп, мекемелер өміріне деңдеп ене бастауы, темір жол тасымал тарифін өсіріп, бағалар көтеріліп, депо шаруашылығының жагдайын қынданатты. Деполардың өз мәселесін тек өздері ғана шешетін кезең туды.

Темір жолдың Маңғыстауға келіп, ел қоныстана бастаған кезде осы өлкенің байыргы тұрғындарының балаларына деподан

жолдама алып беріп, темір жол оқу орындарына жіберген болатынбыз. Сол буынның алғашқысы Абдрахманов Жұмағұл Ташкент темір жол институтын бітіріп, депода жұмыс жасап, 1985-87 жылдар аралығында депо ұжымын басқарды.

Алматыдағы темір жол техникумын бітіріп, депода көмекші машинист, машинист қызметтерін істей жүріп, сырттай Алматы темір жол институтын бітірген Жұмабай Әбілов 1987-1992 жылдар аралығында депога басшы болды. Олар кеңес үкіметі ыдырап, байланыс үзілген «өлара» кезеңде басшылық етіп, депоның ұжымын таратпай, ерен еңбек етіп, ортақ іске өз үлестерін кости.

Алматы теміржол институтын бітіріп келіп, депода жөндеу шебері болып еңбек жолын бастаған Накпаев Ғалымжан 1992-2002 жылдары депоның бастығы қызметін атқарып, депоның жөндеу цехтарының жүйелі жұмыс жасалуына жол ашып, косалқы жөндеу бөлімдерін салып, кондырғылар, станоктар орнатып, зор еңбек үлгісін көрсетіп, басшылық етті. Пайдалану мерзімі өткен ТЭ3 сериялы тепловоздарды парктен шыгарып, 2ТЭ10Л, 2ТЭ10М сериялы қуатты тепловоздармен алмастырды. Сейтіп, 1992 жылдан басталған депо паркін жанарту 1998 жылы толықтай аяқталды.

Кеңестер одағы тарап, егеменді Қазақстан Республикасы орнаған кезде бұрынғы ТМД елдері арасындағы байланыстар үзіліп, жүк тасымалдау қарқыны құрт төмендеп кетті. Өсіреле жүк тасымалын жүзеге асыратын локомотив шаруашылығына ете қиын кезең туды. Тепловоздың косалқы бөлшектері бұрынғы қалыптасқан жүйемен келуін тоқтатты. Соның салдарынан Мәскеу, Украина да құрделі жөндеуден өтетін тепловоздарға жөндеу жүргізілмеді. Міне, осындай киын жағдайға кез келген соң, бұрынғы үшке бөлінген Қазақ темір жолын қайта біріктіру мәселесі туыннады. Сейтіп, 31.01.1997 жылы Қазақстан Республикасы үкіметінің №129 каулысымен үш аймактық темір жол бірігіп, РМК «Қазақстан темір жолы» болып қайта құрылды. Орта Азия мен Ресейден келетін жүк тасымалдарының азаюына байланысты су жолын пайдалану көзделіп, Ақтау теңіз портына реконструкция жасалды. Талаптарға сай қайта салынған Ақтау порты арқылы еліміздің байлығы мұнай, астық және басқа

да тауарлар теңіз арқылы сыртқа шыға бастады. Содан, 1999 жылмен салыстырғанда 2000 жылы депоның жүк тасымалы екі еседен астам деңгейге артып, темір жолдың берекесі кірді, жүк тасымалы көбейді. Локомотив шаруашылық салаларына да нарықтық экономика заңдарына сай жүйелер енгізіле бастады.

2002 жылы РМК «Қазақстан темір жолы» өзгеріп, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық Компаниясы Жабық Акционерлік Қоғамы болды. Соған орай мекемелердің де аттары, басқару жүйелері де өзгерді.

«ҚТЖ» ҰК «ЖАҚ» Президентінің 2002 жылғы 7-маусымдағы № 37-ц бұйрығымен Маңғыстау локомотив депосы екіге бөлінді: біріншісі «ҚТЖ» ҰК «ЖАҚ» Маңғыстау пайдалану депосы филиалы болып, оған директор етіп Бисалиев Аман Райұлы тағайындалды, екіншісі ТОО «Маңғыстау-локомотив» деп аталып, директоры Фалымжан Нақпаев болды.

### **Атақ пен шатақ**

1989 жылдың 25-желтоқсанында өткен Атырау темір жол бөлімшесінің Райпрофсож конференциясына Маңғыстау локомотив депосынан делегат болып қатынастым. Сол конференцияда көптеген мәселелер қаралып, шешімдер алынды. Мен 1990 жылы Ақтөбеде өтетін Батыс Қазақстан темір жолы Дорпрофсожының конференциясына қатынасуға делегат болып сайландым.

1990 жылдың ақпан айында Дорпрофсождың 4-ші конференциясы Ақтөбедегі Батыс Қазақстан темір жолы мекемесінің акт залында өтіп, оған темір жол басшылары, сайланған делегаттары, облыстардан, астанадан шақырылған қонақтар қатынасқан үлкен жиналыс болды.

Мінбеге көтеріліп, сөз алған басшылар, делегаттар, кеңес дәүірінің қалыптастырыған тәсілімен сөйлеп, жетістіктерін тізіп айтып, сөз аяғын ұранмен, ұндеумен, уәдемен бітіріп жатты. Белгіленген тәртіп бойынша сөз сөйлеу кезегі біздің локомотив депосына жеткенде, депо бастығы сөйлеуден бас тартып, менің шығып сөйлеуімді өтінді. Бұл Кеңес өкіметінің тараған, еліміздің өз егемендігін алу лебі келе бастаған кез болатын. Шұбарланған

қазақ тілін қайта тірілтіп, ұлттық сипатымызды қалыптастыру мәселелері ойымды жегідей жеп, өзегім өртеніп жүрген еді. Мінбеке көтеріліп:

– Құрметті бауырлар, делегаттар! Ассалау мағалейкүм! – деп сөзімді қазақ тілінде бастай бергенімде:

– Жолдас Алдабергенов, сенің жоғары білімің бар, орыс тілін жақсы білесің ғой. Сөзінді орысша айт, – деген төрдегі темір жол бастығына қарап, ызадан жарылардай, аузыма қалай келгенін білмеймін, айқайлап:

– Дархан Қазақ сенгішпіз, арда туған,  
Бодан болып түстік қой торға құрған.  
Өлі де бодандықтан арылмаппыш,  
70 жыл жетпеді ме мәңгүрт болған?!

Қашанғы мәңгүрт боламыз, оянар кез келді ғой, – дедім.

– Марат Шаймерденұлы, Серғазы Бактыбайұлы (сол кезде Дорпрофсох тәрағасын Сергей Бактыбаевич дейтін), елдін елдігін, тілдің келешегін сіздер ойламасаныздар, кімдер ойлайды? Ұлттығымызды әйгілейтін Қазақ тілін қашан тірілтеміз? Өз төрімде тұрып, өз елімде жүріп, мынау азғана орыстарға бола неге орысша сейлемекпін! – дегенде, зал ду қол шапалактап, колдан кетті. Ойымызды еркін өз тілімізде айтар шақ жетті ғой дей келе, депоның жоғарыдан шешілер мәселелеріне тоқтап, ұсыныстарымды жеткізіп, сөзіме мән беріп тыңдағандарына раҳметімді айтып, мінбеден түсіп кеттім. Менен кейін сөйлеген Шалқар депосының профкомы, ол да Алдабергенов екен, қазақ тілінде сөйледі. Мениң бастауым жаңа өріс алып, одан кейін сөз алған теміржол мектеп директоры – орыс кісі де таза қазақ тілінде баяндама жасап, тағы да залдың ду қол шапалактаған құрметіне ие болды.

Арада жылдар өтіп, еліміз егемендігін алды. «Нарықтық экономика» зандары еніп, жаңа мемлекеттің іргесі қаланып, қалыптаса бастады. 1991 жылы депо ұжымы менің теміржолға сінірген енбектерімді бағалап, «Құрметті теміржолшы» атағына ұсынған болатын. Өкінішке орай, менің тіке айттар сөздерім жақпаған кейбіреулер «аноним» – домалак арызбен жол бастығына хат жіберіп, сол кездегі «бетбұрыс» талабына сай оған мән

беріліп, әлгі атақ Москвадан Ақтөбеге жеткенде тоқтатылады. Өз елімізден берілер бұл «Құрметті теміржолшы» атағына, зейнетке шығуыма байланысты 1995 жылы депо ұжымы екінші рет шешім қабылдалап, құжаттарын жоғарыға жібереді.

Міне, осы тұста, «Басқабәле – тілден» деген өмір заңы алдыннан қайта шығып, сонау 1990 жылғы ма, әлде жұмыс бабында Атырау бөлімше бастығымен қарсы келіп, тоғысқан жайларым ба кесірін тигізген, бұл шешім де аяқсыз қалды. Сөйтіп, атақты ақын Қасым ағама ұқсан:

Бермесен бермей-ак қой, атағынды,  
Сонда да қоя алмаспын шатағымды.

Шындық сөзді түсінген ез ұжымым,  
Екі рет «Құрметті» деп, бата қылды, – деген

жырымды айтып, Алаштың ардақтылары атанған аға буыннан нәр алмаған кейбір пенделердің ұсақтығына налыдым. Осындай талас-тартыспен жеткен жас мемлекетіміздің іргесі берік болып, елдің егемендігі мәнгі болсын демекпін!

1997 ж.

### Кәсіпкерлік

6 август, 1996 ж.

Күнделік жазу әдетінен айрылып, қарбаластан қол тимейтін өмірдің жаңа ағымына түстік. Базарлық нарық науқаны басталып, соган бейімделу жолында жүріп, біраз күндер мен жылдар өтіп те кетіпті. Сол шақтағы өмір өткелдерінің біраз өрнектері жиналып қалыпты.

Байтақ жер мен елдің амандығын сақтап қалу мақсатында, Кытай мен Жонғарларға қарсы тұру үшін бабаларымыз орыс патшасына бағынышты болып, жонғарлардан құтылғанмен, орыс бодандығында қалып қойды. Патша құлап, кеңес өкіметі болған соң да 70 жыл ұлттық құндылығымызды жоюға әрекеттеніп, орталықтан билік жүргізіп, еркіндік бермеді. Кейін ол өкіметте құлап, одақтағы елдер егемендігін алышп, бөлек-бөлек мемлекет болды. Бұрынғы байланыстар үзіліп, әр ел өздерінің шекарасын бекітіп, ақшасы құнсызданып, жұмыс орындары жабылып, құнкөріс қыындағы бастады. Бірінші кезекте бұрынғы орталықтан

жоспармен жабдықтаушы мекемелер жабылып, оның орнына базар пайда болды. Жеке адамдар сыртка шығып, өздерінде жоқ товарларды әкеліп, базарды толтыра бастады. Жаппай жұмыссыздық басталып, дорба арқалап, қала кезгендер көбейді. Бұрынғыдан товар емес акша тапшы бола бастады. Міне, қысқаша айтқанда тоқырау кезеңі осылай басталды.

Өндіріс ошақтарының бәрі орталық Ресей қалаларында болып, қазақ елі тек шикізат даярлаушы болып келгендейктен, тіпті жеңіл өнеркәсіп орындары да болмай, барлық затты Ресей мен Түркиядан, Балтық елі мен Қытайдан тасымалдау басталды. Елді мекендердегі дүкендер жабылып, сатылып кеткендіктен, мемлекет тарапынан халыққа қызмет көрсететін кооперативтер ашу саясаты басталды. Әрқашанда алда жүретін әдетім бойынша үкіметтің бұл саясатын тез қабылдап, 1992 жылы «Шемішті» атты шағын кәсіпорнын ашып, банкіден 2 миллион рубль кредит алышп, жұмысты бастауға кірестім. «Білмеген жердің ой-шұқыры көп» дегендей, бұрындары саудагер дегенді түрлідей көріп, қашқақтайтын қазактар амалсыз базарға шығып, дорба арқалап, қала аралап, саудагер бола бастады. Бұл мамандықты менгеруде өз алдына бір ғылым ғой. Әр заттың бағасын, оның қай жерде қандай сұранысы барын біліп, сапасы мен бағасын дәл анықтау және дер кезінде әрекет ету керек екен. Банкімен жұмыс істесіп, одан кредит алушың қыындықтары мен амалдары да көп болды. Бұрынғы НГЧ ғимаратының жаңындағы барак үйлердің біріне тез жөндеу жүргізіліп, аулымыздан банк ашылды. Одан қарыз акша алу үшін бір айдан астам сандалып жүріп, жоғарыдағы айтқан шағын кәсіпкер мекемесін ашып, мәрін алышп, есеп-шотын ашып болғанша, үш пайыздық кредит 10 пайыздан асып кетті. Бұрын қарыз алышп көрмеген басым, көп ойланып жүргенде мен алған несиенің банкіге төлейтін өсімі 14 пайыз болды. Банкі акшасын чек кітапшама аударып, ай сайын төлеп тұратын каржы мөлшерін көрсетіп, уақтылы төлей алмаған жағдайда қосымша өсім пайызының болатынын айтып, шарт жасасты. Ақшаны алышп, енді оны жұмсайтын көзін таппай, тағы сандалдым. Күнде базарға барып, жаймадағы тауарларды аралап, бағаларын қойын дәптеріме жазып, кәсіппен айналыскандардан жөнді кеңес ала

алмай жүріп ақыры магазин ашуға шешім жасадым. Сөйтіп вокзал маңына вагон қойып, «Ақжол» атты дүкен аштым. Оның да өз қындықтары бар болып шықты. Прилавка, касса аппараты, СЭС... тағы сол сияқты мәселелерді шешіп, енді жұмысқа кірісерде товар алатын ақша жоқ болып, тағы қиналдым. Базардағылар чек кітабымен товарын бермейді, чекпен жұмыс жасайтын мекемелер сырт елдерде. Оған баруға да қаражат керек болды. Қайтадан банк қызметкерінің бірінен біліп, чектің 250000 рублін ақша етіп, інім мен үлкен ұлдарымды Астраханға жіберіп, өзім Қарақалпақстанға барып, товар әкелдік. Сол қолдай алған ақшамен сауда жасап 2 миллион банкідегі қарызымды жауып, дүкенім жүйелі жұмыс жасай бастады. Товармен жабдықтаушылар да табылды. Дорба арқалап басқа қаладан келгендер, базарға барып уақыт оздырмай өз товарларын біздің дүкенге өткізіп кетеді. Күнде өзгеріс, күнде жаңа заң шығып жатқан науқанға да бейімделіп, кіріс-шығысты есептер бухгалтерлік мамандықты да меңгеріп, тоқсандық есебімді өзім жасап, салық мекемесіне тапсырып отырдым. Бұл салада жіберген әттегенайларым да болды. Банк жұмысы мен финансистік әрекеттерді дер кезінде түсінбегендіктен күн санап өскен баға мен ақшаның құнсыздануын, инфляцияның өсуін байқамаптын. Бұрын банкпен істес болмағандықтан алған 2 миллион қаржыны толықтай пайдалана алмай жартысын кері қайтаруға тұра келді. Ұсақ саудамен айналысып жүріп уақытын өткізіп алдым. Білгендер ондай қаржыларын машина, үй, жылжымайтын мүлікке салып, инфляцияны пайдаланып, алған ірі мүлкінің бірін сатып, барлық қарызынан құтылып жатты. Мысалы, Газ-53 машинасын 650000 рубльге алып, оны екі айдан соң 2 миллион рубльге сатты. Жағдайды енді түсініп молдау кредит алмақшы болғанымда, ағымға тез бейімделген, қолындағы билігін өз мақсатына жұмсайтын тобырлар пайда болып, оған қолжеткізбеді. Алғашында тұспалдап айтып, артынан ашықтан-ашық пара алатындар көбейді. Бұрынғы коммунистік тәрбиенің нәтижесі болар, мені олардай арды аттауға жібермеді. Үкімет тарапынан бақылау, қадағалау, әділеттілікті корғау кала бастады. Басшы қызметкерлер тез арада өздерінің жақынжұығына мемлекет мүліктерін беріп, сатып, өз пайдаларына

асыра бастады. Токырауға ұшырап тұрып қалған, тарап кеткен мемлекеттік мекеме үйлері, машина, мұліктері сатылып, топтап жекеменшікке өтті. Еңбекші қара халық бұрынғыдай «Анау қалай, мынау заңсыз» деуден қалды. Себебі, оларды тыңдайтын құлак, қарайтын заң болмады. Бастықтың айтқаны заң болып, кәсіподақ қауқарсыз қуыршаққа айналды. Басшыға қарсы сез айтқандар жұмысынан қуылды. Кейбір алаяқ бастықтар Құдайдан да корықпай, жұмысшылардың айлығын «айналымға» салып, зат алып, оны сатып, екі-үш ай кешіктіріп беретін дағдылар шықты. Оны да ақшалай емес затпен төледі. Себебі, мекеме басшысы өз адамына мекеме жанынан жеке шағын жабдықтаушы мекеме ашып, қаржыны жуу амалын тауып, делдалдар пайда болды. «Балық басынан шіриді» деген емес пе, барлық бәле жоғарыдан басталды. Мүмкін, сол кезеңге бірден-бір керек әдіс те шығар, жаппай жекелендіру қарқын алды. Мемлекеттік мекеме санатындағы балабақша, мектеп ғимараттары жеке адамдарға сатылып, ал, өндіріс орындарын, зауыттарын елдің адамдары ала алмаған соң, сырт елдің қалталы байлары сатып алды. Өндіріс орындарын сатып алған тұркітің, қытайдың байлары, жұмыссыз қалған жергілікті мамандарды жалшы айлығымен ұстап, құл ете бастады. Бұрындары жоғары денгейде жұмыс жасап, өнім алған маман қызметкерлер дым білмейтін жұмысшы ретінде, іsten хабары жоқ байдың нұсқаушысының айдағанына жүріп, бергенін алды. Сөйтіп аз уақытта өз елінде өзі құл болған қазақтар көбейді. Ал жұмыска орналаса алмағандар дорба арқалап өлместің күнін кешті. Теледидардан көріп, газеттен оқып білгенім, әлемге әйгілі кен орындары, алтын кеніштері жекеленіп, сырт елдіктерге өткені жанымды жегідей жеді. Сонда, мемлекет қайда? Заң қайда? Жер, су, жерасты байлықтар, кендер мемлекеттік, халықтың емес пе еді? Ой, заман-ай! Заман өз орнында, өзгерген адам ғана. Бізді оқытқанда «қапиталистік қоғам адамдарды қасқыр етеді» дейтін. Ұйымдастан аз топ қасқырға айналып, калың қазақтың барын басып алып, талай бастады. «Үмітсіз шайтан» деген ғой, бір кезде ашқарақ топ тойынып, санасына сәүле түсіп, имандылықты ойланар шақ туар. Мемлекет есін жиып, әділетті елінің қамын

ойлар, өркениетті елге айналар. Әрбір елін, жерін сүйген азамат, елі үшін еңбек ететін кезең де болар. Осы кездे торығып айтқан мына бір шумақтағыдай:

Зарымды мен айтайын бастан кешкен,  
Дүние не бол кетті, астан-кестен.  
Ішер ас, киер киім бәрі қымбат,  
Бага да еселеніп, өсті бестен, – деп қамығын жүріп,  
тырмысып бақтым.

Елге төнген жаппай жұмыссыздық жайлаған кезенде жұмыс көзін ашып, балаларыма жұмыс талтыйм. Ауылдағы алғашқы қасіпкер болып саудамен айналысқаным, әлі мешеу көзқарастағы кейбір өрісі тар жандарға «көзге шыққан сүйелдей» көрініп, қызғаныш тудыра бастады. Қызғану, көре алмайтын әдеттер қашаннан қазақтын қанына сіңген жағдайлар ғой.

Айналымға қаржы жиналып, аяққа тұрган кезде жан-жағыма қарап, елге керекті жағдайларды көре алатындей дәрежеге жеттім. Жабылып, қирау алдында тұрган теміржол клубын сақтап қалу мақсатында ұсыныс жасап, арендага алдым. Қираган есік-терезелерін бүтіндеп, қарауыл қойып, ішінен кафе-бар аштым. Жұмыссыз қалған 3-4 адамға жұмыс табылды. Кіші ұлым клуб менгерушісі болып, осындағы қысылтаяң кезде жастардың көңілін аударар дискотека, ойын сауықтар ұйымдастырып, клуб жұмысын да жүргізе бастадық. Мұнайлы ауданының мерекелік шараларына қатынасып, алғашқы Наурыз мерекесі тойланып, халықтың рухын көтерер жұмыстар жасалды. Тағы да бір әттеген-ай дейтін жағдайлар туындал, бірінші болып бастаған қасіпкерлікті бірінші болып жабуыма тұра келді. Жоғарыдағы айтқан қызғаныш па, әлде менің түсінігім кем болып, ауыз жаласу әдетімнің жоқтығы ма, әйтеуір, жан-жақтан шүйлігу көбейді. Шевченко қалалық мәдениет бөлім бастығы клубты босатуға бұйрық етті. Теміржол станциясы бастығы теміржол бойындағы дүкенімді алып кетуді сұрады. Салық бөлімі кисынға келмейтін көп салық түрлерін енгізіп, есебімді алмай, әуреге салды. Милициялар да сүмендереп шықпай, бардан сыра, дүкеннен арак-шарапты тегін алып, мазаны кетірді. Не керек, жабылдық. Сол кезде жұмыссыз жүргендегерге арнап жазған өлеңім төмендегідей болып шықты.

## **Ойла, азамат!**

Ойла, азамат, ойлан күндіз-тұнде де,  
Бос жүргенді жұмыс таппай жөн деме.  
Жолы болған азаматты жұмыскер,  
Бос қызғанып, оны, жаным, күндеңеме.  
Арды аттап, елді даттап, даурықпа,  
Біреуді алдаң, дұшпан тауып, жауықпа,  
Ұрлық етпе, зорлық етпе ешкімге,  
Бар жақсылық болар денің саулықта.  
Елден қалма, адад еңбек тауып ал,  
Диірмен тартып, нанды илеп, жауып ал,  
Киім тігіп, ұста дүкен құрып ал,  
Егін егіп, ұстап таяқ, жина мал.

Міне, осындағы қызын кезеңнен жол тауып, халықты өркениет жолымен дамыған ел ету үшін, әділ, келер ұрпақтың қамын ойлайтын азамат басшы керек-ақ!..

1998 ж.

## **Ауыл ажары**

...Ардос күмістей аппақ шашын саусактарымен тарақтап, қобыраған шашын тәртіпке келтіріп, қайтадан терезе алдына отырды. Сосын шамды жағып газеттердегі жаңалықтарға назар аударды. Өткен жылдардың елеулі кезендерін еске алды. Елбасы биылғы жолдауында ағымдағы қоян жылын «Ел егемендігінің 20 жылдығы» деп атап, әкімдер мен министрлерге бұл күнді жан-жақты тарихи маңызға ие еңбек табыстарымен атап өтуді тапсырган болатын... Ол өзінің күнделік дәптеріндегі жазғандарын қарап шықты:

*1973 жылы 20 наурызда «Қойнауы кенге боккен, қырлары малға мыңғырган арқаның апай тосінен жаңа Маңышилақ облысы шаңырақ көтерді» деп бөркімізді аспанга атып, қуандық.*

*1980 жылы 29 октябрь күні жаңадан ашылған Мұнайлы ауданының I-ші партия конференциясы ашилтып, соган делегат болдым.*

*12.11.1983 жылды 2-ші, 23.11.1985 жылды 3-ші соңғы партия конференциясы отіп, оларға да делегат болып қатынасты.*

16-17 желтоқсан 1986 жылды Алматы жастары алғашқы болып еліміздің егеменді ел болуына талпыныс жасады.

**16.06.1989 жылды Манғыстаудың Өзен қаласында, 20.06.1989 жылды Ералы ауданының Жетібай, Мұнайшы ауылында, 22.06.1989 жылды осындай егемендікті аңсаған жастардың толқуы Маңғышлақ, Қызылтөбе елді мекенінде болды.**

**25.08.1990 жылды Қазақ Советтік Социалистік Республикасының «Мемлекеттік Егемендігі туралы» Декларация жөніндегі қаулысы шықты.**

16-желтоқсан 1991 жылды Қазақ Республикасының «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заны шықты.

«Жыл басы қаңтарды әлем елдерінің көпшілігі тойлап келгендей, Астанада ерекше Президенттік шырша орнатылып, әр облыста да сондай әсем шыршалар сәнделіп, балаларға куаныш сыйлап, жаңажылдық мерекелер жақсы өтті. Егемендік алғалы бері тойланған бастаған өзіміздің төл жыл басымыз Наурызы өкімет ресми мейрам – демалыс күні деп белгілеп, салтымызға сай өте жоғары деңгейде атап өткіздік. «Басқа да тарихи маңызды шаралармен қатар ерекше күнімізді «Шүкір, мында бір шүкір, егемендігімізге он сегіз жыл толды» деп, оны да ерекше атап өттік» деген ойларымен өткен жылдардағы жазғандарын парактай бастады.

### **Жаңа Мұнайлы ауданы туралы**

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Манғыстау облысының әкімшілік-аумактық құрылышындағы өзгеріс туралы» 2007 жылғы 4 маусымдағы №338 Жарлығына сәйкес 2007 жылдың 1 шілдесінен Манғыстау облысының құрамында жаңа әкімшілік-аумактық бірлік болып Мұнайлы ауданы құрылды. Манғыстау облысының батысында орналасқан жаңа ауданның аумактық қөлемі 492,189 га, бұл жалпы облыс (16564191,2 га) аумагының 3 пайызы. Орталығы – Манғыстау селосы. Халқының саны 2009 жылдың 20 наурызында өткізілген халық санағы бойынша 75274 адам. Бұл облыс халқының 15,2 пайызын құрайды.

### **Жаңа аудан**

Кең өлкө Маңғыстаудай атамекен,  
Өзінді барша әлемге мақтан етем.  
Жағасында Каспийдің гүл жайнаған,  
Ақтауым әсем қала жайсаң екен.

Мұнайлы жаңа аудан, жаңа өркен,  
Елге оралған бауырлар еткен мекен.  
Елбасы өзі қалап аштырган соң,  
Келеміз аудан болып, есіп көркем!

— деген жүрекжарды жырымды арнап, мен де жаңа ауданға өз лебізімді қоспақпын.

### **Кемел келешекке бастаған қарқынды қадамдар**

Бұдан 44 жыл бұрын Маңғыстауға жас темір жол маманы болып келіп еңбекке араластым. Өндірісті өнір үшін өмірдің күре тамырына айналған болат жолдың қалыптасуына, станцияның, Маңғыстау аймағының өркендеуіне атсалысқан күәгер ардагерлердің бірімін. Темір жол станциясынан салынған тұрғын үйлер, алғашқы мектеп, балабақша және басқа да өндіріс, халықты әлеуметтік жағынан қолдау саласындағы әрбір бастамаға араласып, талай оқиғалардың ортасында жүрдік.

Осы темір жол мен Маңғышлақ станциясынан алғашқы ашылған поселке мен ауданының тыныс-тіршілігімен де біте қайнасып енбек еттім.

Еліміз егемендігін алып, өркендеуге бет түзеген 2007 жылы облысымыздан жаңа ашылған Мұнайлы ауданының да қарқынды қадамдарын көріп келемін. Әрбір кезеңнің өзіндік тарихы болады. Сол дәуір шежіресі оны жасаушы халықтың жадында сақталады. Поселкелік Кеңес тарап, оның орнына жаңа әкімдік құрылды. Ауылдың жаңа әкімі Е.Ж.Әбілов мырза өз жұмыстының бастарда, бірінші кезекте поселкені көркейту, халықтың әлеуметтік жағдайын жасау жөнінде жұмыстынып, әр тоқсан сайын тұрғындарға есеп беріп, ел азаматтарының акыл-кеңесіне

көніл бөліп, жаңаша жұмыс жүргізді. Ауылға көшіп келіп жатқан оралман туыстардың жағдайын жақсарту мақсатында поселкеден жана аудан ашу жөніндегі елдің тілегін айтып, бұған облыс әкімін, депутаттарды араластырып. Елбасының назарына жеткізді. Сөйтіп, Елбасының өзі қолдан, егеменді елімізден алғашқы жаңа аудан ашылды. Аудандағы екі мектепте үш кезектік оқу жүйесімен білім беру еш жерде болмаған жағдай еді. Мұндай асқынған ахуалдан жедел шығу мақсатында халықтар санының жедел осуін өткір мәселе ретінде көтеріп, Елбасының жолдаудағы «100 мектеп, 100 аурухана» жобасына енгізіп, қыска мерзімде сапалы болып салынған №5 мектеп жас ұрпактың игілігіне берілді. Бұл мектептің салынуына да сол кезде аудан әкімінің орынбасары болған Әбіловтың көп еңбек сініргенің білеміз.

Елбасының өзі келіп ашқан бұл 1200 оқушы білім алатын жаңа үлгідегі зәулім мектеп бастама болып, биыл ауданымыздың Жанадәulet, Қызылтөбе-2 ауылдарынан осындағы үлгідегі 960 орындық екі мектептің ашылу салтанатына облыс әкімі К. Көшербаев пен аудан әкімі Е.Әбілов мырзалар катынасып, ауыл тұрғындарын, ұстаздар мен оқушыларды қуанышка бөледі. Аурухана, балабақшалар, «Балапан» бағдарламасына сай шағын орталықтар ашылып, жедел қарқынмен алға басқан ауданымыздың келешегі өте зор.

Құллі Маңғыстау халқымен бірге қазақ жұрты, былайғы мұсылман жұртшылығы кадір тұтатын Пір Бекет атаниң 260 жылдық мерейтойы тойланар тұста облыс әкімінің бастамасымен болашақ аудан орталығы болатын Батыр аулының алғашкы іргетасын қалау рәсімі жасалады деп күтілуде. Мұның өзі жақсы ниеттің белгісі деп білеміз. Қасиетті рамазан айында, Пір Бекет Атаниң 260 жылдығын атап өтуге еліміздің жер-жерінен келген мәртебелі меймандардың қатысуымен жасалатын бастама болашақта үлкен істерге жол ашып, ел тілегі сәтті болып жүзеге асқай! Әрдайым Алла-тагала ізгілікті істеріміз бен талаптарымызды ондап, Бекет атамыз жар болсын!

Мен аудандық ардагерлер Кенесінің атынан, аудан тұрғындары

атынан Елбасымыздың, облыс, аудан басшыларының жаңа аудан тұрғындарына, әсіресе, келешек иелері – жастарға деген қамқорлық істері үшін шын ниетпен ризашылығымды білдіріп, қадамдары қарқынды, жұмыстары ел-халқына игілікті болсын демекпін!

А. Алдаберген,  
ардагер теміржолшы  
(«Мұнайлы» газеті, 15. 09. 2010 жыл)

### **Астанаға сапар**

2007 жылдың 4-тамызында «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық Компаниясы Акционерлік Қоғамының басшылары үйимдастырған Теміржолшылар күні мерекесін Астанада атап өту иғі шарасына, теміржолдың әр бөлімшелерінен енбек озаттары мен ардагерлері шақырылып, соған қатынасу бақытына ие болды.

Көп жылдардан бері ескерусіз қалған бұл шарага жаңадан құрылған Маңғыстау темір жол бөлімшесінен 10 адам болып барып-қайттық. Мен бұл қалаға сонау кенес дәүіріндегі «Тың өлкесінің» орталығы Целиноград қаласы кезінде институт жолдамасымен барып жұмыс істегенім бар еді. Қаланың сол кездегі көрінісі мен қазіргі елордаға айналған Астана қаласының айырмашылығы жер мен көктей екен. Осынау аз уақытта тек ертеғілердеған болатын заңғар биік үйлер мен әсем үлгідегі ғимараттарға қарасан көз тоймайды.

Маңғыстау темір жол бөлімшесінен барған қонақтарды «ЛСО» АҚ президенті Аспан Қажығұловтың өзі күтіп алыш, ғажайып қала Астананы аралатты.

«Пирамида» ғимараты залында қазақ жерінің түпкір-түпкірінен жиналған 2000-ға жуық теміржолшылар қатынасқан салтанатты жиналыш өтті. Президенттің қонақ үйінде келгендеге қонақсы беріліп, концерттік бағдарламалар өтті. Теміржолшы отбасынан шыққан Қазақтың халық әртісі Роза Рымбаева ән шырқап, қонақтардың ықыласына бөленді. Біздерді, Қазақстан Президентінің Ақорда үйіне, асқақ биік Астананың рәмізі – Бәйтерекке, Есіл өзені үстіндегі қос өткелді көпірге, «Транспорт-

Тауэр», «ҚазМұнайГаз», «Астана-Тауэр» алып ғимараттарына апарып таныстырып, Есілдің құтты койнауынан жайлы орын тапқан көкпенбек жатаған саябақ пен ғұлзарлар жайнап тұрған жерлерді көрсетті. Алған әсерімізді, көрген кереметтерді еске алып, біздерге үлкен құрмет көрсетіп, азаматтық жасаған «ЛСО» АҚ президенті Аспан інімізге алғысымызды айта-айта елге жеткен едік.

Астана қаласының 10 жылдық мерейтойы қарсанында Қазақстанның барлық халқын, осынау алып істердің орындалуында елеулі үлесі бар теміржолшылар қауымын осы мерекемен құттықтап, жұмыстарына сәттілік тілеймін.

### **Қарттардың сөзі дұрыс па?**

Келмеске кеткен социализм идеясы қалыптастырыған «Адамға, әсіресе бұхара халыққа» деген көзқарасты көріп өскен қарттарға нарықтық кезеңнің «Барлық заттың наркы бар, паркы жоқ» дегендей ашық бюрократияға негізделген жұмыс жүйелері ұнамайды. Үлкен лауазымды кенселерде, банкілерде, күзет болуы дұрыс та шығар, ал соған еліктеп барлық мекемелердің кенселеріне қарауыл қойып, ішке кіргізбейтін мырзаларға жол болсын.

Әкімшілік кенселердегі «Қабылдау кестесіне» қарай барлық кенсе қызметкерлері өздерінің жұмыс кестесін екі-ақ күндік етіп жарияладап, шалқайып отыр. Ал есік алдында, тар коридорға симай кезек күткен халық, бір-бірімен таласып жапа шегуде. Осыған орай мына бір зарымды газет арқылы жолдаған едім, бірақ, басылмады.

### **Кезекте**

Сөз айтады қарттарын,  
Арқасы қозып құрысса.  
Шыжғырып айтса шындықты,  
Өкпелеп оған тырыспа.  
Аптадагы бес күннің,  
Екеуі ғана жұмыс па?  
Шайнаған сағыз қыздардың  
Күндері қалған тұрыс па?  
Сәрсенбі мен жұмада,

Кезек күткен адамдар,  
Отыратын орын жоқ,  
Бұрісіп отыр қуыста.  
Кезегі келіп жеткенде,  
Кіргендей болып ұрысқа,  
Бітіп те қалды жұмыс та.  
Осы айтқаным дұрыс па?  
Болса дұрыс, дұрыста!  
Қинауға елді тырыспа!

Желтоқсан, 2005 ж

Бұл станция маңына көрші Қарақалпақстаннан, Түркменстаннан қандас бауырлар көптеп көшіп келіп, жер телімін алып, қоныстана бастаған кез болатын. Келгендердің коши-қон мәселесі, құжаттарын реттеуі, жер телімін рәсімдеу жұмыстарымен Ақтау қаласы әкімшілігі гимараты алдында қона жасып кезекке тұратын азапты қундері артта қалды. Жаңа ауданның ашилуымен бұрынғы «Аптек басқармасы» гимараты «Халықта кызмет көрсету орталығына» айналып, тұргындардың жағдайлары жөнделді. Жоғарыдағы қарттардың да жанайқайы жүзеге асты-ау, солай.

2009 ж.

### Елдігімізді сақтайық

Бүкіл ТМД елдері ішінен қыын-қыстау өтпелі кезеңдерді басынан өткізіп, тәй-тәй басып аяғынан тұрып, қалыптасып, айбарланып келе жатқан Қазақ елінің егемендігін алғанына 10 жыл толғанына қуанып, мақтан етеміз.

Осы кезең ішінде «мың өліп, мың тірілген» Қазақ бетбұрыска икемделіп, адалдықты, имандылықты танып, 70 жыл еңесін езген бодандықтан арылып, алға басуда. Аллаға шүкір, оған толық негіз де бар. Елдің осындай рухани байлығына, жердің қойны толған қазынасына ие болар, «Елім, жерім» деп, халқына адал еңбек етір ер азаматтар көп болса ғой дейміз. Әттең, осындай аумалы-төкпелі кезенде, ел сеніміне ие болып, билікке қолы жеткен кейір «шіріген жұмыртқалар» халық мұддесін, асыл арманын таптап,

құлқынының құлып, елін тонауы ызаландырады.

Қажыгелдин сынды алаяқ жемқор топтардың үкімет басына барып, арсыз, тексіз ұлғісінен нәр алған жас байсымақтардың да ашықтан-ашық «бүйректен сирак шығарған» әрекеттерін Қасымжомарт Тоқаев биліктен кетерде, ашық айтқан жоқ па? Елінің, ертеңің ойламайтын осындағы ашқарақ топтың тамырына балта шауып, дер кезінде тоқтатпаса, олар арамшөптей қаулап өсіп, қаскөй «түкті қолға» айналады.

Қазақтың ымырашыл ауызбіршілігін бұзатын, дархан пейліне нұсқан келтіретін, бізге сырттан енген теріс пиғылды арсыздармен ел болып күресейік! Көптің көзі – қырағы. «Көп қорқытады, терең батырады!» дейді халқымыз.

Манғыстау, 2001 ж.

### **Біздер – қарсымыз!..**

Манғыстау поселкесінің тұрғындары көп жылдар еңбек етіп тұрғызған «Мәдениет үйі», 240 орындық «Балбебек» балабақша ғимараттары бұзылып, талан-таражға ұшырап, сатылды. Кезінде «Тұрғын үй жобасы» атты айдармен тұрғызылған үйлер есік-терезесі жоқ қаңырап бос қалып, бұзылу кезегін күтуде. Поселкедегі көп балалы отбасыларына арнап салынған 48, 84, 81, 82 тұрғын үй ғимараттарының как ортасында тұрған бұрынғы балабақша, кейіннен «Өнер» мектебі тосыннан жабылып, жөндеуге алына бастады.

Бұл үйдің «Адаптационный центр», яғни бейімдеу орталығы болатының, онда белгілі тұрағы жоқ «бомждар» мен «бичтер» орналасатынын, оған 20 миллион қаржы бөлінгенін естігенде әуелі қатты таңғалдық, сонынан әлгі бомждар, тұрмеден шыққан, панасыз маскүнемдер орналасатын ғимараттар алаңында 100-ден астам балалар ойнайтынын ойлағанда төбе шашымыз тік тұрды.

Тұрмеден шығып баспанасыз қалғандар, адамшылықтан айрылып қаңғыбас болғандар, алқаштар мен нашақорға айналған жандарға камқор болған дұрыс та шығар. Тек сол аз топ азғындар үшін жалпы халықтың өміріне қауіп, тыңыштығына ойран, арына таңба түсіру үшін болмаса етті демекпіз!

Бюджет қаржысын шашатындай жемқорлардың әрекетіне басқа

себеп табылmasа, халықтың күйзелген әлеуметтік жағдайларын, тұрғын үй, балабақша үйлерін, соғыстан соңғы қираған ғимараттар тәрізді үнірейіп тұрған тұрғын үйлерді түзеуге жұмсаса болмас па еді сол қаржыны?

Экологиялық ең қыын жағдайдағы: екі уран карьері, уран жуған «Өлі көлдің» ортасына орналасқан біздің қыын жағдайымызға қасірет қосуға, ортамыздан ойран ошағын ашуға поселкенің барлық тұрғындары қарсы.

Әлемдік елдер саясатынан қалғысы келмесе, Маңғыстауда жер жетеді, ел шетінде бос тұрған ғимараттар да көп, елді дүрліктіргенше сол жерлерден ашылсын бұндай «Бейімделу орталық» үйлері.

*Поселке тұрғындары атынан – А.Алдабергенов.*

2001 ж.

*Көптің көкейіндегі сұрағын жеткізіп жарсалған жанайқайымызға «ештен кеш жақсы» дегендей, 8 жылдан кейін мектепке, балабақшага назар аударылып, «Бейімделу орталығы» басқа жаққа қошіріліп, бұл ғимарат қайтадан балабақша болды. «Өлі көл» де бетондалып, беті жасабылып келеді.*

2009 ж.

### **Ел алдындағы парыз**

Шүкір, мында бір шүкір, егеменді ел болдық, бодандықтын ноқтасы алынды. Қашанда азат болуға ұмтылып келген қазақ өз еркіндігін алды!

Тәубе-тәубе, тыныштығымызды сақтап, әлемде болып жатқан сансыз қырғын апattан аулақ болып, тәй-тәй басып, 11 жасқа да толдық. Қазағымның ынтымак-тыныштығын көріп, сонау бұлғалақжылдары тоз-тоз болып, бүкіл әлемге тарыдай шашылып кеткен бауырластардың сенімі артып, елге орала бастады.

Бұл – Қазақ мемлекетінің әлемге танылып, елдік іргесін тіктегені. Соның арқасында қазақ халқын барлық әлем халықтары танып, санаса бастады.

Еліміздегі осыншама орасан істердің жемістері бостан-босқа келмегені, келмейтініде анық. «Саясат» деген ойын. Сондықтан да,

саясаттан аулақпын, бірақ, өмірге деген өз көзқарасым бар. Кеңес үкіметі күйреді, оның себеп-салдарын жазып, даттап жатқандар көп-ақ. Кеңестер одагының 70 жылдай дәуірлеп, бүкіл жер шарының үштенбірін камтуытектен-текемес. Сонау атамзаманнан келе жатқан, күштінің әлсізге жасар қиянаты, байлық үшін талас, жауласу, адам құқығын таптау, тағы сол сияқты толып жатқан теңсіздіктерді жою идеясы, адам тенденгін алға қойып, халықтың қамын ойлаған идеяны бұқара халық қолдады. Бұл уағыздардың Алла-тағалам жерге түсірген парыздармен қабысуы еді.

Сондықтан да Отан алдындағы, халқымның алдындағы менің де ұстанар парызы – идеям елдің мұддесі үшін құресу болмақ. Елдің елдігіне, жер-су, жерасты, жер бетіндегі байлықтар халыққа ортақ болып, еліне қызмет етуін қалаймын!

Маңғыстау, 25.10.2002 ж.

### **Тарихты өшіріп тастауға болмайды!**

Құрметті редакция! «Егемен Қазақстанда» 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отансоғысынабайланыстықөптегенматериалдар шықты. Сондай-ақ, тыл еңбеккерлеріне арналған материалдар да жарияланып жүр. Біздер, соғыс және еңбек ардагерлері, соның бәрін қадағалап оқып жүрміз. Сол жарияланымдардың ішінде айтылған пікірлерге қосылатын да, қосылмайтын да жерлеріміз болады. Мәселен, қазір бәзбіреулер айтып жүргендей, «Ұлы Отан соғысы тарихына басқаша қарауымыз керек, Женіс күнін тойлаудың қажеті бар ма?» деген сықылды үстірт ойдың ешқандай пайда бермейтінін айтқымыз келеді. Тарихты өшіруге болмайды.

Міне, мамыр айымен тағы да бір Женіс күні келді. Оны біз кан майданда ерлікпен қазатапқан боздақтарымызды еске алатын және жауын жеңіп келіп, әлі де тірі жүрген құрбы-құрдастарымызды қастерлейтін қасиетті күн ретінде қарсы алдық. Қазақстанда соғыс жара салмаган отбасы кем де кем. Біреулер баласынан, біреулер әкесінен айрылды. Женіс күні жергілікті басшылар олардың үйлеріне кіріп, жылы сөздерін айтып, азын-аулақ сый-кәделерін жасап жатса, артықтық етпес еді. Мұны алдағы уақытта ескере жүрсін деген оймен айтып отырмыз.

Тағы бір тілек: халық жазушысы Шерхан Мұртаза көтерген

«соғыс балаларының» мұн-мұқтажы да назардан тыс қалмаса екен дейміз.

Алдаберген Амандық (Маңғыстау облысы), Әбдіраш Сегізбаев (Қызылорда облысы), Қыдырғали Дүйсенбаев (Батыс Қазақстан облысы), С.Сапаров (Қостанай облысы), Ақан Бұркітбаев, Ә.Имбердиев, Бошқай Сәлімбайұлы, Қазбек Өмірзақов (Жамбыл облысы), Д.Мұсабеков, Қ.Өсербаев, Б.Ақкулиев, Ә.Мамыраев (Оңтүстік Қазақстан облысы), тағы басқалар.

(«Егемен Қазақстан» газеті, 09.05.2001 ж.)

Бұдан 8 жыл бұрын Жеңіс күнін тойлауға қарсы болған кейбіреулерге көпpen бірге үнімізді қосып, жазған мақалаларымызға басшы азаматтардың назар аударып, тарихқа тағзым боларлық биылғы «Ұлы Жеңіс күнінің 65 жылдығын тиісті деңгейде атап өтіп, тойлаймыз» деген ерекше дайындығы, алып жатқан шаралары аса қуантып, бір марқайып қалдым. Ардагер ағалар аман болып, тойымыз тойға ұласа берсін!

27.12.2009ж.

### **Ардагерлер аманаты**

Көрі Каспий жағасындағы Маңғыстау теміржол торабында 500-ге тарта теміржолшы зейнеткерлер тұрады. Елбасының халқымыздың әлеуметтік жағдайын көтеру жөніндегі жолдауларына сай еліміздің көптеген мекемелері мен кәсіпорындары өздерінен зейнетке шыққан ардагерлеріне қамкор бола бастады.

«Атана не істесең – алдыңа сол келеді» деген даналық сөз қазіргі теміржол басшыларының ойына келмейтін тәрізді. Сірә, олар зейнетке шықпайтын да болар. Себебі, олар жолдауға сай қарттарға қамкор болудың орнына, дәстүрге айналған, мереке сайын беріліп келе жатқан азын-аулақ ақшалай сыйлықтарын беруді де тоқтатты. Қасымыздығы мұнай және басқа да мекемелердің зейнеткерлеріне қомақты ақшалай көмек беріп жатқанын көрген теміржолшы қарттар жетімсіреп, тап болған тағдырларына налиды.

Жақында бізге Атырау темір жол бөлімшесінің басшылары келіп, зейнеткерлерді қатынастырып жиналыс жасады. Жоғарғы темір жол басқармасының «тек жағдайы тәмен зейнеткерлерге» деп, Атырау теміржолшыларына бөлген 60 миллион теңгенін 20 миллионынғана игергенін, оныңда нағыз иесін таптай тексерілуғе түскенін айтты. Осындай темір жолдың жекеленген кәсіпкер басшыларының әдейі көзбояу үшін жасалған «Еңбек шарттары» негізінде теміржолшы зейнеткерлерінің жылына бір рет пойызben тегін жұру құқығын да жойды. Сөйтіп, Елбасының жолдауын қолдаған болып, орындалмас зандар шығарып, зейнеткерлердің әлеуметтік жағдайына көмек беру орнына тиесілі билетінен де айырды. Сондықтан да:

1. Темір жолдан зейнетке шыққандардың жағдайлары бірдей екенін ескеріп, бөлінген әлеуметтік қорды барлық теміржолшы зейнеткерлерге бірдей етіп көмектерін көрсетсе тиімді болып, толық игеріліп, занды да болар еді демекпіз.
2. Зейнеттегі теміржолшылардың көбінің жылына бір рет тегін жүретін темір жол билетін пайдалана алмайтынын ескеріп, билеттің орташа бағасын шығарып, оларға жыл сайын берілетін билетін немесе ақшасын берсе көп көмек болар еді.
3. Әр тоқсан сайын, мерекелер тұсында мекеме басшылары зейнеткерлерін шақырып сый-сыяптың көрсетсө, олардың мекемеден қол үзбей, жастарға үлгі болуына септігі тиер еді!

### **Көкейдегі көп сұрап**

Қара сөзге қаймақ тұрғызып, қара судан май алатын сөз шебері емеспін, қарапайым теміржолшымын. «Тура биде тұган жоқ» деп. Бұрындары ойға оралған шындықты газеттерге жіберуші едім. Соңғы кезде мемлекеттік меншіктер ғана емес мемлекеттік ақпарат құралдары да жекешелендірілді. Бұрынғы кемшілік көрсем елең ете қалар мінезден айрылып, марғау да маңғаз шенеуніктерге ойларым ұнамай қалған соң, жазғанды да койғанмын.

«Осы біз қайда барамыз? «Демократия, демократия» деп жүріп, жалаңаш қалған жоқпыш ба?»

Демократия дегеніміз – қара кылды қақ жарған ақиқат пен шындық, әділеттілік емес пе еді? Халық үшін жасалған зандастың тұрақтылығында емес пе? Орындалмайтын жалған жариялышық, дәрменсіздіктің кімге қажеті бар? Теледидардан беріліп жатқан ақындар айтысы, сыйқақ қойылымдар шырылдаған шындықты айтса – ол тек елді алдаркатар ойын ба? Қарапайым халық көріп, жағасын ұстап жатқанда, жоғары мансапты мырзалаудың болып жатқан осы жайларды көре алмайтын соқырлығы қалай?

Әр жыл сайын Елбасымыздың халыққа арнаған көп жайларды пайымдал жатамыз. Жүгендің кеткен жаңа байсымақтардың тойымсыз көмейіне қорғасын құяр кез жеткен жоқ па?!

«Қарлығаштың ұясын бұзба» дейді халқымыз. Кішкентай құстың аузымен тістеп салған ұясын ардақтап, еткен еңбегін бағалағаны болар. Елімізде «приватизация» деген желеумен жергілікті әкімдер зауыттар мен ірі-ірі құрылыштарды аяқсыз қалдырып, әсіресе мектеп балабақша, клуб ғимараттары сатылып, бұзылып, ойран болып қалған жоқ па?

Өзегімді өртеген өкінішті жағдай, Манғыстау мұнай өндеу зауытының құрылышының қирауы болды. Зауыттың ғимараты бітіп, оған темір жол желісі салынып, мұнай құбырлары тартылып, тек қондырғыларды орналастыру ғана қалғанда орта жолдан тоқтатылды. Оған арнаған 40 миллион қаржыны «Атырау мұнай өндеу зауытын көркейтеміз» деп алып, талан-таражға ұшырады. Сөйтіп, әлемдегі 100 өнім шығаратын ірі зауыттардың бірі болуға тиіс бүл өнеркәсіп, болмай жатып бордай тозды. Бүл жерде кімнің қандай саясат ұстанғанын білмедім, бірақ халқымыздың үміті, болашағы үзілгені анық.

Алғашында 200-ге жуық өнім түрін шығара бастаған «Пластмасса» зауыты да тоқтап, Ресейге, Башкирияға сатылып, талан-таражға түсті. Ел байлығын, жер байлығын «майлыққа» айналдырған халық қайда барады?

Осындай мәселелер жайлы көп сұрақтар «Халық кеңесі» газетінде 1991 жылғы 26-наурызда жарияланған «Талан-таражға түскен тубек» және 24 тамыздағы №61 санында жазылған «Жетпегені Кавказдан үй салу ма?» атты мақалалар баршамыздың шымбайтымызға батты. Солардың қозғап отырған талаптары менің

де көкейімдегі әділет аңсаған арман ойларым, жанайқайымда жазылып, ешқандай нәтиже талпай, тауым шағылды.

Әр еңбекшінің тері мен қанын сорып жинаған бюджет корын ел мұқтажына жұмысамай, талағанды қашан жояды? Қайыршы халіндегі зейнеткерлерге толымды көмек қашан болады? Осындай көкейдегі көп сұрақты айтсам, мүмкін көрер көзге түсіп, іс оңалар деген ойдамын!

Маңғыстау, 2000 ж.

*Өкінішке орай, республикамыздагы бітіп қалған 4-шінші мұнай өңдеу зауытының керектігін 21 жыл өткенде гана білді. Ресей бензинің қымбаттауын, Қазақстандагы үш зауыттың қауқарсызы екенін енді гана анықтаган жоғарғы биліктегілер, 2015 жылға дейін Қазақстан Республикасынан қайтадан 4-ші мұнай өңдеу зауытын салмақшы. Әлі қайдан салынары да белгісіз. Оган дейін кім бар, кім жоқ? – 2011 ж.*

Кейіпкеріміздің жоғарыдагы жазған мақалалары мен өлеңдерін беріп отырған себебім, біздер жіберген кемшіліктерге қазіргі құқығы шектеусіз басшылардың назарын аудартып, олар мәселе шешкенде жеке сезімнің құрбаны, құлқынының құлы болып кетпей, мекеме ісіне нұскан келтірмесе екен, ұстамды, әділ болса екен, адаптация көріп, бағалай жүрсе екен деген ниетімді білдіру еді!

### **Темір жол – өмір жолы**

Қазақстан Республикасының бүкіл әлемге танымал болған мәртебелі тарихи Барыс жылы баршамыздың есімізде сақталарлықтай әсерлі болып өтті. Ағымдағы жылда ерекше атап өтілетін Қазақстанның Тәуелсіздігінің 20 жылдығымен катар. Маңғыстау темір жолының пайдалануға берілгендейгіне 45 жыл толады. Сондықтан, осы мақаламда Маңғыстау темір жолының тарихы мен маңызын көрсетіп, бұл жолдың пайдалануға берілгеніне 45 жыл толу мерекесін тек теміржолшыларға емес, аудан, облыс деңгейінде атап өтсе, ел есінде сақталар күнге айналар еді демекпін.

## **Әмір жолы**

Әлемдегі барлық жан-жануарлардың басқан ізі сүрлеуге айналып, ол жолға айналып жатады. Ал, адамның ізі тарихқа айналып, әмір жолы ұлы істердің күәсі болып келеді. Бұдан 45 жыл бұрын Манғыстауға келген темір жол қатынастың күретамырына айналып, өлкенің өркендеуіне, жерасты байлықтарының игерілуіне, жана құрылыштардың, қалалардың салынуына жол ашқан негіздердің бірі еді.

Елбасының Қазақстан халқына арнаған жолдауларында темір жолға ерекше мән беріп, «Біз қазірдің өзінде «Жетіген – Қорғас» және «Өзен – Түрікменстанмен мемлекеттік шекара» желілерін салып жатырмыз, олар іс жүзінде біздің өнімдерге Қытай мен Парсы шығанағы елдерінің рыноктарына жол ашады» деуі, еліміздің экономикасының даму жолдарында темір жолдың манызды екендігінің айғағы болмак.

Манғыстаудай қазыналы тұбектің тағы бір ерекшелігі, Алла сыйлаған кәрі Каспидің жағасында болуы. Осының арқасында еліміздің ен байлығы алтын дән астығы мен мұнайын сырт аймақтарға шығарып, әлем елдерімен қатынас нығаяды. Халық шаруашылығы жүктөрінін тасымалы мен инфрақұрылымды дамыту, адамдар тұрмысын жақсартуда Манғыстау темір жол бөлімшесінің атқарар қызметі зор болмақшы. Мәселен, республикадатаяу арадасалабойыншажұзеге асуруғабелгіленген 5 жобаның 4-еуі біздің аймақтың үлесінде. «Өзен – Түрікменстан» теміржол құрылышы Жанаөзен қаласы адамдарына жұмыс көзін ашип, жұмыссыздықты жоюға жағдай жасайды. Жол бойында тұрғызылатын 5 бекет пен 2 станцияға халық қоныстарып, бұл құладұз аймақ әмір жолына айналады.

Өнірлермен, көршілермен карым-қатынас – мемлекет дамуының алғышарты екенін баршамыз біліп, бұл игі істердің жүзеге асуына атсалысайық, ағайын!

2010 ж.

## **Маңғыстау темір жолы тарихынан деректер**

Маңғыстау өлкесі Қазақстан Республикасының әңтүстік-батысында орналасқан. Жерінің жалпы көлемі 16,7 миллион гектар, қатынас, жан-жақты байланыс жағынан аймақ өте тиімді орналасқан. Ол батысы мен терістігінде Каспий теңізі арқылы Ресеймен, Қап тауын мекенденген елдермен, оңтүстігінде Түрікменстанмен, оңтүстік-шығысында Қарақалпақстанмен шектеседі. Сөйтіп, Маңғыстаудың жеріндегі темір жол Орталық Азия, ТМД елдерінің барлық қалаларымен, Ақтау-порт су жолы арқылы әлемнің барлық елдерімен қатынасып, жук тасмалдарын атқарып келеді.

Қазақ ғылымының ғұламасы, ірі қайраткер тұлға Қаныш Сәтпаевтың Батыс өлкенің қазба байлықтарын үніле зерттеулері нәтижесінде, Қазақ Ғылым академиясының көшпелі сессиясы Гурьевте өткізілді. Сонда оның Маңғыстаудың ұлутасын, марганецін. Индердің борот кені мен ас тұзын, бүкіл аймақтың жерасты мұнайын өнеркәсіптік игеру туралы жасаған ұсынысында «Бұл маңда алып зауыттар орнайтынын және оның темір жолсыз мүмкін еместігін» айтып, Е.П.Славскидің кезін жеткізуі еді. Оның жазушы Медеу Сәрсекеевке берген бір сұхбатында «Бұл жерге «Мақат – Ақтау» темір жолының тартылуына да, Ақтау қаласының салынуына да мені қөндірген Қаныш Сәтпаев» дегені бар. (Отынши Қөшбайұлының «Жұмбақ жайлап, аныз өрген Маңғыстау» атты кітабынан.)

1957 жылы 145-ші геологиялық партия зерттеушілері Маңғыстаудан сол кездегі Қеңес үкіметінің қорғанысы үшін өте қажет уран рудасын тапты.

1961 жылы шілденің 5-жүлдызында Маңғыстаудың Жетібай жерінен алғашқы мұнай фонтаны атқылап, бұған дейін сырын ішіне бүгіп, мізбақтай жатқан ару дала «қара алтын» байлығын сыртқа шығарды. Аса мол мұнай мен газ қоры, стратегиялық қорғаныстық маңызға ие бағалы қазба байлықтарды игеру үшін Маңғыстауга темір жол тарту мәселесі күн тәртібіне қойылды.

Бұл Маңғыстаудағасында өрмекшінің торында болып айқыншыйқыш өріліп жатқан автокөлік, ат, түйе арбалар сүрлеулерінен

басқа жол жоқ кез. Сондыктан да жолды тыңнан тартуға тұра келді.

Ол кездері Батыс Қазақстан аймағы бойынша «Гурьев – Қандығаш» желісі темір жолдың тұйықталған тұсы болатын, оның үстіне жол соғыс жылдарында асығыс салынып, талаптарға сай да емес еді. 1961 жылы Мақат стациясына сол жолды салған құрылышылар келіп, жол кемістіктерін түзетіп, онтүстікке қарай жаңа жолды сала бастады. Сол жылдың күздінде Каспий теңізі арқылы Бакуден №66 темір жол құрылсының отряды Ақтауға келіп түсті. Аталған екі құрылыш мекемелері ұшқан күс пен жүгірген аңдан басқа еш қара жоқ құладузде екі жақтан бір-біrine қарама-қарсы жаңа темір жол желісін тарта бастады.

Сөйтіп Мақат станциясынан №137 СМП (құрылыш монтаждау пойызы), ал Ақтау қаласынан №66 СПМК (жылжымалы механикаландырылған құрылыш колоннасы) екі жақтан салған темір жолдары 1964 жылы маусым айынын 29-да қосылып, Мақат пен Ақтау арасындағы кең далада 704 шақырымдық темір жол өмірге келді.

1964 жылы Ақтау – Өзен арасындағы теміржол құрылышы жедел қолға алынып, 1965 жылдың 10-шілдесінде мерзімінен 6 ай бұрын іске қосылды. Жаңа салынған жолды УС-99 құрылыш басқармасының ОВЭ (жолды уақытша пайдалану) мекемесі алды. Тарихи мәнге ие еңбек жемісіне жеткен Құрылыш-монтаж пойызының (СМП-163) құрылышшылары, енді темір жол бойына станциялар, бекеттер, тұрғын үйлер, мектеп, балабақшалар құрылыштарын жүргізебастады. Ал, ОВЭ мекемесі болса салынған темір жолды жетілдіріп, Жол катынасы министрлігіне (ЖҚМ) тапсыруға дайындал отырды.

Маңғыстаудың «күре тамыры» болып жеткен Мақат – Ақтау темір жол желісі 1966 жылы 30-желтоқсанда Жол катынасы министрлігіне тұрақты пайдалануға тапсырылды.

Жаңа жолды кабылдап алып, оның дамуына орасан зор еңбек сінірген алғашкы жолды игерушілердің ерлік істері ешқашан ұмытылмақ емес. Олар Мақат пен Өзен аралығындағы 883 шақырымдық темір жолмен өлкемізге аса қажет өндірістік-технологиялық жабдықтар, іргесі қаланып жатқан жас қалалар

мен жаңа елді мекендерге қажет құрылыш материалдарын тасымалдай бастады. Мұндай аса ауқымды қараеттерге әзірлігі жоқ киян түбекке тәулік сайын тұтынатын ауыз сұзы мен азықтұлікке дейін темір жол тасып тұрды. Соның нәтижесінде ғана темір жол бойында Ақтау, Өзен сынды ару қалалар, ірі аудан орталықтарына айналған Жетібай, Шетпе, Бейнеу сияқты көрнекті қалашықтар бой көтерді. Құладұзден Өзен, Жетібай, Қаражанбас, Қаламқас мұнай өнеркәсібі ошақтары, теңіз жағасында тау-кен металлургия, Маңғыстау атом-энергетика комбинаттары сынды маңызы зор зауыттар орнады. Сейтіп, алғыс Маңғыстауды алып Маңғыстауға айналдырган да осы темір жол болды!

### **Ардагерлердің аты ардақталсын!**

Адам – атқарған адаптациялық. Өмір сүрген өлкенің өркендеуіне еселі енбек сініріп, алғашқы бастамалардың қыны кезеңдерінен өткен ерлер есімдері ел есінде сақталып, ұрпаққа өнеге болуы тиіс. Маңғыстаудың аудандары мен қалаларында ірі-ірі құрылыштар салынып, өркендеп өсіп келеді. Жаңа обьектілер мен көшелер цифрмен таңбаланып атаусыз калуда. Осыған орай айтарым, біздің темір жол бекеттерінің де атауы болмайдын. Жаңа салынып тапсыруға дайын «Өзен – Түркіменстанмен шекара» темір жолының станциялары мен бекеттеріне 45 жылдық тарихы бар Маңғыстаудың темір жолына өлшеусіз еселі енбек еткен, енбегімен құрметке бөлленген ардагерлеріміздің есімдері берілсе, есімдері ел жадынан өшпес еді.

«Қазақстан теміржолшысы» газетіндегі 14 желтоқсан 2010 ж. Садуақас Әбдінасырұлының «Орденді теміржолшы Орақовты білесің бе?!» атты мақаласында ол жөнінде мәліметтер көлтіріп. Ералы станциясының атын беруді сұраған екен. Мен де «Маңғыстаудың құре тамыры» кітабымда есімдері аталған орден иегерлері мен атаққа ие болғандарды атайдын.

Олар: станция кезекшісі, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің, «Құрметті теміржолшы» атағының иегері, енбек ардагері Байбол Орақов, станция кезекшісі, диспетчері болған соғыс және енбек ардагері Жұбандық Досжанов, станция қызметкері, «Құрметті

теміржолшы» Түйеші Ашықбаев, Локомотив депосының машинисі, соғыс және еңбек ардагері Чапай Нұрмағамбетов, Локомотив депосының машинисі, «Құрмет белгісі» орденінің иегері Нұрқаш Мадияров, Локомотив депосының машинисі, «Құрмет белгісі» орденінің иегері Кален Нұрмамедов, Локомотив депосының машинисі, «Құрметті теміржолшы» Ыбырай Лесбаев, Локомотив депосының машинисі, «Құрметті теміржолшы» Қосай Доржығұлов, жол шебері, «Еңбек Қызыл Ту», «Октябрь Революциясы» ордендерінің иегері, еңбек ардагері Әділ Аңғарбаев, жол шебері, «Еңбек Қызыл Ту», «Октябрь Революциясы» ордендерінің иегері, соғыс және еңбек ардагері Зұлхан Сақтағанов, жол шебері, «Еңбек Қызыл Ту» ордені иегері Мырзағали Кепжанов, жол шебері, «Құрметті теміржолшы» Тілеухан Өтебеков, вагон шаруашылығының автоматчигі, «Құрметті теміржолшы», соғыс және еңбек ардагері Жанбай Азанов, вагон шаруашылығының автоматчигі, «Құрмет белгісі» орденінің, «Құрметті теміржолшы» атағының иегері Нұрбай Марқабаев.

Өмірін теміржолға арнап өткен, Маңғыстау теміржолында еселі еңбек етіп, құрметке бөленген теміржол басшылары: алғашқы Маңғыстау темір жолының бөлім бастығы болған, «Құрметті теміржолшы» Шахан Жидилов, станция бастығы, «Құрметті теміржолшы» Мырзаболат Берденов, жол дистанция бастығы, «Құрметті теміржолшы» Сағынай Қошқарбаев, Электрмен жабдықтау дистанциясы бастығы, «Құрметті теміржолшы» Муса Шоқалақов.

Маңғыстау темір жолының өркендеуіне алғашқы болып атсалысып, еңбектері еленген орден иегерлері мен құрметті атақ алған ардагерлер: Байланыс дистанциясының электромеханигі, «3-ші дәрежелі Еңбек данқы» ордені, «Құрметті теміржолшы» атағы иегері Хаятулла Қашқынбаев, локомотив депосының іргетасын қаласып бастығы болған, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, еңбек ардагері Амандақ Алдаберген, Маңғыстау темір жол бөлімі бастығы, «Құрметті теміржолшы», еңбек ардагері Қыдыр Қалаганов, Электрмен жабдықтау дистанциясы механигі, «Құрметті теміржолшы» Қайыр Қаджанов, жол дистанция шебері,

«Құрмет белгісі» ордені, «Құрметті теміржолшы» атағының иегері, енбек ардагері Дүйсеке Әбілов, жол дистанция бастығының орынбасары, «Құрметті теміржолшы» Өтеш Жұмағазиев сынды азаматтардың есімдері Маңғыстау теміржолы тарихында қалуы тиіс.

### **Теміржолшылардың төл мерекесі**

Маңғыстау станциясына темір жолдың келгеніне де 45 жыл болып қалды. Осынау тарихи кезеңдер ішінде көптеген өзгерістер мен өрлеулер болды. Кеңес үкіметі кезіндегі байланыстар үзіліп, арада дағдарысқа тап болып, қайта өрлеу кезеңдерінен кейін қайта дамыған темір жол Маңғыстау өнірінде жүк тасымалдарын ойдағыдай атқарып келеді.

Жаңа Мұнайлы ауданымен қатар құрылған Маңғыстау темір жол бөлімшесі көптеген жетістіктерге жетіп, үстіміздегі жылдың 6 айлық жүк тасымалдау жоспарын 112,5 пайызға асыра орындал, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық Компаниясы» АҚ-ның алдынғы қатарлы мекемесіне айналды. Осындай жетістіктерін ескеріп, жаңа бөлімшениң қызметкерлеріне Ұлттық Компанияның президенті А.Мамин мырзаның өзі келіп, Ақтау қаласынан 30 пәтердің кілтін бергізді.

Көлік және коммуникация министрлігінің тапсырмасымен «Интранском» ЖШС институты «Өзен – Түркменстанмен шекара» желі құрылышының жобасын дайындағы. Алдымыздығы қыркүйек айында жұмыс басталмақшы. Каспий аркылы тасымалданатын жүк көлемін арттыру, Құрық теңіз портын салу үшін «Ералы-Құрық» темір жол желісі басталады. Міне осындай Маңғыстау аймағындағы ірі-ірі жобаларды бірлесе жүзеге асыру үшін Атырау магистральдық желі бөлімшесінің Маңғыстау аймағы бойынша торабы ашылып, оған басшы болып Қожахмет Уәзір тағайындалды. 2009 жылы 29 шілдеде Нәжмеден Ғұбашев басқарған темір жол бөлімшесіне «Қазақстан темір жолы» ҰК Кәсіподарғының орталық комитетінің төрағасы өзінің үш орынбасары, атқару аппаратымен келіп, мекемелерді аралап жиын өткізді. Теміржолшылардың әлеуметтік жағдайларын жақсарту жөнінде көптеген жақсы ұсыныстар айтылды. Мен осы темір

жолмен бірге келіп, есіп өркендеуіне араласқан ардагер теміршы ретінде Маңғыстау теміржолшыларының төл мереекесімен құттықтап, алға қойған мақсаттарының орындалуына тілектестігімді білдіргім келеді.

(«Мұнайлы» газеті, 31.07.2009 жыл)

### **Жаңа темір жолға ариалған тілек**

Темір жол бөлімшесі бастығы 30-қыркүйек 2009 жылы Маңғыстаудың Жаңаөзен станциясында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевпен Атыраудан телекөпір арқылы «Өзен–Түркіменстан» теміржолының құрылышын бастау жөнінде өтетін жиналыста теміржолшылар атынан сөз сейлеуді маған ұсынған болатын. Сол айтулы тарихи күнге арнаған сөздерімді келтіре кетейін.

«Күрметті Нұрсұлтан Әбішұлы! Бұдан тұра 45 жыл бұрын жүгірген аң мен ұшқан құстар өзге жан жоқ елсіз Маңғыстаудың маң даласын қақ жарып екі жақтан салынған «Макат – Ақтау» темір жолы Сайөтес пен Шетпе участесі аралығында тоғысып, «Маңғыстаудың қүре тамыры» – темір жол қатынасы жолға қойылған болатын.

Осы темір жолмен бірге келіп, алғашқы жолды игерушілердің бірі болып, жас инженер маман ретінде локомотив депосының іргетасын қаласып, еңбек еткен тағдырыма мың да бір шүкіршілік етемін. Осы жолдың тарихымен тамырласқан тағдырым көп өзгерістер мен бастамалардың куәгері болуды жазды.

Елге оралған қандастарымыздың көбі Түркіменстанда қалып, туыстарына қатынас жолы болмай, «Өзеннен Түркіменстанға темір жол салынса» деп армандаған болатын. Міне, бүгін өзініздің көреген саясатыңыздың арқасында бұл арманға да кол жеткеніне куәгер болмақпыз.

Еліміздің мерейін асырап, халқымыздың ырыс-несібесін арттырап бұл игі істеріңізге Алла сәттілігін салсын! «Өзен – Түркіменстан» темір жол желісі тез салынып, елдің игілігіне ассын демекпін».

30.09.2009ж.

## **Егемен еліміздегі екінші ұлттық халық санағы**

Мен бұл әңгімелді 1990 жылы 29 маусымда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Қазақтың жинақ саны» атты мақаласындағы 1989 жылы елімізде өткізілген кеңес дәүрінің соңғы санағының қорытынды деректері мен дәйектерінен бастамақпен.

«Мың өліп, мың тірілген» қазақтың жан басының өсіп, егеменді ел болу жолындағы алғашқы қадамын басар жылы, Қазақ Республикасында барлығы 6.700 мың жергілікті қазак ұлты санаłyп, оған мың да бір шүкіршілік еттік. Сол санақтың қорытынды есебі бойынша қазақ жерінің аймақтарында: Оңтүстік Қазақстанда – 3.185 мың, Солтүстік Қазақстанда – 2.290 мың. Батыс Қазақстанда – 1.315 мың, одактас республикаларда – 1.675 мың. Ұлттық автономияларда – 346,0 мың, шет елдерде – 1.535 мың болып, әлемдегі қазақтың жиынтық саны – 10 миллион деп есептелген.

Халық санағы жайлы деректерге тоқталсақ, еліміздің террориясында алғашқы санақ сонау XIII ғасырда, Бату хан билік етіп тұрған шақта жүргізілген. Ол санақтың мақсаты – әр түтін басына салық белгілеу еді. Ресей патшалығы тұсында 1897 жылға дейін де мал-жан санағы жүргізілпелген. Бұған сол кездердегі Бұқар жыраудың «Бауыздамай ішер қанынды, елтірмей алар жанынды. Қағазға жазар малынды, есепке салар барынды» деген сөздері күз. 1897 жылғы санақ қорытындысы бойынша қазақ даласындағы жалпы халық саны 4,4 миллионға жетіп, жергілікті ұлт өкілінің үлес саны 81 пайызды құраған. Халқымыздың ғұламағалымы Ахмет Байтұрсынов 1915 жылғы патшаның соңғы санағы қарсаңында, «Алhamduillля, аз емеспіз, алты миллион қазақпыш» деп мақтаныш еткен фой. Арада өткен отыз жылға созылған ойран: күшпен коллективтедіру науқаны, ашаршылық, соғыс зардабы, Голощекин әрекеті, Хрушевтің саясаты қазақ халқының санын күрт төмендетіп, 1959 жылғы санақта қазақ жерінде жергілікті ұлт өкілінің үлес салмағы 29 пайызға түсіп кетті. Жойылып кетудің аз-ақ алдында болып, қайта түлеп, өніп-өсіп, жоғарыда айтқан 1989 жылғы санақта

казақ жеріндегі қазақтың саны, қайтадан алты миллионнан асып, оған қатты қуандық, шүкіршілік еттік...

Біріккен Ұлттар Ұйымының мерзімдік тәртібіне сай 1999 жылы егеменді ел болған Қазақстан Республикасының бірінші Ұлттық халық санағы өтті. Алғашқы өткен бұл тарихи науқанға біздің Маңғыстау поселкесінің азаматтары да аса ұйымшылдықпен, ерекше қарқынмен белсene араласты. Бұл жалпы халықтық маңызды іске, мен, 1969 жылы есепші, 1979 жылы нұсқаушы, 1989 жылы бөлім менгерушісі, 1999 жылғы егеменді Қазақстан Республикасының алғашқы Ұлттық халық санағына Маңғыстау поселкесі санақ бөлім менгерушісі болып, бұл игі іске 4 рет қатынасқанымды мақтан тұтамын.

Ол кездегі Маңғыстау поселкесі: Маңғышлақ станциясы, Қызылтөбе, Дәulet, Ынтымак-Бірлік, Баянды болып, бес елді мекеннен құралды. Сол алғашқы Маңғыстау санақ бөлімінде 11 нұсқаушы, 46 есепші, бір менгеруші болып қатынасып, поселкеге қарасты барлығы 12720 адам саналып, соның ішінде 12421 адам қазақ ұлтынан болып, барлық тұрғындардың 98 пайызын құрады. Бұлардың 6090-ы ерлер, 6371-і әйелдер еді.

2009 жылғы екінші Ұлттық халық санағына Мұнайлы ауданы бойынша алты әкімшілік санақ бөлімі жасақталып, біздің Маңғыстау село санақ бөлімінде 10 нұсқаушы, 38 есепші, бір менгеруші жұмыс жасамақшы.

Қоғамдағы әр азамат «Халық санағының» қажеттілігін терең түсініп, «Біз қанша едік, қазір қаншамыз, ертең қанша боламыз?» Тағы да басқа әлеуметтік маңызға ие сұрақтарға жауап алу үшін, 2009 жылғы жүргізілетін егемен еліміздің Ұлттық халық санағын сапалы өткізуге белсенділік танытулары керек демекпін. Сондықтан да Қазақстан халқының демографиялық және әлеуметтік-экономикалық «бейнесін» беріп, қоғам мұддесінтауып, оның ақықат өлшемін бағалайтын бұл санакқа өзімнің бесінші рет қатынасатынымды азаматтық борышым деп санаймын!

А.Алдаберген, ардагер халық санақшысы

Қазақтың саны 10 миллионнан асты!

2009 жылғы елімізде өткен маңызды шаралардың бірі Қазақстандағы Ұлттық халық санағы болғаны сөзсіз. Біздің жаңа

ауданының азаматтары бұл маңызды іске өте жоғары ынта-жігермен кірісіп, аудан аймағында бірде-бір тұрғын жайларды қалдырмай, адамдардың есебін алып, санак жүргізді.

Мұнайлы ауданы бойынша Маңғыстау, Қызылтөбе, Дәulet, Баянды, Атамекен, Басқұдық – 5 әкімшілік санақ бөлімі және бір санақ орталығы құрылыш, 49 нұсқаушы-бақылаушы, 197 есепші, 5 менгерушілер санақ талабына сай қызметтер жүргізіп, міндеттерін ойдағыдай атқарды. Ауданда өткен санақтың қортындысы жақсы нәтиже беріп, аудан бойынша саналған адамдар саны 75646 адам болды. Атап айтқанда:

Маңғыстау аулы – 15 554 адам  
Қызылтөбе аулы – 16357 адам  
Дәulet аулы – 5 025 адам  
Баянды аулы – 2 050 адам  
Атамекен аулы – 21 200 адам  
Басқұдық аулы – 15 488 адам

Бұдан 10 жыл бұрын 1999 жылы өткізілген халық санағы бойынша Қазақстан Республикасында барлығы 6,700 мың жергілікті қазақ ұлты саналып, ел аумағындағы халықтың небәрі 53,4 пайызын құрағанын білеміз.

Жақында еліміздің Статистика агенттігі Жалпыұлттық халық санағының алдын ала қорытындыларын жариялады. Ресми санақ мәліметтері бойынша бүгінгі таңда Қазақстанда 16 млн 402 мың 861 адам тұрады екен. Демограф Мақаш Тәтімов санақ қорытындыларын оң қабылдап, бұл шараның дәл әрі толық жүргізілгенін мәлімдеді. Оныңайтуынша, Қазақстандағы қазақтың үлес салмағы да 67 пайыздан асып, жалпы ел аумағындағы халықтың 10 миллионнан астам тұрғынын құрайтынын айтты.

Халық санағының маңыздылығын айғақтайтын тағы бір дерек табылып, әлемдегі ең ұзақ – 130 жас жасаған біздің қарағандылық әжеміз екендігі белгілі болды. Әжейді ерекше қамқорлыққа алып, жеке үй беріліп, Гиннестер кітабына тіркеуге шешім қабылданды. Сонымен қатар санақ қортындысында елімізде тұратын басқа да жасы 114-тен және 110-нан асқан екі адам анықталды.

2009 ж.

## **Ел мәртебесі**

Кезінде дабыл қағылса да, газет беттеріне басылмай жабық қалған кейбір мәселелер ойымнан кетпей «Әттеген-ай» деп жүрген жайларым бар еді. Қазір сонау егемендікке қадам басар жылдар мен алғашқы егемендік алған жылдардағы көп күдіктерім сейіліп, көркейген елдің қуәгері болып отырмын. Міне, бұғін, арманда кеткен бабалардың асыл ойлары жүзеге асып, Қазақ елінің қолы жеткен егемендігі 18 – кәмелет жасқа толып, әр аттаған қадамы ғасырға татыр қарқынмен алға басып келеді. Шүкір, мында бір шүкір, тоқырау кезендері артта қалып, адам айтса нанғысыз дегендей аз уақытта әлемге әйгілі жана Астана салынды, әр қала, әр елді мекендердегі қираган мектеп, балабақша, тұрғын үйлер қайта салынып қалпына келе бастады. Шекарамыз нығайып, экономикамыз өсіп, өркендерген елдердің қатарындағы Қазақстанды бүкіл әлем таныды. Көп ұлтты еліміздің ынтымағының арқасында «Төрдегі төртеу бір болса – төбедегі келеді» дегендей, жақында Греция астанасы Афина қаласында өткен Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық ұйымына қатысуыш елдердің сыртқы істер министрлері кеңесінің 17-ші отырысы, Еуропа эстафетасын халықаралық саяси аренадағы жас та жасампаз Қазақстанның еншілгенгөндөн жария еткеніне, әлем мемлекеттері күә болды. Қазір ЕҚЫҰ-ға төрағалық ететін тұңғыш азиялық мемлекеттің, тұңғыш мұсылман елінің, тұңғыш түркітілдес елдің әр қадамын бүкіл әлем кадағалауда. Сондықтан да еліміздегі күйреу алдындағы шаруашылықты қалпына келтіріп, өркениетті елдер алдына шығуына жол ашқан Елбасымыздың көрегенді саясатына, ұзак жылға арналған дәйекті жоспарларының орындалатынына сенімі мол. Бұл, ЕҚЫҰ-ға мүше 56 мемлекеттің Қазақстанға сенімі, ел азаматтарына сенімі еkenі анық. Қазақстан елінің даңқын артырар әлемдік істе де Елбасымыздың алға басып, абырайға жете беруіне тілекtesпін! Елімнің мәртебесі арта берсін!

Манғыстау.  
16 желтоқсан, 2009ж.

## **Тәуелсіздік жемісі немесе түйінсөз**

Ерте тұрып, терезеден қарайтын әдеті бойынша терезе пердесін ашып, сыртқа көз салды. Таң атып келеді еken. Қақаган сұық, қалың қар болар қыс айы болса да жаңа жыл қарсанында тобықтан келер-келмес қар жауып, еріп кеткен. Бұл аймакқа кей жылдары қар түспей-ақ жаз шығатын. Кеңес өкіметі тұсында жаңажылдық шыршаны арнайы салтанатпен өткізу үшін қар орнына ақ макта сеуіп өткізіп келген жылдар да болған. Көптен қарды сағынған, қармен байланысты небір оқиғаны бала кезінде басынан өткерген Ардосқа, биыл Ақтөбенің қарын көріп кайтудың сәті келіп тұрган сияқты. Аспанды торлаған бұлт тұтасып тұр еken. Құн жылы. Тағы да жауын жауғалы тұр ма деп қабырғаға ілінген сағатқа қарады. Әлі алты болмапты. Үйдегілер қатты ұйқыда. Ол, сонау 1990 жылы кеңес дәүірінің «Тұрғын үй – 90» атты жоспарына сәйкес сол кездердегі етек алған жалған жоспар орындау жүйесімен салынған бұл үйге толық бітпей-ақ кіріп алған болатын. Содан жылда жөндеу жасап, әр жерін жамап-жасқап жүріп, 20 жылдан астам уақыт тұрып келеді. Былтыр бұл пәтерге күрделі жөндеу. Яғни казіргіше «евромонт» жүргізіліп, үйдегілер жаңа үйге кіргендей болып, мәз болған. Жиырма жылғы шіріген темір құбырлар пластикалық құбырға ауыстырылып, әжетхана, ванна, асхана бөлмелері кафельденіп, ескі үрдіс бойынша «сәндікке» деп қабырғаға ілінген кілемдер еденге төсөліп, оның орнына картиналар ілінді. Кеңес заманында алынған серванттар мен диван-креслолар да сыртқа шығып кетті. Қылттай еңсіз асхана бөлмесіне тоңазытқыш пен асхана серванты әзер сыйып тұрғандықтан, ас ішер бөлмені де балконмен жалғастырып жіберген. Сол пәтердегі төрт бөлменің бірін қыз, бірін үйленбеген ұл, ал тағы бірін немерелер иеленіп, кемпірі екеуіне үлкен залдан орын тиген. «Енді қайта жатқанмен үйкітай алмаспын, аздап сауат ашайын» деген оймен балконның шамын жағып, газеттерді қарай бастады. Түннің тыныштығын бұзып, бір гуіл дыбыс құлакқа келді. Шығыстан шыққан бұл гуіл бара-бара ұлгайып, «так-тұқ, так-тұқ» болып естіліп, станцияға кірердегі тепловоз

тежегішінің әсерінен шиқылға басып, дөңгелекті қысқан колодка вагондарды тежеп, бір-біріне соғылысып, тасыр-тұсыр етті. Көп жылдар бойы осы темір жолда істеп, зейнетке шықкан ақ шашты, сары өнді қарт Ардос бұл дыбысты Өзеннен келген пойыздікі деп жобалады. Бұрынғы социалисттік жүйенің ұстаздарының балаға мектеп жасынан-ақ адаптациялық енбек ету, тәртіпті, әділ болу және «ала жіпті аттама» деген ата салты, әке-шеше тәрбиесі, ауыл ақсақалдарының үлгісі мұра болып, ол мектепті жақсы оқыды. Қолы қалт еткенде бір қолында кітап, бір қолымен бұзау тартып, шешесіне қомектесіп, таңсәріден әкесімен шөпке барып, еңбеккорлықты қалыптастырыды. Соның арқасында Ташкент темір жол институтын бітіріп, әулеттегі алғашқы инженер теміржолшы болды. Киелі Маңғыстау жерінә тартылған темір жол құрылышына алғашқылар қатарлы қатынасып, бұл жолда 40 жылға жуық еңбек етіп, ардагер ақсақал болып отыр. Өлкеге, мемлекетке, теміржолға сіңірген еңбектері еленіп, «Құрмет белгісі» ордені және бірнеше медалдардың иегері атанып, ауылдағы белгілі азаматтардың қатарында сый-құрметке боленуде.

Осы өмірбаяндық кітап авторы, басты кейіпкері – Ардостың бастан кешкен өмір өткелдері, белестері мен асулары арқылы өзі жүріп өткен жолды боямасыз баяндайды. Бүгінгі таңда абыройлы ел ақсақалы атанған Ардос – Амандық Қалиұлы Алдаберген, жарты ғасыр өмірлік адаптациялық жары болған Ару – Сұлумен бірге үлгілі отбасында 5 бала тәрбиелеп өсіріп, 14 немеренің атасы мен әжесі болып отырған бақытты әулеттің алып қос бәйтерегіне айналған.

...Шүкір! Мың да бір шүкір Аллаға! Бабалар, аталар, әкелер аттан түспей жерін, елін қорғап өткен тәуелсіздікке қол жетті. Егеменді еркін ел болып, дүние жүзі елдерінің ортасынан ойып орын алып, әлемге танылған мемлекет болдық. Шүкір, тағы да мың шүкір! Егемендігіміз мәңгі болып, халқымыздың ауызбіршілігі арта берсін! Аумин!



*Мерейтой*



### *Құрметті Амандақ Қалиұлы!*

Сізді зымыран жылдар жылжында өркен жайған өрелі белесінізбен, адалдық ардың туын абыраймен көтеріп келе жаткан жайсаң 70 жасынызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Құрметті Әбеке! Фибратты жасыңыз ғұмырлы болғай. Кемелді кезең, мәуесімолшақмерей-мәртебенізді аққақтатсын. Манғыстауға теміржол тартылған алғашқы жылдары жас мамандар легінде өзіңіз бас болып келіп, осы түбекте табан аудармастан еңбек еткен теміржол саласындағы қалдырған өнегелі ізініз, онтайын тауыл орайлы жерінде жеткізетін байыпты пікіріңіз, ақтарылып ағынан жарылатын ақпейіл қалпыңыз – үлкенге ұлғі, кішіге өшпес өнеге. Бүгінде жұмыстастарыңыз бен ауыл-аймактың кошеметіне бөлөніп, үлкендерден мейірім, туыстастарыңыздан ризашылық, кішілерден ілтипат көрсөніз, ол Сіздің адамгершілік асыл қасиетіндің, адад еңбегіздің, мандай теріңіздің арқасы. Өзіңізді ел қарапайым еңбектің, үлгілі шаңырақтың шаттығы, ақылшы аға ретінде қадыр тұтады. Тұбек теміржолшылары Ардагерлер Кеңесінің төрағасы ретінде де көш бастап келесіз. Зейнет жасынызда да қоғамдық өмірдің бел ортасында жүріп, теміржолшылар жайлы жазған 5 кітабыңыз үрпаққа қалдырған мұра деп білеміз.

Бұл күндері ұлды ұяға, қызды қияға кондырған жар қосағыныз – Сұлу жеңгей екеуініз жайылған жапырақтарыңыздың ортасында жанұя байтерегісіздер.

Алдағы уақытта да ағалық, ақылмандық қалпыңызбен теміржолшылар қауымының көш басында, қоғамдық өмірдің алғы шебінде бола беріңіз дей келе, Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырағыңызға таусылмас шаттық тілейміз.

**«Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы**  
АҚ Манғыстау жол бөлімшесі филиалының директоры  
**Е.Қ.Нұрабаев, Кесіподақ комитеті төрағасы Ә.Тұрмағанбетов.**

Манғыстау стансасы, 2010 жылғы 16 мамыр.

## *Амандық Қалиұлы Алдаберген!*

Мемлекетке сіңірген еңбекініз, белсенді қоғамдық қызметіңіз, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесіңіз үшін Сіз 2009 жылғы желтоқсанның 4-дегі Жарлық бойынша Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградталдыңыз.

**Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаев.**

## *Құрметті Амандық Қалиұлы!*

Сізді 70 жасқа толу мерейтойыңызben шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз Мұнайлы түбекіндегі темір жолда табан аудармай 40 жыл еңбек еттіңіз. Еліміздің Батыс өңіріндегі темір жол құрылышының басталып, қалыптасуына, өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қостыңыз

Ташкент темір жол институтының түлегі ретінде «Мақат – Ақтау» жаңа темір жол құрылышына алғашқы тепловоз саласының маман инженері болып кірістіңіз. Маңғыстау локомотив депосының іргетасын қаласуға атсалыстыңыз. Депо шебері, депо бастығының орынбасары, бастығы болып, кәсіби тәлімгерлік шеберлігіндегі жастарға үйретіп, айналаныңға өмірге құштар, болашағы зор, теміржолшыларды топтастырыдыңыз.

Саланың дамуына қомакты үлес қосып қанақоймай, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі ретінде теміржолшылардың ерен еңбекін баспасөз бетінде насиҳаттап, сала майталмандары туралы бес кітапты жарияладыңыз. Бұл еңбекіндегі әріптерестеріңіз зор бағалайды. Жастар үлгі тұтады.

Күні бүгінге дейін қоғамдық жұмыстардан бас тартпай, Маңғыстау темір жол бөлімшесі Ардагерлер Кенесінің тәрағасы қызметін атқарып келесіз.

Құрметті Амандық Қалиұлы! Сізге алдағы уақытта да қажымас қайрат, мықты денсаулық, ұзак өмір, отбасыңыңға ынтымақ пен бірлік тілеймін!

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ Дербес басқару және мәселелер жөніндегі вице-президенті А. Ақчурин**

Астана, 2010

*Құрметті жсан досымыз, пірлі ағамыз  
Амандақ Қалиұлы!*

Осынау асқаралы 70 жылдық мерейтойыңызға байланысты шынайы тілектестік ықыласымызды қабыл алышы!

Сіздің Маңғыстаудағы темір жолдың локомотив депосының ірге тасын қалаған еңбегініз бен абыройлы қызметіңіз, өзінізді дара тұлға ретінде ерекшелендіретін қажырлы кайратыңыз, салиқалы ой-өрісіңіз, адами қасиеттеріңіз асуладардан алып өтіп, талай биқтереге апарсын.

Сіздің жасаған еңбегініз жастарға өнеге, үлгі. Адалдық пен ақтықтың, іскерлік пен ізденімпаздықтың үлгісі іспеттісіз. Әлде де дәл бүгін Сіз творчестволық жактан нағыз кемелденген жасқа жетіп отырысыз. Демек аткарғаныңыздан әлі атқаратын жұмыстарыңыз көп деп ойлаймыз.

Сізді мерейтойыңызben құттықтап, өзіңізге және Сұлудай женгемізге, отбасыларыңызға амандық, береке және бакыт тілейміз!

*Қырық жыл қызмет етіп темір жсолда,  
Үйреттіңіз баулып шәкірт осыншама.  
Жалғастырап ізіңді ізбасарлар  
Жұмыстың ақ делбесін ұстан қолга.  
Үкімет беріп орден – «Құрмет белгі»,  
Жемісті еңбегіңіз құрметтелді.  
«Бейнет тұбі көрерсің зейнет» деген  
Өнеге бол откен күн орнектелді.  
Мейлі жастық алыстан алишақтасын,  
Сонда да уақыт ағын шаршатпасын.  
Сұлудай жсан жарыңыз «жсаным» десін,  
Жас жігіттей өзіңізді ардақтасын.  
Тек амандық тілейміз басыңызға,  
Күліп, ойнап жүріңіз қасымызда.  
Бәріміз де шаттанып отырайық,  
Ұлы той – жұзге келген жасыңызда!*

Ізгі ниетпен: Оралхан-Рысты Иманалиновтар

Шу каласы, I-мамыр, 2010 ж.

\*\*\*

Тойыңыз құтты болсын, абзал аға,  
Кейінгі ұрпағына берген сана.  
Жетпіске шауып шықтың жүйрік аттай,  
Ешқашан дұшпаныңа болмай таба.

Кітabyң «Куре тамыр» жарық көрді,  
Құттықтап құда-жекжат бәрі келді.  
«Махабbat өрімі» деп кітап жазып,  
Жақсы деп оқырманың баға берді.

Едіңіз ақынжанды бір ағамыз,  
Өлеңді Сізге арнап біз жазамыз.  
Құттықтап туған күнге келді ағайын,  
Жарқырап тұа берсін күн мен айың.

Ал, аға, жасыңызға жас қосылсын,  
Ең азы тілегіміз жүз он болсын!  
Алдыңда бала-шағаң аман болып,  
Немере, шебереге үйің толсын!  
Сыйлығым өлеңім мен әнім болсын – *деп,*

*ініңіз Алданазар.*  
*1-мамыр, 2010ж.*



## *Пікір*



### **ТАРИХҚА – ТАҒЗЫМ**

**Міне, қолымда шағын ғана кітапша.** Ол «Темір жолдың түп қазығы» деп аталыпты. Таралымы – бар-жоғы 200 дана. Бұл кітапты тоғыз жолдың торабы саналатын Шу темір жол торабында тұратын Құрметті теміржолшы, локомотив шаруашылығы қызметінің танымал тарланы Оралхан Иманалиевтің шаңырағында қолыма алдым. Сонау мұнайлы Маңғыстаудан арнайы келген ерлі-зайыпты Амандық Қалиұлы мен Сұлу-ханым Алдабергендер қолтаңбасымен қалдырыпты.

Кітап Маңғыстау локомотив депосының 40 жылдығына арналыпты. Осы отырған бәріміз де осына ұжымның іргетасын қаласып, қалыптасуына тікелей араласқандар едік. Уақыт шіркін, көзді ашып-жұмғандай болмай өте шығыпты. 40 жыл артта қалыпты. Бір куанарлығы, артында айшыкты із қалдырыпты. Әрине, ең бастысы адамдарғой. Алгашқы машинистер, слесарълар, басшылар, кейінгі толқындар суреті рет-ретімен берілген екен. Кітап бес бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімді машинист болуды мұрат еткендерге арналған әліпбі десе жарасады. Өйткені, дәл осы бөлімде Манғыстау локомотив депосының қалыптасу жылдары, депоның тыныс-тіршілігі баяндалып, машинист, машинист-нұсқаушы, теплотехник, депо кезекшісі, нарядчик, жабдықтаушы деген кім, олардың міндеті не деген сауалдарға нақты жауап табуға болады. Сонымен катар, таспа тексеру ісі, депоның дәрігерлік кабинеті, өндірістік пайдаланубөлімі, шаруашылықбригадасының жұмыстары жайлы мәліметке қанығасыз. Жалпы, бұл бөлімде темір жолдағы қайта құрылымдауға байланысты локомотив депосының үшке бөлінгеннен кейінгі пайдалану депосы жайлы мағлұматтар берілген. Ал, екінші бөлімде локомотив депосынан

бөлініп шықкан жөндеу қызметін ұсынатын «Ғасыр-Маңғыстау» ЖШС-ның нарықтық экономика жағдайындағы жұмысы туралы жазылған. Үшінші бөлім локомотив депосынан енші алған «Локомотив-сервис» орталығына арналыпты. Сонымен қатар, бұл бөлімнен «Батыс отын-энергетика кешені» ЖШС туралы да мәлімет алуға мүмкіндік берілген. Төртінші бөлімде кітап авторы Амандық Қалиұлының теміржолшылар жайлы жазған әңгімелері топтастырылышты. Ондағы «Жолдар мен жылдар», «Теміржолшы жігіттің ғажайып ерлігі», «Айыбым озат болғаным ба?», «Шұбаттың дәмі», «Өткен күннен белгі бар» әңгімелері оқырмандарды бей-жай қалдырмайтыны анық. Сонымен қатар, «Адам еңбегімен ардакты» деген топтамада машинистер мен теміржолшылар туралы жазылған сериялы мақалалар беріліпті. Ал бесінші бөлімнің «Өрлеу» деп аталуының да өзіндік сирек барын байқауға болады. Себебі, бұл бөлімде бүгінгі Маңғыстау локомотив пайдалану депосының бағындырған биігі баяндалады. Әрине, жаңа кітап жөнінде көп сөз айтуда болады. Маңғыстау өніріндегі локомотив шаруашылығының қыр-сыры баяндалған кітап авторының өзі де бір кездері Маңғыстау локомотив депосының іргетасын каласқан. Сол себепті Амандық Алдаберген депо тарихын терен біледі.

«Құрмет белгісі» ордені, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері», «Қазақстан темір жолына 100 жыл», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» медальдарының иегері Амандық Қалиұлының бұл кітабы теміржолшы қауымның кітап сөрелерінен өз орнын алатыны даусыз деп білеміз. Өйткені атапмыш кітап осыдан қырық жыл бұрынғы жылдардағы қажырлы қарбаластықтың іздері көмексіленбей тұрганда дүниеге келіп отыр. Тарихқа деген тағзым осындағы болса керек-ті.

**Төлеген Жылқелдиев,**  
*темір жол саласының белгілі журналисі*  
Қызылорда қаласы.  
(«Қазақстан теміржолшысы» газеті, №68, 6 тамыз 2009 ж.)

## **Абыройлы ел ақсақалының күттүктады**

Мұнайлы ауданының әкімі Е.Әбілов аулымыздың абыройлы ақсақалы, ардагер теміржолшы Амандық Қалиұлы Алдабергенді 70 жылдық мерейтоймен күттүктады.

«Маңғыстау теміржолының негізін салушылардың бірі, әрі Маңғыстау локомотив депосының 40 жылдық тарихының бел ортасында жүрген қызметінді және Маңғыстау поселкелік кеңесіне бірнеше кезек депутат болған қоғамдық еңбегінді ескеріп, Сізді, бізәрдайым үлгітұтамыз. Жаңа Мұнайлы ауданының өркендей түсіүне де ардагерлер кеңесінің қатарында өз үлесінді аянбай косып келесіз. Теміржол саласының қалыптасу кезеңдерін саралайтын «Теміржолдың түп қазығы», «Маңғыстаудың күре тамыры» және әдет-ғұрып, соғыс кезіндегі еңбек адамдарының өмірі туралы баяндайтын «Өмір мен аныз», «Махаббат өрімі», «Өмір өрнектері» атты кітаптарының жарық көруі Сіздің шығармашылық иесі, карымды қаламгер екенінді танытты. Замандастарының сүйсініп, жеткіншектерінің мактанды ететін өнегелі өмір сүріп келесіз. Желкенін керген жетпіске парасатты да қайратты қалпыныңда жетіп отырсыз. Алдағы уақытта да абыз ақсақал кейпіңізде аман-саяу жүре беріңіз. Деніңіз сау, ғұмырының ұзак, отбасыңыз аман, мерейінің үстем бола бергей» деп. иғі тілегін жолдаған аудан әкімі өз атынын шапан жауып, сыйлығын табыстыады.


Сонымен қатар Маңғыстау өлкесінің дамуына қосқан үлесі және жастар тәрбиесіне белсене араласқаны үшін Маңғыстау облысының әкімі К.Е.Көшербаевтың алғыс хаты мен сыйлығын облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірзак Озғанбай табыс етті.

Теміржолшылар атынан Маңғыстау жол бөлімшесінің директоры Е. Қ. Нұрабаев сөз сөйлемп, Маңғыстауға темір жол тартылған жылдары жас маман легінде келіп, осы түбекте табан аудармastaн ұзак жылдар еңбек еткен ардагер теміржолшыга ақ тілегін ақтарып, сыйлықтарын ұсынды.

Күттүктаушылар қатарында «Нұр Отан» ХДП аудандық

филалы төрағасының бірінші орынбасары Е. Құли, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ә. Көшеров жылы лебіздерін білдірсе, Мұнайлы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, деңе шынықтыру және спорт бөлімінің бастығы Б. Кондыбай жиналған қызметкерлердің атынан гүл шоғын ұсынды.

**Жадыра Едігекзы**  
(«Мұнайлы» газеті, 21. 05. 2010 ж.)





## II-БӨЛІМ: Әңгімелер



### Батыр Барак пен Пір Бекет

Ежелден Табын мен Адай төсекіде малы, төсекте басы қосылып, жауын бірге жауласып, арын арласқан құда-жекжатты, қатар көшіп-қонған тату ел болған.

Бекет атаниң 260 жылдығын атап өту қарсанында ел азаматтары ақпарат құралдары арқылы естігендерін айтып, газет беттерінде ата жайлы тың әңгімелерін жарияладап жатыр. Мен де Пір Бекетке байланысты айтылған деректерді, аныздарды қалт жібермей оқитын жанның бірімін. Бекет жайлы жарық көрген кітаптар мен жарияланған макалалар ішінде көнекөз қарттардан мен естіген Батыр Барак пен Пір Бекет аталардың кездескендігі жайлы екі әңгіменің жоқтығын ескеріп, сол туралы жазуды жөн көрдім.

Бұдан біраз жыл бұрын Қызылтөбе аулында өткен садақада бас қосқан карттардың арасында, ата үрпағы Аяу молдамен табактас болдым. Ол аталарының Табын тайпасымен бірге Үстіртте, Ақтөбе аймағында бірге көшіп-қонып жүріп, құда-жекжат болғанын, өзінің нағашысы табын екенін әңгімелеп отырып, аруакты батыр Барак пен Бекет атаниң кездесіп, бірін- бірі сынасқаны жайлы әңгіме айтты.

Аталарымыз, жоғарыда айтқандай, нағашылы-жиендігі бар. еліне есімдері тараған қасиет қонған жандар болған. Екеуі Жем өзені бойында кездесіп, аман-саулық айтысып болған сон, Бекет Ата:

– Нагашы, сені ел Алланың қасиеті қонған батыр деседі. сол кереметтерінді көргім келеді. – дейді.

– Мен де сені кездестіріп, сондай құдіреттерінді көрсем деген ойда едім, – депті Барак.

– Жасың да, жолың да үлкен ағасың, алдымен өзің баста.

Сонда Барак ата ағып жатқан өзеннің суын тоқтатып, қақ жарып ары-бері өтеді. Риза болған Бекет: «Ал, енді менің өнерімді көр», – деп, өріп жүрген бір топ киіктің жанына Баракты апарып:

– Анау киіктердің бірін ұста, тамақтанамыз, – дейді.

– Алдымен атып алмаймыз ба?

– Жо, жоқ, қашпайды, – деген соң, киікке барса – байлаулы тұрады. Сөйтіп, екеуі киікті сойып, пісіріп, тамақтана бастайды. Барак оң жамбас жілікті қолына алып, жемек болғанда, Бекет: «Киік сүйегіне тісіңізді тигізбегейсіз», – деп ескерtedі. Бұлар аңының етін жеп болған соң, Бекет киіктің сүйектерін жиып алып, дұға оқиды. Құдайдың құдіретімен сүйектер қайта киік болып тіріледі. Киік үйіріне қарай оң аяғынан ақсай басып бара жатады. Бекеттің құдіретіне тәнті болған Барак: «Ол неге ақсап барады?» дегенде, ол: «Ескертіп едім ғой, тісің тимесін деп, сенің тісің жарагалаған ғой», – деген екен.

– Алланың саған дарытқан қасиетерін көрдім. Ризамын. Енді болашағымызды болжайық. Ол үшін анау төбе басынан екеуміз екі құдық қазып, шыққан суын көріп, болжам жасаймыз, – депті Барак. Екеуі төбеге шығып, екі құдық қазады. Судың шығуын біраз күтіп тұрган соң Барак Бекетке: «Жасың кіші болса да өнерің үстем жансың, жол сенікі, менің құдығымды көріп кел» – дейді. Ол барып караса, Барак құдығындағы суда үш акқу мен бақашаяндар құжынап тұр екен. Барак барып, Бекет құдығын қарап, ондағы тұп-тұнық суды көреді. «Ал, көргенінді айт» – дегенде Бекет:

– Аруағың үш ұрпағына жетіп, ар жағы ұсакталып кетеді екен, – дейді.

– Сенің құдығың тұп-тұнық. Пірлігің өзіңмен мәңгіге кетеді екен, – депті Барак Ата. Сөйтіп, бір-бірінің болашағын болжаған екен дейді екі елдің қасиет қонған аталары. «Ердің соңы – Есет, Пірдің соңы – Бекет» деген сөз осыдан қалса керек.

Ал, екінші әңгімені табындар жайлы деректер жинап жүріп, Қарақалпақстанның Тақияташ қаласында тұратын шежіреші

Теңел ағамыздан естігенмін. Оны айтуды ынғайсыз көріп жүрген едім. Менің төрт-бес атадан бергі нағашыларым адай руының қырықмылтығы болатын. Олар кейде сөз арасында зілсіз «жаяу табын» деп қалатын. Мен олардан «бұл атау қалай шыққан, неге байланысты шыққан?» десем, бірі құдық басындағы тәбелесте мерт болған жайды, басқа біреуі қалыңдығын алып қашқанда қаза болған оқиғалар жайлы әңгімелер айтқан еді. Теңел агадан Табын мен Әлім арасында болған үлкен дауда табынға танылған «Шандаяқ табын» атауы жайлы әңгімені жазып алып отырып, осы «жаяу табын» атауы қалай шыққан?» дегенімде, ол:

– Бұл атауды білгендер айтпайды, ал білмегендер атап, өздері ынғайсыз жағдайда қалады, – деп айтқан-ды.

...Маңғыстаулық Адайлар мен Түрікпендердің бірін-бірі шауып, жауласқан бір шайқаста шейіт кеткен адай жігітерінің жесірлерін әменгерлік жолмен алуды ұсынған ру басы қарияға бір тентек батыр (тегі мен атын атамай кетуді жөн көрдім – А.А.) мақтанып, «Мен мына Табындарды шауып, содан жесір әкелемін», – деп лепіреді.

– Қой, балам, олай деме, құда-жекжатты тату елміз, олардың да Барап атты аруақты батыры бар, – дейді қария. Сонда, әлгі мақтаншақ батыр: «Біз «Барап» деп иттің атын атаймыз», – деп, Баракқа тіл тигізеді. Парықсыз батырдың қылышына налышған қария: «Елге кесірің тимей, бәле ез басына көрінсін», – деп теріс батасын беріпті. Арада құндер етіп, бұл сөздер катар қонған елдегі Баракқа да жетеді. Сонымен әлгі «тентек батыр» арманы болған Баракты шабуға мың қол жасағымен аттанады. Барап та ез колымен қарсы аттанып, екі қол «Боқтықарын» деген жерде кездеседі. Бұл қактығыста «тентек» батырдың қолының жартысынан көбі қырылыш, женіліс табады. Қашқан батыр елді дурліктіріп: «Табын жаяу боп келеді», – деп жар салады.

Бұл әңгімені Теңел аға ықылассыз айтып, әңгіме аяқталмай қалған еді.

2008 жылды Ақтаудағы баспаханаға бармак оймен ертелеғіп 101-ші автобусына мініп, артқы бос орынға жайғастым. Қасымда отырған алпысты алқымдап қалған орта бойлы, үстінде жұмыс киімі бар кісі, менің ак шашты үлкендігіме қарамай, менен

бұрын сөз бастап, руымды сұрады. Бұрындары Маңғыстауда 45 жыл тұрсым да кімнің қай рудан екенін білмейтінбіз. Соңғы кезде етек алған рушылдық әдет пе, әлде көптеп келіп жатқан оралмандардың тегін білуге қызығушылығы ма, сөздің басы сәлемнен бұрын рудан басталатын болды. «Табынмын» дедім қасымдағыға жартылай бұрылып отырып.

- Ә, «жая табын» екенсің ғой, – деді маған күлімдей қарап.
- Ия, сен бұл атаудың қайдан шыққаның білесің бе? – дедім оған тесіле қарап.

– Жоқ, кейбіреулер солай деген соң...

– Онда, білмесең тыңда, – деп, жоғарыдағы әңгімені айтып бердім. Ол үнсіз тыңдалып отырып: «Ә, бұл әңгіме Бекет пен Барак батырдың баталасқан сәті екен-ау» – деп, менің Тәңел ағадан естіп, аяқталмай қалған әңгіме жалғасын айтып берді.

...Содан жеңіліс тауып қашқан «Тентек батырдың» қолының ізіне түсіп, тіл тигізген тентекті жазаламақ оймен ашулы Барак батыр келе берсін. Ел шетіне жете, қашқан батыр «Елге жау шапты, табындар жау боп келеді» деп байбалам салады. Бұл хабар ер Бекетке де жетеді. Қолды бастап келе жатқан Барак екенін, оның тентектің сөзіне ашулы екенін білген Бекет, ел бірлігін сақтау мақсатында жолға шығады. Екі қол Қаратудың маңында кездеседі. Барак қолы таудың басында, Бекет қолы тау етегінде болады. Бекет сөз бастап «даты» барын айтады. Ашулы Барак «Айт, датынды», –дейді қаһарланып.

– Қалай айтамын, екеуміз тең жағдайда емеспіз. Сен – қырда, мен – ойда тұрмын.

– Кел, онда қасыма, – дейді Барак.

– Екеуміз де ел бірлігін ойлап, имандылық жолында жүрген жандар едік кой. Бұл қантөгісің қалай? – деген Бекеттің даусы жоғарыдан санқ ете қалады. Барак жоғары қараса, Бекет атымен жоғары көтеріліп кетіпти. Бекеттің кереметін көріп, ашуы тарқаған Барак күлімдеп, қасына келуді өтінеді. Сол кезде Бекет ата атымен Барак жанына «дік» етіп түсе қалады. Ашуы тарқаған Барак батыр Бекетті аттан түсіп, құшағына алады. Сол жерде дау бітіп, Адай мен Табын өзара жауласпауға анттасады.

...Алайда, арада жыл өтпей-ак бұл анттасудан хабарсыз бір адай жігіті Барак жылқысын барымталап кетеді. Барак жігіттері барымташыны қумақ болғанда, Барак ата:

– Жоқ, қумандар. Ол жылқыларды өзі айдал әкеледі. Біз Бекетпен анттасқанбыз, – деп жата береді.

Барымташы еліне жете бере, үсті-басы қотыр болып, жарасы іри бастайды. Бір киеге тап болғанын сезген жігіт жылап Бекет атаға барады. Бекет мән-жайды біліп: «Ант атқан екен, өлесін, егер Барак рақымшылық етсе, аман қалуың мүмкін» – дейді. Әлгі жігіт жылап-еніреп жүріп, Барактың жылқысына айып жылқы қосып айдал әкеліп, кешірім сұрайды. Барак рақымшылық етіп, жарасынан жазылған жігіт еліне оралады. Содан былай ол киелі анттасудың құдіретіне тап келгенін айтЫП, елге жаяды. Бұл киелі екі атанаң анты берік сақталып, екі елдің ынтымағы қазірге дейін бұзылмай келеді.

2010 ж.

### **Ерлердің аты еленсе**

Қазақ елінің елдігін, бірлігін, бостандығын көксеп, жерін сыртқы жаудан қоргауда қаһармандығымен танылған аруакты батыр табын Сатыбалдыұлы Барак атанаң (1743-1840) ерлігін халқымыз неше ғасырлар бойы атадан-балаға, ұрпактан-ұрпакқа жеткізіп, ардақтап келеді. Халқымызды қалмақ шапқыншылығынан қорғаған Табын Бөгембай батыр, Қабанбай, Есет, Олжабай батырлардай Барак та елін Еділ халмақтарынан азат еткен батыр. 1723 жылы жонғарлардың қазактарды «Ақтабан шұбырынды, Алқақөл сұлама» оқиғасына тап келтіргеніндей, Волга қалмақтары 1759-1760 жылдары Жайықтан өтіп, елді шауып, қырғынға ұшырата бастаганда, еніреп туған ер Барак қалмақтың 6000 қолын басқарған Алакөбік батырын жеңіп, қолын талқандап, еліне данқы шығады.

Азаттық жолындағы Сырым Датұлы көтерілісіне қатынасып, қол бастаған ерлігі мен оның ұлы Асаудың (1763-1866) Орынборды шабудағы көрсеткен батырлығына, кеңес дәүірінде ұлтшылдық

сипатта деген сақтықпен жарияланбай келді. Бұл батырлар жатқан қорым Бейнеу ауданының Тұрыш аулында орналасқан.

Сондықтан да, елі, жері үшін ерлік жасап өткен батыр Баражқа, батыр Асауға, Бармақ батырларға жаңа Мұнайлы ауданындағы ауыл, көшө атаулары берілсе, ұрпаққа патриоттық рух берер естелік болар еді.

Екіншіден, Мұнайлы ауданы орналасқан елді мекендердің ең алғашқы басталуы темір жол поселкесі мен теміржолшылардан бастау алады. Сол себепті, ауыл не қошелердің біріне «Теміржол» немесе «Теміржолшылар» деген атау берілсе еken деймін. Тағы да Маңғыстауға келген сол темір жолды игеруге атсалысқан теміржол басшылары: Сағынай Қошкарбаев, Мырзаболат Берденов, Муса Шоқалаков, Шақан Жидиловтерге, тағы сол тәрізді еңбегі сіңген азаматтарға, алғашқы поссовет тәрағалары, алғашқы кенес депутаттары, орден иегерлері құрметтеліп, тарихымыздан тиісті орын алса дұрыс болар деген ойдамын.

### **Батыр бабам – Баражым**

«Кіші жұзді найза беріп жауға қой» деп Қазақ елі тегін айтпаса керек. Ел басына күн туып, сыртқы жаудан қорғану кезінде жау өтінде болып, аса ерлік көрсеткен батырларының көптігінен айтылған сөз болар. Осындай елін, халқын Қалмақ пен Жоңғар шапқыншылығынан қорғап, елге есімі таралып, аты аңызға айналған бабаларды халқымыз ешқашанда ұмытқан емес. Аталарымыз олардың есімдерін ардақтап, ғасырлар бойы атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, Отанды сүюге үндейтін үлгі ретінде айтып келеді. Міне, осындай жылы лебізге, қадірі кетпес құрметке ие болғандардың бірі – Барак батыр Сатыпалдыұлы (1743-1840).

...Ақтөбе облысының Қандыагаш станциясынан Маңғыстауға қарай темір жол бойымен жүріп келе жатып, Темір станциясынан өткен соң «Қалмаққырған бекеті» дегенде еріксіз вагон терезесінен қарайсын. Артта калып бара жатқан ойдым-ойдым қырқа белдер мен кең далаға қарап осы өнірде қалмақпен болған қырғын соғысты елестетесін.

Ал Шұбарқұдық, Қарауылкелді деген станциялардан өткенде көкейіне талай сұрақтарды ұялатары анық.

Бұдан 30 жылдай бұрын қазір жасы 80-ге келіп отырган Жұма нағашымның аулы – Шұбарқұдыққа келгенімде, ол аймактың неге «Шұбарқұдық» аталғанын сұраған болатынмын. Сонда ол «әкемнен естіп едім» деп айтқан әңгімесінен көкейде жүрген сұрақтарыма жауап тапқандай болғанмын. Бірақ, ол қырылған қалмақ, қай қалмақ, оны қырған кім? Оған мән бермеппін, оны анықтап сұрамаппын да.

Тек, қазақ елінің егемендік алған соң ғана мәңгүрттік салдарынан арылып, 1993 жылы аруақты батыр Бақар атаның 250 жылдығын тойлау қарсанында, сонау 1914 жылы ақын ағартушы Тілеумахамбет Аманжолұлының (Қу молда атанған) жазып кеткен «Асая Бақар» жыры жарық көргенде ғана оқып-білгенмін.

Жоғарыда айтылған санамда көп жылдар сұрау болып келген жер аттары біздің атамыз Бақар батырға байланысты қойылғанын білгенде қатты толқыған едім. Ал, енді, сол нағашым айткан сөздерді жырдағы деректермен толықтыра кетейін.

1758 жылы Шорс тайпасы негізінде құрылған Жонғарлар хандығы құлаған соң, Волга қалмақтары – торғауыттар Кіші жұз жеріне басып кіре бастайды.

Сыбан ханының інісі Алакөбік 6000 қолмен қазақ жеріне келе жатқанын естіп қазақтың үлкен қариясы Түгел карт үш атаның баласына жар салып кол жинайды. Қос арғымак атпен Жайыққа барлаушы жіберіп, сол кісі күн-тұн шауып атының келіп зорығып құлаған жерінде тұрғандар «Қарауыл келді, Қарауыл келді» деп шуласып хабар береді. Кейіннен бұл жер «Қарауыл келген» – Қарауылкелді атанады.

Қазақ қолдары жиналып бір құдықтан басына шұбар атты шалып, бата қылады. Бұл жер соңынан «Шұбар сойған құдық» – Шұбарқұдық болып аталаған кетеді.

Он сегізде жасы бар, аруақты Бақар батырдың Алакөбікті жекпе-жекте өлтіріп, қазақтардың қалмақ қолын қырған жері «Қалмақ қырылған» – Қалмаққырған аталаған, ел есінде қалды.

Ал, енді, киелі Маңғыстау жеріндегі сол аруақты батыр Бақаққа қойылған кесене мен берілген Ас жөнінде бірер сөз.

1992 жылы Барак атанаң Бейнеудің Тұрыш жеріндегі кесенесінің ашылу салтанатына Маңғыстау, Алматы, Ақтөбе, көрші Қарақалпак, Түркменстаннан және де басқа елдерден қонақтар қатынасып үлкен той өткізді.

Сол тойдың ашылу салтанатында Алматыдан келген ақын Тәжігали Темірқұлов ағамыз:

— Бас иіп бүтін, алақан жайып табынамын, күнәмді кеш деп, аһ ұрып тұрып жалынамын, — деп, осы уақытқа дейін көмейіне құм құйылып, тарихымызды бағаламаған мәңгүрт жағдайдан арылып, оянған ұрпақтардың өзекжарды пікірін білдірді.

Мерейтойға төрт ауыл болып (90-үйден астам) ағаш үй тігіліп, ат шаптырылды, салтымызға сай нақышты салтанат жасалды.

Барак пен Алакөбіктің жекпе-жегі сол қалпында саҳналандырылған қойылым түрінде көрсетілді... Мұның бәрін ауызben айттып, хатпен жазып жеткізу мүмкін емес, тек көру керек, сезіну керек.

1723 жылы Жонғарлар Қазактарды «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасына душар етті. 1759-1761 жылдары Волга қалмақтары Жайықтың сыртына шығып қазактарға шабуыл жасап, алған жерлеріне халқын шұбыртып басып кіре бастады. Бұл да 1723 жылғы «Ақтабан шұбырындыдан» кем түспеді.

Бүкіл қазақ халқына сын сәт туып, менменсіген қалмақ батыры Алакөбік Ұлы Жұз батыры Жығаны өлтіріп, оған қарсы Орта Жүзден ешкім тәуекел ете алмай, Кіші Жүздін тұсына ат ойнатып тұрган сәтте, қалмаққа қарсы 80 жастағы қолбасшы — Түгел қарт өзі шықпақшы болғанда, астында ақбоз аты бар жас батыр жекпе-жекке шығып Алакөбікті өлтіреді. Қалмақтың 6000 қолын талқандап сол шайқаста қазақ колы женіске жетеді.

1993 жылғы 12-13 маусымда Ақтөбе облысының Байганин поселкесіндегі Қарауылкелді станциясында қазақ елінің елдігін, бостандығын сыртқы жаудан корғаған аруақты Барак батырдың 250 жылдық және Асаудың 230 жылдық мерейтойлары аталаип өтті. Қазақ халқының тарихында жазылмай келген, тұншықкан деректер жарыққа шықты. Ел қуанды.

Бұл айтулы оқиғаға Қазақстан Республикасының бірнеше облыстарынан, Астанадан, туысқан республикалардан көптеген қонақтар, өкілдер жиналды. Әсіресе, көрші туысқан Қарақалпақстаннан теміржолмен 10 вагонға сыймай, бір болігі машинамен келген адамдардың саны мыңға тарта болды. Маңғыстау облысынан да бір топ азаматтар арнайы бір вагонмен барып қайттық. Бұл тойда да төрт ауыл болып үйлер тігіліп, қонақтар күтілді. Ойын-сауық, спорттық шаралар, жыр-термелер айтылып, есте қаларлықтай деңгейде өтті.

2008 жылы Маңғыстау, Ақтөбе, Алматы, Өзбекстан, Түрікменстан Қазақ қауымдастығынан өкілдері Бейнеу ауданында бас қосып жиын өткізді. Сол жиналышта Барак ата қорымының қараусызы қалып, тарихи жәдігерлерінің қирап, құм басып тозып бара жатқанын айтып, «Aсау-Барак» қорының жұмысы аяксыз қалып, осындай жағдайға келуі сөз болды. Содан жаңа «Aсау батыр» қоры ашылып, шырақшы тағайындалып, жаңа тілеухана үйін тұргызу жоспарланған болатын. Жаңаөзендік бауырымыз Қайрулла өзі жасаған жобасымен құрылысты бастап кетті. «Көп түкірсе көл» дегендей, алматылық, маңғыстаулық, ақтөбелік, қарақалпақстандықагайындарақшалайқаржыларынқосып, Шетпе ЖШС «Мырзабек» тас карьєрі және Жанаөзен, Бейнеу, Ақтауда тұратын кәсіпкерлердің ақшалай, заттай, көліктей көрсеткен көмектерінің арқасында, Тұрыш аулындағы Барак қорымында көлемі 20x15 метр болатын «Тілеухана үйі» салынды.

Биыл 2010 жылдың 24-25 маусымында сол ғимараттың ашылу салтанатына Барак ата қорымы жанынан жиырмадан астам темір үйлер тігіліп Ас берілді. Батыр бабаның атына арнап құран оқылып, 2000-ға жуық келген қонақтар арақты Барак атаға зиярат етті. Осы тойда жас жыраулар өзін таныстырып, М. Назаров Барак туралы жыр жырлады.

Осындай еліне қорған болған ұлтжанды Барак батырды бүкіл қазақ қадірлеп, 2013 жылы болатын 270 жылдық мерейтойын аймақтық, тіпті мемлекеттік деңгейде атап өтуге азаматтар атсалысар деген ойдамын.

(«Мұнайлы» газеті, 13.08. 2010 ж.)

## Сәйкестік

Өмірде көптеген сәйкестіктер болып жатады. Осындаі сәтті сәйкестіктің бірі болып, бізге жеткен сыйлы ел азаматының туылған күнінің маңғыстаулықтардың Елбасын күткен күнімен қабат келуі еді. «Назарбаев Маңғыстауға келеді, өлкемізде жаңа салынған зауыттардың тұсаукасер рәсімдері мен республикада алғашқы салынған Манғыстау бейімделу және кіріктіру орталығының жұмыстарымен танысады» деп, облыстың жаңа Мұнайлы ауданының келіндері, ақсақал-ардагерлері ұлттық киімдерімен, қонаққа арнап тіккізген екі ақбоз үйімен, басқа да салт-дәстүрлік шараларымен Елбасын күтіп алуға дайындық үстіндеміз. Сағат тоғыз-ондарда келеді деген әкімдердің жобасымен күтуші халық, ғимарат алдында күнге пісіп күтіп тұрмыз. Күн ысып, таңдай кеүіп, мазамыз кете бастады. Бір кезде «Елбасымыз әлі Түркиядан шықпапты» деген хабар жетіп, сая іздеген адамдарды оралмандарға арнап салынған жеті қабатты үйдің бос бөлмелеріне кіргізді. Біз Өмірзак Озғанбаев бастаған бес ардагер: Жаздырхан, мен және екі қажы Сақтаған мен Лепестер болып бір бөлме ішінде отырдық. Өмірзактың қалта телефонына қонырау түсіп, балалары құттықтау сөздер айтып жатты. Осындаі қарбалас күнге қабат келген туған күнді отырғандар да естіп, құттықтап жатты. Мен де ойыма оралған мына бір шумақтарды өзім қадір тұтатын азаматқа арнадым.

Құрметті Өмірзак!

Маңғыстаудың Бекет Ата пірі бар,  
Бұл өнірден шыққан талай ірі бар.  
О, Өмірзак, туған күнді құттықтап,  
Жерлестердің саған да айтар сыры бар.

Сен – бұлақсың қәусар нәрлі сұзы бар,  
Сен – ормансың саясы бар, нұзы бар.  
Ардагерге бағыт сілтеп, қол бастар,  
Сен – көсемсің, елге тұлға тузы бар.

Тұған күнің, құтты болсын, ардағым,  
Орындалсын алға қойған арманың.  
Ел төрінде елеулі боп жүре бер,  
Қолдан сені Қосай Ата аруағы.

Актау каласы, 09.06.2010 ж.

## Қазақтың келіндері

Адамзат тарихында, әйелге, қызға деген көзқарастар әртүрлі болып келеді. Көп елдерде әйелді ерден төмен санап, билікке араластырмай, бетін бүркеп, үйден шығармай, төмен ұстаған. Ал, біздің қазақ жұртында ежелден-ақ анаға деген ұғым өте жоғары деңгейде болған. Ана – отбасының ұйтқысы, тіл, салт-дәстүр, жақсы қасиеттер үрпакқа ана сүтімен, ана тілімен жетеді. Сондықтан да ананың бала тәрбиесіндегі орны бөлек. Себебі, оның өсу, мінездерінің қалыптасу кезеңдері әкеге қарағанда ананың көз алдында болып, дер кезінде бағыт-багдар беріледі. Үй шаруасына араластырып, енбекке баулиды. Көшпенді халықтың өмір салтына сай жинақы болып, төзімді, шымыр болып өсуін қадағалайды. Осында жаугершілік жағдайда ғұмыр кешкен қазақ қыздары атқа мініп, кезі келгенде елді шапқан жауға да қарсы тұра білген. Ауыл аксақалдары келіндердің көші-қон кезіндегі жинақылығын шындалап, бағалап келген. Көшерде үйін тез жығып, жүгін буып көш-көлігіне тиеген, қонарда тез үйін тігіп, бірінші от жақкан келіндерді үлгі етіп, мадақтап келген.

Арыдан жеткен аңыз әңгімелерден бір мысал келтірер болсак, қазіргі замандағы қойытылған (сгущенка) сүтін алғашқы болып тапқан біздің қазақ келіндері болып шығады.

...Бұрынғы өткен заманда, көшпенді қазақ жұртында ауыл қарттары ақылдаса келіп, «Келіндер арасында жарыс өткізейік» деген ойға келеді. Сөйтіп, келесі жайлауға көшер кезде, әр үйдің келіндері сынақтан өтетінін, үйін бірінші болып тігіп, қарттарға бірінші шай берген келін марапатталатынын жариялады. Арнайы құрылған тәрешілер алқасының төрағасы, көш жайлауға келгенде, әрбір үйдің жүктөрінің түсетін орындарын белгілеп беріп, бір мезгілде «Ал, бастаңдар» деп белгі береді. Әйелдер

дереу түйелерін шөгеріп, теңдерін шешіп, үйлерін тіге бастайды. Енді бұл жарыстың жеңімпазы аталған келін жөніне көшсек. Жарыстың мақсаты мен тәртібінен хабардар болған келіндер қатарлы бұл келін де жүктерін тез шешілетіндей етіп, үйдің жабдықтарын да тез тігуге алдын ала дайындалады. Үйді тігіп, шай қойылу мерзімдері барлық келіндердікі бір шамада болады. Шайға қатар сұтті сауып, пісіру біраз уақытты аларын білген әлгі келін, алдын ала дайындалады. Қойдың қарнын тазалап алып, сұтке салып қайнатқанда, сұт қоймалжың болып қарынга жабысып қалатынын білген ол, қойытылған сұтті қырып, ыдысқа салып алады. Басқа келіндер мал сауып, сұт пісіріп жүргенде, әлгі келін қойытылған сұтін ыстық суға езіп, қарттарға бірінші болып дәм татқызып, шай береді дейді аңыз. Сонымен әлем тарихында алғашқы қойытылған сұт жасау тәсілін тапқан казақтың келіндері болып шығады. Қазақтың ұрпақ тәрбиелеудегі ана-аталардың озық ұлғілері ертеден жалғасып келе жатқан мұрасы екендігін дәріптей келіп, айтарым: Бабалардың асыл қазынасын биік ұстан, аналардың көреген тапқыр ойларынан нәр алған қазақтың қыз-келіндері көбейе берсін!

Сонау Сақ дәүіріндегі кол бастаған Тұмар қызы (Томирис), кешегі Ұлы Отан сағысындағы батыр қыздар Әлия мен Мәншүктөр шыққан Қазақ елінің атақты қыздарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мақсатында шежіре танымда жазылып, дәріптелсе сөкеттігі болmas еді. Қайта, құда-жекжаттарға қызы төркінін тануға, шыққан тегін бағалауға көп септігі тиер еді. Қазақ шежіресіндегі кей рулар елге беделді болған аналар атымен аталған. Сондықтан да Ұлы Қазақ шежіресіне жол ашар ру шежірелерін жазып жатқан азаматтарға айтарым, елге танымал болған аналар туралы білгендерін шежірелеріне қоса кетсе әр рудың әйгілі аналарының аты өлмес еді демекпін.

2005 ж.

## **Ақылия Мамытқызы**

Ақылия 1947 жылы Ақтөбе облысының Байғанин ауданында дүниеге келген. Мамандығы – жоғары білімді филолог. Мектеп директоры, балабақша менгерушісі болып еңбек етіп, Қарақалпақстан, Өзбекстан, Қазақстан Республикаларының «Халықагарту ісінің үздігі» атағына ие болды. 2005 жылдан бастап Қазақстан Республикасының кәсіби халық емшісі, Республикалық халық емшілері Ассоциациясының толық мүшесі.

Оз бойындағы Алла сыйлаған қасиеттерді дәлелдеу үшін көптеген халықаралық байқауларға қатысып, қасиет-дарының растайтын түрлі дәрежедегі 22 сертификаттар мен дипломдарды жеңіп алған емші. Атап айтқанда 2005 жылы Москва қаласында өткізілген байқау жеңімпазы, сол жылғы «Оберон» сертификатының иегері, 2008 жылы Қоғамдық халықаралық М. Нострадамусатындағы Академия мүшесі болды. Украинаның Ялта қаласында III Халықаралық халық емшілері конференциясына. Ресей съездеріне қатынасып, халық медицинасының өркендеуіне қосқан улестері үшін «Мастер – золотые руки», ВНИЦТНМ «ЭНИОМ» орталығының медалдары және «Звезда Магистра» орденімен марапатталды.

Ақылия Мамытқызының емшілік жолғатуисінен себепші болған. Қазақстан Республикасының Халық медицина орталығының директоры Шәкен қажы Шынтаев еді. Емшілік қасиеттерінің молдығына көзі жеткен соң қолдап, жолын ашады. Бұл жөнінде «Денсаулық» газетінде 2008 ж. жазылған «Емшілік құпия-күш құдіреті» атты мақалада айтылған.

Ақылия өзінің осындай дәрежеге жетуіне біріншіден, қабілет пен қасиет дарытқан Аллаға, екінші Ер Қосай ұрпағы, қасиетті нағашы әжесі Жұмагүлге, үшінші ісмер, етікші, тігінші болған әкесі Мамыттан алған өнерге, шешеден туа жетім қалып, он үштегі бәлекей қызы Жұмагүлдің құдіреттің күшімен төсінен шыққан сүтін еміп өскен шешесі Сапаргүлден алған әділдік пен шешендікке және қайын атасы Ержан биден үйренген имандылыққа мың да бір раҳметін айтады.

Ақылияның кәсіби мамандығын тастанап, емшілік жолға келуі тек куалап аруақты аталарының қасиеттерінің даруы болмақ. Бабасы Өтеш «Қотыр Өтеш би» атанған сөзге шешен, билікті, қасиетті кісі болған. Қайын атасы – Табын Жалпақтілден тараған Ергали Тіленбайұлы медресе бітірген ғұлама адам екен. Оның атасы Қарашбай Келімберді Қызыр көрген қасиетті тәуіп, көріпкел қасиетке ие болған кісі. Қайын атасы келінінің қабілетін танып, сол бабаларынан қалған бұдан 300 жылдай бұрынғы таңбалы 41 тасын Ақылияға беріп тұрып, оның алақанына көзі түсіп:

– Алланың саған берер сыйы көп екен, ниетің қабыл болсын! Әлі-ақ пісі-жетілесің, тек сен тез арада Құран сурелерін жаттап, Аллаға сенім арт, – деді. Содан бастап Құран аяттарын жаттап, дәретін алып, Аллаға сиынып, емшілік жолына тұсқен Ақлия жеткен жетістіктер орасан. 2009 жылғы Президент наградасы «Қазақстан алтын жүлдыз емшісі», «Қазақстан арқалы емшісі», Қазақстанның «Құртқа тәуіп академигі» және «Қазақстан Республикасының кәсіби халық емшісі» атақтарының иегері болды.

Ол 2011 жылы көп елдерді аралап, тіпті Америкаға да барып, өзінің қасиеттерін әйгілеп қайтты. Осы жылы қажылыққа барып келіп, Ақылия қажы атанды.

### Жауынбайдың саусағы

Құрдас достардың әзілдері, ойындары кейде ойламаған жағдайға душар етіп жатады. Бірде теміржолшы жігіттердің бастары қосылып, ішімдік алдырып, жағажайда демалып отырады. Ортада ірі денелі ақкөңіл Жауынбай арқырап әңгіме айтып, Атыраудан келген досы Кәрімбайдың арқасынан «мәләдес» деп, шоқпардай қолымен қағып қалғанда, әңгіме қызығына елтіп бейғам отырған ол құлай жаздап, әзер түзеледі. Газеттен дастархан жасалып, сусын ішімдіктер шығарыла бастайды. Ол кездегі жастар арақты онша көп қолданбайтын, ішімдікке алынған винолар ағаш тығынды болып, ашу қыынға тұсті. Жігіттер бөтөлкө түбінен ұргылап мызымаған тығынды қалай шығару

жолын іздей бастайды. Бірі шанышқы, бірі қасық сабымен итеріп көріп, одан да қайран болмайды. Сол кезде бөтелкені Жауынбай қолына алып, айналдыра қарап шығып, ортаға қойып, ғүрлдеген даусымен,

—Оны мен қазір ашамын,— деп, отыргандарды бір шолып етеді. Барлығы, ол ана шоқпардай жұдырығымен бөтелкені тұбінен қақса бөтелкенің сынарын біліп, «обал-ай» дегенше болмай. Жауынбай дүрілдей даурығып, он қолының сұқ саусағының (ол саусағы бұдан оншакты жыл бұрын сындып, «г» һарпіндей бүгіліп біткен болатын) қисық ұшын бөтелке тығынына қойып, қасында отырган тік мінезді өр жігіт Ордаханға «ұр» дейді. Ол жайлап ұрып көреді.

— Жаңың бар ма, қаттырак ұр, — деп, ғүр етеді. — Осындауда шорт кетер мінезі ұстады ма, әлде «Жаңың бар ма?» деген сөз қамши болды ма, Оралхан балғадай жұдырығымен саусақ үстінен салып қалады. Отыргандар «аһ» дегендеге, Жәкенинің қисық саусағы бөтелке үстінде түп-түзу болып жатады. Ол былғалактаған саусағын сау қолының саусағымен қысып ұстап, теріс айналып үнсіз қалады. Отыргандардың барлығы көрген жағдайға жаны ашып, «Не болды? Көрсетші!» деп жатыр. Біраз теріс қарап отырып қалған Жауынбай саусағын бұрап кайтадан «г» қарпіндей қалпына келтіріп. «нормәлно» деп, дым болмағандай арқырай жөнеледі. Сөйтіп, бірге жүрген қатар ақкөніл адад достардың әзілдері де, құлкілері де жарасып тұратын.

...Арада біраз жылдар еткен соң тағы да сол достардың бастары қосылып бір үйде қонақта отырады. Күн ыссы. Манғыстаудың кей жылдары болатын тымырысқ аптабы сол жылы да бет қаратпай қапырық болып тұрды. Терге малшынып, орамалдарын желпініп, ыссы бөлмеге әзер сыйып отырган жігіттердің алдына үлкен табак ет келеді. Ет туралып, табаққа қолдарын бірер салған жігітер тәбеттері болмай, «Болдық, болдық» деп, табақтан ысырылып шыға береді. Үй иесінің «Бұларың қалай, алсандаршы» деп ыңғайсызданған түрін көрген Оралхан, толы табақ етті өз алдына тартып алып, отыргандардан жағалай «Болдың ба, болдың ба?» деп сұрап шығып, олар «болдық, тойдық» деген соң, әлгі үлкен

табақты жалғыз өзі түгелдей тауысып, иесіне береді. Үй иесі жігіттің мәртігіне риза болса, достары Оралханның мұндай қылышын алғаш көріп, таңғалады.

Мен осындай керемет мінезді асыл жігіттермен жасым үлкен болса да құрдастай болып, бірге жүріп, бірге қүлетін едік.

Тағы бір осындай отырыста Жауынбай сынып түзелген қисық саусағын шошаңдатып, арқырап әңгіме айттып отырды. Мен үлкен табақта отырсам да құлагым әңгімede болып, оның Оралханды сез етіп, сонау бір жылдары жолды су шайып кетіп, соны қалпына келтіру үстінде темір жол шпалын шыбық құрлы көрмей көтеріп алды, қашқан кранды тоқтатқаны жайлы әңгіме айтты. Сөйтіп. Жауынбайдың жоғарыда айттылған қисық саусағы тағы бір әңгімеге арқау болды.

### Теміржолшы жігіттің ерлігі

Биылғы маусым айының басында Маңғыстауда Қазақ темір жолының қозғалыс қауіпсіздігі Бас ревизоры Борис Есенамановтың өзі бас болып ұйымдастырған қалпына келтіру пойыздарының байқауы өтті. Оған Қазақстан темір жолының барлық қалпына келтіру пойыздарының бастықтары, қозғалыс қауіпсіздігі ревизорлары және Атырау темір жол бөлімшесінің басшылары қатысты.

Мен сонау 1969 жылы осы Маңғыстау қалпына келтіру пойызын бірінші қабылдан алдып, басшылық еткен едім. Бас ревизор Есенамановтың өзі мені іздетіп, осы пойыздың бірінші бастығы ретінде байқауларына қатыстырыды. Бірге қызмет еткен біраз жолдастарды кездестіріп, өткенді еске түсірдік. Ал, енді, сол кездегі осы пойызға алғашқы орынбасар болып келіп, көп жылдар бастығы болған Оралхан Иманалиновты көргенде, оның досы Жауынбайдан естіген мына бір оқига еріксіз есіме оралды.

...Сонау бір жылдары Маңғыстауда қатты жауын жауып, жауын суы теміржол табанын шайып, көпірді жұлып әкетеді. Бұндай оқигалар темір жолда «төтенше жағдай» деп аталып, іске әдейі жасақталған қалпына келтіру пойызын шығарады. Пойыз бастығы біздің әлгі Оралхан Иманалинов болатын.

Бұндай жағдайда пойыздар жүрісі тоқтап, жолды тез қалпына келтіру жұмысы басталады. Арнайы жауапты кісі тағайындалып, теміржолшылар жолды түзеу жұмысын жүргізіп жатады. Барлық техникасын теміржолдың үзік жеріне тақап, кранды вагондар алдына койып, су жұлып кеткен көпірді қайта салуға кіріспе жатқан кез. Жолдың ылдыын дұрыс есептемеді ме, әлде кран астындағы тығырық «табандық» дұрыс койылмады ма, бір кезде кран орнынан жылжып кете барады. Барлық жұмыс істеп жатқан теміржолшылар қашкан кранды тез тоқтатпаса, үлкен апатка ұшырарын біліп, дөңгелек астына балдақ шеге, тас, қолға іліккен заттарды қойып әлек-шәлек болады. Әр секунд сайын ұдеу алып жылжып кеткен кранды ұсақ тастандардың тоқтата алмасын тез пайымдаған Оралхан жол салуға әкелінген үлкен бір шпалды (шпал салмағы 50-70 кг) көтеріп алып, тұра жүгіреді. Жылдамдық алып жүріп келе жатқан кранды қуып жетіп, әлгі шпалдың бір ұшын релстің қоспа жеріне салып, табан тіреп тұра қалады. Кран дөңгелегі шпалға тіреліп, қолды жұлдардай сылқ етіп барып тоқтады. Енді бір құлаштай жүрсе кран жұлынған көпір астына түсіп кететін еді. Көріп тұргандар демдерін ішіне тартып катып қалған. Оралханда түр-тұс жоқ, қалш-қалш етеді. Бір кезде барып «үй» деп терен тыныстап отыра кетеді. Жайшылықта екі адам қолдасып көтеретін ауыр шпалды көтеріп ала жүгірген Оралханның көрсеткен қайраты табиғи күштің тосын жағдайда шығуы еді. Осы жұмысты ұйымдастырушы Сағынай Қошқарбаев Оралдың боп-боз түрін көріп, шошып, вагонда ерекше жағдайға деп сақталатын арактың біреуін аштырып, үлкен қырлы стаканға құйды да:

— Мә, іш, — деп бұйырды. Бұйырқ сөзсіз орындалады. Бұрын аракты татып алмайтын Оралханнан тер бұрқ ете қалып, денесі балбырап отыра кетеді.

Темір жол саласында әлгіндей жұмыс үстінде көліктің қашуы үлкен күнә саналады. Сондықтан да Сағынай бастық сондагы қатысқан теміржолшыларға қатаң тапсырып, «Жабулы қазан жабылуымен қалсын, тістерінен шығарушы болмаңдар» деген. Бірақ, отыз тістен шыққан сөз тұра ма, сол оқиғаны көзімен көрген жігіттер осы күнге дейін аныз етіп айтады. Арада 20 жыл өткенде

кездесіп, бізде осы оқиғаны ойымызда қайта жаңғырттық.

Бұғінде Оралхан Шу станциясында тұрады, сондағы Қалпына келтіру пойызының бастығы, «Құрметті теміржолшы» атағының иегері, салихалы жігіт ағасы. Темір жол көлігінде «Құрметті теміржолшы»-дан бөлек «Батыр теміржолшы» деген атақ болса, Оралхан сынды жігіттерге ойланбай беру керек деп ойлаймын.

(«Қазақстан теміржолшысы» газеті, 03.08.2000 жыл)

### Адамдықabyroy

Аныз әңгімелердегі өмірде кездесетін кей адамдардыңabyroyдан ада болып, азғындауын дәл көрсететін мысалдар таңқалдырады.

Алла-тағала әмір етіп, шектен шығып азғындаған адамдарға жаза ретінде жер жүзін топан сумен қаптатады. Алла жолын таза ұстанған Нұх пайғамбарымызға Алланың мейірімі түсіп, ластанғанғаламды қайтажаңғырту үшін, жержүзіндегітіршіліктің бір-бір жұптарынан алып, кемеге тиеп, аман алып қалуды тапсырады. Содан пайғамбарымыз 18 мың ғаламның тіршілік көздерінен: өсімдіктер, жануарлар, жәндіктер, адамдар тағы да басқа тіршілік иелерінің аталық, аналық жұптарын іріктең алып, кемеге тией бастайды. Тізім бойынша кемеге өсімдіктер дәндері тиеліп, жан жануарлар кіргізіле бастайды. Кезек есекке келгенде, есек тартыншақтап есіктен кірмей тұрып алады. Нұх: – Kip, есек, кіре ғой, – деп әлденеше қайталаса да, ол тартынып кірмей қояды. Пайғамбар қатты ашуланып, «Ей, найсан, кір ішке» дегенде, есек ішке лып етіп кіреді. Сөйтсе, есек құйрығына жармасып Ібіліс те кіріп барады екен. «Сен, адам жанының азғырушысы, тізімде жоқсың. Шық», – десе, «Жаңа ғана «ей, найсан, кір ішке» деген жоқсың ба? Менің атым – найсан» деп ібіліс пайғамбардың бір сәттік ашуға берілгенін пайдаланып кетеді. Амалсыз көнген Нұх «Онда ешкіммен сөйлеспейсің, адамдардың жанына жоламайсың» деп ескертіп, оны кемеде қалдырады.

Су тартылады. «Қазықұрттың басында кеме қалған, кереметі болмаса неге қалған» дегендей, Алланың әмірімен жаңа тіршілік осы Қазықұрт тауынан басталады. Кемеден түсірер кезде

пайғамбар тізім бойынша барлық тиелген, мінгендерді тексереп келіп, жүзімнің дәнін таппайды. Кемедегілердің барлығынан сұраса да, олар «Білмейміз» дейді. Жалғыз күмәнді Ібіліске:


– Сен алдың, дәндерді бер, – дейді.

– Ия, мен алдым. Егер осы жүзімнің өсіру күтімінің үш кезеңін маған берсөң, дәнді беремін, – дейді Ібіліс. Пайғамбарымыз келісіп, жүзім егіліп, Нұх Қәусар судан су құйып, алғашқы үш күтімін жасап, жүзім бұтактары жайқалып өскенде, Ібіліс келіп, «Келісім бойынша қалған үш күтімді маған бер» деп, жүзім өсіруге кіріседі. Сөйтіп, бірінші кезекте жүзім түбіне иттін зәрін, екінші маймылдың, үшінші кезекте шошқаның зәрін құйып, жұмысын бітіреді. Жүзім жақсы болып өсіп, жеміс береді. Жемісі өте нәрлі, шырынды болады. Арада көп жылдар өткенде адамдар бұл жемістен шарап жасауды үйренеді. Содан оны құныға ішкендер масайып, иттей ырылдасып, төбелеседі. Одан кейін маймыл болып, масқара болады. Ең сонында шошқадай нас болып, балшыққа батып жатады. Бұл Ібілістің жүзімді өсіруге қосқан соңғы үш күтімінің зардабы еді.

Ей, адамдар, азғырушы Ібілістің ықпалына еріп, адамдықabyroidan айырылып қалмаңдар, деп мына бір шумакты ұсынайын.

Арак-шарап – білсендер, иттің зәрі,  
Мас адам – адам емес, әрі-сәрі.  
Ішкен жанның өзіне бәрі дұрыс,  
Дұшпан болып көрінер жұрттың бәрі.  
Адам жанын тоздырган бұл арактар,  
Ұрпағыма жоламай жұрсін әрі.

2003 ж.



### ІІІ-БӨЛІМ

*Аталаы сөздер. Өлең-толғаулар*



Ертеде бір қарияның үйіне Алланың әмірімен Бақ келіп, қонақ болуға рұқсат сұрапты.

- Хабарлас, қонақпын, – дейді.
- Кімсің? – дейді қария.
- Бақлын, Бақытпын, – дейді Бақ.
- Ә, бірде бар да, бірде жоқ баянсыз екенсің ғой, кете бер, – дейді қария.

Бақ келесі күні тағы келіп: «Қыдырмын» дейді.

- Ә, қыдыра бер, сен де баянсызың, – деп қондырмапты.

Бақ үшінші күні келіп, «Амандықпын» дегенде,

- Ә, онда түсе ғой, амандық болса бәрі де болады, – деп қонақ етіпти...

\*\*\*

Ертеде әлім Жетес би ақынга: «Адамның, жердің, сөздің, пікірдің сәні неде?» – деген сауал қойылыпты. Сонда ол мұдірмestен:

Адамның сәні – өнер, білім, ақылы,

Жердің сәні – жеміс, өнім, дақылы.

Сөздің сәні – өнегелі өткір нақылы,

Пікірдің сәні – ең пайдалы, мақұлы, – деп өлеңдете жауап берген екен.

\*\*\*

Бірде «Не қатты? Не тәтті? Не мұра?» деген сауалға әркім әр түрлі пікір айтып «тас қатты, бал тәтті, бала мұра, тағы бір байлық мұра» дегенде, Ұзақ абыз ата былай деген екен:

- Балдың дәмі жойылmas па, байлығың жұтап, балаң өлмес пе?
- дей келе:
  - Жан тәтті, жоқтық қатты, тауып айтқан аталы сөз мұра, – депті.

\*\*\*

Алдымен бәріне сенесің, одан кейінгі біраз уақыт сенімге құдік көзімен қарайсың. Бұдан соң ештеңеге сенбейтін боласың. Түбінде бәріне қайта сенесің.

*Пихтенберг*

Адам өзін-өзі бақытсызыбын деп төмендете берсе, шынымен-ак бақытсыз болады.

*Гельвеций*

Адам жаны – мейлінше толқымалы, ағынды судай тоқтамсыз, табан астынан өзгере қалар тайғақ нәрсе.

*Монтенъ*

Ләzzатты сабылып іздемендер, егер бақытты болғыларын келсе, кез-келген жағдайдан ләzzат табуға тырысындар!

*Рескин*

Төзім – тамаша қасиет, бірақ ұзақ төзуге өмір қысқа.

*M. Эузов*

Адамның жанын жуасытатын орасан ләzzат кездері әрқашан керемет кедергілермен қоршаулы.

*O. Бальзак*

Ана тіліне немқұрайды қарау – өз халқының өткеніне, бүгініне,  
болашағына немқұрайды қарау деген сөз!

Паустовский

Байлыққа белшеңнен батқың келе ме? Онда теңізге емес, өз  
тереніңе сұңгі. Асылды содан ғана табасың. Егер одан таппасаң,  
еш жерден де таппайсың!

M. Пришвин

Деніңнің саулығына немқұрайды қарама. Уақтылы тамақ ішіп,  
жаттығулар жасай жүр. Ұйықтар алдында өткен күнде өзінің не  
істеп, не тындырғаныңды ой елегінен бір өткізбей тұрып, көзінді  
жұмба.

Пифагор

Қой қағынса бөрі ариды, қатын қағынса ері ариды.  
Алдыңа келсе, әділдігінді аяма – алдыңнан кетпес аймағың.  
Жолдастың мыңын алма, бірін ал, мың кісіге бір кісі олжа  
салатын.

Жас күнінде жақсы жар ал, жігітін хан, өзін ханша ететін, –  
депті Қаракерей Абыз Соқыр.

\* \* \*

Өзінді өрге салма – қанатың талар,  
Жаманға жүзінді салма – сағың сынар.  
Жалқы жігітше жалтақтама,  
Жарлы ерлерше жалпақтама, – деген екен  
Кіші жұз Тойған би

\* \* \*

Өмір – өткен күндер емес, есте қалған күндер.  
Біреуді бақытты ете алмаған адам, бақытты бола алмайды.  
«Кейбіреулер ішіп-жеу үшін өмір сүреді, ал, мен  
өмір сұру үшін ішіп-жеймін», – дейді данышпан

Аристотель

\* \* \*

Шешем марқұмның көп айтатын мақалдары: «Қоянның түрін көріп,

қалжасынан тұніл» деп, еңсесі түсіп жүрген адамдарды көрсе: «Көтер еңсенді, бұл не жұн жеп, жүрқа (жабағы) тышқан», – деп ұрсатын.

– Күшті болсан жердей бол,  
Бәрін шыдаپ көтерген.  
Таза болсан судай бол,  
Бәрін жуып кетірген, – деп  
шыдамдылыққа, тазалыққа шақыратын.

### Өз ойларым

«Сынықтан өзгенің бәрі жүғады» дейді қазекем. Осыдан 45 жыл бұрынғы 26 жастагы жігіт шағымдағы құнделік дәптеріме жазылған ойларым мен пайымдау-тұжырымдарым өзіме де қызық көрінді, соны сол өз қалпында ұсынбақпын.

Өмір – қызық пен қуаныш, қайғы мен қасірет, тартыс, талас, арпалыс, өкініштерге толы шексіз шенбер тәрізді жол. Бірақ, оны кім қалай жүреді?..

Мінез – алды дауыл, арты жаз, жайдары мінез – «суына қарай сөк сал».

Күле кіріп, құнірене шығатын өсекші, қызғаншақтан сак бол, аулақ қон».

Бірде дос, бірде қас жағымпаз, сылдыр қайрак, жылпос – «Мақұлласаң сөздерін, шатыларсың өздерін».

Кертартпа, керенау – «Тартынбай алысар жауың».

Сөзі көп, түйіні жоқ мылжың – «Таласпа, уақытың кетеді».

Бейәдеп, бейпіл ауыз мактаншак – «Қосылма, ұятқа қаласың».

Анқылдак – «Сыр айтпа, әшкере боласың».

Тұйық – «Абайла, жарып алма, бір кетсе қатты кетеді».

Қасиет: Аккөңіл – аты арып, тоны тозбас әділ болады.

Сенімді, шынайы дос – алтын сандығың, қайсар болады.

Қарапайым, жуас, кішіпейіл – кешірімшіл келеді.

Қабілет: Батырлық – батыл, әділетшіл болады. Кейде алған

мақсатының құрбаны да болады. «Батыр анқау, ер көдек» деген де сөз бар.

Шешендік – өткірлік. «қиыннан қыстырып ер данасы» дана, ақылды саясаткер болады.

Қу – қабілетті арамза! Сөзі майда да шебер, өзі түлкі кейіптес келеді. Алданба! Олар арынан да ақшаны тәуір көреді. Алдау үшін анасын да сатады. Өтірік күліл, өтірік жылайды.

Пасық: ұн демес, топас, томырық, секемшіл, қызғаншақ, мешкей, надан – тек бір жан иесі. Ондайға сенбе, сенімің жолда қалады, басың дауға толады.

Дана: ғалым, еңбеккор, кішіпейіл, әділ, ақылды адам. «Білімді бір досың, мың ақымақтан артық»

Әдет: «Ауру қалса да әдет қалмайды» деген сөз бар. Өмірде адамның бойына қалыптасар жақсы-жаман қылыштар мен қимыл-әрекеттер жинағы әдет болар.

а) Еңбеккорлық – тынымсыз өсу әдетіне ие болған адамдар.

ә) Жалқаулық – олақ пен салақтың туысқаны, адам жанының тоқырауы. Өшіп, өлер сипатқа ие болған ауру. Самарқау, топас әрекеттер осы аурудан келіп туады. «Жалқауға жан жуымас».

б) Мақтаншақ – мақтан сүймейтін пенде жоқ, бірақ бұл мадақты әркім әр түрлі қабылдайды. Бірі үнсіз, бірі қысылып-қызыарып, ал, үшіншісі есі кете мәз болып, өзін-өзі дәріптеп, қосыла мақтанады. Соңғысы – дарақылық. Мақтаншақтық өтірікке жол ашады.

в) Өтірікші – өзімшіл, қу, пасық қабілетіне ие болғандар. «Өтірік өрге баспайды»

г) Өрлік – ерлікпен тең жақсы әдет, қасиет.

Осы айтылған жастықтың албырт сезімдері, өмір өте келе әр сипаттағы іс әрекетті адамдармен араласып, өмірді ересек көзбен көріп, кешірімді бола бастадым. Сөйтіп, «Адамды адам еткен еңбек» дегендей, барлық жан-жануарлардың өмір сүру үшін ішіп-жейтінің сезіп, өзімнің нәтижелі еңбек ету үшін ішіп-жейтінімді білдім. Тек, адамдар үйренуге, білуғе талпынбайтын қырсық мінезді болып, «Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген қарғысқа ұшырамаса еken демекпін!

АЙТАРЫМ БАР...  
◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇

**Жүгіріп келем**

Жүгіріп келем, жүгіріп келем,  
Желбіреп жаным жалаулап.  
Асаудай тулап кеудемде өлең,  
От болып жанып, алаулап.  
Асығып келем, жүйріктей желең,  
Сағым боп алдым манаурап,  
Тәнірдің заңы, пен демін, өлем,  
Бес күндік ғұмыр санаулы-ак.  
Қырандай көкте қалықтап келем,  
Жақсылық көрем, алдымда өрең,  
Барымды берем, ұрпаққа сенем,  
Соларға арнап жолдадым өлең.

2011 ж.

**Мақсат**

Мақсатсыз болса тірлігің,  
Жүректе болмас билігің.  
Таусылмайды ешқашан,  
Күндеңі тірлік күйбіңің.  
Алдыңа қойсан қақсатты,  
Ұмтылып өзің шешіп ал,  
Біреудің күтпей бүйрығын.

**Өте бер!..**

Мақсатың болсын жетелер,  
Парызың болсын өтелер,  
Болса да небір қыындық,  
Мойыма, аттап өте бер!  
Болса да қамал алдырmas,  
Талаптан, соған жете бер!

Ұйқышылдық, еріншек,  
Бос сандалып зерігу,  
Әдет алып қонбасын!  
Бопсаға тұскіш көңілшек,  
Азғырғанға еретін,  
Ондай да әдет болмасын!

Өтіріктен аулақ бол,  
Ол, суайтқа салар жол.  
Әрқашанда шыншыл бол,  
Өмірдің мәні сара жол.

Айта алсаң нағыз шындықты айт,  
Ақиқат, дерек болса жайт.  
Отбасын бұзар болса егер,  
Оны да айтпа, жөніңе қайт.  
Ұяны бұзба аяла,  
Қорғашта, оны саяла!

Ағайын, туыс бауырлар,  
Үнтымақ-бірлік тағы бар,  
Біріксе бәрі табылар.  
Өкпешіл келер туыстар,  
Көрмесе бірақ сағынар.  
Басына қыын іс түссе,  
Жиналып бәрі шабылар.  
Туыстық сонда танылар!

2004 ж.

### **Ойым көп**

Ойланып жүрген ойым көп,  
Ізденіп журіп жетейін.  
Немерелерге үлгі боп,  
Барымды жазып кетейін.  
Қазына барын кітапта,

Үәйім жоқ, қөңлі тоқ,  
Кітапты оқыр ойы жоқ,  
Жастарға енді не етейін?!

Көргенің бүгін ертең жоқ,  
Жазылар бәрі кітапқа.  
Кітап қой нағыз қазына,  
Тұсінер бір кез ұрпағым,  
Аманат етіп кетейін.  
Барымды жазып өтейін.

2009 ж.

### **Бітпеген іс...**

Бітпеген істі, бітетін...  
Бәрін де жазып қалдырам.  
Мен барда іздең ала алмай,  
Дер кезінде ұға алмай,  
Деп, жүрмендер артынан,  
«О, дүниеден алдырам».

2010 ж.

### **Тазалық**

Тәні таза адамның, жаны таза,  
Кірі жоқтың кеудесі, ары таза.  
Көрегеннің көкірек, көзі таза,  
Айтатын әділдікті сөзі таза.

*Тән тазалығы, жсан тазалығы, соғз тазалығы, коз тазалығы  
– абырайдың таразысы.*

2010 ж.

## **Махаббат сыйы**

Алтын да арқау жіп болып,  
Өмірім бірге өрілген.  
Аққудай тату жұп болып,  
Махаббат сыйы берілген.  
Жазылған ән боп нотадай,  
Жүректе күй боп төгілген.

2006 ж.

## **Жаны сұлу**

Нагыз сұлу, жаны сұлу жақсы адам.  
Ерекшелеу болып келер басқадан.  
Айтқызбай-ак тусінетін жанынды,  
Көмекке ол, жетер бұрын басқадан.

2007 ж.

## **Тірліктің сәні**

Жетесіз болма, жер таны,  
Көргенсіз болма, ел таны.  
Игерсең, білсең, ілімді,  
Тірліктің болар сол сәні.

2006 ж.

## **Әйел жаны**

Жан сезімін іштегі айта алмаған,  
Көздері айтады ғой жаутаңдаған.  
Тағдырың табыстырап кезі келсе,  
Сүйіспей бірін-бірі қайта алмаған.

Махаббат, махаббат па, таныспаса,  
Қос жүрек құшақтасып табыспаса.

Бөлөніп махаббаттың ләзатына,  
Қосылып қүйіп-жанып қабыспаса?!

Жан дұниесі әйелдің қының жұмбак,  
Бірде – көл, бірде – шөл боп, тұрап құрғап.  
Сыралғы жолдасың да кейбір күні,  
Шешілмес қының түйін болар сұрақ!..

Ана боп, мейірімін балаға арнап,  
Баласындај жарын да жүрер қамдап.  
Отбасыңың ұйтқысы бола біліп,  
Дәнекері көңілді жүрер жалғап.

Әйел жанын аяла, түсін ерлер,  
Жемісіңің діңгегі сенің көрер.  
Жапырағыңды жайқалтып, бала өсіріп,  
Қамқоршың боп қасында тек сол жүрер.

Десе де, «әйел заты – қырық жанды»,  
Еркектер кейде болар қызуқанды,  
Әйелге қол жұмсаған осалдығың,  
Ойланбай жаралап ап әйел жанын,  
Кейіннен өкінерсің ұрып санды.  
Қисықты суға салып, «Тез» түзейді,  
Әйелді жылы-жылы, сөз түзейді....  
Әйел жанын ұға біл, сөзben түзе,  
Жаралама жандарын көзben түзе.  
«Жақсы сөз, жарым ырыс» деген бар ғой,  
Ешқашан жақсылықтан күдер үзбе!

13.03.2005 ж.

### Жүрек күйі

Жүректің өз көзі бар, тынысы бар,  
Ерек міnez, нәзік жан, жынысы бар.  
Ақыл-ой, іс қимылдың барлығында,  
Реттеп тұратындај жұмысы бар.

Еститін небір сөзді құлағы бар,  
Егіліп, жылайтындаң бұлағы бар.  
Бұлкілдеп тыным таппай тұратұғын,  
Кеуденнен орын алған тұрағы бар.

Жақсыға жадырайды, сүйінеді,  
Жаманға қиналады, күйінеді.  
Ойсыздың кейбір сөзі ойран салса,  
Қаһарланып, бұлқынып, түйіледі.

Жүректі босқа кинап тоздырмайық,  
Ауруды жанға тілеп қоздырмайық.  
Жақсы сөз, жақсы істі жасай біліп,  
Жүрекке жаймашуақ іс қылайық!

14.03.2005 ж.

### **Ақ жүрек**

Өмір жүгін сүйреген қазанаттай,  
Етер еңбек елі үшін азаматтай,  
Бұл жүрек кейде таза, кейде наза,  
Кей кезде түйіледі қарап жатпай.  
Адамға арам пейіл тудырмайтын,  
Ақ жүрек, адал болшы перизаттай.

2005 ж.

### **Өкінбендер!**

Үлкен-кіші ұрпағым, балаларым,  
Мейірімді, ойлы болсын, саналарың.  
Біліндер, бала деумен ұялаган,  
Жүргегінде үлкеннің жара барын.

Не пайда өткеннен соң өкінгеннен,  
«Қап-қап» деп, бармақ тістеп кетілгеннен.  
Сынған шөлмек қалпына келмейді ғой,  
Шоқ басқандай өкіріп секіргенмен.

15.03.2005 ж.

## **Ие бол!**

Мыңмен жалғыз алысқан заман емес,  
Зиялыш азамат көп қылар кенес.  
Дамыған өркениетті еліміз бар,  
Откен шақ ертегідей болар елес.

Басынан бұл Қазақтың не өтпеген,  
Көрдік қой қыындықты біз көптеген.  
Тезек теріп, от жағып, ас пісіріп,  
Қубі пісіп, мес шайқап, май түсіріп,  
Құдық қазып, су тартып, мал өсіріп,  
Түйемен, арбаменен үй көшіріп,  
Бірін тапса, бірі жоқ, қол жетпеген,  
Қыындықпен етті ғой күн ептеген.  
Бұл күнде әйелдердің бәрі әзір,  
Дастарханы толған ас, дәмді мәзір.  
Ерлердің де жұмысы женілденіп,  
Техника істейді бәрін қазір.

Мұнайы, алтын-күміс толған кендер,  
Елімнің байлығына шүкір дендер.  
Әзгелерге талатпай ел байлығын,  
Игеріп істің бәрін қолға алып,  
Ие бол, мол байлықты өзің менгер.

15.03.2005 ж.

## **Жалғастыр**

Мен де тудым әке менен анадан,  
Үлкен кетіп, туады ғой жаңа адам.  
«Жалғастыр» деп өмір заңын сұраймын,  
Үрпақтардан, артта қалар баладан.  
Келіндерден, үрпақ жаяр анадан!

2000 жыл

## **Білім ал!**

Қартыңмын мықты төзімді,  
Келемін сүйреп өзімді.  
Көргендер менің көзімді,  
Үрпағым болса сезімді.  
Ұмытпай жүрер ардақтап,  
Кітапқа жазған сөзімді.

Ақыл мен білім  
егіз ғой,  
Талант пен талап  
теңіз ғой.

Қажыр мен қайрат иесі,  
Құш-қуат оның киесі,  
Өмірдің ауыр жүктерін,  
Сүйрейтін нағыз өгіз ғой.

Ұзынның көрдім бойларын,  
Ғалымның терен ойларын.  
Жауына қарсы шабатын,  
Ерлердің көрдім сойларын.

Ежелден қалған тұжырым,  
Өмірін қысқа – бір тұтам.  
Тәнірдің білмей құзырын,  
Біреулер өзін алдайды  
Бұйырмас затты, деп «ұтам».  
Ойынпаз, ойды аздырап,  
Құмарлық, жанды тоздырап,  
Босқа өткізбей өмірді,  
Пайдалы болар білсеңіз,  
Білім ал, алға оздырап!

2010 ж.

## **Білсе екен!**

Атадан ойлы сез қалса,  
Анадан ою, көз қалса,  
Саралап оны ұрпағым  
Қадірін ұғып білер деп.

Өткенді ойлап көрейік,  
Жақсысын жинап терейік.  
Қадірін білер ұрпаққа,  
«Ұқсын» деп бәрін берейік.

Қашып көшіп безілдей,  
Елден кетіп езілмей,  
Ел қадірін білер ме?

Кіндік кесіп, кір жуған,  
Туган жерің көзіндей.  
Жерден кетіп қуылмай,  
Жер қадірін білер ме?

«Өзгесін» деп алалап,  
Өзекке теппей жарагап,  
Адамнан кем боп өзіндей  
Өзгелігің сезінбей,  
Ұлт қадірін білер ме?

Араласып діндерің,  
Шұбарланып тілдерің,  
Айрылып қалмай салтынан,  
Діл қадірін білер ме?

Тапталып ары төгілмей,  
Қабыргасы сөгілмей,  
Жан сезімін білер ме?

У ішсөң де ұлтыңмен,  
Жазира байтақ жұртыңмен,  
Бір жүре алмай қорланып,  
Бармақты тістеп тұртінбей,  
Сағыныш жөнін білер ме?

Таққа мініп таласып,  
Итпен де ауыз жаласып,  
Мансаптың уын ішкендер  
Биліктің құнын білер ме?

Сөздің мәнін ұқпаған,  
Қазақы сөздер жүкпаған,  
Дұбера тілді байғұстар,  
Сөз қадірін білер ме?

Жақсыға баға бере алмай,  
Жаманды танып көре алмай,  
Кекірек соқыр көрмеген,  
Көз қадірін білер ме?

Қарс айрылып жүрегі,  
Құлап та қалмай тірегі,  
Жапа шегіп ауырмай  
Қасірет күйін білер ме?

Иманы жоқ, діні жоқ,  
Тілі менен ділі жоқ,  
Дұбера болған бейшара,  
Ақырет барын білер ме?

Шық бермес сараң –  
Қарынбай,  
Ұыз да еміп жарымай,  
Тойымсыз болған қомагай,  
Жомарттық жолын білер ме?

Аштықтың дәмін татпаған,  
Зарығып күтіп жатпаған,  
Бір үзім наңға жете алмай,  
Дәметіп көзін сатпаған,  
Тоқтықтың мәнін білер ме?

Сырқырап сүйек ауырмай,  
Дертті болып бауыры-ай,  
Белінде құяң жауырдай,  
Тізе мен буын сауырдай,  
Ауырып жатпай езіліп,  
Осының бәрін сезініп,  
Басынан өтпей кәрілік  
Саулықтың сәнін білер ме?

Ұрпағым ұғып,  
Бәрін де өзі білсе екен!  
Салтымның бәрін,  
Дәстүрдің нәрін,  
Бодандық зарын,  
Еркіндік барын  
Білсе екен!

Жақсыны көріп,  
Жаманнан жеріп,  
Жадырап жаны жүрсө екен!  
Ата жұрт – Отан,  
Жеріміз мекен,  
Қазақтың жері «Жерүйық»  
Осында бәрі тұрса екен!  
Елімді сатпай, жерімді сатпай,  
Ділімді сақтай, тілімді сақтай,  
Арымды арлап, барымды балтай,  
Бәрін де қорғап жүрсө екен!

1 мамыр, 2007 жыл.

*Мен дарақыланып, мақтанды да, дөрекі, өктем болғанды да жараттаймын. Оқыдым, түйдім, адамдықты сүйдім. Адам күні - адаммен, араласа жүрдім. Біреулері мақтап, біреулері даттаса да, откен өмірімнің жағымды жақтары ұрнағыма үлгі болса, өкінбеймін. Қуанғанда жарқ ете қалған таза пейіл, ақ көңіл, ашылған гүлдей, арайлы күндей әсер етеді гой. Әрқашанда жарқырай күліп аманасып, жадырапт жүрейік!*

2009 ж.

## Ұлғі

Су анасы – бұлақ бар.  
Сөз анасы – құлақ бар.  
Жол анасы – тұяқ бар.  
Көзі ашылса бұлақтың,  
Өзен боп ағып жырақтар.  
Сөзі ашылса құлақтың,  
Кеудені бағып тұрақтар.  
Ата салған жол болар,  
Ізге айналса тұяқтар.

Атаңның салты жол болса,  
Талабың, балам, мол болса,  
Істеген ісің оң болса,  
Қасиеті, ата-бабаның  
Бір Алла қолдап, кеп қонса,  
Менің де болмас арманым.  
Әuletім өсіп, ел болса!

Бір жерде болса бастарың,  
Болмайды ешбір қастарың,  
Орындалып жатады,  
Алға да қойған жоспарың.  
Өрмелеп өрге тастарың!

Үлгілі болсын қостарын,  
Көп еді менің қоспағым,  
Мұра етіп, жазып қалдырап,  
Махаббат сыры қосқаным.  
«Атамның айтқан сөзі» деп,  
Үлгі етіп жүрсін жастарың!

(«*Махаббат өрімі*» атты кітабымнан)  
15.01.2005 жыл

### **Өзімді-өзім алға сүйреп...**

Қартайса, осал адам болар күйрек,  
Жатады мылжың болып, сөзбен түйреп.  
Қарт болсам да қалыспай қатарымнан,  
Келемін өзімді-өзім алға сүйреп.

2010 ж.

### **Ат пен зат**

Жазып кетер сөздерім – мінген атым,  
Жиһаз да емес, үй де емес, қазанатым.  
Байлық та, машина да мұра емес,  
Тарих қой адам атын шығаратын.  
Ұрпаққа үлгі етіп, мұра етіп,  
Қалдырған кітаптарым – жиган затым,  
Байлыққа, машинаға болар татым!

09.10.2004 ж.

### **Желбіреп жаным**

Алғашқы күні өзіңе,  
Ұсынған едім кеудемді,  
Сыйғандай бейне бар ғалам.  
Ғашық боп қалып көзіңе,  
Құмар бол айтар сөзіңе,

Өзгеріп кеткен жан-санам.  
Ұшқыннан лаулап махаббат,  
Жанып тұр әлі алаулап.  
Өзіңе деген сезімді,  
Сонау бір ыстық кезімді,  
Әлемге жайып жар салам,  
Тыңдасын үрпақ бар балам.  
Бітірдім міне бір істі,  
Өрілген сезім алаулап.  
Жүгіріп жүріп жаяулап,  
Желбіреп жаным жалаулап!

2004 жыл.

### Шаттану

Шаттана білмеген,  
Қуана күлмеген,  
Тұңғық жердің қарасы.  
Жақсыны тану,  
Жаманға налу,  
Жер менен көктің арасы.  
Мақтана біл,  
Мақтаса елің емініп.  
Қуана біл,  
Жақтаса жұртың сезініп.  
Тұрады кейде,  
Жылағың келіп егіліп,  
Тулайды жүрек,  
Жарыла жаздал езіліп.  
Кітабың – тұған перзентің,  
«Жақсы екен» десе,  
Қалады жаның семіріп.

09.10.2004 жыл.

## **Тұңғылуда**

Тат темірді тазалап, асыл еттім,  
Жарамсызды жақсы ету – қасиетім.  
Тындармайтын қырсықтар жаман екен,  
Асыл жерге арам дән келмейді еккім.  
«Өзің білме, білгеннің тілін алма»  
Дегендей, ұшыраса қарғысқа егер,  
Келеді бәрін тастап, безіп кеткім.

2006 жыл.

## **Өсетін адам**

Өспейтін адам суалып,  
Бүйректен сирақ шығарып,  
Өнбейтін дауды қуады.  
Атадан бала туады,  
Айтқанда сезін ұгады,  
Әкенің жанын суарып,  
Өсетін адам ту алып,  
Жауының есін шығарып,  
Еліне ер боп тұрады.

2007 ж.

## **Аңсау**

Сәбилікті аңсайсың,  
Қайырылмай мұлдем кеткен соң.  
Балалықты аңсайсың,  
Басыңнан дәурен өткен соң,  
Қырыққа жасың жеткен соң.

Аңсайсың сол бір шаттықты,  
Асыр да салып ойнаған.

Аңсайсың сол бір жастықты,  
Қызыққа батып тоймаган.

Аңсайсың жігіт мастықты,  
Еркінен сені қоймаған.

1 мамыр, 1995 ж.

## Қырқа

Қырықтың қырқасына келген кезде,  
Салмақтылау болады айтар сөз де.  
Жастық шагың өзінің ұмыт болып,  
Балалығы өзгенің тұрар көзде.

Қырық - қырқа, елу жас болар асу,  
Елу бес, алпыс жасқа қадам басу.  
Кезенді әрбір асқан белгі етіп,  
Өлеңмен өрнек етіп, шаштым шашу.

### *Белгілер:*

Белгілерді бедерлеп,  
Өлең жазған адам көп,  
Белгілерді мәнерлеп,  
Сөз қосайын мен де дөп.

### *Есейгеннің белгісі*

Ұлың өсіп, азамат боп ер жетіп,  
Қызың өсіп, сымбатты боп бой жетіп,  
Алта артынан, айдың асып өткенін,  
Жылдам жылжып, жылдың өтіп кеткенін,  
Сонын бәрін қызықтаумен жүргенде,  
Тез өткенін байқамай да қаласын,  
Елу жастың сені тастап кеткенін.

## **Ұлкейгеннің белгісі**

«Төрле-төрле, отыр әке, төрге» деп,  
«Ас қайырын, берсін үлкен бата» деп,  
Қонақ келсе, қонақ болсаң бәрі де,  
Сыйлап жатса, бәрі сені бәйек боп.  
Соларға айттар сөзің болса салмақты,  
Үрпағыңа үлгің қалар мәйек боп.  
Сыйлы болып алпыс сенен өткенде,  
Жетпіс тұрар сырыл беріп өкпенде.  
Бұл да болса ұлкейгеннің белгісі,  
Жасың жетсе жетпіс жасқа өкпең не?

Картайғанның белгісі  
Жеткен кезде соңғы кезек белестер,  
Өткен ғұмыр коз алдына елестер.  
Өткен барлық белестерін қиялдай,  
Бес-ақ күндік дәурен болып елестер.  
Білсен, пенде, бес-ақ күндік белестер!  
Картайғанмен, кімнің келер өлгісі,  
Көніл шіркін, бәрін келер көргісі.  
Өткізіп ап небір қызық сәттерін,  
Қайта бастап, қайта келер көргісі!  
Күні жетпей, ісі бітпей,  
Кімнің келер өлгісі?..  
Бере алмайды-ау, келсе дағы бергісі.  
Бұл да нағыз картайғанның белгісі.  
Сонда дағы келмейді оның өлгісі.

Мамыр. 2004 жыл.

## Сұйық

Сұйық та, сұйық, сұйық-ты,  
Үйдисқа оны күйиңтү.  
Үйдистың алып қалыбын,  
Сұйығың үнсіз бүйікты.

Көзеге құйсаң құлдіреп,  
Кесеге құйсаң мәлдіреп,  
Сырын да бермей ешкімге,  
Жымынып арбап құліпті,  
Ішінде сактап бүлікті.

Фужерге құйсаң шарапты,  
Рюмке толы арақты,  
Арудай сүйіп, сүйсініп,  
Ішкіштер оны жаратты.

Өңештен өтіп тоқтамай,  
Қарынға жетті соқталай,  
Тез жайылып уыты,  
Басыңа салды ноқтаны-ай.

Жақсыны жаны жақтамай,  
Әделепті бар деп сактамай,  
Түлен де түртіп құтырып,  
Боқтады келіп, боқтады-ай.  
Арпалысып алысып,  
Құлап та барып тоқтады-ай.

Абыройдан айрылған,  
Көнілшек байғұс майрылған,  
Жұмыстан кетіп тәп-тәуір,  
Тауы да оның қайырылған.

Еркінді алған бұл арақ,  
Көркінді алған бұл арақ,  
Әйеліне таба етіп,  
Беркінді алған бұл арақ.  
Өзінді де сұйық қып,  
Сыйқынды алған бұл арақ.  
Арынды алған бұл арақ,  
Барынды алған бұл арақ,  
Жас та болсаң кәрі етіп,  
Нәрінді алған бұл арақ.  
Отбасындан айырып,  
Жарынды алған бұл арақ.

Мұратын болса бұл сұйық,  
Өлгенше ішши сен құйып.  
Тоқтатпасаң ойланып,  
Кетерсің бір күн құр қүйіп.

11.08.2004 жыл.

### **Бос кеуде**

Көрмесе көзі лайды,  
Сезініп жүрек жылайды.  
Маскунем сорлы бос кеуде  
Тындармай жүрек қалауын,  
Балшыққа батып құлайды.

2005 ж.

### **Ана тіл**

Ана сүтті, біле білсөң, ана тіл,  
Ата сөзі, ұға білсөң, нақыл кіл.  
Бейшарасың, түсінбесөң, білмесөң,  
Ата-анаңың қазынасын жиған бұл!

11.01.1987 ж.

## Қазақ тілі

Бұл тілдің қимылы бар мынға татыр,  
Ел намысын қорғаған талай батыр.  
Құрбан болып жан қиған тілі үшін,  
Бұл тілде талай даудың ізі жатыр.

Отанымның тілі бұл – Қазақ тілі,  
Қорғап заңмен, бұл тілдің шықты үні.  
Әдет-ғұрып, салт-санам, тарихымның,  
Қайта жалғар болады алтын жібі!

16. 08.1989 жыл.

## Заринаға

Ұғып ал, қызым, ұғып ал,  
Атаңның айтар бұл сөзін.  
Біліп ал, қызым, біліп ал,  
«Тектілік» деген бар сезім.  
Қазақ бол тудың, Қазақсың,  
Ұлымнан туған бір көзім!

Бой жетіп ертең,  
Кәмелет жасқа толасың.  
Қазақтың қызы,  
Әрқашан қазақ боласың!  
Білмесең тілді,  
Көрмесең салтты, әдепті,  
Өкініп сонда,  
Өкініп, қызым, қаласың.  
Ұмытпа, жаным,  
Орында бәрін, орында,  
Қазақ бол тудың,  
Әрқашан қазақ боласың!  
Қазақтың жері,

Қазақ қой сенің өз ұлтың.  
Алтын да бесік,  
Асыл ғой сенің өз жүртың.  
Тілі бар көркем,  
Ділі бар бекем қазақтың.  
Білуің парыз,  
Жүректе болса ар-құлқың!

2005 ж.

### Ділназ

Теңізі бар Маңғыстаудай өнірдің,  
Негізі бар құрыш болар темірдің.  
Тегі болар тілі, ділі адамның  
Зандылығы адам сүрер өмірдің.

Ділді білмей, тілді білмей алданып,  
Мәңгүрт бола жаздадық-ау сандалып.  
Ділназ деген есім саған қоярда  
Болашакты болжаған ек, қолға алып.

Атыңа сай, бол азамат білімді,  
Игер барлық әлемдегі ілімді.  
Маңдай алды Отанымның қызы боп,  
Көркейт жаным, «Қазақ» деген тілінді.

*Атасы, әжесі.*

25.05.2006 жыл.

### Аидаға

Балапаным, алтыным, Аидажан,  
Күнім болып жарқырап жайнаған шам,  
Сагынып жүргенде біз тілек тілеп,  
Алланың сыйы болып, атты ғой таң.

Қадамың құтты болсын, әр аттаған,  
Қызы болшы қазақтың ел мақтаған.  
Білімді, парасатты азamat бол,  
Елімнің тұлғасы бол, жүрт жақтаған!

27.12.2011 ж.

### Күнің туды, Қазағым!

Дүбірлеткен даланы,  
Тарихын бар Қазағым.  
Тізе берсем, көп екен,  
Шашыңнан да азабың.  
Хақтағала Тәнірден,  
Жалбарына сұрапым,  
Керсепегей Құдайым,  
Өзгенің енді мазағын.  
Бодандықтың  
Кеке ұшырып тозаңын,  
Тәуелсіздік,  
Күнің туды, Қазағым!  
Жалған тарих,  
Жат қылығын доғарып,  
Жырлап жаным,  
Шын тарихты жазамын!

22.03.1992 ж.

### Тәуелсіз

Ел тәуелсіз, ер тәуелсіз,  
Жер тәуелсіз жұрттымның.  
Тіл тәуелсіз, діл тәуелсіз,  
Дербес Қазақ ұлтының!

16. 12. 86 ж.

## **Иесі өзім**

Өз жерімнің иесі өзім деңдер  
Жер сатылып кетпеудің қамын жеңдер  
Меншігі емес пе еді халыққа ортақ?  
Байлығы жер менен су, мұнай, кендер.

2005 ж.

## **Қырғыз**

Ереуілге шықты Қырғыз бүлінген,  
Ашынғаннан екі жені түрілген.  
Қанағат жоқ, раҳым жоқ жүректе,  
Байларынан халық әбден түнілген.

Ел қорынан байлық жинап болғандар,  
Халық барын артыңызда ойландар.  
Көзге күйік бұл байлыққа тойсандар,  
Өз халқынды аш-жалаңаш қоймаңдар.

2005 ж.

## **Он бес жылда...**

Асыл арман, ел жүрегі көкейден  
«Ынтымақ пен бірлік» деген шешейден  
Тәуелсіздік ұл боп туды жарқырап  
Жылдар емес, күн санаумен есейген.

Он бес жылда өсті Астанам шарықтап,  
Батырларым ұшты аспанға қалықтап.  
Өркениетті өскен елдер ішінен  
Алуға орын меже қойдық анықтап.

15 желтоқсан, 2006 ж.

## **Тәуелсіздікке – 20 жыл**

Жиырма жылда нені көрдім, не білдім?  
Тарих болған ізін көрдім әр жылдың.  
Ата заңым қабылданып елімде,  
Көк байрақ ту желбіреді өрімде,  
Мәрім болып рәміздер жасалып,  
Елтаңбам тұр қанат жайып төрімде.

04.06. 2011 ж.

## **Женіске – 65 жыл**

Жеттік-ау бұл женіске, жанды бұрап,  
Сөгілген қабырганы жинап құрап.  
Кім женді, кім женілді бұл соғыста?  
Болады адамдарға бұл бір сұрак.  
«Жендік» деп, ұлken-кіші тұрды жылап,  
Қираған жау жагы да тұр ғой жылап.  
Женіс сол – ел іргесі сөгілмесе,  
Женіс сол – ердің қаны төгілмесе,  
Женіс сол – Қазағымның кең даласы,  
Полигон бол, уланып, бүлінбесе.  
Жадырап, қуанышпен күлімдесе!

2010 ж., 9-мамыр.

## **Ата толғау**

Уа, ағайын, жамағат,  
Сөзімді енді бастайын.  
Жақсы сөзден қашпайын,  
Жалған сөзге баспайын.  
Әкемнің айтқан сөзі еді,  
Соны бір айтып тастайын.  
«Ку молда» ағам сөзі деп,  
Бастаушы еді өлеңін.  
Тындастандар әлеумет,  
Соны мен айтып берейін.  
Су төгілмес үстінен,  
Жоргадай болып желеійін.  
Құбіні піскен піспектей,  
Бұлкілдесін көмейім.  
Есімде қалған кей сөзін,  
Келсе шамам тереійін.  
-Уа-а-ау! – деп шарықтап,  
Алғанда даусы тұратын,  
Әуеден түспей қалықтап.  
Кенеп бір алып көмейін,  
Қолына ұстап таяғын,  
Домбыра етіл құратын,  
Үніне қосып анықтап,  
Былай айтып тұратын:  
...Сөйле десең сөйлейін,  
Сөздің басын қайымдай.  
Қамалап жұртым келгенде,  
Көпшіліктен тайынбай.  
Небір-небір сөзім бар,  
Жіліктің аққан майындей.  
Дөңгелентіп сейлейін,

Қысырдың қызыл тайындей.  
Домалантып сөйлейін,  
Жарылмаған қауындей.  
Жылтыр етіп сөйлейін,  
Көлдің қатқан мұзындей.  
Аиң қылып сөйлейін,  
Қарауымбеттің тұзындей.  
Сұлу қылып сөйлейін,  
Байдың жалғыз қызындей.  
Өршелентіп сөйлейін,  
Несер боп өткен жауындей.  
Биқ қылып сөйлейін,  
Алтайдың биқ тауындей...  
Осылай деп сөз бастап,  
Онды-сонды сөз тастан,  
Қоңыр да сазды үнімен,  
Отыруши еді той бастап.  
Аузымен тартып домбыра,  
Құлағын бұрап айнытпай  
Тартатын күйді қондыра.  
Сөз айтайын енді мен  
Амандық сынды асылдан,  
Байлышы судай тасыған,  
Жылқысының көптігі,  
Далаға сыймай жосылған.  
Көп жылқының белгісі,  
Сақау тиіп жылқыға,  
Жүре алмаған мың құлын,  
Етегінде төбенің  
Қалып та қойған қосыннан.  
Дем салып жазған соларды,  
Атақожа тарихы  
Басталады осыдан.  
Токсанға келген Бәтетке,  
Баласы келді тосыннан.

Келіп сәлем береді,  
Бәттеттің өзі қартайған,  
Көрмейтін соқыр көр еді.  
Отырған жері төр еді.  
Қасиет қонған Бәттетке,  
Түсінде аян береді.  
Сайда қалған құлынды  
Айттай-ақ оны көреді.  
Алладан жеткен әмірмен  
Балаға бағыт береді.  
— Бара бер, балам, бара бер,  
Тартпаса мені қара жер.  
Зая боп кетпес шырағым,  
Еңбегіңмен тәккен тер.  
Терінің кетсе қылдары,  
Иленіп болар былғары.  
Еккениң бітік өседі,  
Жерінің болса ылғалы.  
Тәрбие көрдің үйрендің,  
Текті бір қызға үйлендің.  
Адал жүріп, ақ болып,  
Абырой алып күйлендің.  
Қапыда кеткен бауырды,  
Ойлаумен жаңың ауырды.  
Тілегім менің қабыл боп,  
Іні орнына іні етіп,  
Береді Алла бауырды.  
Айтайын енді батырдың  
Басынан өткен дәүірді.  
...Бәттет батыр бір құні,  
Малын қарап жүр еді.  
Ұшып келіп бір аққу,  
Төбеге қонып, сілкініп,  
Кейпіне адам енеді.  
Намазын оқып болған соң,

Қайтадан ұшып жөнелді.  
Келесі жылы сол күні,  
Аққуды тағы көреді.  
Үшінші жылы болғанда,  
Тоқсанға жасы толғанда,  
Қызыр ата түсінде,  
Аян беріл айтады:  
«Бала етіп ал» деп, Аққуды,  
Төбеге биыл қонғанда.


Сейтіп Бәтет ұлына,  
Бір тапсырма береді.  
– Сол төбеге барғайсың,  
Көз ілмей сонда қонғайсың.  
Аққу ұшып келгенде,  
Намазы біте бергенде,  
Сәлемін алып баланың,  
Қолынан ұстап алғайсың.  
Қалайда оны ұшырмай,  
Осында алып қалғайсың.

Әкенің сөзі заң болды,  
Ұйқысыз күткен таң болды.  
Тан ата аққу қонғанда,  
Кейпіне еніп адамның,  
Сәждеге басын қойғанда.  
Артынан келіп білдірмей,  
Етегін басып шапанның,  
Отыра қалды кідірмей.  
Оқып болып намазын,  
Аққу бала қараса,  
Артында отыр бір кісі,  
Шапанның басып етегін,  
Намазға ұйып таласа.  
Танғалған бұған жас бала,

Мұсылмандық жолымен,  
Сәлемін берді жараса.  
Сонда Амандық сөйлейді,  
Сөйлегенде не дейді?  
– Хош келдің, інім, қонағым,  
Мен де бір ағаң боламын.  
Күтіп отыр өзінді,  
Алдына баршы атаңың.  
Сонда бала сөйледі:  
– Яссыдан ұшып, Меккеге,  
Асығыс кетіп барамын.  
Жіберші мені ұстама,  
Мезгілім жетсе ұша алмай,  
Пенде бол мәңгі қаламын.  
Қолынан ұстап жібермей,  
Ағасы сонда сөйлейді.  
– Әкенің сөзі – қағида,  
Ананың пейлі – жазира.  
Алладан болып шапағат,  
Біздерге болдың табига.  
Соны айтып Амандық.  
Мінгізіп атқа баланы,  
Жетектеп жаяу келеді.  
Төменде сайға жеткенде,  
Баланың түсіп назары,  
Жылқыны жатқан көреді.  
Сұраганда себебін,  
«Құдіреттің күшімен,  
Тұра алмай қалды» деп еді.  
Сонда бала ойланып,  
«Жерден маған бір уыс  
Топырақ алып бер» дейді.  
Дем салып бала шашқанда,  
Кәрамат күшін ашқанда,  
Тұра алмай жатқан мың құлын,

Ойнақтап тұра жөнелді.  
Бэтеке – бала,  
Ағасына іні боп,  
«Атақожа» атанып,  
Жолиқожа әuletке,  
Осылай болып кеп еді.  
Айтатын сөзім көп еді.  
Аталар жайлы әңгіме  
Істерін баба қадірлеп,  
Сақтасын ұрпақ мәңгіге.

2010 ж.





## *Қысқа, үзік ой-жырлар*

### **Наурыз**

Шөлдесен, шөл қандырган үнді шайы,  
Тамақтың дәмін берген қойдың майы.  
Жана жыл, қалың қарлы қаңтар емес,  
Көк желек, күлімдеген Наурыз айы.

Қой төлдеп, ойнақтаған құлын тайы,  
Ақ молайып, жөнделген елдің жайы,  
Көрісіп төс қағысқан қуанышпен,  
Құтты болсын, жыл басы – Наурыз айы!

14.03.2011 ж.

### **Көктем**

Бес күндік қысқа дәуірде,  
Өзінді өзің тәуірле.  
Жайнаған гүлдей құлпырып,  
Шығатын көктем сәуірде.

01.04.2011 ж.

### **Таң**

Талай таңды атырдық,  
Арайын көріп қуанып.  
Талай күнді батырдық,  
Батқанын сезіп мұнарып.

2011ж.

## **Сақтайық салтты!**

Әдепсіз салты кіріп өзге елдің,  
Үлкенді сыйламайтын кезге келдің.  
Қыздарың ерге айналып, шалбар киіп,  
Кетіп жатыр шет елдік байға тиіп.  
Арсыз болып кетті гой, бұраң белің,  
Қаңбағына айналып соққан желдің.  
Ұмытпаған жөн болар асыл халқым,  
Ұрпаққа үлгі болған ата салтын.  
Ары бар, иманы бар салтты сыйлар,  
Қазақ болып қалайық ашық-жарқын.

2011 ж.

## **Қайдан шығар?**

Күйе болар көбелек талдан шығар,  
Қанды сорған оқалақ малдан шығар.  
Елді бұзған қансорғыш ашқарақтар,  
Тілеуі жоқ тексіздер, қайдан шығар?!

2010 ж.

## **Көңілдің көркі**

Көк аспан, тынық ауа, жерім майса,  
Кектемнің көркі қандай, гүлін жайса.  
Көркін бұзар көңілдің кейбір адам,  
Үәдесін беріп ап, серттен тайса.

2010 жыл.

## **Үәде**

«Ауыл» дедік, «Су» дедік, айтып жолды,  
Ауылға жолды салып бермек болды.  
Бұл салаға бөлінген көп қаражат  
Арада жыл өтпей-ак қолды болды.

Уәде антпен бірдей білген жанға,  
Ант бұзбау – ата заңы сіңген қанға.  
Жоспарды айтып әдемі, уәде етіп,  
Орындарар құзырын болмаса егер,  
Оларыңды жыр етіп елге салма.

2011 ж.

\* \* \*

Көре алмайтын кеселсін,  
Тұра алмайтын мешелсін,  
Құлап жатып қүлетін  
Көбік ауыз шешенсін.

\* \* \*

Төрт аяқты малдағы бота тату,  
Қос аяқты адамда бажа тату.  
Шамаң келсе, бажеке-ау, маган ұқса,  
Қартайса да болмайтын босқа жату.

\* \* \*

Үйленсен, қадір білмес адамды алма,  
Өтеді «қап-қап» деумен өмір онда.  
Туган соң бірер бала тілі шығып,  
Түсे берер жүрекке нағыз талма.  
Сезімсіз наданды алып, қапы қалма.

## **Нас**

Еріншектік, настыққа жол ашады,  
Нас адамның денесін кір басады.  
«Тәні кірдің – жаны кір» дегендейін  
Иман да оны тастап зыр қашады.

2004 ж.

\* \* \*

Кітапты оқып сүйетін,  
Маңызын ойлап түйетін,  
Барымызды бағалап,  
Айта да біліп жүретін.

2011 жыл.

\* \* \*

Біреуді мен жамандап, даттамадым,  
Өсекті, жалғандықты жақтамадым.  
Көрсем де біраз жапа ондайлардан,  
Кектеніп, кеудеде кір сактамадым.

2011 ж.

\* \* \*

Сырлы аяқтың сырындай,  
Алдаспанның қынындай,  
Асылдың заты асыл ғой,  
Арабтың ділда пұлышнадай.

2006 ж.

## 17 жаман

*20.11.2009 ж. тортінші сыныпта оқитын Іңкәр атты  
немеремнің окулықтагы сұрақтарына байланысты 7 жаманга  
қосымша айтқаным.*

Сегізіншіден не жаман?  
Ұйқы басқан меңреу,  
Керіліп тұrap керенау,  
Еріншек болған сол жаман.  
Тоғызыншыдан не жаман?  
Кір-қожалак, үсті кір,  
Намысы жоқ сезімсіз,  
Салақ болған сол жаман.

Оныншыдан не жаман?  
Істеген ісі өнбейтін,  
Айтқанды қылышп қөнбейтін,  
Тоғышар болған сол жаман.

Он біріншіден не жаман?  
Қолынан іс келмейтін,  
Еткенді ұғышп көрмейтін,  
Олақ болған сол жаман.

Он екіншіден не жаман?  
Өзі дымды білмейтін,  
Білгенді құп көрмейтін,  
Кертартпа болған сол жаман.

Он үшіншіден не жаман?  
Сыпсындал, аузы тынбайтын,  
Ұят бар деп қыңбайтын,  
Өсекші болған сол жаман.

Он төртіншіден не жаман?  
Жақсыны болған қаламай,  
Адамның жанын жаралай,  
Қызғаншақ болған сол жаман.

Он бесіншіден не жаман?  
Алдаң арбап достарын,  
Құрып та жатар жоспарын,  
Өтірік айтқан сол жаман.

Он алтыншыдан не жаман?  
Жылпос қылық, жылмақай,  
Алаяқ, ку, сумақай,  
Опасыз болған сол жаман.

Он жетіншіден не жаман?  
Оқитын жерде оқымай,  
Ойланып бәрін тоқымай.  
Білімсіз қалсаң сол жаман!..

2009 ж.

### **Роза сұранысы**

Ұжымым «Айгөлектей» мені демеп,  
Сайысқа түсуіме болды себеп.  
Тәрбиеші боламын осы жерде,  
Смағұлқызы Роза, тегім – Медет.

Тәрбие берген балаға,  
Жақсылық еккен санаға.  
Ісіміз біздің игі іс  
Татырлық биік бағага.

Мұңалдан шыққан Шоғының,  
Адырна-садақ оғымын.  
Сайыста бүгін аянбай,  
Мерейін биік көтерем  
«Айгөлек» бақша тобының.

08.04.2010 ж.

\* \* \*

Немере алды мектеп бітіріп, ұстаздармен қоштасу кезіндегі химия және физика пәні мұғалімдеріне арналған сұраныстар.

Кестені көріп әріден,  
Былғары жасап теріден.  
Қоспалар кейде жанады,  
Отсыз-ақ майдай еріген.

Темірге де жан беріп,  
Қоспаларға мән беріп,  
Света апай келеді  
Химиядан пән беріп.

Ом-ның заңың өтсек те,  
Архимед сұын төксек те,  
Окуды биыл бітіріп,  
Кәмелетке жетсек те,  
Есте қалар әрқашан  
Қаламқас апай мектепте.

1997 ж.

## МАЗМҰНЫ

Алғысөз орнына .....	3
<b>Бірінші бөлім: ӘМІР ӨТКЕЛДЕРІ ЖҰЛДЫЗДАЙ АҚҚАН ЖЫЛДАР-АЙ!</b> .....	5
Әкенің аманаты .....	5
Махаббат машакаты.....	9
Оспан.....	44
Қарақойлы.....	44
Созақ көшер би .....	44
Өтеміс би.....	46
Жоли .....	47
Алдаберген.....	49
Ел тозған .....	50
Мақтада .....	72
Соғыс балалары .....	77
Көке .....	78
Бұқалар сайысы .....	83
Алғашқы үстаз.....	85
Шалқұйрық пен Сырттан .....	86
Орталықтағы оку .....	89
Екінші үстаздың әнгімесі .....	90
Ойындар .....	101
Кекпар .....	106
Интернатта .....	110
Сарман ата .....	115
Сарманның хан олжасын бөлуі.....	116
Ит сатқан Сарман .....	117
Мешітке барған Сарман.....	118
Ханға барғанда .....	119
Қошқар соққысы .....	121
Ташкенде .....	123
Махаббат азабы .....	133

<b>Арыста.....</b>	139
<b>Майқайың .....</b>	146
<b>Манғыстая .....</b>	150
<b>Жолсапар.....</b>	152
<b>Депонын қалыптасу кезеңдері .....</b>	163
<b>Депоның тыныс- тіршілігінен.....</b>	165
<b>Атақ пен шатак .....</b>	173
<b>Кәсіпкерлік .....</b>	175
<b>Ойла, азamat! .....</b>	180
<b>Ауыл ажары .....</b>	180
<b>Жаңа Мұнайлы ауданы туралы.....</b>	181
<b>Кемел келешекке бастаган қарқынды қадамдар .....</b>	182
<b>Астанаға сапар.....</b>	184
<b>Қарттардың сөзі дүрыс па? .....</b>	185
<b>Елдігімізді сактайық .....</b>	186
<b>Біздер қарсымыз.....</b>	187
<b>Ел алдындағы парызы .....</b>	188
<b>Тарихты өшіріп таставаға болмайды .....</b>	189
<b>Ардагерлер аманаты.....</b>	190
<b>Көкейдегі көп сұрак.....</b>	191
<b>Темір жолы - өмір жолы .....</b>	193
<b>Өмір жолы.....</b>	194
<b>Манғыстая темір жолы тарихынан деректер.....</b>	195
<b>Ардагерлердің аты ардақталсын.....</b>	197
<b>Темір жолшылардың төл мерекесі .....</b>	199
<b>Жаңа темір жолға арналған тілек .....</b>	200
<b>Егемен еліміздің екінші үлттых халық санагы .....</b>	201
<b>Өзен- Түрікменстан темір жолы .....</b>	202
<b>Ел мәртебесі.....</b>	204
<b>Тәүелсіздік жемісі .....</b>	205
<b>Мерейтой.....</b>	207

<i>Пікір.</i> Тарихқа - тағзым .....	211
Ауданың абырайлы ақсақалын құттықтады.....	213
<i>Екінші бөлім: ӘҢГІМЕЛЕР</i> Батыр Барак пен Пір Бекет .....	215
Ерлердің аты еленсе.....	219
Батыр бабам Барагым .....	220
Сәйкестік.....	224
Қазақтың келіндері .....	225
Ақлия Мамытқызы.....	227
Жауынбайдың саусагы.....	228
Теміржолшы жігіттің ерлігі.....	230
Адамдық абырай.....	232
<i>Үшінші бөлім: АТАЛЫ СӨЗДЕР, ӨЛЕҢ-ТОЛҒАУЛАР.....</i>	234
Өз ойларым .....	237
Жүгіріп келем .....	239
Мақсат .....	239
Өте бер! .....	239
Ойым көп .....	240
Бітпеген іс .....	241
Тазалық .....	241
Махаббат сыйы .....	242
Жаны сұлу .....	242
Tірліктің сәні .....	242
Әйел жаны .....	242
Жүрек күйі .....	243
Ақ жүрек .....	245
Өкінбендер .....	245
Ие бол!.....	245
Жалғастыр .....	245
Білім ал.....	246
Білсе екен!.....	247
Үлгі .....	250

Өзімді өзім алға сүйреп .....	251
Ат пен зат .....	251
Желбіреп жаным .....	251
Шаттану .....	252
Тұңғлу .....	253
Өсетін адам .....	253
Аңсау .....	253
Қырқа .....	254
Сүйиқ .....	256
Бос кеуде .....	257
Ана тілі .....	257
Қазақ тілі .....	258
Заринаға .....	258
Ділназ .....	259
Аидаға .....	259
Күнің туды, Қазағым! .....	260
Тәүелсіз .....	260
Иесі өзім .....	261
Қыргыз .....	261
Он бес жылда .....	261
Тәүелсіздікке - 20 жыл .....	262
Женіс - 65 жыл .....	262
Ата толғай .....	263
Наурыз. Қектем. Таң .....	269
Сақтайық салтты! .....	270
Қайдан шығар? .....	270
Көңілдің көркі .....	270
Уәде .....	270
Нас .....	271
17 жаман .....	273
Роза сұранысы .....	274

**Амандақ АЛДАБЕРГЕН**

**Жұлдыздай аққан жылдар-ай!..**

(*Деректі хикаят, мақалалар, әңгімелер, жыр-толғаулар*)

**Редакторы Мұрат Жетекбай  
Корректоры Жансұлу Әбдібекқызы  
Беттеген суретші Жандос Болатұлы**


---

Теруге 12.01.2012 ж. жіберілді. Басуға 11.07. 2012 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84  
1/16. Қаріп түрі «Таймс». Көлемі 17,5 баспа табак.  
Таралымы 400 дана.

---

Тапсырыс берушінің файлдарынан «Нұр-принт-75» баслаханасында басылды.  
Алматы қаласы, Латиф Хамиди көшесі, 4а





Алдаберген Амандық Қалиұлы 1940 жылы 1-мамырда Жамбыл облысының Аса аудында дүниеге келді. 1965 жылы Ташкент темір жол институтын бітірген.

Ұзақ жылғы жемісті еңбекі, темір жол саласының өркендеуіне қосқан елеулі үлесі үшін 1986 ж. «Құрмет белгісін орденімен, 1970 ж. «Қажырлы еңбек үшін», 1985 ж. «Еңбек ардагері», 2004 ж. «Қазақстан темір жолына 100 жыл» медальдарымен марапатталған.

Аудандық, облыстық, республикалық және темір жол газеттеріндегі макалалары жарияланып тұрды. Бұған дейін «Маңғыстаудың күре тамыры», «Темір жолдың түп қазығы», «Махаббат өрімі», «Өмір мен аңыз», «Өмір өрнектері» атты бес кітапты жарық көрген.

Бес бала тәрбиелеп есірген теміржолшы өулеттің атасы.